Егеухан Мұқамәдиқызы
Кінәлі қыз. Естеліктер, өлеңдер. – Алматы: “Үш Қиян”, 2020 ж. – 232бет.

ISBN 978-601-7140

Бұл кітапқа ақын ....

Кітап жыр сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз - 44

ISBN 978-601-714

Жәмиләнің әжесі

Зура әжейдің дүниеден озған отағасы Сағындық атайдың жалғыз тұяғы Алдаберген кіндікті болды. Әкесінен қалған шаңырақта оннан аса жан тұратын. Олар: әжейдің өзі, ұлы, келіні Зылиқа, немерелері: Ардақ, Асыл, Ақжарқын, Айбек, Айдос, Назира, Нарима, Дариға, Жәмиләлар еді. Күнде таңертең Жәмилә мен әжесі жай тұратын. Олар киінгенше Жәмиләнің аға-әпкелері сабаққа, көкесі жұмысқа кететін. Зылиқа ғана шайтақтайдың үстіне қарынның бұрышындағы сарымайды, аяқшыныдағы қаймақты, аққенеп дорбадағы кесек-кесек қызыл жарманы қатарластырып қойып, самауырға шай суымайтындай шоқ салып басқалардың ең соңынан жұмысына асығып үйден шығатын. Әжесі немересін қасына алып дастарқан басына жайғасады. Күрең шайды құйып, қаймақ қатып, иіс салып, жұмсақ жармадан опырып шай құйылған қалың әрі қолға толымды қызылала шынының түбіне тастап жібереді.

Маңдайы тершіп, бойы балқып шайды сіміретін. Жәмилә да жұмсақ қызыл жармаға сарымайды жағып жеп тыңқиып тойып алатын. Ол әжесінен өзі білмейтін заттардың мән-жайын сұрап білуге асығатын. Оның ойынша әжесінен үлкен, әжесінен мейірімді, әр нәрсені әжесіндей білетін жан жоқтай сезінетін. Өйткені өз отбасында әжесінің айтқаны орындалады. Әкесі-анасы, аға-әпкелері бәрі әжесінің ымымен жүретіндей сезілетін. Расында да әжесі отбасының құты, әулетінің ұйытқысы, ауыл аймағына сыйлы адам еді. Жәмилә таңдайына татыған «қызыл жарманың» қалай жасалатынын білгісі келді.

– Әже, қызыл жарма қалай жасалады? Айтшы, – деп қайта-қайта сұрай берді.

Әжесі:

– Е,е балам-ай, сенің ғана емес барлық балалардың білгісі келетін сыры беймәлім дүниелер көп қой. Өз білгенімді ұрпаққа айтып кетейін, - деп, бейне бір жаққа аттанғалы отырған адамдай әңгімесін әріден бастады.

Киіз үй – киелі орда

Көшпелі өркениеттің ең өзекті, қажетті баспанасы киіз үй. Бұл киіз үйдің пайдасын атам замандағы адамдардан бастап күні бүгінге дейін игілігін көріп отырмыз. Киіз үй ата-бабамыздың өсіп-өнген ыстық ұясы. Ежелгі хандар тіккен салтанатты, сәулетті Ақорда.

Мұны қазіргі жас ұрпағымыздың бірі білсе, бірі біле бермейді. Киіз үйдің пайдасын өткен ғасырдағы Сағынайдың асын айтпай-ақ қояйын, осы ғасырдағы бір ғана мысалды келтірсем жетіп жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойы (ЮНЕСКО) әлемдік деңгейде тойланды. Бұл тойға алыс жақын шетелдерден қаншама қонақ шақырылды. Өз еліміздің өнер өрендері мен барлық халқымыздың аудандысы қатысты. Жер қайысқан қонақ, қисапсыз құмырсқадай құжынаған адам. Қарауылдың кең жазира даласындағы алқапты алаңына үш мыңдай киіз үй тігілді. Арқа-жарқа алуан қызықты той дүрілдеп өтті. Той өте салысымен киіз үйлерді жапатармағай жығып, артып көшіп кетті. Той болып өткен алаң ешнәрсе болмағандай кең көсілген кербез қалпын бұзбай, етек-жеңін жимай керіліп маңғаз күйінде қала берді. Міне бұл теңдессіз өркениет. Жиһазы жиналған салтанат, сәулеті келіскен киіз үй – киелі орда. Қасиетті қазақ мәдениеті емес пе? Егер қазақ халқының киіз үйі болмағанда қыруар қаржы, қаншама уақыт, қандай қарбаласпен қорыс-қопа құрылыс жабдығын жинап аласапыран арпалыспен асар-күсер асығыспен қандай құрылыс тұрар еді? Күні бүгіндері де қандай бір той-томалаққа ешбір қиындықсыз киіз үйді көшіріп әкеліп тігіп, той өте сала жығып, буып-түйіп көшіріп әкетуі қандай тамаша тағылым.

Өкініштісі, бұл құндылығымызды бағалай алмай жүрміз, кейбір жастарымыз киіз үйді тіге білмейді. Киіз үйдің жабдығын жасауынан мүлдем бейхабар. Киіз үйдің ағашын, жабдығын жасайтын адамдар арылып кетсе жастарымыз білмей қала ма? – деген қауіпті сауал туындайды. Барды қадірлеп қыр-сырын білуге, ұғуға ұмтылайық, ұрпақ!

Киіз үй

Қазақ халқының өмір тіршілігін киіз үйсіз елестете алмайсың. Киіз үйдің тарихы тереңде, үш мың жылдық тарихы бар. Қазақ халқының көшпелі тіршілігінде баспана болған киіз үй ерекше міндет атқарып келген. Қазақ ата-бабамыз ұрпақ өсіру, тіршілік құру және де соңғы сапар, о дүниеге аттанғанда да осы киіз үйден шығарған. Анығын айтқанда киіз үй қазақ халқының киелі ордасы. Қазақ киіз үйлерін қырғыз, түркімен, моңғол тектес тайпалардың үйлерімен салыстырып қарағанда олардан қазақ киіз үйлері үлкен. Киіз үйді толық жабдықтап, өмірде пайдалануды қазақтар өз қолымен істеген. Қазақтарда киіз үйлердің нелер жақсы үлгілері сақталып қалған. Әлемнің түкпір-түкпірінен келуші саяхатшылар, жиһангездері мұның куәгерлері. Жаз айларында кейбір отырықты жерлерде қаладағы қазақтардан киіз үйлерін тігіп отыра қалатындар бар. Міне қаладағы тұрғын үйде тұрушылардың өзінде де киіз үйлері дайын. Жазда жайлауға киіз үйге шығады. Қазақтар үй ағашты байырғы қазақы әдіспен жасап, жөндеп алады. Киіз жабдығын, бау-шуын бәрін өздері қолмен жасайды. Үй ағашты үйдің үлкен-кіші мөлшеріне қарай дайындайды. Кереге 70, 80,

90, 100 басқа дейін, кейде одан да көп болады. Өте үлкен хан ордаларын атпен тіккен. Үй ағаштың уығын, керегесін өзексіз талдан алады.

Мор салу

Киіз үйдің ағашын жасау үшін ең әуелі ағашты түзететін «тез» орнатып «мор» салады. Киіз үйден, мал қорадан алыстау арық суының жағасына тезді орнатып, қойдың ескі қорасынан әсіресе күздік қорадан күзгі құмалақ көңнен қанарлап түйемен тасып төгеді. Тездің алдыңғы екі аяғы алшақ артқы жағы сүйір ұзындығы екіден үш кездей, жуандығы кішігірім бөренедей көрекеділ тәрізді орнатады. Оның жон арқасына сүйемдей кертік салады. Бұл қыңыр-қисық ағашты түзететін түзу ағашты ииіп епке келтіретін, бұл ағашты «тез» деп атайды. Кепкен ағашты әлгі арық суына салып қайта дымқылдайды. Үйілген көңге от қойып тұтатады. Ол толық өртеніп кетпеу үшін көң аздап өртеніп, әр жері қызарып қоламта бола бастағанда су құйып тұтатып былқытып қояды. Әрі қызу, әрі дымқыл тұтап жатқан морға сыртын дымқылдаған ағашты көміп қояды. Ол бабымен жібиді. Жібіген ағашты тезге салып сықауырмен сықап, мықынына тіреп бір ұшымен түзететін ағашты кертікке қысып екі қолымен сүйеп, түзететін жерін түзеп, шетін ииіп икемге келтіріп іске қосады. Мор мен тездің атқаратын міндеті осындай.

Шаңырақ

Киіз үйдің шаңырағын жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Шаңырақ жасаушы өте шебер болуы қажет. Өйткені шаңырақ дөп-дөңгелек, жеңіл, өте берік болады. Шаңырақ жасау үшін күзде сүмбедей түзу өскен ұзын, жуандығы жеңді білектей қайың ағашынан кесіп алып, қабығын аршып көлеңкеге кептіреді. Кепкен қайың ағашты төрт қырлап жонады. Ортасынан түп-түзу, қақ жарады. Суға салып дымқылдап, морға көміп балқытады. Балқыған ағашты тезге салып, үйдің үлкен-кіші мөлшеріне қарай дөңгелетіп ииіп шеңбер жасап, дөп-дөңгелек шаңырақ жасайды. Шаңырақты мөлшеріне қарай екі кейде үш ағаштан қосады. Шаңырақтың шеңбері дөңгеленіп біткен соң қырын басып майдалайды. Үш-үштен алты ағашты сыптай ғып жонып, әсемдеп ортасын дөң болғызып айқастырып күлдіреуіш салады. Шаңыраққа уық шаншитын көзді арасын тең мөлшерлеп өлшеп қашаумен төрт қырлап астыңғы кемеріне қарай басыңқы көзейді. Көзеу төртбұрыш болғанда уық қыдырмайды. Киіз үйдің шаңырағы осылай жасалады.

Уық

Үй ағашшылар киіз үйдің уықтық ағашын күзде талдың жапырағы түскен шақта, не ағаш жанданбай, жапырақ жаймай тұрған шағында жазғытұрым өзексіз өскен сүмбедей түзу талды таңдап кесіп алады. Уық үйдің үлкен-кіші мөлшеріне қарай екі кезден төрт кезге дейін ұзындықта болады. Ағаштың қабығын аршып көлеңкеге кептіреді. Кепкен ағашты арық суына салып жібітіп морға көміп балқытады. Жібіген ағашты тезге салып, қисық-қыңыр, бұралаңын түзетеді.

Уықтың иінін (қарнын) біркелкі болдырып иеді. Иіннің ішкі жағын сәндеу үшін ұшы өткір сопақ темірмен қосбуырлайды. Уықтың ұшын төрт қырлап шотпен ағаш жаңғырыққа салып қаламдайды, уық қисайып қыдырмайды. Уықтың керегеге байланысатын ұшын тесіп бау өткізіп, керегенің басына сол баумен байлайды.

Кереге

Киіз үйдің керегесін жасау үшін әдеттегідей күзде немесе жазғытұрым өзексіз шымыр талдан таңдап алып, аршып көлеңкеге кептіреді. Керегелік кепкен ағашты суға салып дымдап, морға көміп жібітіп жібіген ағаш кебе құрғақ тұрғанда тезге салып сықауырмен қысып, мықынына сүйеп үйағашшы керегелік ағаштың ортасын дөңестеу, басын қайқылау, аяғын түзу етіп жөнге келтіреді. Керегенің бас жағына екі-үш қарыстай жеріне қосбауыр сызық салып өңдейді. Керегені торкөз, желкөз болдырып, өлшеп, бұрғымен тесіп, торкөзге екі азат желкөзге бір азат қалтырып тесіп сол тесік бойынша түйенің бауыр терісімен көктейді. Торкөз кереге желге берік болады. Желкөз керегеге ағаш аздау жұмсалады. Жеңіл болады. Көктелген кереге тігуге жаюға, жинауға қолайлы. Керегенің бас жағы үш көктіге екі көкті қабысып, айқасып жымдасып қосылады. Егерде үш көкті не екі көкті қатарласып келсе қабысып қиюласып қосылмай елік ауыз болып тұрып алады. Ол бос болады. Керегенің басымен үйдің мөлшерін анықтайды. 80, 90, 100 басты үйлер үлкен болады. Керегені қосқанда ызған құр таңғышпен таңады. Керегені түйеге қомдап көшкенде аяғына аяқ қап жасап соны кигізеді. Ол аяқ қап ылдида түйе кимелегенде керегенің аяғын сынудан сақтайды.

Есіктер

Киіз үйдің есігін тақтайдан, жеңіл ағаштан, ши киізден жасайды. Мұнда көшпелі елге көбіне киіз есік пайдалы. Киіз есіктің ішінен босаға, маңдайша, табалдырықпен

ұштасқан жеңіл тал ағаштан тізіп ергеншек есік жасайды. Сыртынан киіз есік ұстайды. Киіз есікті иық-иық келтіріп ши тоқып оның сыртын, ортасын ақ киіз, төңірегін қара киізбен қаптайды. Бұл киіз үйге ерекше сән беріп тұрады. Киіз есіктің соңғы иығының ұшынан бау тағып шаңырақтың күлдіреуішінің арасынан алып, есік жақ керегеден байлайды. Киіз есіктің бас жағын үзіктің астынан келтіреді. Есіктің маңдайша тұсына келетін жерінен кіндік бау тағып күндіз есіктің есікті жауып тұратын мөлшерлі жерін шиыршықтап кіндік баумен маңдайшаның үстіне байлап қояды. Киіз есік жылылыққа тән. Әрі киіз үйге сән беретін көнеден жалғасқан қажетті киіз үй жабдығының бір түрі. Қырға, малға көп көшпейтін үйлері бір ыңғай тақтайдан киіз үйдің есігін жасайды. Мұнда маңдайша, босаға, табалдырықты қалың үш елідей тақтайдан қиюластырып келтіріп қақпағын кейбіреулер жарма болғызып, кейі тұтас қақпақ жасайды.

Киіз үйдің жабдықтары

Үзік

Қазақ халқының негізігі баспанасы киіз үй. Киіз үйдің жабдықтарын түгелдей өз қолдарымен жасап алатын жасампаз халық. Киіз үй қанша үлкен болса да екі үзік жабылады. Үзікті басылған киіздің ең өңдісінен аппақ киізден жасайды. Өйткені киіз үйдің көркін ашатын үйдің ағашы, туырлығы бәрінің сыртынан жабылатын айтулы жабдық үзік. Үзіктің биіктігін уықтың ұзындығымен өлшеп алады. Жағасын уықтың қаламдығынан етек жағын уықтың төменгі баулығынан сүйемдей жоғары өлшеп алады. Үзіктің етегінің кеңдігін үйдің шеңбер кемерінен шыр айналдырып өлшеп алып екіге бөліп мөлшерлеп пішіп кеуде жағын шаңырақты қабатындай болғызып танап тігеді. Үзіктің етегі, тігі, жағасы барлығы аппақ қойдың өлі жүнінен оңқай-солақай екі жеке есілген жиекпен таңдайлап жиектейді. Тігісін түйенің шудасынан иірілген жіппен тігеді. Үзікке бауды аппақ жүннен оңқай-солақай жіңішке есіп, әсемдеп сегіз талдан таңдайлап ақ жіппен тебен инемен ызып, үш құлаштан тағады. Үзіктің екі жағынан үштен парлап бір үзікке алты құр тағады. Бұл құрларды маңдайшаның үстіңгі жағынан айқастырып қос шаршы келтіріп, құрдың ұшын керегенің аяғының ішкі жағынан алып байлайды.

Туырлық

Киіз үйдің туырлығын үйдің мөлшеріне қарай 60-70 басты үйге үш туырлық 80,90,100 басты үйлерге төрт туырлықтан жасайды. Туырлықтың биіктігі уықтың қарының жоғарғы жағынан алады. Әр туырлыққа екі жағынан екі ызған құр бау

тағады. Уықтың қарнынан жоғары келетін басқы жағасын уықты қаптыру үшін танайды. Туырлықтың жоғарғы жағасын, жанын ақ жүннен есілген таңдай жиекпен жиектейді. Туырлықты керегеге ұстаған шидің сыртынан, үзіктің ішінен ұстайды. Барына қарай қызғылт киіз болса да болады.

Түндік

Киіз үйдің түндігі шаңырақтың үстінен жабылатын төрт бұрыш киіз. Түндіктің төрт бұрышына сәндеу үшін жарты шаршыдан, ортасына төрт бұрыш бүтін шаршы ою салған. Түндіктің төрт бұрышының ұшына байлайтын бау тағады. Түндікті түнде жауып, күндіз ашып қояды. Түндіктің есікке қараған жағына тағылған бау, басқа онжақ-солжақ, артжақтарының ұшына талғылған баудан екі есе ұзын болады. Себебі қайткенде де киіз үйдің түндігі күндіз ашық тұратын заңдылық бар. Күндіз ашпай түндік жабық тұру жаман ырым. «Тұқымсыз түндігі жабылып қалған», - деп айтатындықтан түндікті күндіз жауып қоюдан сақтанған. Ашық тұрған түндікті жел желпілдетіп аударып кетпеу үшін түндіктің үстінен арқанмен бастырып оны үнемі оңжақ-солжақ бауымен қосып тартып керегенің аяғынан ішіне қарай алып байлайды немесе кіндік бау тағады.

Дөдеге

Қазақ халқының киіз үйінің сонадайдан сән-сәулетін арттырып, айбынын асыратын сыртқы көркем көрінісі. Ол үшін ақшаңқан үйдің үзігін айналдыра оюлап дөдеге жасайды. Дөдегені ертеде төңірегінің бір жағын бір қарыс, бір сүйемнен өлшеп алып, төртбұрыш шаршы ақ-қара киізден ойыстырып жөрмеп қызылдан жиек басқан. Бір төртбұрыштың төңірегі ақ, бір төртбұрыштың төңірегі қара болады. Бұл төртбұрыштарды үзіктің етегіне қатарластырып шаршы бұрыштарын тұстастырып арасын жарты кез қашықтықта жарастырып жапсырған. Бұл дөдегені есіктің маңдайша тұсынан айналдыра жабыстырады да, есіктің босағасына осыған сәйкес ою басады. Дөдеге уықтың иінінде тұрса сәнді көрінеді. Дөдегемен ірге шиді де парлас оюлаған. Үзіктің төрт жағына төрт шаршы, түндіктің төрт бұрышына төрт жарты шаршы, түндіктің ортасына төртбұрыш бүтін шаршы ою салған. Қазір киіз үйді ақ атлас бұлдармен сыртына жабылып, жабдықтан дөдегені қызыл атластан ойып, сарыдан таспа басып жасайды. Үзіктің төрт жағы, түндіктің төрт бұрышы, ортасына босағаға, ірге шиге бәріне қызылдан ою басып, сарыдан таспа басып сәндейді. Бұл да киіз үйдің сән-сәулетін жарастырып, жайнатып, өң беріп сонадайдан мен мұндалап тұрады.

Туырлыққас

Киіз үйдің туырлығының ішкі жағына уықтың қарнын қаптыра жоғары қарай екі қарыс биіктікке қара киіз жалғайтын. Мұны туырлыққас атаған. Бұл туырлыққасты ақ-қара киізді ойыстырып жөрмеп қызыл жиек басып, жағасын, екі тігін қос жиектеп сәндеген. Қазіргі заманға сай киіз үйдің сыртын, ішін жайнайтып атластан жабынды жасайтын болды. Соған сәйкес туырлыққастың жасалуы да өзгерді. Киіз үйдің уығының қарнынан иінінен жоғары шеңберін айналдырып туырлыққасты қара не жасыл қатипа барқыттан өлшеп пішіп алып, қызылдан ою басып, сарыдан таспа бастырады. Бұл ақ атласпен астасып үйдің ішін жайнатып жібереді.

Басқұр, бау-шу

Қазақтың киіз үйінің ішінде ерекше сән беріп жарастыратын жабдығының бірі «Басқұр». Бұл көркемдігі сәйкессе аса көрнекті дүние. Мұны кереге мен уықтың түйілісінен өрге қарай ұстайды. Мұны ерте заманда қазақ халқы киіз үй сәндей бастағанда үйдің көркемделуіне үлес қосқан. Ақ қойдың өлі жүнінен, марқа қозының өскелең сең-сең жүнінен таңдап алып, иіріп түрлі-түсті бояумен бояп тоқылған. Қазір жіптің не түрі дайын. Тоқылғанда өрнек салып, тергенде тез ашылады деп қойдың жүнінен иірілген жіпті алып қайта иіріп тоқиды. Салынатын мүйізіне сәйкестендіріп жіпті санап құрады. Бұл терме мыңда бір ғана шебердің қолынан келетін қиын өнер. Сондығымен сәнді әрі құнды «Басқұр».

Термебау

Төрт туырлыққа сегіз бау тағады. Бау тоқу үшін ақ қойдың өлі жүнінен не қозының өсіп жетілген күзгі сең-сеңдеген кезінде қырқып алып жүнді жуып шуашын арылтып шөп-шөңгесін тазартады. Жүнді майда түтіп иіріп, қайта қабаттап иіреді. Терме баудың жібін дайындауға қыруар жүн, қаншама уақыт кетеді. Жіпті иіріп келептеп қойып түрлі-түсті бояуға бояйды. Қазір дайын жіптің түрінен қойдың жүнінен иіріп дайындаған жіп тоқығанда, мүйізін тергенде тез ашылады, - деп шеберлер соны таңдайды.

Сегіз бауға бір келкі қос мүйіз, не бірыңғай сыңар мүйіз өрнегін салады. Қызыл-жасыл немесе сары-көк жіп дегендей түрін үйлестіріп шетіне алағұртты ақ пен қара жіптен салады. Осы дәуірде киіз үйдің туырлық қасы тұтас үйдің уығын шыр айналған болғандықтан терме бауды екі-екіден парлап үйдің оңжақ-солжақ, артжақ-алдыңғы

жақ төрт жаққа шаршы түсіріп, уықтың аржағына ұстап қоятын болған. Бұл терме баулар керемет көркем көрінеді. Үйге сән беріп тұрады.

Құр ызу

Қазақтың киіз үйін тігуге керектенетін барлық бау-шу жіптерінің өзін сәнмен, салтанатпен мейлінше көркем жасаған. Керегенің қоспасын берік қозғалтпай ұстап тұратын жіпті «құр» дейді. Құрды қойдың өлі жүнінен, қозының өсіп жетілген күзгі жүнінен еседі. Жүндердің аппақ қара жүндерін ылғап алады. Жүнді жуып шуашын кетіріп шөп-шалаңнан арылтады. Есетін жіптің жақтауын ақ, бір жақтауын қара болғызып есіп, қарала жіп болғызып ескенде, оңқай-солақайын сәйкестендіргенде таңдай болып шығады. Пар-парымен алты тал жіптен таңдай болатындай қатарластырылады. Түйенің тамақ шудасынан қалдылау иірген жіпті, жалпақ құрға жететін жебелі сұңғақ сом инеге сабақтайды. Сабақталған жіппен инені есілген алты тал жіптің таңдайын аудармай келтіріп ызады. Киіз үйдің есігін екі босағасын қосқанда алты қанат керегені қосып таңу үшін жеті құр, сегіз қанат керегені қосып таңу үшін тоғыз құр қажет. Құрдың әр қайсысы үш жарым құлаштан болуы ләзім. Киіз үйдің керегесіне таңатын таңдай құр осылай жасалады. Киіз үйдің үзігіне тағатын құр бірыңғай ақ жүннен оңқай-солқай есіліп әдеттегідей таңдай болып ызылады. Бұл жалпақтау үшін сегіз талдан ызылады. Артқы үзікке тағылған алты құр үйдің маңдайша тұсынан екі шаршы түсіріп әсемдеп байланады.

Уықтың аяқ бауы

Киіз үйді жыққан соң уығын иығын бір келкі келтіріп, бір тексі жинап қарнын үйлестіріп сыптай ғып буады. Уықтың өз бауымен қарын жағын буады. Аяқ бауымен қалам жағын буады. Аяқ бауды жасағанда ақ-қара биязы жүннен оңқай-солақай есіп таңдай болып тұратындай жасайды. Өйткені екі ұшына бунақ-бунақ шашақ төгіп екі тал жіптің ортасынан уықпен байлап, екі қатар жіпті төмен салақтатып шашағын төгілтіп қатар қойғанда таңдай болып тұрады. Киіз үйдің оңжақ-қазанжақ, төржақ-есікжақ. Төрт жаққа төрт шашақты аяқ бау байлауға тиісті. Бірақ «төрт құбылам теңеліп кетті», - деген астамшылық ой болады деп аяқ баудың үшеуін ғана уыққа салақтатып байлайды да біреуін керегенің басына ескерусіз қылып іле салады. Уықтың аяқ бауы қабаттасып салақтап тұрғанда ұзындығы бір кездей болуы шарт. Міне аяқ бау осылай жасалады.

Уықтың бауы

Қазақ халқы киіз үйдің әрбір жабдығын жай жасай салмаған. Уықтың бауында бір талын ақ, бір талын қара жүннен есіп, екеуін қабаттап қара-ала сәнді бау дайындаған. Ұзындығы бір құлаш уықты керегеге мықты бекітеді. Ол да көркем қара-ала бау болып тұрады.

Уық шалатын жіп

Қазақ халқы ежелден көшпелі ел болғандықтан, киіз үйдің барлық қажетті жабдығы сақадай сай болған. Әрі көркем, әрі берік жасалған. Көшіп келіп қона қалғанда үйін тігіп, сыртының бау-шуын түгел байлап, жел соқса тірейтін бақанын сайлап қауіпсіз орналаса қалатын. Киіз үй тігілісімен уықты түгелдей шалып қисаймайтындай жасайды. 20-25 құлаш уық шалғыш жіпті де бір талын ақ, бір талын қара болдырып есіп, екеуін қайта қабаттап қара-ала жіп болғызады. Қара-ала жіп қазақтың бір көрікті жібі.

Уыққап, аяққап

Көшпелі елдің өмірі әмбеге аян. Көшіп жүргенде түйе кимелесе уықтың қаламын, керегенің аяғын сындырмасын деп аяқ қап кигізген. Уықтың аяқ қабын түбін дөңгелетіп, төңірегін ақ-қара киізден ойыстырып жиек басып жасаған. Керегенің аяқ қабында ақ-қара киізден ойып, қызыл жиек басып, жан-жағын 3-4 қарыс көлемінде екі жақ аузына ілмек бау тағып, төңірегіне шашақ төгіп жасап жайшылықта аяқ-табақ салады. Көшкенде кереге, уықтың аяғына кигізеді.

Арқанның түрлері

Белдеу арқан

Киіз үйдің тұлғасын алғашқы тігілген қалпын сақтап тұратын құралы белдеу арқан. Оны дайындау үшін күн ілгері қойдың шудаланған биязы өлі жүнінен ақ-қара өңінен таңдайды. Шуашын жуып, шөп-шаламын теріп тазартады. Белдеу арқан берік болу үшін сойылған жылқының құйрығынан талдап алып биязы жүнмен орап есуге шүйке жасайды. Әлділеу болғызып, бірыңғай оңқай үш тал жіп еседі. Есілген үш тал жіпті киіз үйдің ішінен сыртқа қарай босағаның үш көгінен шығарып үш ағашқа орап үш

адам бұрайды. Жіп қатайып ширыққанда үйдің ішінен қармаулы бір адам тартып үш тал жіпті біріктіріп бұрайды. Мұны «арқан тарту» – деп атайды. Бұралған арқанның ұшын ығына қарай есіктен сыртқа шығарып бір бала бұрайды. Оны «құйыршық жеу» - дейді. Тартылған арқынның үш тал ұшын біріктіріп тігеді. Үйдің көркін ашу үшін белдеу арқан қара-ала жіптен жасалған. Ол үшін бір талын қара, екі талын ақ жүннен есіп тартады, ұзындығы үйдің үлкен кішісіне қарай болады. Үй тігіп, киіз жабылған соң керегенің басына қарай басқы белдеу арқан тартамыз. Белдеу арқандарды басқа шаруаға жұмсамай ерекше күтеді. Киіз үйдің басқа киіз-кешегі, көркем жиһаздарымен бірге сақтайды.

Қоспақтаулы арқан

Көшпелі мал шаруашылығындағы елде ауылдарда арқанның рөлі өте зор. Түйеге жүк арту үшін арнаулы үш арқан дайындайды. Мұндағы ең ұзын арқан түйеге артылған жүкті бекітіп тартатын тарту арқан. Оның ұзындығы 12-13 құлаш. Жылқының қыл құйрығын қосып ескен өте берік болу шарт. Өйткені түйеге артқан жүкті аудармай, - талдырмай межелі жерге жеткізетін осы. «Тарту арқан» онымен қатар міндет атқаратын 8-10 құлаш мөлшерде болатын «қомарқан». Бұл түйеге туырлық орап түйенің екі жағына екі қанат керегені немесе екі бума уықты қомдап, бас-аяғын қозғалмастай етіп түйеге таңып тартады. Бұл қомдаған қомның үстіне екі тең кебеже немесе екі тең сандық теңдейді. Тең-теңдейтін 4-5 құлаш арқанша немесе теңжіп деп атайды.Осы үш арқан бір-бірінен ажырамас түйеге жүк артуға керектенетін арқандар. Түйенің төсін арқан қимау үшін ұзындығы екі қарыс төрт елі киізден ішін қуыстап тігеді. Мұны «қолқа» - дейді. Бұл қолқаға тарту арқан мен қом арқанды өткізіп қояды. Мұны «Қоспақтаулы арқан» деп атайды. Бұл арқандарды түйеге жүк артқаннан басқа әрекеттерге жұмсамайды. Күтулі, сақтаулы тұрады.

Салма арқан

Қазақ киіз үйімен үнемі көшіп-қонып жүргенде үнемі тау қойны, тастың, ағаштың ықтасын саясы жолыға бермейді. Қу медиен жазыққа да, панасыз жалтаңға да, жарлауытқа да, қияға да ылди жағын биіктетіп жұртты тегістеп, малдың, жердің ыңғайына қарай киіз үйін тігіп отыра беретін. Ауа райы үнемі жайма шуақ, жадырап тұра ма? Бірде ай арасы болып, бірде әр түрлі амалдар, құстың жайы дегендей ауа райы да амалын тауып ара-тұра астаң-кестең арпалыс, дауыл тұрып, құйын соғып, боранда айдай-бойдайыңды шығарып шыр-пыр болғызатын. Басыңдағы үйіңді допша домалатып, қаңбақша қалпаңдатып басыңнан аударып, үй ағашты шырпыдай шытырлатып шағып, шөмшек болдырып кейде баспанасыз қалдыратын кездер аз

болмаған. Қазағымыз не бір зұлматты бастан кешкен ел. Табиғат зұлматынан сақтану үшін қона қалған жерде үйге мықты арқаннан салма салған. Салма арқанды жүнге жылқының құйрық қылын көбірек қосып ескен. Киіз үйдің босағасынан керегенің аяғынан, арқанның ортасынан тұйығын өткізіп екі қарыс ағаштан тиек өткізген. Киіз үйдің маңдайшасының үстінен арқанды шалып алып киіз үйдің артына апарып қазандай тастан арқанның ұшын мықты байлап салма салған. Үйді жел қозғалта алмайды. Бұл салма арқанның арқасы.

Керме, ілме қосақ арқандары

Қазақ халқының ауыл өмірінде арқан жіптің араласпайтын, керектелмейтін саласы аз. Әсіресе арқанның өте қажет маусымы жаз мезгілі. Қойды қосақтап сауу үшін арқан екі саламен қажет болады. Қойды сауып болғанша қозғалмай тұруына керме қосақ қолайлы. Сауыны молдау үйлер керме қосақты 6-7 құлаштан кереді. Керулі арқанға қойды екі-екіден әкеп мойнын керме қосаққа келтіріп екінші арқанды қойдың желкесінен келтіріп қосақтайды. Мұны «керме қосақ» деп атайды. Сауыны шағын үйлер жалғыз арқан алып шығады. Қойдың басын бір-бірден айқастырып екі қойдың мойнынан шалып ілме қосақпен қосақтайды. Мұны «ілме қосақ» - дейді. Әдетте қойды қосақтайтын керме, ілме қосақтың арқандарын өзге майда-шүйде жұмыстарға жұмсамайды.

Жанарқан

Жанарқан бұл аты айтып тұрғандай ер адамдар атпен жүргенде жанынан тастамайтын арқаны. Бұл арқанды көбіне жирен торы, баран жылқылардың жалынан жасайды. Әр талын жіңішке есіп әсем, сыптығырдай берік болуы ләзім. Өйткені бұл арқан мен жүйрік жорғаны арқандайды. Оларды байлайды, суарып құмдаққа аунатқанда да басында осы 6-7 құлаш жанарқан жүреді. Жанарқан үнемі ат мінетін адамның жанынан тастамайтын жансерік құралы. Ерінің алдыңғы оқпанындағы қысқа қанжығаға байлап жүреді.

Ноқта

Ноқтаның түрі көп. Ботаға, құлынға, бұзауға ноқта дайындалады. Оны қойдың өлі жүнінің ақ-қара өңінен биязы жүнін таңдап жуып тазалап алады. Не ақ-қара жүннен оңқай-солақай есіп таңдайлап ызады. Бояу болса бояп та, таңдайлап ызады. Бота, құлын, бұзаудың бастарына өлшеп ноқта сыпырылмас үшін сағалдырық тағады.

Желіге байлайтын құлаштай тамақ бауды жіптен есіп ноқтаның қосындысынан тағады. Ноқталар осылай дайындалады.

Желі арқан

Желі арқан бие байлағанда, құлынды тізілтіп байлау үшін, ботаны, бұзауды бәріне желілеп байлау үшін желі арқан қажет. Желі арқанда қойдың өлі жүнінің биязы шудаланған түрінен таңдап алып жуып, шуашынан арылтып, шөп-шөңгесін теріп тазалап алады. Желі арқан барлық арқаннан жуан, берік болуы ләзім. Жылқының қыл-құйрығын жүнге молырақ қосып өте берік қып еседі. Желі арқанға екі ұшын байлап, қоятын қайың қазықты ертеден дайындап көшкенде көшпен артып алып жүреді. Бұл мал шаруашылығымен айналысатын ауылдардың негізгі шаруасы.

Көген

Көген жасау үшін үш сала жіп жуантық берік болғызып еседі де әдеттегідей үш адам бұрап, бір адам тартып үш-төрт құлаш желі дайындайды. Содан соң бір-бір құлаш жіптерді жеке-жеке еседі. Оның бір жағын тұйық, ілмек, екінші жағының ұшын ары-бері өткізіп шоқпар бас болғызады. Бұл көгеннің бұршағы. Мұның әр біреуін әлгі жуантық желінің әр бұралған бұрандасының арасынан қарыстай алшақтық тастап өткізеді. Бұл көгеннің бұршағы деп аталады. Көгенге қозы-лақ көгендейді.

Шідер, тұсамыс, өре

Қазақ халқы қандай бір қажетті бұйымын өзі өндіріп қолымен жасап ала беретін болған. Шідер үш бұтақты мінген аттың, қайбір жылқы малы ұзап кетпеуі үшін үш аяғына салып қоятын жабдықтың бір түрі. Екі бұтағы жақын екі алдыңғы аяқтық. Бір бұтағы ұзын артқы мінер артқы жақ аяққа салынады. Бұл үш аяқтық «шідер» деп аталады. «Тұсамыс»: жылқы, сиыр, түйе, ірі қара малдардың алдыңғы екі аяғына салынады. Бұлардың барлығы жал-құйрық жүннен жіңішке есіліп, құрша ызылады. Әрқайсы бұтақтарына мүйізден, ағаштан тиек, ілмегіне қайыстан ілмек салады. Егер ірі қара малдың терісінен өрім өретіндер болса, бұл жабдықтарды қайыстан өріп жасап алады.

Шылбыр

Ат мінетін адамдар үшін шылбыр маңызды міндет атқарады. Өйткені аттан түсе қалсаң, атты қолыңмен ұстап тұратын осы шылбыр. Үйге келсең атты белдеуге, арнаулы ағашқа, керегеге байлайтын осы шылбыр. Қосар ат жетектесең, өзің мінген атыңды түсе қалып қиын-қысталаң жолдардан жетелесең жетелейтін осы шылбыр. Бұл шылбырды ірі қара малдар: түйе, сиыр, жылқының терісін илеп өрім өретіндер теріден жіңішкелеп тіліп алады. Терімен айналыспайтындар көбіне жылқының жұмсақ жалынан баран өңінен жіңішкелеу үш тал есіп, біріктіріп бұрап тартып ширатып алады. Бұл шылбырды жүгеннің мінер жақ сулығынан, не ноқтаның қосындысынан тағады. Міне «шылбыр» осы.

Түйенің бұйдасы

Түйе түлігін ұстайтындар әр түрлі тәсілмен жұмысқа жегеді екен. Моңғолияның қазақтары түйенің мұрнын тесіп, мұрындық ағаш өткізіп мұрындық ағашқа кішкене қайыс сілбі ілмектеп байлап қояды. Бұйданы сол қайыстан тағады. Мұрны тесілген түйе жетекке елпек болады. Түйенің бұйдасын өзінің қабырға жүнінен, қойдың өлі жүнінен, марқа қозының күзгі өскелең көрпелдес жүндерінен үш тал есіп, бұрап, тартып тағады. Түйенің бұйдасы онша берік болмауы ләзім. Түйе қапелім тартынса мұрны жырылмауы үшін бос іле салады.

Қайыстан айыл-тұрман

Жаңа сойылған жылқы-сиырдың терілерін күн ілгері ашытып отырған иге салып жүні жидіп түсіп и болғанда иден шығарады. Жүнін өткір пышақпен сыпырып тастайды. Теріні жайып кебеқұрғақ болғанғанда қажетке қарай, өмілдірік, құйысқан, тартпа айыл, төс айыл, бәрінің мөлшеріне келетіндей өлшеп жеке-жеке тіліп, тілінген қайысты сыптығырлап сыдырып өреді. Өмілдірік, құйысқан, пыстандарды күмістейді. Тартпа айыл, төс айылдарға ердің мінер жағынан тағатын тесік жырым өреді. Қайыстан қайыс арқан, шылбыр жасағанда арқанның үш құлаштайын, шылбырдың бір құлаштайын жұмырлап өреді. Мұны өрме қайысарқан, өрмелі шылбыр атайды. Тізгінді жіңішкелеу тіліп тағады. Қанжығаны жіңішке қайыстан тең тақпайды. Бірін қысқа тағады. Айылдарды да түрлеп жүгенді таңдайлап қобылап өреді. 12 таспадан дырау қамшыны, 8 таспадан сәндік сарыала қамшыны, 6 таспадан жүйрік аттың қамшысын өреді. Қайыстан шідер, өре, тұсамыс бәрін жасайды. Бұлардың тиектерін мүйізден жасайды.

Киіз үйдің ішкі бұйымдары

Кебеже сандық

Киіз үйдің төріне бірнеше жүк аяқты қатар қойып үстіне кебеже оның үстіне сандық жинаған. Бәрі де берік ағаштан сапалы, оюлы, сәнді етіп жасаған. Кебеже-сандықтар көшіп-қонғанда, артып-тартқанда бетінің оюы сыдырылып қалудан сақсынып, бұлдан сандыққа өлшеп пішіп оюлап киізден жасалған сандық қаптың бетіне жапсырған. Көшпелі елде кебеже өте берік болуы шарт. Өйткені кебежені сенімді атанға теңдеп екі жағындағы кебежеге төрт бала салып қоятын. Сандық сәндік үшінде үйдегі киім-кешекті салып қою үшінде қажет. Көшпелі елдің бір киіз үйіне екі төсек, кебеже, сандық, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ бәрі де сиысқан.

Қайқыбас төсек

Қазақ халқы ертеден қайқыбас төсек керектенген. Төсекті ағаш тақтайдан жасайды. Төсектің отжағын оюлаған. Қайқыбасының да бергі жағын әсемдеп оюлап сәндеген. Ірге жағының жан ағашы, шабағы бәрін қиюластырып жасайды. Ол үшін тескіш, кескіш ыңғуыр, ара, шот секілді сайманның бәрі сай. Киіз үйдің ішіне екі төсек салады. Қазанжақ төрге қарай ата-енесінің төсегін, оңжақ төрге қарай ұл мен келіннің төсегін салады. Төсектің үстіне екі қабат төсек киіз жасап, оның үстіне оюлап төсек сырмақ салады. Бұлардың төңірегін көркем ашық өңді бұлмен көмкереді. Қайқыбас төсек қан айналысын реттейді, адамның денсаулығына пайдалы дейді.

Тұс киіз

Көшпелі елдің киіз үйінің ішін әртүрлі құрал жабдықтар мен жарастырып көркемдеген. Сол көркем дүниелердің бір саласы тұскиіз. Бұл әрі көркем, әрі жылы болуы үшін. Көшіп-қонып жүретін шаруашылығындағы ел түскиізді әуелі киізден жарастырып ойып, жиек басып керектенген. Оны жылулық үшін тұскиіз деп те атаған. Келе-келе шүберекке ауысқан. Қара қатипа жасыл мәуіті дегендей кілең асыл сапалы, баран өңді бұлды таңдап қызылдан ашық күлгіннен ою басып үйлескен жіппен шырыштайтын. Түс киіздің төңірегін қызыл өңді паң барқытпен көмкеріп сары жіппен машинамен шытыра салған. Бертін келе тұтас екі метр қара бұлға қатарластырып 9 дан 18 дөңгелекке дейін салып біз кестелеген. Бұл да өз сәнімен жарасып тұрады. Тұс киіз үйге төсек тұсына өң беретін көрікті әсем үй жиһаздарының ең елеулі, ең қадірлі,

айтулы бір бөлшегі болып саналады. Келген келіннің келетін жасауының ең елеулі сәнді бұйымы. Қорыта айтқанда тұскиіз қазақтың көркем қолөнер құндылықтарының бірі. Бірі болғанда, бірегейі.

Шымылдық

Ежелгі қазақ халқының көшпелі өміріне байланысты бір үйде көп адам бірігіп өмір өткізетін. Төсектерге шымылдық ұстаған. Шымылдық ұстаудың бірнеше себептері бар. Ата-ана шешінгенде бала-шаға, келін-кешектен бет далда болуы үшін, төсектің от жағына шымылдық ұстаған. Жас ұл мен келіннің төсегіне де ата-ана, өзге адамдардан ұйықтаған, тұрғанын құпия сақтағандықтан шымылдық құрған. Шымылдық бір жағынан үйге сән беретін көркемдік үшін де қажет. Және шаңырақтан ай сәулесі түсіп жастар шошымасын деген амал. Жастардың төсегіне шымылдық алқызыл торғын, жібек маталардан жарма болғызып жасаса, көлденең биіктігі екі қарыстай желбіреуік қатарып желбіретіп ұстаған. Жастардың шымылдығына шоқтап екі-үш жерден үкі таққан. Үкінің жүнінің бедерінде Алланың жазуы бар, жастарды көз тиюден сақтасын деп ырымдаған. Келін келген үйдің оң жағы жаңа тұскиіз, жаңа шымылдық құрылып жаңарып жайнап үй ішін көріктендіріп жібереді.

Көрпе-жастық

Көрпе адам баласының жамылып, жастығын жастанып жата қалып жаны рахаттанып ұйықтайтын жайлы жабдықтар. Әр үйде үйдің барлық адамына жамылатын көрпе, жастығын ертеден дайындап қояды. Қазақ қонақжай халық қой өз қажеттерінен тыс қонаққа арнап халіне қарай көрпені, жастықты көптеп жасап қояды. Өңді бұлды астарлап арасына суға қайнатып қойдың жүнін, түйенің қабырға жүнін тартып жасайтын. Жастыққа көбінесе құстың жүнін салатын. Жастықтың бергі бетін кестелеп жасайды да көрпе жастықты сандықтың үстіне түрлендіріп жиып қояды. Қонақ келсе қысылып қымтырылмай көрпесін сырмақ, текеметтің үстіне жайып жастығын жастап енді бірін үстіне жауып жайлы ұйықтатқан.

«Қонақты қондырма, қондырсаң тоңдырма» деген мақал да тегін айтылмаған ғой.

Адалбақан

Шымылдықтың екі бауын байлайтын, ұсақ-түйек, киім-кешегін ілетін ашасы арнаулы жоғары қарай иіп қатырылған екі ашабақанды жастардың төсегінің екі басына таңып байлайды. Оның уыққа тірелген ашасына шымылдықтың бауын байлайды. Киім, ұсақ-түйек, жіп-су салынған дорбашасын сол ашаның ашасына іліп қояды. Мұны «адалбақан» атаған. Ата-бабаларымыз жастардан қандай қасиетті талап ететіні айтпай-ақ түсінікті. Ол шақта киім ілгіш болмағаны белгілі. Оң жаққа аша байлап жүген, шідер, арқан, қамшыларды ілген. Қазан жақтағы ашаға тұтқыш, шымшуыр, ожау-шөміш, шайқалта, тұзқалталарды ілген. Шаңырақ көтеретін үлкен бақанды жел соқса әкеп шаңыраққа тірей қояды. Бақандарда бақандай міндет атқарған. Жел соққанда уыққа көлденең аша қойып ағаш тіреген. Оны «белбақан» дейді.

Ши қоршап қоятын

Қазан жақта құрт-май, сүрі етті салып қоятын үлкен қара кебеже тұратынды. Оның үстіне ағаштан ойып жасалған, не қамыстан, шіліктен тоқылған шыныны әрбіреуін орамалға жеке орап салып қоятын шынықап, үлкен ағаш астау сырлы тегенелер төңкерулі, қой сауатын құлақ бауының түбіне тас таққан ағаш шелек. Шай түйетін кішкене шайкелі шоқпарбас түйгішімен тұратын.

Қымыз саба, іркіт саба қатарласып, қарындарын қампитып, жұбын жазбай иықтасып сәйкесетін. Іргеге қарай үлкен қара қазан, оған жапсарлас кішкене қара қазан, оңай-оспақ, жеңіл-желпі құймақ, қуырдақ сияқты тамақ пісіретін қол ұстайтын сабы бар шойын бақырша, су таситын шелек бәрі-бәрі ығы-жығы орналасатын. Мұның бәрін жадағай-жайдақ қоймай астың тазалығын қатаң қадағалайтын. Шаң-тозаң, ашық оттан, күл-қоқыстан қорғап ыдыс-аяқтың сыртынан ши қоршап қоятын.

Сәулетті көш

Қазақ халқы жаратылысынан көшпелі ел. Әуелі қыстаудан жайлауға көшсе, жайлауда отырғанның өзінде отырған жерінің шөбінің сонысы басылып, мал аяғы шиырлаған соң, сарыжұрт бола бастағанда, ауыл үй жылжып, жұрт жаңалап қонады. Одан күзеуге, күзеуден қыстауға дегендей үнемі көшіп-қонып жүретін халықпыз. Ең алдымен жайлауға көшуге боздақтанып қалған қоңды түйені шайландырмау үшін күн ілгері бір апта бұрын байлап жаратады. Сел келсе де селт етпейтін сенімді атанға бала салатын екі кебежені теңдеп, екіден бала салады. Жүктің үстіне төгілтіп қараала

сырмақ жауып, тарту арқан мен тартқан соң, ең үстіне қара шаңырағын бастырады. Бұл түйені жал-құйрығы шұбалып жерге төгілген, ұсынса жалына қол жетпейтін, жүрісі майда, аяңшыл әсем құла аттың басына күміс жүгенін жүгендеген. Өмілдірік-құйысқаны құбыла жалтылдап, пыстанына дейін көз тартатын күміс ерін ерттеп мінген. Қызыл кестемен тігіп, жақтауын түрлі түсті меруерт, маржанмен шеттіктеген кимешегін киіп, түңліктей аппақ шылауышын шашағын төгілте басына тартып, үстіне қара қатипа шапанын, аяғына көгала бас кебісін киген. Бір қолына сарыала қамшысын, бір қолына аттың тізгіні мен түйенің бұйдасын ұстап, маңғаз бәйбіше үш-төрт түйе тіркелген көштің басын жетелейді. Жол жорғалай басатын кертөбелге екі басын талдан иген ықшам бесікке бөленген баланы бесігімен алдына өңгеріп, сылана киінген сылқым келін де жүк артылып, тіркелген төрт-бес түйені жетелеп, көш шұбырып келеді. Қазақтың кең даласында көсіле көшкен ел. Айдалған ақтылы қойы күнгейге жабыла, қаулап өскен күреңсені, бетегені таласа-тармаса күрт-күрт орып, жотаны жондап саулайды. Айғыр үйірі жылқысы да тай-құлыны құлдыраңдап таудың тасын жұмыр тұяқтарымен тасырлатып, желе-жортып қыраттан қылпы ғана қылт етіп, асып барады. Жуан жуас шомбал торы аттың бел ортасында отырған отағасы осы көріністерді қырағы көзімен жіті қарап қояды. Тайға екі-екіден мінгескен бала, қоңыраулары сыңғырлап елпек құнан-дөненге қыз-бозбала мініп шұбырған көш ырғағымен ырғала тербеліп, біреулері бір-бірімен сыбырласып, біреулері әзілдесіп, сыңғырлай күлісіп түйе аяңымен шұбатылып жөңкілген көштің ажарын аша түскендей. Жолдағы ауылдың қыз-келіншектері көш сонадайдан көріне сала ықшам тегеш, үлкен шараға құйылған айранды ала жүгіріп, көште шаңырқап шөлдеп келе жатқан көш адамдарының шөлін қандырып, үлкенінен бата алып, кішісінің ілтипатына бөленеді.

Ерулік

Әр үй жайлауға абыр-сабыр асығып үйлерін жығып, жүктерін артып, таласа көшіп, жарыса жүріп, бір-біріне тақаса, жараса жанап қой ауыл, қозы ауыл болып қонатын. Жайлауға бұрынырақ келіп, үйін тігіп үлгерген азаматтар соңғы келген көшке келіп, үлкендерін аттан түсіріп алады. Жүкті түйесін шөгерісіп, жүгін түсірісіп, керегесін жайысып, шаңырғын көтеріп, уығын шаншысып, үйін тігісіп бәйек болады. Үйдегі қыз-келіншектер үй жиһазын жия жүріп, үш аяқты темір мосыны от орнына тұрғызып, іші қалайлаулы аппақ, сыртын түтін басқан қап-қара жез шәугімді, су толтырып құлақ бауынан мосының төмен салбырап тұрған ілгегіне іле қояды. Астына отты лып еткізіп жағып, бұрқ еткізіп лезде қайнатып, шай-тұзын салып, сүт қатып сары майдан иісін шығарып баптап, табаққа ірімшік-құртын салып, тігіліп жатқан үйдің киізі жабыла жүгіріп алып келеді. Әдеттегідей ерулеген үй от жақты ма? деп түтінге қарап жалтақтап отырған қариялар, ересек адамдар шай келгенін көре сала ыңғайланып, қоралана отыра

қалып, шайды іше бастайды. Ол ол ма, әр үй қыстайғы сойған соғымның (жал-жая, қазы-қарта, асықжілік, жамбас) дегендей кәделі жіліктерін алдымен кіші отау иелері үлкенге арнап «есіңе алсаң, ескі астан сақта» деген қазағымның жазылмаған заңы бойынша сақтаған еттерін асып, ел орынға отырған шақта табақ-табақ еттерін қыз-келіншектер көтеріп үлкен үйлерге алып келеді. Үлкен үй иелері кәделі-сыбаға немесе ерулік етті жеп, ертеңінде қыз-келіншектерге арнап ерулік әкелген табаққа көйлектік, шапандық, бұл немесе білезік, жүзік, сақина сияқты көркем бағалы дүниелер салып қайтарған. Кейбір ауқатты адамдар қыз-келіншекке тай-тайлақ атаған. Кейде ат та мінгізген. Ерулік, сыбаға халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасқан үлкенге деген сый-құрметті салт-дәстүрінің ең елеулі құндылықтарының бірі. Ауыл үйдің араласуының алғашқы баспалдағы.

Жайлау сәні

Жадыраған жаз. Суы сылдырап сыр шерте сыландап аққан бұлақ. Шалғыны жайқалған өңір. Түрлі-түсті гүлге қонып жарыса ұшқан өрнекқанат көбелек. Биік-биік жартас жаламалы таудан аса ойға қарай құйылған саумал ауа. Тауды бұзып, тасты жарып, күркіреп аққан өзен, оркестрдей құбыла күмбірлеп жаламаны жаңғырықтырып күй төккен асау арынды ағыс. Жаныңды жадыратып, бойыңды сергітеді. Кісі бойы көк шалғыннан қылпы ғана көрініп, қаптап өрген қой. Тоқтай қалса бірімен-бірі қасынысып, жүрсе құлын-тайын шұбыртып, өзінен өзі осықырынып саңлап дөң асқан жылқы. Мимырт өрістеген сиыр. Жаңа жұрттағы бітік өскен соны алаботаны ауыз толтыра асап, оты қанған, баладай өркештерін қаздитып қатарласа келесімен шөгіп жатқан түйелер. Көк шалғынның ортасында көк көлге жүзген аққудай сағымға шомып аппақ-аппақ ақ шаңқан қатарласа қонған ақ үйлер, сылдыраған бұлаққа жуық желілеп байлаған құлын. Бие бауға қарайлай жайылған биелер. Қатарластыра керген керме қосақ арқанға екі-екіден айқастырып қосақтаған салқа қосақ қой. Күнде түсте, кешке екі уақ күле сөйлеп бірін-бірі әзілдеп қой сауған қыз-келіншектер. Кешкі сауыннан соң, қой-қозы жамырап, сиыр мөңіреген азан-қазан ауыл кеші. Кешкі қой алдына шығып, әзіл әңгімелері жарасқан қыз-бозбала – бәрі-бәрі жайлау сәнін жарастырып-ақ келістіріп тұр.

Отамалы

Мал баққанға бітеді.

Халық мақалы.

Біздің ата-бабамыз ежелден мал баққан ел. Малды жазда жайып, күзде отарлатып, қыста жейтін жем-шөбін жаздан бастап, күзде қамдап алатын. «Жатар орын – жарым құрсақ» деп қыста жатар орнын жайлап, жылы қора, жылы үйшікпен қамтамасыз етеді. «Мал төлден өседі» демекші, күзде күйек алып, ана малдың толықтай іштенуін өте қадағалаған. Өйткені мал «отамалы» өткен соң төлдемесе, отамалы өте қауіпті. Отамалы көкек айның онында кіріп, он бесінде шығатын ерекше амал. Халқымыз «отамалы жақсылығына бақса, от алғанша, жамандығына бақса, ойылған жұт отап-бұтап малшы ауылын тақырға отырғызып кетеді» деп одан сақтанған. Малшылар ана малын отамалы өткен соң, төлдеуге күйекті сәйкестіріп алатын. Күйек біте малды күндіз жайып, түнде күзетіп дұрыс төлдетіп, әр төлді уызына тойғызып, аяқтандырады. Уызға тойған төл тез оттығады. Ол төл көгенде тұрып-ақ тұсында байланған керме жіптегі шөптен жеп, тез ширайды. Енесімен еріп екі-үш ай жайылғанда құйырықтанады. Мұндай төл жазғы сауында енесінен бөлініп сауға жақсы төзеді. Отамалыны ұйымдастырған малшы төлін осылай өсіреді. Міне жайлауда қой-қозы ауыл болып қонған ел.

Ақ ірімшік сүзу

Қазақ халқы бес түлік малдың сүтінен сан түрлі тағамның түрін жасаған. Қой-ешкі, сиырдан сауылған бір қазан сүтті үш пұт ошаққа асып, сүттің түбін күйгізбеу үшін астына сиырдың ақ жапасын біркелкі қалап отты бәсең жағып пісіреді. Сүт көбіктеніп тасуға таяп қайнаған шақта екі шөміш қатық айран құйып ірітеді. Сүт іріген соң, тағы да бір бұрқ еткізіп қайнатып жібереді. Содан қазанды ошақтан түсіріп алады. Қазанның үстіне жан-жағы бір-бір кезден төрт бұрыш тоқылған ақши «шыптаны» қояды да жентек-жентек іріп жүрген ақірімшікті шөмішпен шыптаға құйып сүзеді. Ақ ірімшіктің сұйық сарысуын өті толғандар жылыдай ішіп, өтін шаятын емдік қасиеті бар. Және бұл ақірімшіктің сарысуын іркіт піскенде шым-шым болғызып сабаға құяды. Ол іркітті сұйылтып майдың тез оралып түсіне көмектеседі. Сондықтан, іркіт пісуден бұрын ақірімшік сүзеді. Ақірімшік те адам ағзасына пайдалы дәрумендер көп. Ақірімшікті адамдар көптеп керектенеді. Дастарқанның сәнін келтіретін айтулы тағам.

Іркіт жию

Қазақ халқы бес түлік малдың сүтінен сан түрлі тағамның түрін жасаған. Жазда жайлауға қой ауыл, қозы ауыл болып қона салысымен саулық қой-ешкіні керме-шалма(ілме) қосақтарға қосақтап, күніне екі уақ сауады. Сиырдың бұзауын желілеп байлап, оны да екі уақ сауады. Жаз айлары малшаруашылығындағы халықтың нағыз

кіріс айы. Қой, ешкі, сиырдан сауылған сүттің бір уаққысын үлкен қара қазанды толтырып асып, төрт аяқты шарбақ ошаққа тезекті қалап, сүттің түбінің күйіп кетпеуін қадағалап отты бір қалыпты бәсең жағып пісіреді. Сүт көбіктеніп піскен соң, қазанды түсіріп, сүттің қайнаған темпісі қайтып, суып, қанжылым болуға таяғанда қатық айраннан шамалы ұйытқы құйып, жылы жауып ұйытады. Жылы жабылған сүт екі сағатта ұйиды. Қатық айранды қалың түптесін деп сабаға қотарады. Бір уаққы сүтті шикідей ұйытып құяды. Сонымен қара саба үш күнде іркілдеп толады. Мұны «іркіт жию» дейді.

Саба пісу

Қазақ халқы асқан ұйымшыл халық. Қандай бір маусымдық, апталық, тәуіліктік, кейде бірер сағаттық шаруаны да бірігіп атқарады. Әдетте үй иесі таңертең тұрып, сүзулі дайын тұрған ақірімшіктің сары суын ысытып шым-шым қалыпқа келтіріп сабаға құйып, іркітті пісе бастайды. Сабаның күрпілдеп пісілген дауысы шыға көрші ауыл үйдің қыз-келіншектері жүгіріп келіп, жиналады. Сабаны қолдары талғанша алқын-жұлқын бір-бір дем кезек-кезек піседі. Іркіт демалмай толқын-толқын күрпілдеп астаң-кестең араласқан соң, бабында тұрған ірітке ілезде оралып май түсе қалады. Түскі қойдың сауыны болмай-ақ іркіттің майын алып, жер ошаққа тайқазанды асып, іркітті қазанға аса толтырмай сабадан қотарады. Жер ошаққа құрт қайнату үшін қи-тезекті толтырып жағады. Құрт қайнап, құрт көбігі тарқағанша ұзын сапты ағаш шөмішпен сапырып отырады. Қазандағы құрт суалып орталай бастағанда шелектегі іркіттен еселеп құйып отырып қайнатады. Жер ошақтағы оттың қызуы жақын асылған қазанға дөп тиеді де құрт ілезде бұрқыл-сарқыл қайнап, қойылған соң, қойдың жүнінен иіріп, қолдан тоқылған қараала қаптың екі құлақ бауынан белағаш өткізіп, берік ағашқа іліп мықтап байлайды. Қаптың аузын кергіш ағашпен керіп қойып, құртты қайнап тұрған тебінін ғана бәсеңдетіп, ыстықтай қапқа қотарады. Ыстық құрт тез сүзіледі. Сорғып тұрған қапты кешке қарай таспен бастырып қояды. Сүзген құрт одан сайын сорғып, таңертең жаюға дайын тұрады.

Құрт жасап жаю

Сорғыған құртты қабымен тақтайдың үстіне қойып, шетінен жіңішке жіппен тіліп-тіліп төрт бұрыш немесе үш бұрыштап жарып сәндеп жасайды. Жасалған құртты жайпақ табақ, астаушалармен тасып, киіз үйдің маңдайшасына екі жақтауын сұғындырып жасаған өренің үстіне өреше шиді жазып, оның үстіне құртты жайып кептіреміз. Құрттың ұсағынан дөңгелек жасайды. Тобарсып кепкен дөңгелекті жіпке тізіп әр балаға арнап кереге басына немесе ашаның басына іліп қойып кептіреді. Маусымда әр үй бер-екі қап құрт, бір-екі қарын сары май алып, қыстай жейді. Қазақ

батырларының жорыққа аттанып, күн-түн қатып сабылғанда азық болған алты малта осы құрт. Құрт осылай дайындалады.

Қызыл жарма

Ел жайлаудан көшуге таяғанда соңғы піскен, екі-үш реткі іркітті арнаулы «қызыл жарма» жасауға арнайды. Өйткені, қызыл жарма жасау үшін қайнатқан құртқа бұрын іркіттен есе құйып қайнатқан болса, қызыл жарма жасау үшін шелек-шелек сүттен есе құйып қайнатады. Сонда сүт құйып қайнатқан құрт ақ өңді емес, қызыл өңді болып шығады. Оны да қапқа сүзіп сорғыған соң, ұсақтап жаймайды, кесек-кесек опырып қоя салады. Ол жұмсақ «қызыл жарма» болады. Бұл қызыл жарма қатты болып кеппейді. Қызыл жарманы сол үйдің қарт адамдары, ата-енесі жейді. Сол үшін арнаулы жасалады. Міне, «қызыл жарманың» жасалу тәсілі осындай.

Құрт қатық

Құрт қатық сабаға піскен іркітті қазанға құйып, құртша қайнатып, қойылған соң, құрт сүзетін қапқа құйып сүзеді. Сүзілген құртты тұздап, ертеден үрлеп кептіріп қойған серкенің қарнына салып қояды. Қарындағы қатықты да өреге немесе тақтай ағаштың үстіне қойып, далаға кептіреді. Қарынның сырты тобарсыған сайын, сүт пісіріп, аздап тұз салып қарындағы қатыққа құйып, қатықты опырылып қалудан сақтап, сүтпен қатықты езіп, сүтті қатыққа сіңіреді. Бұл қарындағы қатық жөбі-шөкім адам көтере алмайтын көлемді, салмақты болады. Қатықты көжеге, сорпаға қосып ішеді.

Айран қатық

Айран қатық дегеніміз – сүтті пісіріп алып, қатыққып ұйытқан айранды қапқа құйып сүзеді. Сүзілген айранды тұздап үрлеп кептірген ешкінің, серкенің қарнына салады. Бұл қатыққа да қарын тобарсыған кезде сүт пісіріп, тұз салып қатыққа уақ-уақ құйып кептіреді. Мұны «айран қатық» дейді. «Сүзбе» деп те атайды. Бұл қатықты көжеге, сорпаға езіп, қосып ішеді. Қатықтың аса қажет тұсы наурыз көженің кезі. Қатық наурыз көженің құрамдас бір бөлігі болып есептеледі. Денсаулыққа өте пайдалы.

Ежігей қызыл ірімшік

Қой, ешкі, сиырдан сауылған бір қазан сүтті асып, отты жағып, сүттің түбін күйгізбей пісіреді. Сүт пісіп, көбіршіп таси бастағанда қатық айраннан екі шөмішті құйып араластырып ірітеді. Іріген сүттің астына отты жағып, қайнатасың кеп, қайнатасың. Бұл ежгей ірімшік қайнай салып, ақ пыштақ тұрғанда да салып алып, ішіп-жей беруге болады. Өйткені, бұл сүт піскен соң, ірітілген ірімшік. Мұны да қайнап, сарысуы суалып қызарған соң, қазанды түсіріп, суыған соң, салып алып кептіресің. Жесең, таңдайыңнан дәмі кетпейтін жентке қосуға өзгенің дәмі бұған жетпейтін, ерекше дәмді тағам. Ежігей қызыл ірімшік осылай жасалады.

Мәйек – қызыл ірімшік

Қазақ халқы бес түлік малдың демінен басқаның бәрін қажетке жаратқан. Етін-сүтін тамаққа, жүнін-терісін киімге, қи-тезегін отынға пайдаланған. Төлдеген кезде уызға бөгіп өлген қозы-лақ, бұзаудың мәйегін жуып, тазалап, ағаш шелекке салып құрт, айран, қатық қосып ашытып қояды. Ешкі-қой, сиырдан сауған бір қазан сүтті асып, астына отты аздап жағып, сүт қанжылымнан шым-шымға таяғанда әлгі ашып тұрған ашымал мәйекті сүтке салып араластырады. Отты сөндіріп, қазандағы сүтті жылы жауып орап, бүркеп қояды. Біраз мөлшер тұрған соң, сүт қатық болып ұйиды. Қазандағы ұйыған сүттің бетін ашып, төртке тіліп ағаш бұлғауыш қалақшаны қазанның түбіне қарай жүгіртіп қойып, отты қайта жағады. От жанған соң ұйыған сүттің тілген жерінен сарысуы бұрқылдап қайнайды. Оны қайнатасың кеп, қайнатасың. Бір шама қайнап, қызарып пісіп дәмденеді. Жесең, балдай дәмді болады. Сарысуы суалған соң, оттан түсіріп қазаннан алып тастайды да кептіріп те жей бересің, мәйекпен қайнатқан қызыл ірімшік осылай жасалады.

Теріден жасалған ыдыстар

Сабалақ теріні илеу

Қыста соғымға сойған аттың терісінің жүнін соя сала Алдаберген өзі өткір пышақпен қырып алып, қан-сөлінен түгел арылтып, жуып, тазалап, суын сорғытып жаяды. Зылиқа ағаш астауға үш литр суды шым-шым болғызып құйып, үш шөміш ұн

салып, үш литр қатықты езіп, бір шөміш тұзды ерітіп, бір қапшық ашытқы қосып, бәрін аралас-тырып жылы пештің түбіне бүркеп, қымтап, жауып қойды. Ертеңінде әлгі ий астаудың ернеуінен иісі аңқып, асып, боза болып ашыпты. Зылиқа тобарсып тұрған жылқының терісін еденге жайып, ашыған ийді баттастырып жағып, сіңіруге қалың киізге орап тастайды. Жарты айдан кейін терінің арасын ашса, ешқандай қатпаған. Балқып ий болып қалыпты. Иін қырғымен қырып, тағы да тобарсытып керіп, созып қойды.

Саба тігу

Анасынан көргеніндей терінің жұқа шап пұшпақтарын түсіріп төрт емізік болдырып пішіп алды. Жылқы, сиырдың жіліншіктерінен кезінде алып кептіріп, қолмен тарап ширатқан тарамыстарын әзірлеп, кебіс тіктіргенде қалған көк сауыр ұлтанның қиқымынан оймақ жасатты. Алдаберген етік тігетін жіңішке бізінің ұшын өткірлеп қайрап берді. Зылиқа кебеқұрғақ терінің қоспасына шүберек салып, жуан инеге тарамысты сабақтап, біздің орнынан тебе тігіп бітірді.

Қара саба

Жылқының мұндай қалың жондамасынан тігілген әрі ий қанған саба күтіп ұстаса, көпке шыдайды. Қазанға үш литр суды құйып, бір килограмдық шайды салып, шайдың бояуын құрымғып шығарып, қайнатып шым-шым болғанда сабаға құйып, үш күн бойы ұдайы өн-бойына тегіс тигізіп, шайқайды кеп, шайқайды кеп. Шай әбден сіңген соң, сабаны тағыда тобарсытады. Сонымен ірікіт, қымыз құюға болады. Сонда сабаға құйған іркіт, қымыздан шикі терінің иісі немесе ашыған идің иісі шықпайды әрі саба шірімейді. Қара саба осылай жасалады. Қара саба халықтың құты болып есептеледі.

Сүйретпе торсық

Сойылған түйенің мойын терісінен бітеу күйінде сойып, сылып алады. Түйенің өндіршегінен қамтыңқырап, екі қолдың иығынан да түйенің мойнақ терісіне жіберіңкіреп сояды. Өйткені ол өндіршек жақ сүйретпе торсықтың түбі «мойнақ саба» деп те атайды немесе мойнақ сабаның түп жағы болады. Түйенің өте берік, қалың өндіршек терісінен түп салады. Терінің ішкі сары етін, шелін, майын түгел арылтады. Теріні кебе құрғақтап алған соң түппен өн-бойының арасына сыздық салып, өткір бізбен тесіп, қалдылау ширатылған тарамыспен жуантық инеге сабақтап алып, тебе

тігеді. Бұл мойнақ сабаның берік болуына тұла бойының тұтас бітеу сойылуы да көп әсер етеді. Сондықтан түбі мен бойының аражігін аса берік тігеді. Тігіліп болған соң аузының әр жерін танап піспек сиятындай мөлшерге келтіріп, сәндеп қояды. Тігісі қолдан шыққан соң, қарағайдың қабағын қайнатып шым-шымдағанда малып қояды. Бірнеше тәулік өткен соң, малмадан шығарып тобарсытады. Қою, құрым болып қайнаған шайға салады. Сіңіріп шайқайды. Түйенің мойнақ терсінен жасалғандықтан жүз елуден екі жүз литрге дейін қымыз сияды. Мойнақ сабаны «Сүйретпе торсық» атау себебі анандай алыс ауылдар той жасағанда қымыз құйып түйеге артып, атқа өңгеріп апаруға шыдайтын берік болғандықтан «сүйретпе торсық» атаған.

Өркеш торсық

Өркеш торсық дегеніміз – түйенің өркеш терісінен жасалады. Түйенің екі өркеш терісін өркештен сылып алып, бітеу сойып алады. Өркеш терінің майын өте мұқият қырып-арылтады да тобарсытады. Тобарсыған соң екі өркештің терісін беттестіріп тігеді. Жалпақтау жағын орнықты түбі болдырады. Жіңішкелеу жағын аузы етеді. «Батырдың өзіне лайық сойылы бар» дегендей мұныңда өзіне лайық піспегі болады. Тігілу, өн-бойындағы иіс, қоқыстан арылту, ыдыстық қасиетке жеткізу – бәрі сүйретпе торсықпен бірдей айла-амал қолданады. Өркеш торсықтың үлкен-кіші болуы – түйе өркешінің үлкен-кіші болуына байланысты. Өркеші баладай үлкен өркештен жасалған торсық бір-екі биенің қымызын ашытып отыруға, аз ғана қой-ешкінің, бірер сиырдың сүтінен іркіт жиып пісуге жарап тұрады.

Жанторсық

Кішілеу өркешті түйенің өркешінен жасалған торсық – жанторсық орнына пайдалана беруге жарайды. Жанторсықты түйенің, сиырдың берік терілерінен мөлшерлеп пішіп алып, тігіп жасайды. Жанторсық алысқа атпен жолаушылап жүргенде, жаугершілік заманда, бейбіт өмірде қойшылар қой жайғанда бәрінде сусын құйып, ердің қанжығасына байлап немесе иық бауынан мойынға аса салып жүре беретін жанынан тастамайтын жанторсығы ғой бұл. Бұл торсықтарды да тігіліп біткен соң, қарағайдың қабығын қайнатып салып, шай қайнатып құйып, шайқап, сіңіріп,

қалыпқа келтіреді. Жанторсыққа құйылған қымыз, іркіт, айран өз қалпын сақтап тұрады. Алыс жолда шөліркегенде ішкен сусын тіптен балдай болады.

Көнек

Қазақ халқы ертеде малды темір ыдысқа саумаған. Сиырды, қойды ағаштан ойып дөңгелетіп түп салып жасаған ағаш шелектерге сауған. Көз тимесін деп ағаш шелектің құлағына тесік тас тағатын. Биені көнекке сауған. Көнекті түйенің үлкен өркешінен сылып алатын, не мойнақ терісінен өлшеп алып құммен кептеп шелек қалпына келтіретін. Бір жақ ернеуінен шүмек шығарып, екі жақ ернеуінен бау өткізетін тесік тесіп қалыпқа келтіріп қатырып сірі болдырып жасайды. Ол сірі жөбі-шөкім жаңа сауа салған сүтке әл беріп қалпын бұзбайды. Жылқы малы секемшіл, сергек мал ғой. Темір шелекке сауған сүттің дыбысынан да сыңғыр-сылдыр болғызып естіртпейді. Биенің аяғы тиіп кетсе даңғырлап-саңғырлап кететін темір шелектен үркіп иімей қоятын. Сондықтан арнаулы абзал ыдыс «көнек» жасап сауған.

Көнқап

Халқымыз барды бағалап, ұқсатып қолдан жасап қажетіне жаратқан халықпыз ғой. Сойған ешкінің, серкенің терісін ащымен сорлап, шылғилап, икемге келтіріп нәрсе салатын қап жасаған. Екі жағына екі құлақбау таққан. Мұның тігісінде тарамыспен тіккен. Серкенің терісінен жасаған қап өте берік болады. Мұны «көнқап» деп атайды.

Талыс

Жылқының бас терісін бітеу сойып сары етін арылтып, тұз жағып илеп икемге келтіреді. Екі құлағын тікейтіп кекілін күлтелендіріп өз мөлшерімен дорба жасаған. Ашатын аузын жұқалап жонған. Ағашпен қышқаштап екі жерінен тесіп қайыс өткізген. Бұған отағасы біз, тістеуік, қайрақ, жануыш, сүмсуір, егеу, тескіш дегендей ұсақ-түйек заттарын салатын. Мұны «талыс» деп атаған.

Тұлып

Сиырдың туа салып өлген бұзауының терісін бітеу сойып, аударып тері жағынан тұз жағып шылғилап кептіріп тұлып жасайды. Бұған көшпелі ауыл үйінің ұсақ-түйек қажетті заттарын салып қояды. Мұны «тұлып» дейді.

Тарамыс ширату

Жылда соғымға сойған жылқы, сиырдың жіліншігіндегі сіңірлерін ұзынына пышақ тигізбей сүйектен сылытып алып мұқият кептіреді. Тісі барында Мәнура әжей тарамысты өзі шырататын. Тісі кеткелі Зылиқаға үйреткен. Кепкен сіңірді қайнаған қара шай бүркіп сырмақтың арасына тығып қойып жібітеді. Ылбырап жібіп кетпей кебе құрғақ болып жұмсаған шағында сіңірді ағаш тоқпақпен ағаш жаңғырыққа салып аса қатты емес ақырын-ақырын допсылап ұрыптоқпақтап жұмсартады. Жұмсаған сіңірді тарап-тарап келептеп шоқтап қояды. Арнаулы уақыт бөлініп таралған сіңір тарамысты тісімен тістеп артық ауасын сыдырып алып тастайды. Тарамысты ширатарда алғаш екі талын басын айқастырып сол қолымен ұстап отырып оң қолымен жымдастырып ширатады. Тарамысты бір бастап алған соң көбіне құлаш жарымға дейін ұзағынан ширатады. Сиырдың сіңірі жұмсақ тарамыс ширатуға үлпілдеп тартылып жымдасып ширатылады. Тарамыспен етік, кебіс, саба, көн қап торсықтарды тігеді. Ол өте берік жіп саналады.

Етік тігу

Ертеректе етікті аударма бас болғызып тіккен. Ұзын ширатылған тарамыстың екі жақ ұшын бірдей ұштап алып жуантық инеге сабақтайды. Сыздық қабаттасқан жұлығын біріктіріп өткір бізді шаншып қайта бізді суырып алып орнына екі жағынан айқастырып тарамыс сабақтаған инені өткізіп тігеді. Тарамысты ұзын ширату себебі етіктің жұлығының екі жағынан бірдей айқастырып тіккенде үзіліссіз жету қажет. Етік тіккенде ұзын ширатылған тарамысты берік болу үшін етікші құлаштап қатты тартады. «Етікшіден құлаш қаш» деген мақал осыдан пайда болған. Тарамыспен етік, саба, торсық, айыл-тұрман қап сияқты өмірге қажетті жабдықтарды тігеді. Тарамыс осылай жасалып, пайдаланылады.

Ағаш ыдыстар

Қазақ халқы ежелден ағаштан түйін түйген халық. Көбіне ағаштан ойып ыдыс жасайды. Теректен, басқа да үйлесетін ағаштан кесіп алып жастай жұмсақ ағашты мөлшерімен кесіп өлшеп алады. Содан кейін асықпай-аптықпай жасайтын ыдыс-аяқтың формасын шығарады. Ол үшін темір, шот, ыңғуыр, тескіш, кескіш, түрпі, ара, балта, балға тәріздес саймандары бәрі де сай. Іске кіріседі. Ағаштан ет жасайтын табақ дөңгелек. Астау сопақша, қымыз құятын тегеш, қос бүйірлі ожау сырлы тегешке үйлескен сырлы аяқ, тостаған, қалақ, қалақша, мал жайғағанда қорықтық жасайтын саптыаяқ, мал суаратын шелек, келі-келсап, шайгелі, түйгіш, итаяқ, мал суаратын науа, жүкаяқ, қайқыбас төсек, жай төсек, шай тақтай орындық бәрі ағаштан екені айтпаса да түсінікті.

Тұрмыста қажетті заттар

Үй тірейтін бақан, ашабақан, адалбақан, қашаған жылқыны ұстайтын құрық, түңлікке тірейтің сырық. Бие баудың қой қосағының, қозы көгеннің желілеріне бәріне екі жағына қағатын қазықтардың бәрі қайың ағашынан алып кептірсе темірдей қатып қалады. Ол қазықтарды ұрып қағуға да қайың ағашынан шоқпар жасап қояды. Тесе, күрек, кетпен, балта, балға, ұршық бәрінің сабы да ағаштан. Түйенің мұрындығы, ұн оқтаулап жұқартатын оқтау, түйенің жүк артқан арқанын беріктеп бұрайтын бұрауда ағаштан, көріктің де асты, үсті, мойны ағаштан. Ер, ашамай, есік, ергеншек, үй ағаш бәрі ағаштан.

Өнер аспаптары

Ән-күй өнер аспаптарының небір түрлері ағаштан жасалған. Домбыра, қобыз, жетіген, сырнай, сыбызғы, пианино (күй сандық), барабан, дабыл дегендей, бәрі-бәрі шеберлердің туындысы. «Шебердің қолы ортақ» кейбір шеберлердің жасаған аспаптарын халқымыз түгелдей игілігіне жаратады.

Ши тарту

Тамыз айының ортасына қарай ат жететін жердегі ауыл әйелдері түйесін қомдап, азығын қамдап ши тартуға аттанатын. Бұл кезде ши кемеліне келіп, буыны қатып, әбден өсіп, жетілген шағы. Ши әр өңірде кездесе бермейтін сирек өсетін өсімдік. Ол жұмсақ құмды, құнарлы, дымды ойпат жерлерде, өзен-көлге жуық жиектерде қанаттас аумақтарында өседі. Ел жайлаудан көшпей мал аяғы баспай, шиге мал аяғы тимей тұрғанда барып әркім өз қалауынша, шамасына қарай ши тартуы ләзім. Шиді әйелдер

мен қармаулы азаматтар бірігіп тартады. Ыңғайы келсе белге, білекке орап тартады. Сол орнында шидің түбінің қарақұсының сыртындағы көп қабаттарын түсіріп, басының шашағын кертіп жеңілдетіп құшақ толатындай тобын қапқа кигізіп жіппен таңып, түйеге теңдеп алып кетеді. Келе қабығын аршып, көлеңкеге жайып керптіреді. Осылай тартып алған шиді ары қарай қажетіне жаратады.

Ақши

Қазақ халқының көшпелі өмірінде ши өте маңызды орын алады. Шидің қай түрі де киіз үйдің керегесі мен туырлық арасынан ұсталады. Ол жылылыққа септігін тигізеді. Әрі киіздің сыртынан керегенің көздерінің табы бунақ-бунақ көрініп тұрмауы керек. Үйдің ішкі жағынан да ораулы шилер әсем, көркем көрініп үйдің сәнін келтіреді. Ақши ораған шиге жалғас ұсталады. Шиді барлық әйелдер орап, сәндеп тоқи бермейді. Өйткені кейбір әйелдер шиді сәндеп орай алмайды. Енді біреуер шиді орайтын, көркемдейтін түрлі-түсті бояу, жүн, түрлі жіптер дайындап алуға дәті жетпейді. Сондықтан ақшиді киіз үйдің айналасына жетердей мөлшерде тоқып алады да, үйге ұстай береді. Ақшиді ауқатты адамдар киіз басуға арнаулы бір мөлшермен төрт қанат тоқиды. Ұзындығы төрт кезден болса айқастырып көктегенде сегіз кез болады. Бір шидің биіктігі бір кез, екі қарыстан болады. Оны ара-тұра кереге сыртына ұстаймыз ба дегенді де ойластырып тоқиды.

Кілемше

Тартылған шиді аршып тазалаған соң ең ірісін іріктеп алып сәндеп орайды. Шиді неше түрмен түрлендіріп орауға болады. Үйге ұстайтын шиді көбінде үш түрлі ораумен өрнектейді. Ең шымы «кілемше» және «бәшіке» шаршы мүйізде салады. Шидің сәнді орауы «кілемше» аталады. Ақ, қара, қызыл-жасыл, сары, күлгін-қоңыр өңдерді сәйкестендіріп бояумен бояп жүнді түтіп, ыспалап алып ораған. Қазір түрлі-түсті дайын жіптермен орайды. Шиге салатын өрнекті әуелі ақ мата не ақ қағазға сызып алып соған әр шиді салып өлшеп отырып орайды. Кілемше өрнек екі шаршыны қатар келтіріп әр өрнекті тұспа-тұс сәйкестендіріп жарастырып түрлейді. Әр өрнектің дәлдігін көріп отыру үшін шидің басынан, аяғынан, ортасынан үш жерінен жіппен тізіп отырады. Бұл екі шаршы қатар келгендіктен шидің өрнегі өте шым көрген жан таңқаларлықтай көркем көрінеді.

«Шым ораулы болмаса шидің сәні келмейді» - деген мақал осы кілемше өрнекті шым оралған шиге қаратылып айтылса керек. Оратылып тоқылып біткен шидің бас-аяғын екі жағын өңді пұлмен көмкеріп қояды. Ол шидің бас аяғының сынбасына септігін тигізеді. Әрі көркем көрінеді.

Бәшке

Бәшке орау әдеттегідей шиді іребделінен таңдап алады. Бәшкенің шаршысы үлкендеу келеді. Шаршысын шидің ұзынына қарай жалғастырып орайды. Мұны да ақ матаға немесе ақ қағазға тағы шаршы өрнекпен сәйкестіріп отырады. Ақ-қара, қызыл-жасыл, сары, күлгін, қоңыр өңді бояуға боялған жүнді түтіп ыспалап алып сонымен орайтын. Ал қазір түрлі-түсті дайын жіп керектенеді. Оранған әр тал шиді үш жерінен тізіп отырады. Оралып тоқылып біткен шидің бас-аяғын көмкеріп қояды. Бәшке өрнекпен оралған ши осылай жасалады.

Өреше

Дыңды-қалды шилерді таңдап орауға, ақши тоқуға іріктеп алған соң қалған шиден құрт жайып кептіретін ұзындығы екі құлаштай өреше ши тоқиды. Жерге төрт қазық қағып, қазықтың жанына жерге сұғындырып төрт ағаш орнатады. Екі жағынан көлденең білектің жуандығындай ағаш байлап үстіне әр жерден шыбық қойып соның үстіне өреше шиді жазып оған құрт-ірімшік жайып кептіреді. Астынан да, үстінен де жел есіп жайылған құрт-ірімшік тез кебеді. Өреше шиді осылай жасап пайдаланады.

Шыпта

Жан-жағынан бір кезден мөлшерлеп төрт бұрыш ши тоқиды. Мұны «шыпта» деп атайды. Сүтті пісіріп, қатық айран құйып ірітіп тағы бұрқ еткізіп қайнатады. Қазанды түсіріп үстіне шыптаны қойып ақ ірімшікті сүзеді. Шыпта осылай жасалып, осылай өмірде қажетке жарайды.

Ши тоқитын бау

Ши тоқитын бауды шидің өңіне қарай әзірлейді. Ақ ши тоқитын болса ақ жүннен (ақ жіптен) екі тал жіпті екі жеке иіріп, екеуін қосып қайта иіреді. Ораған шиді тоқитын бауды ақ-қара жіптерді жеке иіріп одан соң қосып қара-ала бау иіреді. Немесе қызыл-сары жіптерден де солай жасайды. Қызыл ала бау ораған шиге өң береді.

Ши тоқу

Ши тоқитын арқалық ағаш бауды іліп қалмайтын тоқылған шидің жерге түсуіне бөгет болмайтын сыртқы қабығы жылмағайлап аршылған майда бұтақсыз, жұмыр, жіңішке, білектей, сындардай сыптығыр болуы шарт. Бұл арқалық ағаштың бір жақ ұшын уыққа тірелген ашаның адамның белуарынан төрт елі жоғары келетін ашасынан, бір жақ ұшын керегенің көгінен іліп байлап қозғалмастай бекітеді. Арқалық ағаштың арқасына ши тоқитын бау жылжымайтындай баудың санымен кертеді. Бау арқалыққа асылып тұратындықтан сыпырылып қалмас үшін бірыңғай сопақша тас таңдап алып, бауды соған орап шалып қояды. Арқалықтың арқасына тоқитын шиді бірден-екіден қатарластырып қойып, бауды ары-бері айқастырып тоқиды. Ши тоқылғанда қысқарған бауды жылжытып отырады. Ши тоқылып біткен соң қалған бауды есіп керегеге шиді байлайтын болдырады.

Ірге ши

Қазақ халқы өз жағдайын өзі жасаған ел. Киіз үйдің барлық жабдығы көшпелі елдің өмірімен ұштасқан құндылық. Киіз үйге байланысты құндылықтардың бір саласы болып келетін аты кішілеу болғанымен айтарлықтай міндет атқаратын айтулы ши «ірге ши» аталады. Ірге шидің биіктігі екі қарыс, төрт елі. Ұзындызғы киіз үйдің шеңберіне орай жасалады. Ірге шиді үш жерден бау келтіріп тоқиды. Сыртын киіз үйдің дөдегесінің оюымен сәйкес оюлап шүберекпен немесе киізбен қаптап тоқиды. Ол жылылыққа өте пайдалы. Киіз үйдің туырлығын жауын-шашында суға малтықпау үшін керегенің екі көзін ашық қалдырып жоғары ұстайды. Жел соғып, аңызақ болып күн суыта қалса ірге шиді ұстай қояды. Күн жылына қалса ірге шиді жинап алып, іргеден самал естіріп, серпіліп рахаттанады.

Тулақ

Қазақ ата-бабаларымыз ежелден тұрмысқа қажетті барлық жабдықтарды өз қолдарымен мал өнімдерінен, табиғаттан алып жасап алатын-ды. Әр ауыл әдетте жылда күзем алып, жүн сабап, киіз басады. Жүн сабау үшін қатты, қалың, төзімді тулақ қажет болған. Ол үшін сойған сиырдың әсіресе өгіздің терісін қан-сөлін қырып аздап тұз жағып төңірек пұшпағын алып дөңгелек формаға келтіріп көлеңкеге тегіс жерге жайып кептірген. Әдетте өгіздің терісі қалық, қатты үстіне жүн сабауаға төзімді болады. Жүн сабайтын тулақты осылай дайындап алады да жүн сабап біткен соң күтіп сақтап қояды.

Сабау

Сабау дегеніміз жүнді тулақтың үстіне төгіп қойып, сабап, додалап түтуге керектенетін ағашты «сабау» дейді. Бұрын мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі ел үшін әр үйде жүн сабап киіз басқан. Сондықтан әр үйде кемінде 16-дан 18 пар сабау болуы қажет. Сабауды қайың, ырғай, тобылғылардың бұталарынан жуандығы ортан қолдай, ұзындық мөлшері кез жарымдай ағашты кесіп алып қол ұстайтын төрт елі сабынан басқа өн бойының қабығын аршып көлеңкеге жайып кептіреді. Жылда күзем алып жүн сабауға жиналған қыз-келіншектерге екіден таратып беріп, жүн сабап болған соң жинап алып буып сақтап қояды. Сабаудың басы жарылса жылда жаңалап отырады.

Мұрындық бау

Шиге жүн тартып, су сеуіп бүктеп орағанда шидің көлемі жалпақ ұзындығы ұзын болғандықтан бүктеп ораушылардың ырқына зорға көнеді. Бұл ши тартылған жүнімен арқанмен таңып ары-бері аунатқанда бір жағына қарай құсып ішкі қабатының ұшы сыртына қарай шығып кетіп киіздің пысуына кедергі келтіреді. Мұндай жағдайды болдырмау үшін үш қабат есілген, ұзындығы үш құлаш арнаулы жіп дайындап қояды. Мұны жүнмен бірге шидің шетіне салып, екі ұшын тартып шидің шетінен шығарып қойып орайды. Жүн тартылған ши оралып таңылғанда әлгі жіпті таңған арқанды тартып мықтап байлайды. Мұны «мұрындық бау» - деп атайды. Мықты «мұрындық бау» оралған шидің құсуына ары-бері қозғалуына жол бермейді. Мұрындық бауы осылай міндет атқарады.

Күземді алу

Жылда қыркүйек айының басынан бастап әр ауылда күзем алу басталады. Ол үшін қойды өзен суға айдап салып тоғытады. Бұл қойдың жүнін шуашынан арылту тәсілі. Қой тоғытылған соң жүні кебе салысымен қойды қосақтап қырқу басталады. Күзем алу жұмысы да үлкен науқан. Күземді әр ауыл адамдары бірігіп алады. Бүгін ана ауыл-үй қойын тоғытса, ертеңіне қырықтықшылар сол ауылға жиналады. Онда қырқым басталған үй қой сойып, қол қусырып, сары қымызды сапырып, арқа-жарқа әзіл, күзем алу кіші-гірім той сияқты өтеді. Қатар-қатар үй-төрт керме қосақ кереді. Біреуіне қызыл жүнді қойды, біреуіне ақ, біреуіне қара, біреуіне алашұбар жүнді қойларды қосақтайды. Әр қырықтықшы бір-бір қосақтан бастап шетінен әкеліп жүн жиюшының жығып берген қойын ұстарадай лыпылдап тұрған өткір қырықтығымен төрт аяғы буулы қойдың артқы санынан бастап әп-сәтте қырқып шыға келеді. Қырқылған жүн

таза болуы үшін қойдың астына кенеп, тері төселеді. Жүн жиюшылар өзінің жинаған жүнінің өңіне бір тал басқа жүн қосылмауын қатаң қадағалаған. Өйткені ақ киіз аппақ, қара киіз қара болуы жүн қырқымынан басталады. Жүнді өңімен қаптап жинап қояды. Күзем алу әр ауылда осылай аяқталады.

Жүн сабау

Қой қырқылып күзем алынып біткен соң ауыл-үй, қыз-келіншектері жүн сабауға белсене бастайды.Ерте тұрып таңертеңгі шайын ішкен соң, ана үйдің келіншегі шықты ма?- деп бір-біріне қарайлап жүріп қыз-келіншектер бір мезетте жүн сабайтын үйге сау етіп келе қалады. Келеді де бізге не дейді деп қарап тұрмайды. Жүн сабайтын тулақты әкеліп үйдің ортасына орналастырып төңірегіне отырған адамдардың тізесіне жер батпайтындай сырмақ, маяуза, көрпеше төсейді. Буулы тұрған сабауды шешіп өзді-өздері екі-екіден алып қолдары тың тұрғанда киіздің бетіне тартатын аппақ жүннен бір құшақ алып, тулақтың үстіне тастайды да, жан-жағына отыра қалып, тарсылдатып сабай жөнеледі. Шуашынан арылған тірі жүн ілезде аппақ бұлттай додаланып, шудаланып ақ мамықтай жүн мап-майда болып түтеленіп қалады. Түскі асқа дейін киіздің бетіне тартатынын бітіріп жеке-жеке үлпілдетіп, жұмарлап жинап қояды.

Түстен кейін киіздің астына тартатын қызыл жүн, алашұбар жүн және қара жүнді сабап (қара киіз басатын) жеке-жеке сабап бітіреді.Бұл ертеңгі жұмыстың бастамасы.

Ежелгі еңбек күзем ап киіз басу,
Арқа-жарқа аралас дидарласу.
Жүніңді түгел сабап додаладың
Берсеңші зарықтырмай тулақ шашу, - деп әзілдескен.

Жүн тарту

Киіз басуға арнайы тоқылған әрқайсысының ұзындығы төрт кез, ені кез жарым бір мөлшерлі, төрт шиді айқастырып көктейді.Шиге жүн шабақтаудың дағдылы шебері ересек әйел шидің үстіне шабақ жейді деп шалалау сабап ала салған алашұбар, қызыл түсті болатын киіздің астына арналған жүндерден құшақ-құшақ тастайды.Шабақшы әйел шидің үстіне екі тізесін бүгіп жүгініп отырып алады. Ұзындығы бір кез ғана жіңішке арнаулы екі ырғай сабауды алып шидің үстіндегі жүнді шипылдатып шабақтай бастайды. Біркелкі шабақталған жүннің үстіне ақ мамық жүнді тартатын екі әйел көктеулі үстіне жүн шабақталған шидің басынан қатар отырып жүн тартуға кіріседі.Сабаулы жүннен келептеп алып оң қолымен жүнді тартып, сол қолымен басып отырып, алдыңғы тартылған жүннің құйрығын бастырып, ала құйрық

қалтырмай тартуға дағдыланған. Тартқан жүннің арасында әлде қандай баран жүннің бір талы ілеспей тартылуы ләзім. Өйткені ақ киіз аппақ, қара киіз қап-қара болуы қажет.

«Қатынның жаманы қара ала киіз басады»- деген қатал сөгіс айтылады.

Киіз басу

Жүн тартылған шидің басына есілген арнаулы үш құлаш «мұрындық бау» жіпті және екі сабауды шұбата салып шиді бүктеп орауға кіріседі.

Орарда шидегі тартылған жүнге үлкен қара қазандағы қайнап тұрған ыстық судан екі әйел екі шелекке су құйып алып келіп жайылған жүннің екі жағынан екі үлкен шөмішпен алып сүзгі шөміштің үстінен құйып шаша себеді. Су жерге ағып кетпес үшін екі-үш адам тез-тез орайды. Оралған жүн тартылған шиді арқан мен шырмалап қатты тартып таңып байлайды. Таңылған кескен теректей шидің үш жерінен үш арқанның орта тұсын орап ұшынан алты адам тартып екі жаққа кезек домалатады. Жақын үйге:

-«Үйіңді қой басты»,-деп айқайлайды. Олар шашу, құрт-ірімшік т.б. дәм алып шығады, киіз басушылар шашуды бөліп жеп, күлісіп арқа-жарқа болып қалады.Киіз ширай бастағанда шиден шығарып астына ши төсеп, екі басы келетін жаққа биік қатты зат қойып, киіздің басын соған тіреп, жұмсақ құрмен 5-6 жерден буып сол құрдан ұстай 5-6 әйел білектейді.Басын биіктікке сүйкете аунатады ол басы желінсін дегені 3-4 рет ауыстырып буып, білектейді.Киіз пысып, шираған соң екі рет бос шиыршықтап білектейді.Болды дегенде бүктеп, буып судың жағасына апарып киізден аққан су тұнғанша су құяды.Бұл киізді кірлеу дейді.

Киіз пысыру

Киізді басып болған соң, жайып кептіріп бір аптадан соң ауыл әйелдері қайта жиналып үлкен қара қазанға су қайнатып алады. Кепкен киізді жайып қойып ыстық судан әжептеуір сеуіп шиыршықтап орайды. Отырған адамның санына қарай шиыршықталған киізді құрмен шалып буып қатар отырғандар буылған жіптен ұстап аунатып білектейді. Үш-төрт қайта ішін сыртқа ауыстырып қайта-қайта шиыршықтап буып білектейді. Киіз ширап қайрақтай болып қатаяды. Мұны «киіз пысыру» - дейді. Киіз осылай дайын болады.

Текемет басу

Қазақ халқы «текемет басу» үшін де қойдың күзем тірі жүнінен ауыл әйелдері жиналып тулаққа салып сабайды. Жүн ақ түтек болып шарбы бұлттай шудаланып мап-майда түтілген соң, шетін айқастырып көктеген шиге салып шабақтайды. Шабақталған жүннің бетіне арнаулы талдырмалап ойып қойған оюды ара-арасын толықтырып жүн тартады. Жүн тартылған шиді орарда қазанда қайнап тұрған судан шелектеп әкеліп, екі әйел екі жағынан шөмішпен себезгілеп су шашады. Оралған шиді арқанмен шандып қатты буады. Таңылған шидің үш жерінен үй арқанның ортасын орап 6 ұшын 6 адам ұстап екі жаққа кезек-кезек домалатады. Киіз пысып білектеуге жараған соң шиден шығарып қолмен білектейді. Киіз әбден шираған соң, бүктеп судың жағасына апарып құйылған су тұнып мөлдірегенше киізге су құйып кірлейді. 4-5 тәулік жайып қойып, кепкен соң әйелдер қайта жиналып, су қайнатып сеуіп, қайта білектейді. Киіз нағыз бабына келіп қатайған соң жайып кептіреді. Текеметті де осылай пысырады. Текеметті кепкеннен соң, бас-аяғын қиып теңеп, тегістеп ыңғайға келтіріп қояды. Текемет осылай жасалады. Үйге қонақ келгенде төсек орнына қолданылатын көлемді, әрі қалың төсеніш осы текемет.

Бұл да қазақ халқының барды бағалап, қолмен жасап колдана білгендігінің бір көрінісі.

Ұршық

Дөңгелек құс тастың ортасын тесіп және қайың ағаштың үйілінен (безінен) дөңгелек формаға келтіріп ортасын теседі. Жылқының ортан жілігінің шоқпар басынан да опырып алып қорғасыннан майға қайнатып ерітіп те ортасына сап болатын ағашты шаншып тұрып өлшеулі дөңгелек затқа құйып та ұршықтың бастарын жасайды. Жуандығы шынашық қолдай ырғай. Тобылғы, сексеуіл ұшқат қайың ағаштарының бұтағын кесіп алады.Ұзындығы екі қарыс, төрт елі немесе екі қарыс, бір сүйем ағашты аршып кептіреді. Ұршықты кепкен сапқа саптайды. Ұршықтың басқы жағынан төрт елі шығарған ұшын тесіп, мұрындық ағаш не темір өткізеді.Бұл ұршыққа мақта жіпте, жүн жіп те иіруге болады.

Шуда жіп иіру

Қос өркешті түйені күзеген соң тамақ шудасынан, не өркеш шудасынан майдалап түтіп, ыспалап қолға ілінетіндей ілмек шығарып, шоқпардай шүйке жасайды. Шүйкенің ілгегін сол қолының ортан қолына іліп, түтілген майда жүнді жіңішкертіп, ұршықтың мұрындығына орайды. Оң қолымен ұршықты оң жамбасына салып, өзіне

қарай тартып иіреді.Қолдағы шүйке таусылғанша иіріп, ұршықтың сабы жағына орап қояды. Шүйке таусылған соң жіпті екі қабаттағаны да бір кез болатындай мөлшерлеп сол қолының саусағына орап үзіп алып, шумақ жіп жасайды. Бұдан бірнеше шумақ жіп шығады. Онымен сырмақ, үй жабдығы барлығын тіге береді.

Жиек иіру

Қойдың жаз шыға қырқылған өлі жүнінен жабағы емес шудаланған биязы жүннен таңдап алады. Оны әбден жуып шуашынан арылтып, қыстайғы жабысқан шөп-шалаңнан тазартады.Жүн кепкен соң майдалап түтеді. Жүннен сүйемдей жұмырлап бұрап оны бүктеп бір жағынан тұйықтап, сол жұмырланған жүнге түткен жүнді ыспалап орап, шоқпардай шүйке жасайды. Шүйкенің ортасындағы қолға ілуге қолайлап қойған ілмекті сол қолдың ортанғы саусағына іледі. Шүйкенің ұшын тарқатып ұршықтың бұйдасына орап, ұршықты оң жамбасқа салып, оңқай иіргенде ұршықты алға қарай зырылдатып, солақай иіргенде ұршықты артқа қарай зырылдатады. Ұршықты алға қарай ирігенде оң қай, артқа қарай иіргенде солақай жиек болып шығады. Тек бір тал жиекті үш мәрте иіргенде ғана, өңді таңдай жиек болып үйлеседі.Жіпті жиекті иіріп келептеп қойып қызыл-жасыл, қызыл, сары, күлгін дегендей қажетке қарай әртүрлі бояуға бояйды. Ежелгі уақта бояу көп кезікпегенде рауғаштың (сары ағаш деп те атайды) тамырын қазып алып, аршып кептіріп, кепкен соң түйіп қайнатып сүзіп басытқысына ашутас салып, соған бояған. Ойыстырған сырмақ жасау үшін жиекті осылай дайындайды.Жиек басатын жіпті түйенің тамақ, өркеш шудасынан шумақ-шумақ иіріп қояды.

Қараала сырмақ ою

Ақ қара киізді беттестіріп көктеп қара киіз жағынан бормен не сабынмен, ақ сары түсті бояу қарындаштарымен әр мүйізін тең, анық сызып алады. Өткір пышақпен, икемді орташа өткір қайшымен екі қабат киізді қатар ұстап бір қалыптан аудармай ояды. Ойғанда жаңағы бүтін киіз бытықы-шытықы болып қопарылған, қопсыған бір ретсіз үйілген қиқымға ұқсап қалады. Ойған оюшы мұқият қарап, әр ойған мүйізін өзінің орнына қойып көктейді. Ойған мүйізді ақтың орнына қара киізді, қара киіздің орнына ақ киізді салып таптадайғып көктейді.

Қараала сырмақты жасау

Әбден көктеп алған соң қалта түсірмей, ірку қалтырмай жөрмеу қажет. Екі қабат киізді ойғанда екі сырмақтың беті шығады. Екеуінде жөрмеп болған соң қалың ширақ киіз бен астарлап көктейді. Содан соң жиек басады. Жиек бір өңнен жетуі пар өңді болады. Жиек басылып біткен соң ақ өңді оюға ақ, қара өңді оюға қара салу жіп салып, жіптің өңімен жиі ғып сыриды. Төңірегіне төрт-төрт саусақ пен іліп бір жақ қолдағы сары, бір жақ қолдағы қызыл жіп болады. Бір адам қолындағы жіпті ары-бері өткізіп шалады.Бір адам сырмақтың шетіне жапсырып тігеді. Сонда таңдай түсіп сырмақтың көркемдігін, арттырады. Қараала сырмақ киізден осылай жасалады.

Қараала сырмақтың мөлшері

Қараала сырмақтың ең үлкені ұзындығы үш кез, көлденеңі кез жарымнан екі кез болады. Мұндай сырмақ шамалы бай, би-төрелердің үйінде 20-30-ға дейін болады. Үлкен қараала сырмақ үйдің көркі. Төр алдына салғанда үйге көркем сән берген және қонақ қонғанда астына төсектік болған. Үлкен қараала сырмақтың ең айтулы қажеттілігі, ел көшкенде түйеге артқан жүктің үстіне жапқан. Ол қазақ көшінің ерекшелігін айқындап, көштің сән-сәулетін арттырған. Тағы бір ерекше қажеттілігі қыз ұзатқанда 9-дан жасаған жасаудың бас тоғызы осы үлкен қараала сырмақ. Төсек бойымен жасап төсектің алдына салады. Бір кісіге арнап жан-жағы бір кезден төрт бұрыш жасалған түрін бір кісілік маяуза дейді. Осыған ұқсас дөңгелек түрі де болады.Ердің үстіне арнап ықшамдап жасайды. Ал, қазыр заман талабына сай ойыстырған қараала сырмақты диванның көлемімен жасап үстіне салып жүр. Бір кісілік орындықтың үстіне де өлшеп тігеді. Машинаның кісі отыратын орындықтарына сай жасайды.Әйтеу ойыстырған киіз сырмақ замана талабынан қалар емес. Қазақ барда жасай бермек.

Теріні илеу тәсілі

Малды сойған соң қанын, сөлін, шуашын арылтып жуып тазалап алады. Алдымен теріге ащы жағып сорлайды. Сор сіңген соң қырғымен қырып тастайды. Күн ысып тұрғанда сабаға пісілген іркіттен бір тон шығатын 6-7 теріні қатарластырып жайып қойып соған жағалай жағады. Іркіт теріге әбден сіңгенше теріні күн жалап кетпеу үшін иді іркітті кеберсіген терінің жері болса соған жеткізе жағып қайта-қайта іркітті құйып қолмен сипап сіңіреді. Ии әдбен сіңген соң бір апта бүктеп қойып иді әбден терінің бойына сіңіреді. Тері иде жатқанда мал басып кетуден сақтайды. Өйткені идегі тері өн бойы балқыған бос болады. Егер мал басып кетсе кейін иленгенде сол жері ойылып түсіп қалады. Ий терінің бойына сіңген соң теріні жайып тобарсытып үй тірейтін ұзын

бақанның ашасына берік жіп байлап терінің пұшпағынан мықтап байлап терінің пұшпағынан мықтап байлап илейтін адам жаңалайды. Одан соң иректейді. Одан соң қалған-құтқан жалбыраған зат болса қырғымен қырады. Жақсы иі қанған тері аппақ болып тон тігуге дайын болады.

Терінің түрлері

Қыс айында соғымға сойған қойдың терісі өңі қалың, жүні жетілген тері. Жазғытұрым өлі жүнді қырыққан соң 2-3 айдан кейін сойған қойдың терісі түлеме тері деп аталады. Өңі әлі қалыңдамаған жұқа, жеңіл болады. Туа сап өлген қозының өңі жұқа, жүні қысқа бұйра болады. 3-4 ай болған қозының терісі жүні өсіңкі «көрпелдес» жүнді тері аталады. 7-8 ай болған қозының терісі жүні өсіп жетілген сеңсең жүнді қозының терісі аталады. Бұл терілердің бәріне де айран іркіттен ий жағып илейді. Ешкінің терісі өңі қалың илегенде қиындық туғызады. Аңның терілері қасқыр, қарсақ, тауешкі терісінде солай илейді. Түлкінің терісіне соя салып тұз жағып, соңында оны қырып тобарсытып айран жағып, не сүт бүркіп илейді. Түлкінің терісін бітеу сояды. Жүнінің алтын өңдес талдарын сындырмау үшін бітеу жерінің ішіне екі ағаш сұғып айқастырып ары-бері керіп жүніне күш түсірмей илейді.

Жанай ирек

«Аңға шықпас аңшы да сайламай қару сайманын» демекші қандай бір нәрсе жасау үшін алдымен оны жасайтын құрал, сайманы дайын болуы ләзім. Тері илеу үшін ий жаққан теріні икемге келтіретін «жанай» аталатын айтулы аспап қажет. Басы имек тік бұрышты бір кездей ұзын ағаштың иіліп келген жеріне ұстараның жүзіндей өткір бір қарыс темір келтіріп мықты бекітеді. Ағаштың соңғы ұшын тесіп аяқ етігімен сиятын берік қайыс өткізеді. Жанай осылай жасалады. Тері илейтін адам қайыстан аяғын осылай өткізіп бақанның басына байлап төмен салбырап тұрған теріні бір қолымен ұстап, жанаймен қырып теріні құрыс-тырысынан тазалап, майдалап, өңдеп шығады. Содан соң бір кездей қатқан қайың ағаштан үш елі қалыңдықтағы ағаштың бір қырын жұқалап кептіріп ирек шығарады. Бұл «ирек» аталады. Әлгі теріні сол ирекпен иректейді. Ең соңында қалған-құтқан жалбыр жапырақ болса темір қырғымен өңдейді.

Ақтон – шалбар – Ақәулие атандырған

Қасиетті қазағымыздың аналары шебер. Қолынан іс келмейтін әйелдер кемде-кем. Ерте заманда дайын дүние, дайын киім-кешек болмаған. Көбі қолдан малдың

терісінен, жүнінен өздері киім, қажетті заттарды жасап алған. Соғымға сойған жетілген семіз қойдың терісінен жүнін ішіне қаратып ақтон-ақшалбар тіккен. Тон-шалбарға аппақ қозының елтірісінен жаға салып төңірегін ақ елтірмен жұрындаған. Ақшалбардың балағының сырт жағын балдақтап кестелеп балағының ұшын ақ елтірмен жұрындаған. Ақелтірден тымақ тігіп, қолына жүнін ішіне қаратып қойдың ақ терісінен қолғап тіккен. Отағасы ақ атқа күміс ерін мініп ерттеп ақтон, ақшалбар, ақтымақ, аққолғабын киіп, қолына ақсапты аққайыстан ұстап аппақ қарлы қыста ақ далада аңға щықса Аппақ әулиедей көрінетін. Қойдың түрлеме терісінен де жүннің ішіне қаратып ақ тон-шалбар киген. Ол жеңіл болады.

Ішіктің түрлері

Қозының елтірісінен, көрпелдес терісінен, сеңсең терісінен сыртын шибарқыт, қатипабарқыт, пүліс, рәпіс жүген сияқты бұлдармен тыстап ер адамдар ішік киеді.

Көбіне торғын, атлас, мәуіті, шаги секілді өңді бұлдармен сыртын тыстап қозының ақелтірісінен әйелдер түлкінің пұшпағынан жаға салып төңірегіне құндыз ұстап сәндеп киген.

Шапанның түрлері

Шибарқыт, қатипабарқыт, пүліс, рәпіс сияқты қалыңдау бұлдардың барандау түрлерінен ерлердің бойына өлшеп шапан пішіп жай бөзбен астарлайды. Арасына түйенің қабырға жүнін жуып тазалап, түтіп майдалап тартады. Жүн тартылған пішілген өңірлерді, артқы бойды, жеңді машинамен қабиды немесе қолмен ине-жіппен қабиды. Соңында бәрін құрастырып жолға салып қарапайым шапан дайын болады. Әйелдер торғын-торқа, атлас, шаги дегендей өңді бұлдан шапан тігеді. Балаларға да жасына қарай әртүрлі бұлдан шапан-шалбар, тон барлығын қолдан тігіп кигізеді.

Күпі

Түйенің, қойдың ұстасып қалған қабырға жүнінен жігі ашылмайтынын таңдап алып, жуып тазалап сыртын алдымен жұқа бөзбен қаптап бидайлап алады. Қаптаған шүберекті қауып тігеді. Киетін адамның денесіне сәйкестендіріп пішіп, сыртын шибарқыт, қатипабарқыт, пүліс, рәпістермен тыстайды. Көбіне қарт адамдар киеді. Өйткені күпіден аяз өтпейді. Қатты соққан жел өтіп кетеді. Күпіні үнемі сыртта жүрмейтін адамдар жылылыққа киеді. Бұл жылы жұмсақ, сырт киімнің айтулы бір түрі.

Бешпеттер

«Ақ көйлек, қара бешпет әдемі қыз» деп ән шырқағандай қыз балаға төңірегін кестелеп, белін қынап пешпет кигізген. Бұл үлбіреген талшыбықтай бұралып өсіп келе жатқан қыздарға ерекше көрік берген. Пешпеттің түрлері көп. Ер адамдарға да әйелдерге де тірсек жең пешпет, жеңсіз пешпеттерді ұнамды бұлдан жасап киген. Кеудеше жылы болуы үшін қойдың, аңның, қозының терісінен тіккен. Қозының ақ-қара елтірісін қызыл-ақ елтірісінен бір-біріне үйлестіріп таңдайлаған кеудешелердің жүнін сыртына қаратып тіккен.

Көйлектер

Аппақ атластан, ақторғыннан, ақжібектен дегендей ақбұлдардан бүрмелеп көйлек тігіп, бүрмесіне жағалай құсмұрын, дүзікше,кесте тіккен. Әр бүрмесінің төңірегін елі жарымдай қызыл бұлмен әдіптеп, машинамен сағатбау, шытыра, қосбүйрек, ирек сияқты өрнек салып көркемдеген. Кестелі, оюлы пешпеттермен жарастырып қыз-келіншектер сән-салтанатқа киген. Басқа да жарлан, ләмпік, атлас, жібек, сәтен сияқты бұлдардан әртүрлі қарапайым жайшылыққа киетін көйлектерді де қолдан тігіп киген.

Тымақ

Қозының елтірісінің ақ-қызыл, қара бурыл түсті өңдерінен түлкінің, қарсақтың тиіннің, қоянның терілерінен тымақ тігіп киген. Тымақтың тысы қымбат, келісті, қызыл, жасыл, күлгін өңді бұлдармен тысталған. Тымақтың төбесін төрт бұрыш қыр шығарып шошайтып, киізден ішкі тысын жай бұлмен бидайлап машинамен жиі сырыған. Төңірегін, маңдай, екі құлақ арты деп жеке-жеке пішіп тігеді. Түлкінің пұшпағынан тігілген тымақты ерекше көркем бұлмен тыстап үкі тағып сал-серілер киген.

Бас киімдер

Бала дүниеге келе салысымен жұмсақ жіптен тоқып немесе жұмсақ бұлдан баланың басын өлшеп бас киім тігіп кигізген. Бұл баланың еңбегінен суық өткізбеудің амалы.

Бала есейгенде бас киім де бірге есейеді. Ұлға тымақ, қызға кестелі кепеш, кәмшат бөрік, құндыз бөрікті сәндеп кигізген. Қызды ұзатқанда сәукеле кигізген. Келін болып

түскен соң маңдайын кестелеп жеңіл, қызыл өңді бұлдан желек жапқан. Желектің астынан ықшам ақ бұлдан шыт тартқан. Келіннің бұл ауылға түскеніне бір жыл болғанда қызыл желегін алып шұлауыш тартып, кимешек кигізген.

Ақжаулық

Ақжаулық ағарандап аналық қасиетті айқындап тұратын айтулы бас киім. Жас келіннің кимешегінің алдына екі жақтауын айшықты мүйізбен ұсақ сызып кестелеп, оның сыртынан сыңар мүйіз тігеді. Алқымына қызыл-сары жібек жіптен таңдай салады. Қызыл жіппен тігілген кестелердің арасынан шетінен әртүрлі меруерт, маржанмен шеттіктелген. Кимешектің алдына парлап ақ күміс теңге таққан. Шұлауышына шашақ төгіп күміс түйреуіштерді ыңғайына қарай үйлестіріп түйреген. Төбесіне кестелі, шашақты төбелдірік салған. Сән-салтанатқа киетін кимешек-шұлауыштың көркемдігін арттырып шұлауыштың шекесіне шоқпардай үкі таққан. Жас әйелдің күйеуі қайтыс болса кимешегін бұзып ақ кимешек кигізген. Егер балалары бар болса тілеуі бар деп кимешегін бұзбаған. Қарт ананың кимешегін қиықшамен тіккен. Ақжаулық аналардың ардақты да аяулы бас киімі. Қазақтың «алдымен бес саулық одан соң ақжаулық» - деуі тегін емес.

Әке көрген оқ жонар

Биыл жазда жауын-шашын өте мол болды. Ауыл адамдары жауын толастап күн қабағы ашылысымен шаппаға шалғы салуға асықты. Асыл, Ардақтар жылда жазғы демалыста пішен шауып мал азығын дайындайтын. Бүгін ерте тұрып тал ағашынан кесіп алып 4-5 білік жонып ортасын ойып шалғының сабына кигізіп көлеңкеге сүйеп қойды. Өз бойларына шақ 6-7 нөмірлі шалғыларын 100 кг-дық болат төске салып табаны тегіс тиетін қол балғамен шыңай бастады. Шың дыбысын ести сала шалғысын ұстап жетіп келген Келдекең атай балалардың сәлемін ала сала:

Жылда әкеңе тартпамды шыңатушы едім, кәне мынаны шыңап беріндерші, - деп 9-шы нөмірдің саптаулы шалғысын көлденең тартты. Жасынан жасы үлкен адамды сыйлап өскен Ардақ өз шалғысын қоя салып атайдың шалғысын қолына алды. Шалғыға титімдей де қалта түсірмей қадағалап отырып шыңап берді. Шалғысының жүзі ұстараның жүзіндей қылпылдап тұрғанына риза болған атай:

Қарақтарым өркенің өссін! Мына шыңауларың әкең Алдабергеннің шыңауынан аумайды екен. «Әке көрген оқ жонар» деген осы да деп ризашылығын білдірді.

Отбасы – бақ ұясы

Алдабергендер ауылда тұратын. Екі мініс аты, екі-үш құлындайтын биесі, екі сауын сиыры, отыз шақты ұсақ малы бар. Өйткені «малы бардың дәні бар» - дегендей балалы-шағылы отбасының тіршілігі өздері жұмыс жасап айлық алса да қосымша аз ғана малмен астасып жататын. Алдаберген серіктестікте бөлімше бастығы. Зылиқа бастауыш сынып мұғалімі. Балалардың арасы екі жасардан. Алдыңғысы бірыңғай құрықшы болды. Үйдің күн сайыңғы майда-шүйде күйбеңіне балаларды араластырып, арнаулы жұмыс бөліп, міндеттерін айқындап беретін. Дүйсенбіде Ардақ, сейсенбіде Асыл сәрсенбіде дегендей 9 баланың соңы өсіп қатарға қосылғанша алдыңғылары бөліспен жұмыс істейді. Таңертең тұрып шай қайнату, ас қамдауға көмектеседі. Екінші бірі ыдыс жуу, еден сыпыру, тағы біреулер сабақтан тыс уақытта малға шөп салу, астын тазалау, қолы қарыспайтыны сиырды сауа салу бәрін балалар атқарады. Бірінің шамасы келмей жатса қолы босы көмектеседі. Мәнура әжей де бұлардың ынтымағына дән риза. Мұндай шаруадан әр бала өзін еңбекке сенімді санай бастайды. Олар үй тапсырмасын орындауға, ара-тұра ойнауға, мектепте әртүрлі үйірмелерге қатысуға бәріне уақыт табады. Алдарына келген асты мөлшерлеп бөліп жеп жоғына сыбаға қалдырып отыратын ұйымшыл, мейірімді болып өсті. Алды 11 жылдық мектепті бітіріп жоғарғы оқу орнына жолдама алды.

Балалар ержеткенше аздап шаршаған Алдаберген мен Зылиқа отбасының ірілі-уақты күйбіңінен қолдары босап, жүктері жеңілдеп қалғандай.

Олар енді балаларының алда ойдағыдай жоғары маман алуын, азамат болып аяқтануын, ұядан ұшу секілді тәтті қиялдарға берілетін болды. «Отбасы – бақ ұясы» - деген осы шығар.

Қыс қамы

Жайлау сары жұрттаған соң ел күзеуге қонады. Қой сауылмайды. Қозы қосылған күздің де күнделікті күйбіңі көбейеді. Сап-сарыала күз. Ағаш біткен жасыл жапырағынан ажыраған. Қыс қыр астынан қылтиған шақ. Мектепте алғашқы қоңырау соғылып, сабақ әлдеқашан басталған. Күздің қара желі ара-тұра жер шаңдағын көтеріп ертелі кеш ауа райын салқындағанын сездіргендей. Үйде ас-суды көгілдір отынмен жасайтын. Әйтседе жанған отсыз әсіресе қарт әжесінің қас-қабағын бағатын ұл-келіні, немерелері от жағу әрекетін ойластырды. Әр жексенбі сайын Ардақ пен Асыл жылдағыша жуан-жуас құла биені құлынын ертіп сықырлауық ағаш арбасын жегіп бауырларымен отын әкелуге аттанатын. Орман шетіне іліге биені босатып өрелеп отқа қояды. Балалардың бәрі де жұтынып жұмыс киімін киінген. Балта, ара, шот бәрі дайын. Олар отынға орманды отауға болмайтынын біледі. Табиғатты жаныменен

сүйеді. Тоғай арасындағы бос жатқан шырпыдан теріп, кейбір шіріп қураған ағашты түбінен кесіп алып әп-сәтте қу шырпымен арбаны майыстырып артып келді. Күздің қара суығында ара-тұра от жағатын қажетін өтеді. Қыстың қамын ерте ойлап, қыстық отынын осылай жинап алды.

Арамза

Ақпанның ақбурасы көбік шашқан тұс. Жылтыраған қылау. Бұрқыраған деміннен ыстық бу буланып, қабақ қасыңа қонған қырау. Белуардан жауған қар. Айналаң аяз зәр. Күн сенбі болатын-ды. Талма түс ауа Алдаберген, Зылиқа жұмыстан, балалар сабақтан бәрі бірдей сау ете қалмасы бар ма? Ашуы терісіне сыймай отырған Мәнура әжей қатып қалған қара лақты алдарына тастай салды.

Міне, «кедейдің малға қыры кетсе, ырысы кейін кетеді» - деген осы да. Көріңдер мынаны. Әп-әдемі жеттік лақ обалды болған. Жаздай не баққансыңдар?! Мен жасап берген күйек қайда? Өзі аз ғана малды қыста төлдетіп, бұл малға деген ықыластарыңның жойылғаны. Болмаса түнде тұрып малды бір-екі уақ араламайсыңдар. Тыныштыққа жандарың үйреніп алған – деп состиып тұрып қалған балаларына қарап өтті. Балалар сабағына кеткен соң Алдаберген үйшіктің есігін ашып, малды шығарып оттыққа шөп салғанда асығып жұмысына кеткен. «Қырсыққанда қымыран іриді» - деген. Көктуша үйшіктің терезесінің алдына лақтапты. Тоғыз қабат торқадан шыққан лақ желдеткіштен соққан суыққа шыдамай қатып қалыпты. Оны Алдаберген көрмеген. Әжесі киізден сырып жасап берген күйекті уақытында байламағанын Зылиқа байқап Айдос пен Ақжарқынға текеге байлатқан. Күйек бітпей төлдеген малды «Арамза» - дейді.

Естеріңізде болсын, міне «Арамзаның әлегі», - деп Алдаберген де балаларына ренішін жасырмады.

Көкине

Үйдің алдыңғы белегір сүрейге қыста балалар су құйып сырғанақ жасап ойнайтын. Жәмилә кішкентай қолшанасына тағылған жіп бауынан сүйреп сырғанақтың биігіне шығып қайтарда шанасының үстіне отыра қалып сырғанайтын. Бүгінде балалар көп жиналыпты. Әсіресе Гүлжан тізгін берер емес. Жәмилә сырғанақтың басына жетіп, аяғына дейін өзгелерге қағыла-соғыла барғанымен соңғы кезекте шанасының бауын ұстай алмай бүрісіп тұрды да қалды. Оның қасынан Гүлжан зырылдап өте шықты. Жәмилә одан сайын тоңып бүрісе түсті. Гүлжан жүйрік шанасымен тағы зырлап келіп, Жәмиләны қағып өтті. Ол жалманынан түсті. Онсыз да ызаланып терісіне сыймай

тұрған Жәмилә орнынан әзер тұрып бар даусымен бақырып жылап жіберді. Сүрінеқабына боз боран болып келіп әжесін бас салды. Әжесі:

Не болды құлыным, - деп бәйек болды. Гүлжанның ызасы өткені сонша Жәмилә көпке дейін өксігін баса алмады. Бір заматта әжесіне қолғабының алақанының жыртығын көрсетіп шанасының мұз қатқан бауы қарып тоңып жарыста қалып қойғанын айтты. Шананың жолынан шыға алмай тұрғанда Гүлжанның зырлап келіп қағып кеткенін өкси отырып әзер жеткізді.

Мен түнде осы қолқаптың жыртығын тігіп беруді Дариғаға тапсырған едім, тікпепті ғой. Ол бір «көкине», - деп өзінен өзі ашуланды. Жәмилә әжесінің ашуынан ықса да таңданысы жеңіп:

«Көкине» әже, «көкине» деген немене? деп сұрап айтып беруін өтінді.

Құлыншағым менің, ине ұстап, осындай жыртығыңды тіге алмаған, үзілген түймені қадай алмаған, әжесінің айтқанын тыңдамаған қызды халқымыз «көкине» деп әжуалайды деді. Жәмилә сәл ойланып:

Әже мұны маған тігуді үйретіңізші мен «көкине» атанбайын, - деп инеге ұмтылды.

Қаю

Зылиқа төрт бұрыш бір жағы бір қарыс сынық сүйем ақ торғынның шетін бүктеді. Орташа бір инеге бір сабақ қызыл сары жіп сабақтады. Бүктесіннің үстінен 4-5 шаншып қайып тікті де Наримаға ұстатты. – Мынау беторамал шетін айналдырып қайып тігіп шық, - деді. Нарима қайып тіккенді қойып «қайып» деген сөздің өзін жақсы ұқпады. Әйтеуір инемен шүберекті алып, шанша бастады. Алдыңғы тігістің маңына бармаса да инені әрең ырқына көндіріп онан бір, мұнан бір шаншып одайғайлатып көктей бастады. Инедегі сабақтаулы жіп таусылған соң қайта жіп сабақтауға ұмтыла бергенде инесі тырс етіп еденге түсіп кетті. Еңкейіп алам дегенше, еденнің болымсыз жарығына зып берді. Нарима инені тез ала қоймақшы болып шымшуырды, тістеуікті ала жүгіріп әрекеттенді. Шымшуыр жарыққа сыймады. Тістеуікке тақтай оңай-оспақ суырылмады, ине алынбады. Наримадан көз қиығын алмай әр қимылын бақылап отырған Зылиқа оның абыржуынан инесін жоғалтқанын аңғарды. Зылиқа Наримаға – ине түйрегіштен ине ал да, енді жоғалтпа, - деді. Ол қуанып кетті. «Бай баласы аттан жығылмай, жер танымайды», деген рас екен-ау. Нарима енді инені жоғалтпауға бекінді. Қолындағы ісіне бар ынтасын қойып, тесіле қарап анасының, қайып шанышқан шаншуын үйреніп бет орамалды ойдағыдай қайып бітіріп шықты.

Әжемнің батасы

Нарима өзінше сәндеп тіккен беторамалын халықаралық аналар мерекесіне орай. – Алғашқы қол өнерім,- деп әжесіне сыйлады. Әжесі әжептәуір риза болды. Немере қызының қолын жайғызып:

– Өнерің үстем болсын!

– Жағың түспей, жамандық көрме!

– Әжеңнің жасына кел!-деп ағынан жарылды. Нарима әжесінің ықыласына дән риза болды. Іске деген ынта талабы арта түсті. Ол анасынан:

– Мына сандықтың қабын кім немен тікті. Мен жаңасын тігейінші ,- деп өтінді. Зылиқа Наримаға :

– Талабыңнан айналдым, құлыным. Біз кесте ғой мен тіккем деді.

Кергіш

Жұқа тілінген тақтайдан жіңішкелеп төрт қырлап тіліп алды да төңірегінің кемерінің өткір қырын майдалады. Ол қырларды екі қолмен ұстап қырнауға ыңғайлы мүйізбен сапталған имек қырғысын алды. Ағашты ұзын орындық тақтайына көлденең қағылған кепілге тіреп қойып, Алдаберген асықпай қырнап, біркелкі мүлтіксіз 4 ағашты да майдалап шықты. Екі жақтау ағаштың төрт ұшын ішін ұңғып ойды. Бас-аяғына келетін екі ағаштың төрт ұшын ұңғыған мөлшерге жұқалап жонды. Төрт ағаштың түйіліс бұрыштарын қиюластырды. Ары-бері ырғалмайтындай болғызып қиюласқан бұрышты мықтап шегеледі. Осылай кергіш ағашы дайын болды.

Кесте бізі

Сойған ешкінің мүйізінен төрт елі кертіп алып суға қайнатып, балқытып , жібітіп сәл иіп алады. Иілген мүйіз саптың бір жағына жіңішке тебеннің үшкір ұшын суырылмайтындай болғызып сұғындырады.Балқып тұрған мүйіз салқындаған соң тебеннің үшкір ұшын ұстап қатып қалды. Тебеннің көзін төске салып, балғамен ұрып кертіп, сындырып тастады. Алдаберген сынған тебеннің көз жағын төске салып балғамен ұрып сәл жалпайтты. Оны үш қырлы егеумен егеп, жіңішке жіпті іліп алып жібермейтін қармақ шығарды. Қармақ та, ұш та шүберекті ойып түспейтіндей болғызып, біздің ұшын , қармағын өткір пышақпен қырнап майдалады. Біз кестенің бізі осылай жасалып дайын болады.

Мүйіз сызу

Зылиқа Нариманың талабын қайтармай сандықтың бетіне қара қатипа барқытты өлшеп қиып алды. Бір қалақ сүтті құтыға құйып, бір қалақ тұз салып ерігенше араластырады. Тұз әбден еріп, сүт қоймалжың болғанда сүйемдей шырпының ұшын ұштап сүтке малып алып, шүберекке өлшемді екі шаршы сызды. Зылиқа шаршының біреуінің ішіне қошқар мүйіз сызды. Нарима екінші шаршыға мүйіз сызуға әрекеттенді. Сүтке ағаштың ұшын шалалау малып шүберекке сүйкеп болымсыз белгі түсірді. Белгіні асықпай-үсікпей қалыңдатты. Ақыры тең қошқар мүйізді сызып шықты. Ол мүйізді тең сызғанына қуанып, іске деген ынтасы арта түсті.

Біз кесте

Төрт ағаштан жасалған кергішке сызылған шүберекті керу үшін иірілген шуда жіпті тебенге сабақтап алды.Шүберекті сабақтаған жіптен кергіштің ағашын орап көктеп керіп тігеді.Шүберек кергішке керіліп бізбен тігуге ыңғайлы болады. Кергішті қабырғаға сүйеп қойып сол қолының саусақтарымен жіпті кергіштің астынан ұстап, оң қолымен бізді кергіштің үстінен астына қарай сұғындырып, астыңғы жіпті біздің қармағымен іліп шүберектің үстіне шығарып тышқан із өрнек түсіріп тіге бастады. Зылиқаның мына тігісіне қарап Нарима алғашында бізді кергіштің астыңғы жағына жіп ұстап отырған бармағына түйреп алып қанын судай ағызды. Зылиқа бізді тағы қолына алып керілген шүберектің үстінен астына жүгіртіп астыңғы жіпті көз ілестірмей іліп алып тарсылдатып тігіп жүре берді. Нарима да бізді қайта алып асықпай қарап астыңғы жіпті іліп алып бір-екі тышқан із түсірді. «Жалықпаған жазушы, ерінбеген етікші» дегендей Нарима да біз кестені үйреніп, бір аптада сандықтың қабын бітірді. Біз кесте қазақ халқының үй-ішінің жиһаздарын көркемдейтін қол өнерінің айтулы бір саласы, ұрпақтан ұрпаққа осылай жалғасқан.

Жезоймақ

Нарима пальтоның сөгілген қолтығын тікпекші болып еді. Инесі қатты бұлға өтпей инесі сұқ саусағына батып қызартып кетті. Қолын шошайтып отыра қалған Наримаға бауынан ілулі тұрған жез оймақты алып, Зылиқа бауын Нариманың оң қолының ортанғы саусағына іліп, оймақты сұқ саусағына кигізді. Оймақ киген саусағымен инені көзінен итеріп, күшпен шаншып қолтықтың қалың тігісіне оймақтың көмегімен инесі тез өтіп қолтық тігіліп бөксерілген жең орнына келді. Зылиқа Наримаға: - сен бұл жез оймақты іс істегенде ки де, ісің біткен соң мұқият іліп қоюға дағдылан. Өйткені бұл жез оймақты киіп анам талай қараала сырмақты жөрмеп, жиегін басып, сыритын еді. Тері тонды, тері сабаны, тіккенде де осы оймақты киіп

қиналмай тігіп бітіретін. Бұл жез оймақ маған анамның көзіндей ыстық көрінеді. Жез оймақты киіп іс істегенде анаммен сырласып істі тез тігіп отырғанға ұқсаймын. Енді осы жез оймақты сен киіп іс тіксең анамның асыл арманы, - ұрпақ жалғастығын тілейтін тілегі орындалғаны ғой деп көзіне үміт, әрі сағыныш жасы үйірілді.

Кінәлі қыз

Дүниеге келмес едік сіз бенен біз,
Болмаса Адам ата,
Қауа анамыз.
Адам ата ұстатып кеңірдектен,
Дәнді жұтқан күнәһар Қауа ана қыз.

Қыз Қауа ана күнәһар құлақ тұнған,
Қауа ананы Алла жерге лақтырған.
Қауа ана қыз,
Кінәлі...
Бақытты да,
Адам ата аспаннан құлаш ұрған.

Қауа ана қыз қызарып бетке ұяты,
Ұятты ұялатқан әйел заты.
Иман тілеп, инабат сақтап өскен,
Адам ата, Қауа ана жұрағаты.

Қауа анадан басталған сүю-күю,
Ұл әйел ап, қыз өссе ерге тию.
Ұлылардан ұлағат ұл ұялы,
Қыз жолы қияметті ию-қию.

Қыз нәзік үлбіреген қызғалдақтай,
Қызға, гүлге тұра алмас жан құмартпай.
Қызға ғашық, қызғалдаққа әуес болып,
Қызған көңіл толқиды тыным таппай.

Қыз – өссе: елдің көркі, көздің нұры,
Қыз – қылықты бойлатпас терең сыры.
Қыз – қызығын қызықтап тауыспаған,
Қызынғыш сазгер, әнші, ақын жыры.

Қыз – кінәлі жіңішке қыздың жолы,
Қыз – ғұмыры бағдарсыз оңы-солы.
Қыз – елді жауластырған, достастырған,
Қыз – қымбат, елдік, бірлік символы.

Қыз – десе қызарақтап тілді үйірдік,
«Қыз бел» – деп сылап, сипап баптап жүйрік.
«Қыз - шашындай» – төгілген жалы жерге,
«Қыз - шашындай» – шұбалған бұлаң құйрық.
«Қыздың жиған жүгіндей» – дейді әсемді,
«Қыз – мінезді, кішіпейіл – ер», - деп сенді.
«Қыз – атбайлар»,
Қыз – өріс,
Қыз – тиянақ,
Қыз – ана.
Ел ұйытқысы,
Кемеңгері.

Оқушым мәңгі түрік құлағыңыз,
Адам ата,
Қауа ана
Көрсеткен із.
Алладан:
Кеше гөр, - деп тілек тілеп,
Қыз намысын қорғаған
«Кінәлі қыз».

Менің екінші еңбектеуім
(өз басымнан кешкендерім)

Еңбектеп келемін, еңбектеп келемін. Ентігіп кеттім. Екі тіземе, екі алақаныма кірген шөп-шөңге. Тіземе, алақаныма батқан тас, ара-тұра құм-қиыршық. Томпақтың күн қақтаған қыртысы. Көп жасаған кәрі теректің қатпар-қатпар ырсиған қабығындай қатты. Пышақтың жүзіндей өткір кіртіктерінің қыры тіземнің томпағына тура қадалып, терісін тіліп өтіп, қанын судай ағызғанда жанымды көзіме көрсетті. Әттең-ай, жан тәтті екен. Сәл-пәл ғана тыныс алып, тың-тыңдап демімді ішіме тарттым.

Әншейінде бірнеше жүздеген томпақтан-томпаққа секіріп топты бала әп-сәтте көлге жетіп барып, әй-шәйға қарамай шала-пұла шешініп, кең айдынды көлдің көлемді суы жетпей қалатындай таласа-тармаса үйректің балапанынша көлге шолп-шолп етіп жүзе жөнелуші едік. Қайран балалық бал дәурен-ай. Балалықтан өтіп, бойжеткен шаққа іліне бере өстіп-ақ барлық қызық лезде көзден бұлбұл ұшып, үрей құшағында қаламын деп кім ойлаған.

Көзге түртсе көрінбес қараңғы түн. Үстімдегі киім де жұқа. Ашудан алқынып, ауылдың сырт жағымен орағытып аз жүріп, құрбы қызым Сырдықан қызы Мәрияшқа сөйлесіп, бойымды кернеген кесапат ашуды ауыздықтайтын бір амал табыла ма? – деген үмітпен оның үйінің сыртына жуық келген едім. Есігінен біреу кіріп, біреу шығып қарбалас, қозғалыс анадай жерден көзге ұрып тұрды. Ол үйге жақындайтын мүмкіндік болар емес. Неде болса, тура барып «Құс базары» атанған «Бай-нұр» көлдің түпсіз терең, тұңғиық, шүңетіне биік жарқабағынан бір-ақ секірсем, өзі-ақ түпсіз тұңғиығына тартып әкетер...

Аялдамайтез жетуге асықтым. Тастай қараңғыда алды-артыма қарауға қорқып, тек қана көл жақты бетке алып зытып келе жатқанымда, жап-жақын алдымнан алапат дүбір естіліп, жер солқылдап кеткендей болды. Көзім шарасынан шығып, жүрегім дүрсілдеп сенделіп кеттім.

Әлгі жер қозғалғандай қорқынышты дүбірдің менде шаруасы жоқ, алдымнан тасыр-тұсыр, сатыр-сұтыр зулап өте шықты. Ақырын тесірейіп қарасам бір айғыр үйір жылқы екен. Қуғыннан қусырылып қырға кетіп бара жатқан. Мен өз-өзіме келіп, бойымды билеп, артымнан қуып келе жатқандай алға ұмтылып жүре беріп едім, алдымда тағы бір қарайған, қабарған бейнеге таяп қалыппын. Жалт бұрылып тұра қаштым. Қарайғанға қарай-қарай зыттым. Ол аттың аяғына шідер салып отырған адам екен. Тегі әлгі жылқыны дүрліктіріп, қырға айдап жіберіп, атын шідер салып, арқандап бекітіп қойып жүрген жылқышы екен. Мен қашқан соң, ол қуа ұмтылды. Бар пәрменіммен жан ұшырып қашып келемін. Қашып келемін. Ол шамасынша ұмтылып қуып келеді. Қуып келеді. Жан ұшырып бірер бұтаны айнала беріп, әлім кетіп томпақтың арасына етпетімнен құлап түстім. Қимылсыз жатып қалдым. Бір тәуірі арамыз алшақтау еді. Әлгі қуғыншы бар пәрменімен жүгіріп, менің қиыс аяқ жағымнан өтіп, ұзап кетті. Өлген адамдай менде қимыл жоқ. Ол әйтеу бір заматта келген бетімен қайтып бара жатты. Менде жатқан орнымнан тұратын дәрмен қайда!? Ептеп етбеттеп жатқан қалпымда басымды көлге қарай ақырын бұрып, тың-тыңдап, жылжып еңбектей бастадым. Мені міне еңбектеуге мәжбүрлеген осы қуғын. Көл

мұндай алыс болар ма?! Қос тіземнің терісі сыдырылып, алақанға кірген шөгір тызылдатып барады. Қазіргі жағдайда өз жаныма жаным ашитын қалде емеспін. Тек ешкімнің көзіне түспей, көлге түсіп ізім-қайым жоғалсам болғаны. Әлі еңбектеп келемін. Еңбектеп келемін. Өлдім-талдым деп көлге жақындап қалғанымда, алдымнан тапыр-тұпыр аяқ дыбысы естіліп, бір баран дәу пыш-ш етті. «Е-е, ұсталдым-ау»,– деп басымды көтеріп қарап тесіліп барамын. Әлгі қорыққанға қос көрінген дәуім қырдан көлге ащыға түскен үш түйе екен. Yhh – жанымды шақырып аз-кем отырдым.

Я, бұл бір жасқа толмаған сәби шағымдағы жан біткен жақсы көріп қызықтайтын қимыл. Еңбектеуден кейінгі әрі ұзақ, әрі қауіпті өлім мен өмір арасындағы екінші реткі еңбектеуім ғой бұл. Өлуге асықпадым. Көлдің көбік шашып, арыстандай ақырып, шарқ ұрып жағаны жарып жіберердей аса арынды асау толқынынан сап-салқын леп есіп бойымды да, ойымды да сергітіп жіберді. Арыстандай ақырған асау арынды толқын бойыма қуат беріп алға қарай ұмтылта түскендей. Үлкен көлдің батыс жақ, оңтүстікке қарай ойысқан жиегі жадағай, тастақты, суы таяз, әрі тұнық қалай жүзіп, қалай шомылсаң да, суда жүзе жарыссаң да жарап тұр. Ал, мына мен әдейілеп келіп тұрған солтүстік жағалауы, биік жар қабақты, асты түпсіз терең тұңғиық шүңетті. Биік жарқабақтың астында көл жиегіне жақын жансыз жалғыз аяқ «жам жол» бар-тын. Ол өте қауіпті. Қыл көпірдей қылпылдатып жаныңды мұрныңның ұшына әкеліп, әрең жүргізетін. Мен осы жолмен жүрмесем, басқа амалым жоқ. Қабақтың үстіндегі сайрап жатқан сан салалы жолмен жүруге болмайды. Елдімекенде адам аяғы тыйылған ба? Байнұрға 30 шақырым, Қобда өзенінен атпен ертелетіп шыққан адамдар, мұнда түнделетіп жететін. Кездейсоқ, олардың біріне жолығып қалсам, қараңғы түн, қалім не болмақ?!

Күн сүйген күп-күрең, қызыл «Ошқы» (Уучигт) аталатын таулары жақын. Ұры-қары адамға, жыртқыш аңға мекен болған «Қарасу» аталатын алқалы терең сай, жымысқы жылғалары, үңгірлі жартас, адыр, бұйраттары толып жатыр. Бұдан қорек іздеп көл жағасында отырған елдің малын жарып кететін, тойып жемей, атақ үшін қоралы қойдың он-жиырмасын қырып кете баратын даланың сермендесі көкбөріге кезіксем, алқымымнан алып екі-ақ асайды ғой. Менің жыртқышқа жем болғаннан, адамға жолығып ұсталғаннан гөрі, өз бетіммен жалғыз жүріп, тәуекел, не өлгенім, не мақсатыма ұмтылғаным артық қой. Қанша қауіпті болса да биік жардың астындағы көлдің жиегіндегі жолмен жүріп келемін, жүріп келемін.

Мен өз үйімнен өзімді-өзім ашумен алып шыққанмын. Көшкен әйелдің жайсыз сөзі жанымды жегідей жеген. Мен жарқабақтан жасқанатын емеспін. Қараңғының қою түнегі түрілмей, ел көзіне ілінбей, тасаға түсіп тасалануым ләзім. Көлдің биік жар қабағы аласарып келеді. Үлкен көлдің солтүстік шығысына орналасқан қамысты дөп-дөңгелек ботаның көзіндей көрікті көл бар-тын. Пай-пай, шіркін, қамысы түйе бойы теңселген сыбызғы сырнайдай сыңсып күй шертіп, жаныңды жақсы әсерге бөлейтін. Қамыстың арасы сынысқан қатар-қатар ұялар. Әр ұядан он-он бестен сары ауыз балапандар өріп шыққанда, көлдің беті құмырсқадай құжынап, жыпырлап кететін.

Осы қамысты көлмен тұспа-тұс үлкен көлдің оңтүстік-шығысына орналасқан адамның көзіндей, екі шеті қисықтау, сәл сопақшалау кішкене көлдің өз сән-салтанаты қандай тамаша десеңізші. Қамысты көлмен үлкен көлдің арасына іліне бергенімде, қамысты көлдің тау жақ жағасындағы ауыл иттері дыбыс алып үрді. Менің зәрем зәр түбіне кетіп, шошығаннан алға қарай зыта жөнелдім. Бар екпініммен кішкене көлдің жол сай жақ жиегінде отырған ауылға тақап қалыппын. Жеті қараңғы түнде лапылдатып от жағып қойыпты. Үйлер әлдеқашан жығылған жүктері жайрап жатыр. Оттың жарығымен барлығы абыр-сабыр, түйеге жүк артып жүгірісіп жүр.

Бажайлап қарасам, төрт атадан қосылатын өз ағайыным, өз ауылым, өз аға-жеңгем. Жолаушыдан Мүлік, Көңбай туады. Мүліктен менің әкем Мұқамәди, Баймәди, Көңбайдан Әбілқас, Әбілбай ағайдың ауылы. Біз ол ағайымызды «Аға-аға» деп атайтынбыз. Олардың баратын жайлауы – Атақты (Ақтәңірі) Цамбагариг тауына жуық бір саласы Жаматы, Цамбагариг тауының алқабы: Нөрелік, Сарытас, Қаратас жайлауларына жету үшін Бай-нұр көлі деңгейінен көшсең, жолда Хөннұрғын жонын жондайсың. Егер «Цэцэгт», «Мара» жағынан көшсең, жолда «Харасх», «Ұланасх» «Төмертілердің» күдір жолдарынан өтіп, қырқаларды қырқалап алыс жайлауға жетеді. Оған түйемен көшіп жетуге әдейі ел жайлауға көшерден бұрын екі апта бойы сандал-сандал атандары шайланып кетпеу үшін байлап жаратады. Сол сенімді атандарға жүкті іңірден бастап артып, таң біліне көш қозғалып кетеді. Өйткені жүретін жолдары өте биік, теңіз деңгейінен 4700 м биіктікте. Тұтас тұлғалы ұзындығы 30 шақырым «Хөхнұрғын» тауының биік төбесіне шығып ұшпа басындағы кей жері орқаш, кей жері текше, тақта жасалған жолмен жондап жосиды. Көш оған шығу үшін салмалап алыс айналма созылып жатқан «Жолсаймен» күн қызбай шықпаса, күн қызғанда түйе өрге өрлемей, шөгіп жатып алады. Әупірімдеп биік иыққа шығып алса, жасалған жолмен жүреді. Бірақ, төмен қарай алмайсың. Заңғар биіктен қарасаң, басың айналады. Міне, бұл жүк артушылар өздерімен-өздері болып мені аңғармай қалды. Мен жалма-жан кейін шегініп сасқанымнан «Цэцэгт», «Мара» жаққа апаратын жолға қарай лып ете түстім. Ақжал толқынды дүниені дүрліктіріп, дүркіреп, күркіреп аласұрып жағаны ұрып жатқан асау толқынды көл, анадайдан қарауытып төніп тұрған биік таулар кереметтей қорғаным екен. «Цэцэгт» ауызға қарай ойысып жалаңаш жазық жолға бет алғанымда, шыбын жаным шырқырап алдынғы қорқып қобалжығаным ештеңе еместей сезілді. Тоңып кеттім бе, торығып кеттім бе? – білмеймін, қатты қалшылдап, толғанып кеттім. Биенің бір сауымындай уақыттың алдында ашумен өрекпіп өле қалмақшы болған өзегіме енді өксік тығылып, әлде қандай алысқа ма? Әлде о дүниеге ме? Әйтеуір, осы бет алыспен бір ұзап кетудің керемет қимастық қиын сәті күткендей көңілім құлазып, ішім езіліп ерекше бір күйге түстім. Еркелеткен елімді, ата-анамды қию қиынның қиыны екені жанымды қинап, мына өлең жолдары өксіктің, өкініштің өрнегіндей өрілді:

Сеңгір-сеңгір тауларым,

Бауырында бақша бауларым.
Жаңғырығып жартасың,
Салған әнім самғадың.

Асау таймен алысқан,
Кең жазықта жарысқан.
Құрбы ұлдардан қалыспай,
Тең үзеңгі қағысқан.

Сай жылғаға бір келіп,
Қызыл-жасыл гүл теріп.
Қызғалдақтай құлпырып,
Өскен ұл-қыз нұр көрік.

Айналайын ақбұлақ,
Асығып алға шапқылап.
Сылдырыңмен сырласып,
Отырушы едім жыр құрап.

Көк жасаңда жүгірген,
Етек-жеңім түрінгем.
Ойнап өскен туған жер,
Қасиетіңе сүйінгем.

Көгілдірік бір жүзген,
Көк балдырды бірге үзген.
Шүрегеймен жарысып,
Толқын құшып, күн күлген.

Қайысып қамыс теңселіп,
Өзіне көңілді еңсеріп.
Сыбызғы, сырнай сыңғырлап,
Күңіреніп күй төгіп.

Шомылып өскен айдын көл,
Қия алмай сезім сел.
Қоштасудың қиыны-ай,
Қираңдап босап бел.

***

Ерекше мейір төгетін,
Өзгеден бөлек көретін.
Отардан жоннан жеткенше,
Асыға аңсап келетін.

Көргенше тауысып тағатын,
Иискеп мейірі қанатын,
Көңілі өсіп марқайып
Жаны рахат табатын.

Айналайын жан әкем,
Ұлағатың көп екен,
Үміт артып үнемі
Санасушы-ең жанға бір бекем.

«Жал құйрығым, қанатым,
Жұлдызым»–деуші ең жанатын.
–Жеңіне қарап өссін,– деп
Кигіздің торқа манатын.

Еліме ерке дегіздің,
Таңдай мен құлақ жегіздің.
Ағайынға қадірлі,
Айбынды еді лебізің.

Орны бөлек әкемнің,
Қарызын қалай өтермін.
Іздеп тауып кигіздің
Украина сәпегін.

Бұла өсіріп жайнаттың,
Ойын-тойды тойлаттың.
Қатарымнан қалдырмай,
Ат жалында ойнаттың.

Әке өзінді қия алмай,
Көз жасымды тыя алмай,
Қыз тағдыры қиын-ай,
Қамқордан қаштым сыя алмай.

***

Имене жүріп бөтеннен,
Тоғыз ай толы көтерген.
Аялап бақтың анашым,
Нәресте нәзік шетеннен.

Бесігің ұлпа бөлеген,
Сылап-сипап жебеген.
Түн ұйқыңды төрт бөлсең
Шаршадым-ау демеген.

Көйлегімді кірлетпей,
Жоқты бар ғып тірнектей.
Иісімді жұпар аңқытып,
Үскірікке үрлетпей.

Ақ сүт берген анашым,
Қиямын қайтып қаласың.
Өртеніп тұр өзегім,
Жүрегім жалын жанатын.

Еркелеткен ауылым,
Аға-іні бауырым.
Бірге өскен замандас,
Қадырмен қайран қауымым.

Қию қиын егіліп,
Жаңбырдай жасым төгіліп.
Аттайын десем ілгері,
Басылды аяқ шегініп.

Туған жер тірі келем бе?!
Ата-анамды көрем бе?!
Уайым теңіз тұңғиық.
Батып кеттім тереңге.

Еленбесем егеспес,
Қатемді, Алла, өзің кеш.
Жақсы ит құрлы болсам-ау,

Өлімтігін көрсетпес.

Таң әлі атқан жоқ. Жан-жағымдағы таулар алыста. Иен жазықта жаяу жүріп келемін, жүріп келемін. Бұрын мидай дала алыс жол тұр ғой, жақын жерге қараңғыда қарға адым шықпайтын басым, «басқа түссе баспақшыл», жан-жаққа қасқайып қарай алмай, бүгежектеп бүлкіл желіспен жерді ұтардай ұмтыламын. Біршама жүрген соң қараңғылық сейіліп, таң білініп, ондағы-мұндағы көріне бастады. Келе жатқан деңгейім – Қобда өзенге асатын «Қарағанды қобы» аталатын жыралы мойнақтың тұсы. Теріс арық құятын Буаз дейтін иен жазықтағы төбешіктің бөктері екен. Жылғалы, жыралы белегірден асқанымда Терісарықтың шұбатылған күмістей жарқыраған суы таң нұрына шағылысып айнадай жалтырай түсті. Жетуге асығып жеделдей бастым. Асығып-аптығып арыққа жеткенімде шөлден шаршап дымым құрып кетіпті. Тастай суық тау өзенінен бұрылып ағатын арық суының дәмін-ай, құныға жұттым-ай кеп. Шөлім қанып беті-қолымды жуып сәл сергіп қалғандай болдым. Екі табаным суырылып, қара саным талып, біразырақ отырып дем алдым. Балқаймақты, балқұймақты алдыма қойып, аузыма тосатын қайран ата-анам көзіме елестеп кетті. Менің анам Зағипа Кеңбайқызы өзі хат танымайтын ақындардың айтқан өлең-жырларын жаттап, той жиында «Шәкім-Шәкірт», «Қалқаман-Мамыр» жырларын жатқа соғып, (өзі суырып салма айтыс ақыны) өлең айтып, айтысып топ жарып, той бастап отыратын. Әсіресе Біржан-Сараның ел аузында жалғасқан айтысынан үзінді айта келіп, «Біржан сал өмірінің соңында өлең есірік болып Қараағашта байланып жатып айтқаны»,– деп мына шумақтарды айтушы еді. Сол өлеңі ойыма орала кетті:

Біржан өлең айтатын буын-буын
Мен сағындым елімнің қалжың, дуын
Қымыз ащы, ет қатты дейтін басым,
Жазғы тұрым іштім ғой жасық суын.

Жүргенде мен үйімде ет жеуші едім,
Етке көңлім соқпаса жент жеуші едім.
Кепетайым шекеме тиді бүгін,
Іздеп келген қыздарды «кет»– деуші едім.

Біржан өлең айтатын халқына арнап,
Үш жүздің ерке салы ем ақын, ардақ.
Ат мінсе, жорға мінер Біржан салы
Таңулы қара ағашта жатыр зарлап.

Міне, бұл үш шумақ өлең менің қазіргі қалімді қапысыз айқындағандай.

Суға кеткен тал қармайды

Отыра берсем отыра беретін-мін. Мен ондай еркіндікке жеткен жоқпын. Орнымнан әзер тұрып тағы жүрдім. Біраз жүрген соң сал-сал болған денем ептеп ширап, қалыпты күйге түстім. Бір кішкене белегірден асып, «Ауызға» жетіп келсем, өзен бойын жағалап, сынысып отыра қалатын ауылдан бір үй жоқ. «Ауыздың» көгала шыбынына адам да, мал да шыдамай түгелдей көшіп кеткен, жұртын сипап қалдым. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген осы да. Енді міне жеті өзен қосылған аспанға атып жатқан тау өзенінің арыны бет қаратар емес. Менде бұған бет қарамай қорғаштайтын жаным жоқ. Анада арынды егде әйелмен серттескенде, бойдан аяулы жаным шығып, тек қана тәуекелге мінген үрей ғана қалған. Өз жағдайыммен санасатын жайым жоқ. Өлім мен өмірдің шендесіп шекісіп тұрған қиын қысталаң шағы. Жалғыз жауын жауып күн қызбаған. Алға қойған мақсатым Кәп жылқысын айдап кетпей тұрғанда, бір тілдесу. Арынды асау өзен лайланбаған тұп-тұнық судың түбі айнадай жарқырайды. Өзен арнасындағы судың түбіндегі тастың ақ-қарасы, жұмыр-жұқасы бәрі көрініп жатыр. Жүгіріп «Тасөткелге» келдім де ең бірінші, жағалаудан үйдей талдан сындырып бір әлділеу таяқ алдым. Етігімді шешіп үстімдегі етегі келтелеу жасыл түсті жұқа қалатым бар еді, басымдағы жарты шаршы шаппа пүліс күрең шытымды жұлып алып, етігімді қалатымның етегіне орап мықты байладым. Егер етігімді бос қолтығыма қыса салсам; суға жай жығылсам да етік ағып кетіп, жалаң аяқ қалсам, анық қиыны сол ғой. Мықты байлап таңып қойған етігім өзім ағып өлсем бірге кетеді. Алда-жалда жығылып, сүріліп судан өлмей өтіп кетсем, ең болмаса да, өзіммен бірге шығады деген амалым ғой. «Шешінген судан тайынбас» және анам тәуекелге баулып, жай отырғанда:

«Тәуекел дарияға салдым кеме,

Қай шықсын, қай шықпасын қайғы жеме» тәуекел етсең таршылықта да тарықпассың,– деп ескерткендей болып отырушы еді. Тәуекел асау өзеннің арынынан қорықпай, ақырын тал-таяғымды таянып, әкемше ата-баба аруағына сыйынып. «Алладан сақтай гөр»,– деп тілек тілеп, суға аяғымды малып, таяғымды тастардың арысына қадай тіреп өтіп келемін, өтіп келемін. Өмірімде мұндай мұздай суық суды кезіктірмеген екенмін. Суық судың мұздай зәрі миымнан өтіп барады. Қалтылдап-құлтылдап сенделіп өтіп келемін. Өткелден ауытқып кеттім бе, білмеймін. Жеті өзен тоғысқан толқыны мол, арнасы терең, ені жарты шақырым жалпақ, тау өзені суға төнген бір түп талға қарай бейімделе бердім. Жағаға жақындап талдың бір үлкен жуантық бұтағынан бас салып, ұстай алдым. Талдың түбі шүңеттеу екен. Талдан айырылмай шүңетке жығылып, суға батып шықтым. Жандәрмен тырмысып жүріп жағаға шығып алып, жан-жағыма жалтақ-жалтақ қарадым. Маңайда тірі жан жоқ. Киімімді шешіп суын сығып сілкілеп , суын сорғытып аз отырдым. Артымда қаншама жолдың қалғанына, қатты қысылғанда бұтағымен демеп шүңеттен де құтқарған талға

таңдана да, қызыға да қараймын. Халық айтса қалт айтпайды. «Суға кеткен тал қармайды» деген осы-ау.

Көште көк құнан міндім

Мен сайгел тиген сиыр сияқтымын. Бір орынға аялдайтын амал жоқ. Суы кеппеген дым киімімді киіп тағы жүрдім. Жүрісім баяулап, қозғалыс қарқыным бәсеңдеп қалыпты. Ақырын аяңмен тікше иыққа көтеріліп, биік мойнақтан арғы жағы Мараға қарай өрлейтін екі жағы заңғар тау жалтыр шың таудың арасы терең шатқалдың табанына үңіліп қарадым. Бұл Мара, Дэгнүүлт таулары. Аспанмен астасқан биік шың. Мара, Дэгнүүлт өзендері қосылып, тік жартас-жаламаларды құшып-сүйіп құлдай ағып жатыр. Бұл өзеннің екі жағынан жанаса, тақаса жалтырап, жарқырап жаламалар аққан асау өзенге айнадай беттерін тосып, ақ күміс моншақ шашылған сайын жарқырай жалтырай түсіп, жолаушыны, көшті жаламаның суға тұйықталған қысаңынан ары-бері, бес-алты қайта судан көлікпен өтпесең, жүрер жол жоқ. Асау өзен жалтыр жаламаға соғылып сыңғырлап, күмбірлеп күйге бөлеп тау жаңғыртып жаныңды тербейді. Оркестрдей күмбірлеп, күңіренген әсем әуенді тыңдай тұрып сай табанындағы көшке көзім түсті.

Сәулет-салтанаты-ай! Сәнді киініп, етек жеңі жиылып, күміс ер-тұрманды боз тарланға ерттеп, ақ зонттай шылауышының ұшы шұбатылып аттың сауырын жауып жарасып тұр. Бір қолына сарыала қамшының бүлдіргесін іліп, бір қолына қос қара кебеже теңдеп, екеуіне екі баласын отырғызып жүктің үстінде айшықты ай мүйізді қарала сырмағын жауып, шаңырағын салып, сел келсе де селт етпейтін, сандал-сандал атандарды тіркеп, бәйбіше көшті тартып барады. Көш басын жетелеген маңғаз бәйбішенің соңынан жуан жуас жол жорғалап басатын торытөбелге бесігін өңгеріп, сылана мінген сылқым келін үш-төрт түйе жетелеп, көш шұбырып барады. Тай-тайлағына таққан қоңырауы сыңғырлап, күңгірлеп ерекше үн береді. Ақтылы қой күңгейге жабыла қаптап күреңше, бетегені күрт-күрт орып жайымен жотаны асты. Айғыр үйірі жылқы жылыстап тай-құлыны құлдыраңдап жұмыр тұяқ таудың тасын тасырлатып желе аяңмен желпініп, желденіп алған. Қыраттан ары қырқалап асуға жақындап қалыпты. Отағасы ойлы көзімен ойды-қырды, су-суатты, қысаң өтпелі өткелдерді қоралы қой, алалы жылқыны түгел шолып шомбал қарагердің белортасына орнықты, отырысы жарасып-ақ тұр. Көш сәулеті менің жасымнан бірге жасасқан, жаныма жағымды дүние ғой. Көштің көркіне алабұртып алға ұмтылғым келсе де, біріншіден, өзімнің үстімдегі дымы кеппеген су киімімнен жасқансам, екінші, бұл сұмынның көлемінде мені танымайтын пәнде жоқ, «...бұған не болған?– дейді-ау» деп төбенің төбешігіне жасырынып қалдым. Ол көш ұзаған соң, сайдың табанына ұмтыла-ұмтыла қарадым, ештеңе байқалмады. Мойнаққа шаршағаным білініп, шалдығыңқы шығып едім, ылдиға қарай лып етіп түсіп кеттім. Бүгін маусым айының 29-ы. Елдің

жайлауға жаппай көшіп шығатын шағы. Сай табанына түсіп Мара, Дэгнүлтіден бас алған екі өзен қосылып ағатын арнасы тарлау, ақ өркештеніп, өршеленіп, өрекпіп жұлқынып күркіреп ағып жатыр. Бірде жайсаң, бірде жұмыр толқынына мен етбетімнен жата қалып аузымды тосып жұтып-жұтып алдым. Жүре бергенімде, сайдың шатаңынан тағы да салдыр-күлдір шұбатылған көш шыға келді. Бұл шатқалдың ішінде екі жағының тауы жақын жартас жаламалардың түбінен судан ары-бері 5-6 қайта өтетін қысаң жерлер көп. Сол бірінші қысаңға таяп қалғанмын. Жалғыз болсам, қу жанымды қолыма ұстап судан өте шығар едім. Көш келе жатқанда, қыз балаға жаяу өту жараспас. Оларда «бұл не қылған жалғыз жаяу жүрген қыз бала» деп сасып қалғандай, таңырқай қарап, дабыр-дүбыр сөйлесіп, отағасы батырсынып көштен оза ұмтылып, жаныма жетіп келді. Мен сұмын атқару әкімшілігінде хатшылық міндетін атқаратынмын. Бұл Әліпбай ағам екен, тани кеттім. Амандастым. Ол ағай да танып амандасты. Есім ауыспаған сау сияқты болған соң, тілге келіп:

– Егеухан-ау, неге жаяу жүрсің? – деп жайымды сұрай бастады. Мен ол кісілерге күдік тудырмау үшін өтірік айтуға мәжбүр болдым. Шімірікпестен:

– Әкімшілік бір шаруаға жіберіп еді, атым «Ауыздағы» жеті өзен құйған арынды өзеннен өтіп келе жатқанымда жағалаудағы жығылған теректің қопарылған қомақты түбінен үркіп, суға жығып қашып кетті дедім.

– Енді қайда бармақсың? – деді күдігін сейілте алмай.

– Жол жұрттағы бақтың бастығының үйіне барып шаруаны айтамын, атты солар іздеп табар,– дедім сенімділеу.

Қысаңнан өткелі тұрғанымды түсініп, артыма мінгес деген ишарамен оң жақ үзеңгісінен аяғын шығарып атымен көлденеңдеді. Мен мінгеспедім. Атамыз қазақ салтында қыз баланы ер адам ердің артына, «ат көтіне» мінгестірмейді. Ол бәлсінуін мына қыздың дегендей бетіме қарады. Көш те келіп қалды. Әліпбай ағайдың бәйбішесі көштің басын жетелеген Кеней апамыз, жолдасына алая қарап:

– Қай атаң қызды ер артына мінгестіруші еді. Бұл қай қылығың, ана Төлеубайды мінгестір, құнанын Егеуханға мінгіз,– деді.

Төлеубай:

– Бұл жаңа үйретілген құнан ғой, міне ала ма? – деді. Әкем маған тарпаң тайдың талайын мінгізген. Мен тартынбастан мінемін дедім. Төлеубай көк құнанын түсіп берді. Тайға жақындап келіп тізгінінен ұстап тұрып, ерін ырғап көріп, төс айылып, тартпа айылын сәл-сәл тарттым да, тізгінін қымқыра ұстап үзеңгіге аяғымды салып, лып етіп мініп алдым. Олар мынау қайтер екен дегедей менің әр қимылымды қадағалап қарап қалыпты. Көрім бас біліп қалған құнан екен, қысқалау қайыс шылбырымен қамшылап жүріп кеттім. Суға төнген жалтыр жаламалардың қысаң қиылысынан 5-6 қайта ары-бері судан өттік. Сәл биіктеу қабақтың үстіне шыға келсек, «жол жұрт» аталатын аялдама қоныста отырған үш киіз үй. Бақтың бастығы менің Кәуата атайтын ағайымның қайын ағасы Машақ құданың ауылы осы болды. Тайдан түсіп иесіне беріп, қош, рахметімді

айттым. Сол ауылдың үлкен үйі құданың үйі екен. Жаңа тұрған құда үйден шығып жылғаға қарай бет алды.

Сұрбие аттан зейіл дүлдүл еді

Мен тайдан түсе қалғанымда, жуық ойпаңда арқандаулы тұрған Кәуатамның сұр биесі мені тани кетіп, оқыранды. Өйткені Кәуатамыз о жақ, бұ жақтан келгенде, мінген атын бос қоя салатын. Көп үйде болатын мен сұр биенің ерін алып отқа қойып, жүрерінде әкеп ерттеп беретін-мін. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көр» демекші жолдағы көштен қысылған, қысылған ба?! Кәуатам осында екен, енді қайттім... Қайтіп өтірік айтамын. Кәуатамды көргенде, жыламай қайтіп шыдаймын. Шыбын жаным шырқырап, қиналғаным-ай. Қайтейін, «ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар» дегендей, «беттің арын белбеуге түйіп» тәуекел,– деп жыламай шыдауға бекініп, есікті ашып кіріп бардым. Үлкен құдағиымыз Әлиман апа, кіші құдағи Бұлғынбай екеуі сары майды салып, қойдың қою сүтін қатып, бір шәугім шайды шара толы қаймақ, жұмсақ жаңа сүзген ақ ірімшікті бәрін баптап, алдына алып отырып жатыр екен. Кіріп барғанымда алғашында Әлиман апа:

–Үй, Егеухан! Таң атпай қайдан жүрсің,– деп үркердей болып сасып қалды. Әлгі қатаң шыққан дауысты төр алдында ұйқылы ояу жатқан Кәуатам естіп қалып, басын жұлып алып:

–Егеубай, жай ма, жай ма?– деді. Мен өзімше салмақтанып:

–Жай-жай, Кәуата, жұмысқа келіп едім, атым қашып кетті, сұр биені мініп атымды ұстап алайын ба?– дедім.

Сұр бие арқандаулы тұр, міне ғой, – деді. Бірақ ары қарап көрпесін жамыларда:

– Бұл бала неге мұнша ерте жүр, – деп күбірледі. Әлиман құдағи мен Бұлғынбай енді сыбырға көшті. Қорыққаннан ба? Шаршағаннан ба? Сөйлеуге ауызымның ебі келмей, бер жағым жайбырақатсып, өзімді-өзім әрең ұстап отырғаным болмаса, ар жағым қалтылдап зорға отырмын. Оларға жоғары жақтан біреуді сұмынға шақырып жіберген атым үркіп суға жығып кетті,– деп сыбырладым. Шыныға құйылған қою шайды ішіп жіберіп, алдыма қойылған аяқ шыныдағы қаймақтан 2-3 қалақ асап, екі жапырақ жұмсақ ақ ірімшік жедім де, едел-жедел екі-үш шыны шайды ішіп:

– Құдағи бата беріңіз, – деп қол жайдым.

Қарағым таңертеңгі шайға іліндің, ырымдап отырмын. Жортқанда жолың болсын! Жолдасың қыдыр болсын! Бағың жансын балам, – деп бетін сипады.

Әлиман құдағи апам. Сыртқа жүгіріп шығып сұр биені ауыздығын алып тізгінін басына түріп, шылбырына арқан жалғап арқандап қойған екен. Ауыздығын салып, жетелеп әкеліп ерттеп жатыр едім, Машақ құда арт жақтан келіп қалды.

– О, құдаша, неге ерте жүрсің? Амансың ба?

– Амансыз, – дедім.

– Өзің асығыссың ғой, отырып неге шай ішпедің? – деді.

– Шай іштім. Біреуді сұмынға шақыруым керек,– деп жаттығып қалған өтірігімді жалғастырдым. Сұр бие айылын тістеп тарттырмай тұрған. Құда айылын тартып берді. Мініп алып өрлей жөнелдім.

Сұр бие құлындамайтын қулық бие. Шіркін сау желгенде, жылқы жетпейді деп мақтасатын.

Сұр бие аттан зейіл дүлдүл еді,
Екпіні тау ауасын тілгіледі.
Бөктер жолмен келемін сау желдіріп
Үстімде сағым ойнап, нұр күледі.

Ат үсті арындатып алға қарай,
Үлпілдек үкі үмітті жалғағаны-ай
Сезіндім аспан жердің арасында
Ақиық ақ сұңқар боп самғағандай.

Тұрса да биік қамал өтетіндей,
Асудан әрі асып кететіндей.
Арманым ақбас шыңға шықса дағы
Ұмтылсам созсам қолым жететіндей.

Өңірге өрнек салып төгіліп нұр,
Төскейге қонған ауыл жарасып бір.
Әрбір үй, әрбір адам бір-бір жұмбақ,
Қай үйден қалауымша шешілер сыр.

Пай-пай оған қалай, қашан жолығар екенмін. Әлімханұлы Ақи атты досы бар еді, соның үйіне барып соны жұмсайын деп жаңа ғана ағытылған қозыны қайыруға құла тайын құлдыраңдатып мініп шыға келген баладан:

– Ақидың үйі қайсы?– деп едім.

– Анау,–деп шеткі үйді нұсқады.

Желісімді бәсеңдетіп бала нұсқаған үйдің сыртына жетіп келдім. Ат дүбірін ести сала есікті айқара ашып, біреу бар пәрменімен үйден атып шықты. Мен де ат үстінде тұрып амандастым. Ол әйел амандығымды алмады... Мен де сұрақты төтесінен қойдым:

– Ақи бар ма?– дедім. Ол тіпті жиырыла қарады. Адамның қиялынан жүйрік нәрсе бар ма? Өткен жылы шілдеханада кезігіп қалып, ол Ақиды жанына ертіп алып Кәппен бір таңға таяу айтысқанымызда тыңдаушы халық айтысымызға риза болып рахмет

айтып, «Өркенің өссін! Өнерлерің үстем болсын! Көп жасаңдар!» – деп бата бергенде екеуінің әйелдері қосарлана:

– Сен қыз біздің байымызға бұдан кейін жолама, енді олармен айтысатын болсаң андағы төгілген шашыңды жұлып аламыз! – деп айбар шеккен. Сондағы ажар кейпі ызғарлы көзі өңменімнен өтіп барады. Ол дұрыс жауап бере ме, жоқ па білмеймін жауап күтіп жалтақтап мен тұрмын. Қызғаныштың қызыл иті қылп етіп, ашу-ызасы бетіне шыға қалған әйел:

– Ақи үйде жоқ, тауға қарағай дайындауға кеткен болар. Оны іздесең таудан қара! – деді де кері айналып кетіп қалды. Мен тарыға, торыға тауға шықтым. Ешбір басқа тірі жаннан жөн білуге батылым жетпейді. Не іздеген адамымның атын айтуға қорқамын. Кең алқапты қарағайлы өңірді желдіртіп аралап шықтым. Қарағай жап-жасыл орман тамылжып тұр. Арасынан бір шырпы сынбаған. Ешбір пенде қарағай жығып дайындау былай тұрсын, бірде-бір қарағайдың бұтағын майыстырмаған. Алданғанымды біліп, не де болса, ауылға қарай бет алдым. Ең басқы ауылдың басқы үйінің жанына келіп, аттан түстім де, жетелеп жайыла жайма шуақ отырған әр үй сайын кіріп:

– Ақи бар ма? Ақи бар ма? «Әкімшілік тауып кел» деп еді, – деп жағалай сұрап келемін. Ақи жоқ. Ауыл әйелдері білмейтіндері:

– Бұл кім өзі? Не қылған қыз?,– десе, кейбір танитындары:

– Мынау әлгі сұмындағы хатшы қыз ғой, не болды екен? Мына қыздың жүрісі өте сөдегей. Бір сойқан шығармаса жарар еді-ау – десіп, кейі сыбырлап-күбірлеп сөйлесе, кейі әдейі естіртіп шиқанымды шымшып, «бұл неге жай жүрсін, біреуді іздеп жүр ғой» деп қатты сөйлеп тұр. Атымды жетелеп ауылдың аяғынан бірақ шықтым. Адамдардың көзі арқамнан қадалып тұрғандай. Мен ешкімге кезіге алмаймын ба деп жүрегім өрекпіп, бүйрегім бүлкілдеп, аяғым жерге басылмай атыма зорға міндім де сыр бермей сұр биенің әдемі аяңымен ауылдан алыстап жүре бердім.

Шұғыл шешім

Ауылдан алыстай бергенімде, алдымнан күрең дөненімен құйғытып, арпалысып қарағайлы беткейден араламаған қарағай, жайлауда өзді-өз ағайынымен жеке-жеке ауыл болып жайбырақат шашыла қоныстанған ауылдан кірмеген үй қалтырмай іздеп жүрген Ақиым ақшолпандай жарқ етіп шыға келгені. Оны көргенде көзім шырадай жанды. Бойымды басқан зіл батпан ой сейіліп, қуанғаннан жүрегім жарылып кете жаздады-ау. Ақи да:

– Егеш-ау, қайдан шықтың аспаннан түстің бе? Жарқ етіп қайдан жалт ете түстің өзің амансың ба? – деп о да кездейсоқ көргенде, қуанғанын жасыра алмай, ала бөтен жайнап кетті. Екеуміз де арқа-жарқа күліп амандасып, қатарласып аяңмен ауылдан ұзап барамыз. Кешеден бері жүрген жалғыздығым, жаяулығым, жанымды жегідей жеп, жетемді жер қылған, өңменімнен өткен тіл, жанды жаралаған ащы сөз, тіл қанжары жүрегімді тілгені, бәрі-бәрі өзегімде өксіп жаныма батқаны сонша, жолай

жолыққан жандарға сырғақтап сіресіп босамай шыдаған көз жасым еріктен тыс сорғалай жөнелді. Ол маған жаны ашып:

– Жылама, жыламашы! Не болды саған? Күш қайратың бар еді ғой. Мұнда мезгілсіз келген себебіңді айтшы, – деп тәптіштеп сұрай бастады. Менде оңай шешілетін түйін емеспін ғой. Оған:

– Сен Кәпті ертіп келші, үшеуіміз бірігіп кеңесейік – дедім. Оның жаңа ғана атын алып жүргенін көргенмін.

Сен ақырын атыңмен ілби бер, мен барып ертіп келейін, – деп атын тебініп желе жөнелді. Ол жайырақ тұрып аты құданың үйінің маңында жайылып тұрған соң, ол үйге кіре шығайын деп барса, құдағи:

– Бағана таңертең ерте Егеухан сұмыннан жаяу жалғыз келіп, Қабынордың атын сұрап мініп, өрлеп кетті деп сыбырлапты. Кәп мұны естіген соң, қайнатып жатқан шайға қарамай, асығып шығып, атын ерттеп міне сала осылай келе жатқан беті осы екен. Ақи кеткен соң, көп ұзамай кешікпей екеуі аттарын тебініп екпіндетіп желіп келеді. Жаңағы төгілген көз жасым тыйылып, оның «ой орамын» білгім келді.

Ағындап кеп атынан қарғып түсіп,
Ат үстінен көтеріп алды құшып.
Жаным-ау, неге келдің, не болды деп,
Құшырлана сұрады қысып-қысып.

Сені ол жерде қозғаған өсек шығар
Таппадың ба бір сырлас жаныңды ұғар.
Ашуды ақыл жеңер аптықпайық,
Жайбырақат жайлаудағы аулыңа бар, – дегені.

Мені ойлап мұңайғандай ой менен қыр.
Шиеленді шешілмей шерменде сыр.
Теп-тегін тентірейтін тентек емен,
Тірі кейін қайтпаймын сен өзің біл.

Қиналды ол жауап естіп жүзді көріп
Қайбір жанға тәуекел өмір серік.
Алған беттен қайтпайтын алғырлық қой!
Арманға жетер білем сертке берік.

Ол менің ішімде қазір шешіле қоймайтын кереметтей кесапат түйін жатқанын ұғып, оны қозғамай бүгіп тұрғанымды сезініп, қатты қиналып, толқып, толғанып кетті білем. Аз-кем ойланып тұрды да:

Шынында ол дағы адам, мен дағы адам

Бір-бір қой шешемізді қалжалаған, – дегендей бір шешімге келмесек Егеуханның артынан қуғыншы келіп қалар. Ақи сен ошақты орылғының терең шатқал дарасын білесің ғой, адам мен малдың аяғы баспайтын қиын қысталаң жер. Сол жерге Егеуханды ертіп апарып таста да, өзің Егеухан аралаған ауылды аралап, жансыздап сыбыс біліп қайт. Келешек заманымыз не болады? Мен мұнда тұрған үйімде университет бітірген дипломым бар, қажетті құжаттарымды алып, артынан жалғыз аяқ жолмен барамын. Енді қозғалайық – деді.

Мен:

– Түскі уақыт таяп қалды, Кәуатам іздеп қалар атын сен жеткізіп бер дедім. Кәп:

Заман ақырын тапса, әркім жақынын табады! – деген бар ғой, жағдайымыз не болады, беймәлім. Қандай бір қауіпті оқиға туындап қалса, ағаңның атын мініп кетсең де сені ешкім сотқа бермейді ғой. Қазір сол атты сен мініп дараға жетіп алғаның жөн болар, – деді. Ол уақытша тұрған үйіне, Ақи екеуміз ойламаған Орылғының дарасына тарттық.

Атымызды ерттеп әкетті

Жолы мұндай күдір болар ма?! Үйдей-үйдей тастарды айналғанда өте сақ болуың керек екен. Әйтпесе аттың қабырғасымен үйдей тастың арасында аяғыңды қысып алсаң, біттім дей бер. Жатылмаған жалғыз аяқ «жам жолдың» қиыршық тастары аттың тұрасын кетілтетін керіш-керіш қиыршықтанып жүрген сайын аттың аяғын кілт-кілт еткізіп бөгей берді. Жол үстіне төне сынаса өскен, сойдиған тікенімен аттың үстінен тізеңді піскілеп қымсынып тізеңді қымтанған жұқа киіміңді қарағанның үлбіреген сары байпағы сары бояуын жағып жармасып, салалы бұтақтары оратылып, екеуміз тар жолда қатар жүруге мүмкіндік бермей, жолға симай, біріміздің артымыздан біріміз еріп, шұбыра тартып келеміз. Талтүсте дараға жетіп, судан өттік те тасы аз жаттықтау бір ойпаңға сұр биенің ерін алып шылбырының ұшынан шеткі қарағанның мықтылау бір бұтағынан байлай салды. Шөпке аттың аузы қалай жетеді дейтін емес, малдың аяғы басып, аузы тимеген соны шөптен сұр бие сонырқалай орып, күртілдете бастады. Ақи:

– Мен кешке жүрдек ат, азық алып келемін, кешікпей Кәп те келіп қалар, қорықпа, отыра бер, – деді де кетіп қалды. Өзінің қайта айналып келетініне сенімді еді. Менімен қоштасқан да жоқ. Мен бұл жерге келмек тұр ғой, маңына да баспаппын. Жалғыз қалған соң, жан-жағыма жалтақтап қарағыштай бастадым. Биіктігі аспанмен тілдескен асқар биік тұтас тұлғалы Дэгнүлті тауы. Оның батыс жағынан иықтасып, беттесіп тұрған Мараның айтулы биік асқары, екі таудың арасының алшақтығы 20 кездей ғана. Бір-біріне қарама қарсы қатарласып қалай ғана жаратылды екен. Сонша биік, сонша жақын, сонша терең құз төбесінен төмен қарасаң, басың айналады. Сайдың табанында тұрып төбесіне қарасаң тымағың түседі. Таудың ішкі бетін әдейі қолмен жасағандай, бір бұдырсыз, біркелкі жалпақ, қырғымен тегістегендей. Ұсақ тасты сырғыма болдырып қалағандай. Егер қияда тас құмнан қылғынып тұрған бір тал

шөпті, не шөкімдей тасты қозғап қалсаң аумағымен бірақ сырғып ақпа қорымша гүр ете түседі. Әсте адам аяғын тигізбейтін сырғымалы беттен жан-жәндікті жүргізбейтін, тым такаппар алқалы беткей. Терең шатқалын өрлеп бір қауым жүрген соң, екі тау тұтасып бірігеді де, кең кеудесінен күркіреген даусы күндік жерге жететін, жарқыраған бейнесі көз көрімнен көзінді тартып, көркемдігі іші-бауырыңнан өтетін айнадай жарқырап, ақ күмістей жалтылдап, жарты шақырым биіктен қотарыла төңкерілген күркіреме ақ қайнарын айтсаңшы. Бұл аққайнар тар шатқалдан құлдай жөңкіліп, арындай арқырап, ақ толқыннан шашуын шашып, құлдай құйғытып «Орылғы өзені» атанып ауызға дейін ағып жетеді. Сырғыманың етегінде, өзеннің жиегінде қожа шөп, жалбыз, бессала қатарлы емдік шөптер өссе, жусан иісі мұрныңды жарып мейіріңді қандырып жаныңды кенелтеді. Сай-сағадағы үйдей-үйдей ақталдардың көлеңкесі көлбеңдегенде, бейне біреу тасаланып келе жатқандай, елең еткізеді. Күркіременің сай табанына таудан құлап құйылу құбылысы да арсы-күрсі жыртқыш аңдар аптар-тептер алысып жатқандай гүрс-гүрс етеді. Бұл дараның ауыз жағына ғана бие байлайтын уақта күн түседі де, үлкен бесінде көлеңке қаптайды екен. Үстімдегі жұқа дым киім, өзімнің дене қызуыммен ғана шалалау кепкендей болған. Таңертеңгі құданың үйінен қысылып-қымтырылып ішкен екі-үш кесе шай, бірер қалақ қаймақ бір жапырақ ақ ірімшіктен басқа татқан дәнім жоқ. Ішім қоңылтақсып, сыртым көлеңкеден салқындап, көп күткеннен көңілім құлазып, келе ме, келмей ме деген қауіптен жүрегім дүрсілдеп, дүние дүрліге бастағандай. Қанша күтемін күте-күте торығып, қарай-қарай көзім қарығып кеткендей болды. Ойлай-ойлай, ойым он салаға бөлінді. Кешегі қараңғы түндегі қалтырағаным аз болған жоқ. Бүгін де тағы қараңғы түнде қалтылдап, қауіпті құз дарада қаламын ба дегенде, өз ойымнан өзім үріккен аттай орнымнан атып тұрдым. Менде аяйтын аяулы жан қалған жоқ. Егер ол кешігіп келмесе, барып сұр биенің шылбырын мойныма мықты байлап, сұр биені үркітіп жіберсем, үріккен жылқы жұлқына сүйрегенде, шыбын жан шырқырап шығып кетер. Үріккен жылқы ауылға бір белгі апарар. Енді ел көзіне көрінбей «арымнан жаным садаға» дейтін қазақ халқының ұрпағымын ғой, не де болса ойымды орындайын деп орнымнан тұрған қалпы сұр биеге қарай жүре бергенімде, тау бөктеріндегі қия жол жақтан сыбыс шықты. Жалт қарасам, ол атының ерін алып тастап отқа қойып жатыр екен. Обалы кәне, мені көре сала, қия жолдан сүріне-қабына тұра ұмтылды. Ол да қатты шаршап торығып ызадан түтігіп, күнге жүзі тотыққанын аңғардым.

– Қане қалың қалай? Көп күттірдім-ау. Әкем «халық жауы» атанып үкіметтен жәбір-жапа шегіп еді. Мен ірге жаудан көрдім көресіні, – деді ызалы кейіппен. – Тағы да әлгі үш жігіт, – деді тау жақты нұсқап. Мен осы маусым айының бастапқы аптасынан бастап ауыл-аймақта болмай, ізім-қайым жоғалғаным, жалғыз ағайым, әкемнің інісі, бар панам, Жақыпұлы Күнтуған ағам екеуміздің еншіміз бөлінбеген жанбыз. Сол аға екеуміздің үш айғыр үйірі жылқымызды Қобда өзенінің суы ағаш басына шығып тасып жатқанын көре тұра, өзімнің ауылдастарым, замандастарым Әлихан, Әлімхан, Башайлар жылқыны бақташыдай барлығын жиып-теріп, желіктіріп, 30 шақырым

таудан тайлы-тұяғын қалдырмай айдап келіп, шырқ иіріп, шашау шығармай күшпен иіріп, тасыған өзенге әкеліп, суға салып үлкен аржаққа өткізіп, қоралы жылқыны қуып жіберген. «Жылқы малы қуса жаудікі, желденсе желдікі, тонаса елдікі» деген мақал бар. Күн ыстық, Қобда өзені бойы қаптаған қалың шыбын. Әсіресе жылқы малының жауы көкбас сона. Бүгелектің түгел жанданып түтеп тұрған шағы. Жылқы малы мұндай түтеген шыбынға шыдамай, УВС аймағының таулы алқабына қарай бірақ жөңкілген ғой. Бұны бейуаз ақсақал Қарақожа ағай 30 шақырым Цэцэгт мектебінен Бай-нұрға Қоңыр өлеңге көшетін үйімді көшіріп барған маған арнаулы келіп хабарлап, айтып кеткен. Әйтпесе қоралы жылқы жатқа қор болып жоғалатын еді. Осы Ақи екеуміз Бай-нұрға 200 шақырым Мянғыттың өткелінде көпірдің ағашы енді тасылып, көпір салғалы жатқан өткелдегі бұраммен өтіп барып жылқының ізін суытпай, жылқыны жата қонып айдап қайтқанда да сол бұрамнан өтіп, жарты ай жүріп, ауылға әрең жеткеніміз осы еді. Жылқыны біз осы Мара тауына айдап келсек, Баяннуурдан кенже қарындасым Зәғиланың жолдасы Нәрішұлы Малшы күйеу баламыз, отбасымды көшіріп әкетіпті. Содан мына сенің қапелімде жетіп келгенің де керемет оқиға болып тұр. Не де болса тәуекел, жылқыдан екеумізге жүрісі жайлы екі жорға ат ұстап әкеліп, мініп, аулаққа кетейік деп ойлап жылқыны іздеп барсам, Мараның жотасында жатқан жылқыны Харасх жаққа қуып, Уланасқыдан өткізіп жіберіпті. Жылқыны іздеп таба алмай, қайтып келе жатсам, алыста жотаның басында тұрып қол бұлғап шақырды. «Екі кісі бір кісінің тәңірісіндей» демекші. Олар үшеу мен жалғыз. «Дос та достан, қас та достан» деген ғой. Олар нағыз замандас, дос болса барымташыдай үнемі жылқымды неге қуалай береді. Өткен жылы шілдеханада сен екеуміз айтысқалы олар менімен қырғи қабақ болып алды... Мен болмасам, сенімен кеңесіп келіскісі келеді. Түсінбеймін, олар үшеу, сен де жалғыз, мен де жалғыз. Ұға алмайсың. Олар бізге келіп қалуы мүмкін бір тасаға отырайық деді. Біз тездетіп іздестіріп жүріп, ағып жатқан судың жағасында 20-30 қойдың қорасындай жалпақ дөңгелек тастың шеті ағын суға сұғынған асты адам еңбектеп жүретін, көлемі 4-5 кісілік үңгір, оған кірген кісінің ізін су шайып кетеді екен, соған тығылдық. Күн батып кеткен, сам жабылып бара жатқан. Атты қарамақ болып шықсам, Кәптің атын ерттеп алып жатыр. Көре сала тас үңгірге қайта тығылдық. Олар көп кешікпей біз тығылған жалпақ тастың үстінде: «жаңа көргеніміз осы маңай еді ғой, қайда тығылды»,– десіп сөйлесіп аз тұрды да, ет жүректі пенде ғой, «қашқын» қамсыз шықпаған шығар, қаруы бар ма деп қауіптенгендей, көп аялдамай бірімен-бірі қақтығысып, асығыс дабырлап кетіп қалды. Кешікпей сұр бие де оларды көріп кісінеді. Оны да ерттеп, жетелеп алып кетті. Біз аяқ лаусыз жаяу қалдық.

Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі

Бізде шыбын жанымыздан басқа, не бір түйір дән, не сәл пана болар киім қалмады. Болмаса кішкентай бүктемелі бәкі болса да, көрім қару екен ғой. Біздегі жалғыз медеу,

қуаныш, аш-жалаңаш, құр алақан сиқымызға өкінбейтін, «өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде болсақ-ау» деген ақ ниет, адал сүйген жүрек қана. Тұтас тастың ызғары, үңгірдің астының сызы, жұқа киім, аш өзектен өтіп барады. Біз оған қарамастан «қара тас ұйқың келсе болар мамық» дегендей, шаршап-шалдыққанымыз сонша, қисая кетіп, көз шырымын алып тұрдық. Тұрсақ жұлдыз сайрап тұр. Енді мұнда аялдауға болмайды. Шыбын жанымызды алып қашып, алыстап кетпесек, қандай қауіп төнерін кім білсін...

Судың өткелі қайда екенін де білмейміз. Демімізді ішімізге тартып, арынды-асау толқынды тау өзенінің аздап жайлау сырғып ағып жатқан тұсын жұлдыздардың сағымымен аңғарлап, жағасы жайдақтау ыңғайлы жиектен қол ұстасып, дыбыс шығармауға тырысып, аяғымызды анда-санда бір аттап санап басып, «алғұлым» дегенде суға сүрінбей қабынбай суық, зәрлі тау суына киіміміз малынбай, әзер дегенде ар жаққа өтіп шықтық. Теңіз деңгейінен 3000 метрдей биік тұтас тұлғалы таудың құзар басына бір шығып алсақ тау қырқасының жартас жапсарынан кішігірім үңгір, не бір жыра жылғасынан бұлтарысынан қолайлы иін, қолайлы қолат тауып, көзден таса болармыз-ау, деген үмітпен тауға шығуға бел байладық. Бұл таудың ішкі беті ақпа қорым, сырғыма адамды аттатпайды. Сыртқы беті шөптесін жусанды, жұмсақ күреңшелі онда да қолыңмен ұстаған жусан жұлынып кетсе, майда күреңше сырғытып таудың етегіне бірақ түсіреді. Біз тағы да қол ұстасып, жан үшін жан деп тауға өрмелей бастадық. Мен қалжырап қалыппын. Ол мені бір қолымен сүйемелдеп, көтермелеп, бір қолымен жусаннан берік ұстап, өрге сүйрегендей болып келеді. Алдымыз биік тау. Артымыз ызың шу. Ауылда айқай сүрен, тасырлаған ат дүбірі. Үрген ит, тауға өрмелеп биіктеген сайын, жатпаған ауыл, сөнбеген от. Май шамның жарығы ашылып, жабылған есіктен жарқ-жұрқ етеді.

– Аттарыңды арқандама, ана шідерлеген аттарды «қашқынға» ат көлік дайындап бергілерің келмесе түгел әкеліп, белдеуге байла. Өреде жаюлы құрт болса жиып ал. Үйіндегі қаптағы құрт, қарындағы майыңа ие бол. Таң атсын азаматтар қолдарыңда бірер аңшы мылтығын, малшыларға арнаулы берілген мылтықтарыңда оқ бар ма? Бар болса мылтықты оғымен оңтайлап қой. Бейбіт күнде мылтық, оқ деген жат сөзді жақтырмаған, мына қарадай дүрлігіп жаныққан жағдайдан тіксінген Смағұл қария:

– Қарақтарым-ау, сендерге не болды? Бәріңді тікелеріңнен тік тұрғызған бағанағы қаршадай қыз ба? Жоқ, бір жерден топты жау келіп қалды ма, бұларың не? – Айғайшы жігіт:

– Ағасы сырттан келген топты жаудан іштен шыққан жансыз жау жаман. Ол қызға ана бір мектептің білдей бір директоры әлгі ақынсымақ Кәп те еріп кетіп отыр. Бұл бізге өте сын.

– Мүшәттің қара жорғасын апарғалы ыңғайлап жүрген Ақи ұсталды. Оны Мүшәт жездесі желкелеп қара жорғамның бір тұяғынан садаға кет, – деп тепкілеп жатыр. Қара жорға қандай ат еді, білесіз:

Қара жорға жануар тұлпар еді,
Мінгенде көтерілген көңіл пері.
Жорға мініп сәйгүлік жүйрік қосып,
Өз тұсында Мүшәт та болған сері.

Қара жорға тайпалып жөнейтін-ді.
Еті қызса ылди-өр демейтін-ді.
Қара жорға қақ тіліп сайыстарда,
Жан салмай жалғыз қара келетін-ді.

Қара жорға жануар тұлғалы еді.
Қанша жортса қайыспас қатты белі.
Аспан жердің арасын жуықтатып,
Қалқып келе жатқандай сезіледі.

Қара жорға мезгілін білетін-ді.
Жылқыда өзі жарап жүретін-ді.
Жорғада жортқан жолды алады деп
Шаттанып бір тайпа елі сүйетін-ді.

Көтеріп топ ішінде намыс туын,
Құйындатып, құйғытып ызғитынын.
Сегіз Жанат! Жанаттап салып ұран,
Той үстінде аспандап қалқитын үн.

Жорғадан келгенде озып емін-еркін
Таңданатын халайық көріп көркін.
Тіл көзден сақта, Алла!
Қолда әруақ деп
Ойпаңда терін сүртіп жетелейтін.

Атын ойлап Мүшәт іші ашып кетті
Аямай Ақиды ұрып теуіп өтті.
Әйелі Шұңгіл түсті арашаға,
Аптықпай іс анығын білсең нетті?

Мүшәт тағы тепсінді, хәлің айқын
Өзіңді бұл күніңе зар қылайын.
«Қанден пілге үріпті» деген осы-ау,
Тұлпарым тұяғына татымайсың.

«Қашқынға» ат апарғыш, азық жеткізбекші пысық сазайын солай тартсын.

– Біз ол қашқындардың аттарын ерттеп алып келдік. Олар астарына ат тимесе, өздігінен ешқайда қаша алмайды. Таң ата қару сайманды дайындап ауыл азаматтары түгел атқа қонамыз. Шама келсе өлтірмей, тірі қолға түсіріп, екі қолдарын арттарына байлап, «қашқын» ғашықтарды жаяу айдап келгенде көресіз,– деді, ентігіп. Біз бұл айғайлап айтылған аптыққан сөздерді түгел естіп, жанымыз түршігіп кетті. Онан сайын жоғары ұмтылып, ентігіп биіктен құламау үшін жусанның түбінен мықты ұстап жан дәрмен таудың басындағы ойқыл текшеге ілініп, жан шақырып, аз отырып дем алдық. Түн-түнегі түріліп, таң біліне бастады. Ондағы-мұндағы көрінетіндей болмай тұрып, тау қыратының қиян қуыс тасасына жетпесек қадалып қараған біреудің көзіне тау жотасынан қылт етіп көрініп қалуымыз мүмкін. Осыны ойлап, тау жотасының арғы бетіне асықтық. Қапелімде, қатерлі шақта шырқыраған шыбынымызды паналатқан тас үңгірлі шатқал. Бізге алтын ұя, тау құзарынан аққайнары шашуын шашып, «Кәптің дарасы» атанып қала берді. Иықтасқан жота қыраттардың орқашы жиілеу, ауылдың ұрымтал тұсынан қиғаштау қыраттың орқашының арасынан бойымызды жасырып, сығалап тұрдық.

Таң атты. Үш жігіт бастаған үш топ жігіт әр ауылдан жиналып, сақадай-сай дараға қарай топ-топ болып, лек-легімен саулай жөнелді. Тар жолда тасыр-тұсыр таласа шұбырған олар лезде Орылғының дарасына барып, топырлап кейі атпен, кейі аттан түсе қалып, жаяу бұта-бүргеннің арасынан, үңгір жапсардан, сай-сағадан ине іздегендей иіліп тінте бастады. Дараның үйдей-үйдей үлкен тастарынан, түп-түп тал қарағандарына бір-бірден келетіндей, адам саны жағынан азшылық көрмеді. Бірақ іздеген жоғын таппай, тарығып, жау кеткен соң қылышын жерге шауып, ошарылып тұрып-тұрып, шарасыз ауылға қарай кейін саулады. Біз бұл көрініс ті көзімізбен көріп тұрмыз. Енді тезірек ұмтылып елді мекенге жетпесек, айдалада не аштан қатып, не күн суытып, бұршақ жауса үсікке шалдығуымыз мүмкін. Ат көліксіз, қарусыз жанға кездейсоқ екі аяқты жыртқыш, не бір төрт аяқты жыртқыш жолығып жазым болып жүрмейік. «Жол мұраты жету», әйтеу алысқа бет алдық. Атамыздай айбынды Цамбагариг тауын, баурайындағы бақша бауын, сал жайлау, саумал ауа, сары қымызды қию оңайға түспеді. Өзегімдегі өлең жолы өрілді:

Цамбагариг атанған «ақ тәңірі»
Әлемдегі әйгілі таудың пірі.
Ақжаулық шұлауышы шұбатылып,
Жалтылдап жарық берген айсыз түні.

Бұлдырап көзұшында мұнарасы,
Аспанменен астасып ұшар басы.
Күн сұлу құшып сүйіп мейірлене,

Ай аймалап ақ алқа гауһар тасы.

Цамбагариг саялап өстік түлеп
Қанат қаққан ұяңнан біз жас түлек.
«Ақ тәңірі» аялап қоштасамыз,
Жан сауғалауға Алладан тілек тілеп.

Шалқар төс, жанға жайлы жайлауым-ай,
Бұлқынтып құлын тайын байлап ұдай.
Сапырған сары қымыз сарайды ашқан,
Шыбыным шырылдап тұр қимай, қинай.

Жаяумыз, үйір-үйір қалды жылқы,
Жылқы малы ежелден жанның құлпы.
Азаматқа ары мен жаны қымбат,
«Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі».

Атпаса алдырмас!

«Дэгнүлт» жотасын жоталай жортып «Ағут» жотасына ілініп, шамамызша асығыстау аяңдап, «Ағут» жотасынан Қобда аймағына қарасты «Сәнді жайлау» аталатын кең алқапты өңірге қарай құлдилап құлдырап келеміз. Бір қасиеті Ағут жотасынан асып еңкейе бергенде таудың беткейінде мөлдіреп пісіп келе жатқан тошаланың қатқылдығына қарамай үзіп-үзіп жеп сусын қандырдық. Сыңсып өсіп тұрған сарымсақты көргенде табақтағы піскен етке жолыққандай қуанышымызда шек болмады. Сүйірлеу өткір тасты тауып алып, сыңсып тұрған сарымсақты қазып-қазып аршып, тошала ойған таңдайдың ашығанына қарамай, әлі өті жайылмаған удай ащы емес, жай ащылау сарымсақты соны шөп жеген малша күрт-күрт шайнап жеп, «жұтқан жұтамайды» дегендей, әжептәуір ауқаттанғандай болдық. Көбірек қазып, азыққа молырақ алып кететін сарымсақты салып алатын Кәптің сыртынан киген жұқа сулығының екі қалтасынан басқа ешбір дорба, қалта қуыс жоқ. Сол екі қалтаны толтырып алып қана ертерек «Сәнді жайлауға» жетуге асығып, жүріп кеттік. «Сәнді жайлау» десе дегендей, мал аяғы баспаған түрлі-түсті гүлдері жайқалып тамылжып-ақ тұр. Жайлау жұртта бірнеше бастау бар екен. Бұл бастау тұмалардың бірі ғана адам ішетін, суы таза тұнық мөлдір екен де, басқа екі үш тұманың суы ащы, мал ішпесе, адам ішуге болмайтын борық сулы екен. Біз тамақ істеп әуреленетін жан емес, тұнық сулы тұмадан қанғанымызша ішіп-ішіп, бір қағырлау жерге қисая кеттік. Көз шырымын алған соң, Кәп ширақ азамат емес пе оянышты да, мені қатты ұйқыдан оятса оңай-оспақ оянбай, ұйқысырап: «тұра тұршы, Ақи ат алып келе жатыр, тұра тұршы», –

деппін. Бір заматта оның: – япырай-ай, обалыңа мен қалдым-ау, қаңғыртып, далада өлтіріп алсам, менде де не өмір, не қызық қалады, – деп қамыққаны жетеме жетіп, әрең зорға есімді жиып тұруға әрекеттендім. Екеуміз де әлгі таза сулы тұманы іздеп таппадық. Асығып қараңғыны қақ тіліп келеміз, жол бағытын әйтеу Кәп біліп тұр ғой. Бойымызды жиып керіліп-созылып жүріп кеттік. Біраз жүргеннен кейін алдымызда самаладай болып бір топ адам тұр екен. Шошығаннан жүрегім тоқтап қала жаздады. «Аңдыған жау алмай қоймас» деген рас екен деп ойладым. Кәп менің шошып кеткенімді біле қойып маған: – Шошыма! Шошыма! Ол самаладай самсап көрінген келесімен жусап жатқан түйенің өркеші дегені. Біз ол топқа таяп қалғанбыз. Сандал-сандал атандардың өркеші тұрған адамдай көрінген. Жақындап барып қарасаң, жаңа көктеген қараганның жасыл жапырақ, жұмсақ тікенегін кертіп жеп, әлі ел қонбаған көңді жұртқа сыңсып шыққан алаботаға еркінше тойған борық, ащылы суға қанып, «Сартаңнан сасырды жеп алған тойым» дегендей, боздақтанып қалған бота тайлақтарын бауырына алып, інгендер сандал атандары паң, маңғаз мамыражай кейіпте еш алаңсыз жайбарақат жусап, келесімен келісіп үйіріліп ұйықтап жатыр. Мен түйелердің бейбіт еркін кейпіне қызығып, жаяулық жаныма батқан басым Кәпке: – Бір бас білгі түйеге мінгесіп кетейікші, түйенің жүрісі майпаңдаған қандай жұмсақ, – деп өтіндім. Ол:

– Түйе ұрлап мінуге болмайды, ойсылқараның киесі ауыр болады,– деп түсіндірді.

Біз тағы жылжыдық. Түн түріліп, таң атып келеді. Таудың саумал салқын ауасына денеміз ширақ шақта ұмтыла жүріп, жерді ұтпасақ күн ыстығында менде жүретін қал бола ма, болмай ма, білмеймін. Қалтадағы өлшемді сарымсақты шайнап жейтін қайда?! Мөлшермен көк сабағына дейін тастамай тек қана малтап, әрі сусын, әрі қорек қып келеміз. Өкпең өшетін өр емес, жүрген жолымыз еңіс, құздан құлағандай құлдилап еңкейіп, ылдилаған сайын жүрісімізге көп жеңілдік болды. Таң атып, күн көтерілген, бие байлайтын уақыт болып қалды. Қобда өзенге бет алған соң ыстықтың лебі есе бастады. «Шұрықтың» тастағына таяп қалдық. Тастаққа ілінсек жайымыз қалай болар екен. Малтаған сарымсақтың талшығы да таусылып барады. Күн қызды. Тастаққа іліндік. Қара тастың қатты ысығаны сонша етіктің табанынан ыстық қоламтаны басқандай күйдірсе, төбеден төнген күн қызып тұрған қызыл жалындай шарпып барады. Мен шаршадым ба, шөлдедім бе, денем босап, дымым құрып, әлім кетіп, жүруге шамам келмей қиралаңдай бастадым. Ол мені бір қолтығымнан сүйеп, бір қолыма «Сәнді жайлаудан» тауып алған қатқан ағаш таяқты таянтып қойды. Маған:

– Шыда, шыда жуық жерде Шұрықтың өзені бар. Одан ары қарай жүргенде атақты «Батыр» арығын қайта қазып, қалпына келтіріп, су жүргізіп егіндікке, шаппа алаңына пайдалануды көздеген экспедициялық топ бар. Олар үйлері тігулі, сауатын сиырын үйге кіргізіп шыбыннан қорғап, үйдің есігіне тезек тұтатып, түтін салып бағып сауып отырған кәдімгі ауыл. Кешікпей сол ауылға жетеміз, – деді. Ақырын сүйеніп, сүйемелдетіп жүріп келеміз. Бір аласа белегір сияқты дөңестен асқанда қара тастақты

қақ тіліп шұбатқан күмістей жалтылдаған кішірек өзен көзге оттай басылды. Қуанғанымыз-ай, жалтылдап өзен ағып жатыр. Жүріп келеміз. Жүріп келеміз. Үміт оты қуат бергендей, қашан жетіп ана судан сусын қандырып ішер екенбіз деп, үздігіп жүріп келеміз. Жүріп келеміз. Жолдың таусылмайтыны-ай. Өзен де жеткізбей, ары қарай сағымданып ұзап бара жатқандай. Өлдім-талдым дегенде, түсқия өзенге іліндік-ау әйтеу. Бұрын бүйтіп өмірде өз еркіммен келе жатқанда тау өзенінен өткенде де, аттан қарғып түсіп жата қалып жалтылдаған ақ толқынына бас қоюшы едім. Қазір де өзен жиегіне іліне бере сүйеп келе жатқан одан қолтығымды босатып алып, таяқты лақтыра салып суға бас қойдым. Шіркін, таудың мөлдір салқын суынан қанша жұтқанымды кім білсін. Өзен суының жартысындайын тауысып ішіп қойғандай болдым. Шөлім қанып, есімді жиып, етігімді шешіп, сыртымнан киген келтелеу жасыл қалатымды шешіп ішкі киімдеріммен салқындау суға сүңгіп кеттім. Ол да судың өзі бататындау жеріне барып, суға еркінше аунап, жуынып салқындап жатыр. Пай-пай адам өмірі сумен байланысты ғой. Рахаттанып сергіп қалдық. Салқын суды қимай, судың ішінен шықпай, шөлдеген денеге суды әбден сіңіріп отырғандаймыз. Еленде маңайға құлақ түрдік пе, әлде сол жақта қозғалыс жаңа басталды ма? Құлаққа гүр-гүр еткен дыбыс келді. Біз қуанып кеттік. Ол: – Айттым ғой, ауқымды бір топ, енді тезірек қозғалып, ертерек сол ауылға жетейік, – деді. Етігімізді киіп елп етіп жүріп кеттік. Судың зәрушілігі жүрегімізге тигені сонша өзен бойымен құлдап келеміз. Біз жақындағанда трактор тағы да біраз жүріңкіреп барып арықтың жиегіне тоқтады. Біз таяп келдік. Жүргізуші жүрексінгендей тағы ары қарай қозғалды. Біз тура ауылға қарай тарттық. Бұл «Шұрық» өзенінің құятын жерін «Қысаң» деп атайды. Өйткені екі бөлек биік-биік әжептәуір тау қолмен қойғандай бір-біріне жуық орналасқаны қызық. Ортасын қақ тіліп Шұрық өзені Қобда өзеніне қарай ағысын бәсеңдетіп сырғып ағып кетіп бара жатады. Жан-жағында ешқандай тау жоқ, қыр жақтары құмдақты жазық дала. Қысаңды қызыл төбенің баурайында қатарластыра тігілген моңғолдың жатағандау 5-6 киіз үйі тігулі тұр. Моңғол халқы да киіз туырлықты ел ғой. Олардың киіз үйлерінің айырмашылығы уығында қарын жоқ, түзу. Керегелері де 9 көкті ықшам, үнемі мал шаруашылығымен айналысатындары түйе болмай қалғанда өгізге артып жүре береді. Біз үйге жетуге асығып жүріп келеміз. Таяп кеп ең шеткі үйдің есігін ақырын сықырлатпай ашып «орж болохуу» (кіруге бола ма?) дедік. Үйде үш адам отыр екен. Олар бір-біріне қарап «о,о нөгөө хоёр байгаа шүү» (оо, әлгі екеуі ғой) десіп тағы бір-біріне «Ор! Ор!» (Кір! Кір!) деді. Біз кіріп келдік. «Өдөө сууцгаа» (төрлеп отырыңдар) – деп жоғары таман отырғызды. Өздерінің асықпай амандасатын салтымен аман саулық сұрасты. Олар шаршап шалдыққан түрімізге қарап, шай қамын жасай бастады. Үстелдің үстінде табақтағы ақ ірімшік, шүйірмек, үлкен аяқтағы қаймақ, нан бәрі дайын тұр екен. Бізге үлкен сары жез шәугімдегі толы шайды жақындатып кемеріне күміс жалатқан екі тостағанды қолға берді де, шай ішіңдер деді. Біз шай құйып іше бастадық. Тамақ жеңдер! Же, же! – десті. Екі үш тостаған шай ішіп, әртүрлі тағамнан, әсіресе қалың қаймақтан қалақтап алып жеп, ауқаттанып қалдық.

Біздің әр қимылымызды бағып отырған төрдегі қария ақсақал атай қалтасынан бүктеулі қағазды алып берді. Ашып оқысақ. Бізде іс-қағаздар монғол тілінде жазылады ғой:

«Замын нөхөдүүдтэй анхаарлын бичиг. Баяннуур сумаас хоер оргодол орголоо. Эрэгтэй нь Х.Кав сургуулийн захирал, эмэгтэй нь М. Егеухан сум захиргааны (бичээч) машинист. Замын хуудастай, буутай, сумтай (бүрэн зэвсэгтэй) их бэлтгэлтэй явсан болноо. Хоер хүн, дөрвөн морьтой, буудаж баривчлах хэрэгтей. Энэ оргодолуудыг амархан барившилж чадах юм уу даа. 2–р багийн дарга Машах.

29/VI 1957/ Ом

Жолдағы азаматтарға ескерту хат

Баяннуур сұмынынан екі қашқын қашты. Азаматы Х. Кәп мектеп мүдірі. Қызы. Егеухан сұмын атқару әкімшілігінде (хатшы) машинист. Мылтық оқ дәрі сияқты қарулармен толық қаруланған. Төрт атты. Егер жолыға қалса атып, ұстамаса оңай-оспақ алдырмайтын алаяқтар.

2-бақтың бастығы Машах 29/ VI 1957 жыл депті.

Біз ол хабарландыруды оқып, таң-тамаша болдық. Бізден бетер ана отырған адамдар таңданып отыр. Бұл өтірік ақпар ауыл адамдарын аяғынан тік тұрғызыпты. Бұл хатты кеше түс кия сол өзіміздің ауылдың дәрігері Жанымхан алып келіп, бізді біраз тосқан екен. Жетегінде екі аты бар. Аты шыбынға шыдамай қайтып кетіпті. Бұл жердегі адамдар ана хатты оқыған соң, тайлы-таяғы қалмай жиналып 15-16 адам екі бөлініп, екі таудың төбесіне шығып, дүниенің төрт бұрышын түгел көріп отыратын ыңғайлы иықтарға орналасып көздерін төңіректің төрт бұрышына қадап кірпік ілмей түнімен машина, трактор, ауыл үй, орын-жай барлығын көзден таса болғызбай күзетіп шығыпты. Биіктен Дэгнүлт тау жағына дүргімен қарап отырғанда сенделген екі жаяу «Сәнді жайлаудан» Шұрықтың өзеніне қарай құлдилап түсіп келе жатқанын көріп, бәрі қайта-қайта қарап, бас аяғын түгел тексеріп, екі жаяудың жүдеп-жадап келе жатқанына көз жеткен соң көңілдері жайланып, үйді-үйіне тарапты. Бұл хатты оқығанда, мына қарияның айтқандарын естіп Кәп қатты қамықты. «Атып ұста! Атып ұста!» деп қайталады. Бұл қылық Қалқаман-Мамыр жырындағы Қалқаманның өзін оққа байлап: «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін. Көкенай сонда атсын» – деп бұйырыпты, деген үкіммен Қалқаман шауып өтіп Көкенай атқанда оқ Қалқаманның санын тесіп өткенде ауылға алып барамыз, аман қалдың той жасаймыз деген жастарына Қалқаман: «Өлерде аямайды, қайда аяйды. Бұл елге мойын бұрып тұра алмаймын» – деуі де осындай ойранды оқиғадан туындаған екен ғой деді. Налгар қария қатты ызалы: «Муу-сайн хасагууд, осмааны үлдэгдэлүүд, дандаа худал ярж ардуудыг айлгаж, сүрдүүлж байдаг. Унж явсан морь нь аль, буу, зэвсэг нь аль гэсэн»

(осы кейбір оңбаған атқа мінер қазақтар, Оспанның құйыршықтары, өстіп үнемі өтірік айтып қарапайым халықты үркітіп, қорқытып жүреді. Осындай өркөкірек бақ бастығына кісіні атып ұстауға бұйрық беретін дәрежені кім берді. Неткен ұятсыз. Елді дүрліктіріп айтқандары шындыққа жанасса бір сәрі. Мініп кеткен төрт ат қайда, мылтық қайда) деп кіжінді. Бізге шешініп, жуынып дем алыңдар. Сендерде кінә жоқ, жағдайларың түсінікті. Ана қыз баланы сүйемелдеп әрең жеткіздің ғой. Төсекке жатып дем алсын деді. Мен жолда өзенге шомылып армансыз жуынып алғанмын. Төсекке қисайып жатып қалдым.

Келін келді

Олардың жұмыстағылары біз келді дегенді естіп бізді көруге, жағдайымызға танысқалы жұмыстарынан ертерек түсіпті. Налғар қария жұмысшыларына жарайсыңдар ерте келгендерің дұрыс болды. Біздің ауылға келін келді, той жасаймыз дайындалып манты жасаймыз деп тапсырма берді. Олардың бәрі «я, я той жасайық» деп әркім әр жұмысты жауаптанып, кірісіп кетті. Мен жайлы төсекте біраз уақыт тыныш ұйықтап кетіппін. Оянсам 5-6 адам карта ойнауға, екі қатар шахматты тігіп қойып, төрт адам шахмат ойнауға отырып қалыпты. Мен тұрып сыртқа шығып керіліп, созылып беті қолымды жуып үйге кірдім. Кәп карта ойнаушыларға қосылыпты. Мен шахмат ойнаушыларды жағаладым. Шахматшылар және шахматтан жеңгеніміз келінмен ойнаймыз деп желпінді. Мен жай жымыиып күліп шахматтың көшегіне қарап отырдым. Қарсыласын тезірек ұтып, менімен шахмат ойнағысы келіп Эрдэнэцогт ұмтыла ойнап қарсыласын жеңіп, менің келінмен ойнауға сәтім түсті деп айқайлап, менімен шахмат ойнауды бастап кетті. Басқалардың арасынан біреуі келін байқа Эрдэнэцогт тас ұрлайды, байқа, байқа деп күліп қойды. Эрдэнэцогт мен қызға қиянат жасамаймын деді қызарақтап. Бастабында бәсіңкі қылпылдап отырып жеңіліп қалдым. Ол еркезек үшке шейін тағы, тағы ойнаймыз деп болмады. Менде ой жүйемді жинақтап нақты ойлауға кірісіп жеңдім. Ол тағы да еркезек үшке шейін дедік қой деп шахматты көшуге кірісті. Бұл жолы ептеп жытқа кірдім. Сонымен той тағамы бұлардың қастерлі асы манты пісіп, алдымызға табақ табақ манты тартылды. Олардың құрт қайнатқанда буынан тамшы тамызып алған қолдан дайындайтын самогон атты арағын құйды. Алаң көңілді біз бір сәтте болса ойнап, күліп өзге жандардан мейірім көріп, кеңесіп дауылдап отырып түн ортасы ауа демалдық. Таңертең біз күн шығар шықпаста тұрсақ, басқа жұмысшылар күн қызғанда ыстықпен шыбынға шыдап жұмыс істей алмайтындықтан, барлық жұмысшылар кетіп қалыпты. Жалғыз Налгар қария біздің тұруымызды күтіп отыр екен. Үстелдің үстінен жылжымайтын тағамдарды алдымызға қарай сырғытып қойып жез шәугімдегі шайдан ішіңдер деп бейімдеді. Біз шайды құйып, іше бастадық. Налгар қария сөз бастады. Қарақтарым, біздің бригадамызға қаладан бүгін машина келіп ертең қалаға

қайтады. Менің басқа жолдастарым сендерді сол машинамен Ұланбатырға кетіп қалсын десіп отыр. Бірақ кешегі хабарландыруды анандай артық өтірікпен жазып отырғандар не демейді. Жолдағы бақылау бөлімшесінің барлығын хабарландырып қойды. Олар ұстайды. Қайтарып алып келеді. Мүмкін қақтығыс болып денсаулықтарыңа зақым келуі де ықтимал. Заң бар ғой қарақтарым, заң орны істің ақ қарасын анықтағанша ел ішінде шаш ал десе, бас алатын талай әпербақандар бар. Оларға кім ара тұрады? Менде бір талай өмірді басымнан кешірген жанмын. Сендерге айтар ақылым осы жерден бұрылып Қобда өзен бойын бойлап, құлдап барып «Тариаланнан» ары қарай, Бұраммен (Паром) бұрылып кетіңдер. Мен жолда таңдайға салып малтап жүрсеңдер, әрі қарын ашпайды, әрі шаршатпайды деп сарышайды түйіп ұсақтап, қойдың құйрық майына қосып араластырып жаншып сығымдап дайындап қойдым. Тағы басқа ақ ірімшік, шүйірмек, (құрт) табаға піскен нан салдым. Жолға азық болсын. Қобда өзен бойының суы жылып кетсе де әйтеу су ғой, шөлдемейсіңдер деп тілімді алсаңдар көп кешікпей жүріп кетіңдер. Біз мұндай қамқор атайға көп көп рахмет айтып, «Алла сізбен тағы жүздесуді жазса екен» деп жолға шықтық. Біздің де тілегіміз ешкімге ұсталмай тыныш өмірге қол жеткізу ғой. Әлгі ауылдан шығып, Қобда өзеніне қарай бұрыла жөнелдік. Батыр арығының Қобда өзеннен бас алатын недәуір бөлігін жаңартып жөндеп қойыпты. Арық деген аты ғана. Қабағының биік жағалауындағы жарға шықсаң, түйе мінгендей боласың. Өзегі терең, ені кең, кішігірім өзеннің «Батыр арығы» деген атауында үлкен аңыз бар. Баяғыда Маньчжурияның ханының жан дегенде жалғыз қызы бар екен. Сол ауру болып хан бақсы балгерден ешкімді қалдырмай жағалай қызының ауруын тексертіп қаратыпты. Ешкім дауасын таппапты. Содан хан қатты күйзеліп, әлемге жар салыпты. Егер қызымның ауруының дауасын тапса, қалағанынша алтын беремін депті. Содан ел іші түгел хабарланып, бір көріпкел бәлгер «мен хан қызының ауруының дауасын таптым» дейді. Моңғолияның батыс жағында биік таулар ұштасқан бес биік (бес тәңір) аталатын (бес богда) мұз құрсанған бес әулиелі шыңдарының қойнынан әлемдегі ең таза, ең мөлдір, ең нәрлі, ең тұнық тасты жарып шыққан ақ толқынды аяулы ағысты, арынды, атақты көлемді «Қобда» өзенінің суын үнемі ішіп отырса қызың дертінен құлан таза айығады депті. Хан көріпкелге қалауынша алтын сыйлапты. Хан ол өзенді бұрып алып келетін ер болса тағым мен қызымды беремін деп тағы жар салады. Маньчжурияның ханының жариясын естіген елінің атақты батыры Сартагтай батыр: «Мен үш айда Қобда өзенді бұрып Бейжінге жеткіземін» деп қаза бастапты. Оның бар пәрменімен қопарып тастаған бір күрек топырағы бір-бір төбе болып үйіліп қалыпты. Ол үлкен күрекпен арықтың екі жағына кезек тастап арықтың екі жағы биік жарлы атақты «Батыр арығы» пайда болыпты. Бұл туралы өлеңмен былай бейнеленген:

Сартагтай өзі батыр саналы ер,
«Қысаң», «Хавсал» аталат ол тұрған жер.
Еленңдеп елге келген жарияға,
Үш айда арықпен су апарам дер.

Хан қызынан дәмелі ер бөгеле ме?
Қажырлы қару-қайрат бар денеде.
Арнаның жиегіне кезек тастап,
Бір күрек топырағы бір-бір төбе.

Қыздырып талай батыр алыптарды,
Таңдандырып сан түмен халықтарды.
Арпалысып алапат арынымен,
Бейжінге арнамен су алып барды.

Сенім бар ма баққа қол жетеріне,
Иесі басшы бақтың кетеріне.
Масаттанып, менменсіп саулы інгендей,
Аңыратып Қобда өзен әкелдім бе?

Дегенде асау өзен қайта ағыпты,
Қайтарды менмен көңіл келген құтты.
Бір тамшы су қалдырмай қалтарысқа,
Қаңсып арна кептіріп дымын жұтты.

Қарамай ел бетіне ер бұғыныпты,
Такаппар асқақ көңіл ұғынықты.
Ұлық болсаң кішік бол деген халық,
Бармақ шайнап арнаға ер жығылыпты.

Бұл шақта Моңғол елі Маньчжурияның езгісінде, қол астында бодандықта, бой жаза алмай тұрған болатын. Қобда өзен суының апарған арнаны кептіріп Қобда өзенінің өзіне қайта ағып келіп құйылғанын халық қатты ырымдапты.

Қобда өзен ақса ауып кетер еді,
Азамат арынымен жетеледі.
Қобда өзен сол арынмен Бейжінге ауса
Моңғол елі бодандықта өтер еді, – деп халық қуанғанынан той жасапты. Кейін Моңғол елі Маньчжурияның бодандығынан құтылды. Қазір жанды қозғалыс гүр-гүр трактордың дауысы, жер қайта өсіп арықтың табаны биік жал жағалауына жетпесе де, су жүретін кейпінен кеткен. Арықтың іші кедір-бұдыр, керіш-керіш жағалаудағы биік жалдан құлаған тас топырақтар жауын суымен бір-бірімен байланып қабаттасып қатып қалған. Мұны трактор болат күрегімен қопарып ыңғайға келмейтін бұрылыс-қалтарыстарын тесемен түсіріп арықтың ішін күрекпен тазалап ақыр-шақыр, тасыр-тұсыр еңбек қозғалысынан көлеңкесінен қорқып келе жатқан қоян жүрек біз тағы

алыстадық. Күн көтеріле қызып кетті. Шыбын-шіркей тыныс алдырмай көз-құлағымызға кіріп, мұрынды пысқыртып-түшкіртіп мазаласа, көкбас сона жұқа киімнің сыртынан-ақ тұмсығын қадап қаныңды сорып, жаныңды көзіңе көрсетеді. Уыс-уыс қып жұлып алып сабаланған шөп-қамыстар ештеңе болмай жапырағы жан-жаққа ұшты. Шыбын-шіркей сонадан қорынып сайлануға талдың жапырақты бұтағы болмаса болар емес. Ерінбей-жалықпай талдан жапырақты бұтақтарды сындырып алып жанымызды жеп, сабаланып келеміз.

«Ас адамның арқауы» деген рас қой бүгінге талғажау тамағымыз бар. Әсіресе сары шайды ұсақтап шайкеліге түйіп құйрықмайға қосып жаншып берген шай мен май үзбей таңдайға салып малтап шайын-майын сезініп сорып келеміз. Еш уақытта тарықтыратын емес. Жылы да болса сусын. Кешегідей кенеземіз кепкен жоқ. Өзенді жағалаған тақ-тақ күре жолмен ешкім көре қоймас жан-жақтан жасырынбай еркін жүріп келеміз. Бір тәуірі ат жалында ойнап өскен денеміз ширақ, жинақы. Алыстан бір төбешік көрінді. Ыстықтан төбенің төбесіндегі әр тасына шағылысып жарқылдап сағым ойнап тұр. Біз тағы біраз жүрген соң, кеш кірді. Төбеге жетіп қонуға жүрегіміз дауаламады.

УВС-ға бар!

Жыныс тоғайдан да қорқамыз, жол бойынан ұзамай шөбі тықыр алаңқайға қисая кеттік. Шаршап-шалдыққан дене, қалың ой, қатерлі қауіптен қажыған ми, әйтсе де көз ілініп кетіпті. Жазғы таң ерте атады ғой. Сонда да мамыражай ұйықтап түс көріп жатыр екенмін. Анам Шеруші сүйекті, Шеруші ішінде Саңырау аталатын атаның Байбол дейтін тарауынан Кеңбайқызы Заңипа, оның анасы, Жәнтекейдің Қангелді деген бір бұтағынан тараған Тыштыбала есімді нағашы апамыз бізбен бірге тұрған. Мен сол кісіге тарап нағашы апамның баласымын деп, ол кісіге жақын өскен едім. Ол кісі 73 жасында дүниеден озған. Онан бері де бір мүшел өткен. Сол нағашы апам түсімде басына кимешегін киген, шұлауышын тартқан, аппақ кейіпте. Ерттеулі күрең аттың шаужайынан сол қолымен ұстап, оң қолымен мені қолтығымнан демеп атқа мінгізіп, ап-анық: «УВС-ыға бар! УВС-ыға бар!» – деп екі қайырды. Сол дауыстан ояна келсем, Кәп те тұрып жан-жаққа қарап тұр екен. Мен: «Кәп, мен жақсы түс көрдім!», – деп, түсімді тәптіштеп айтып бердім. Тарығып, торыққан адам жоққа сеніп, қит еткен нәрсеге алданғыш келеді ғой. Әуелде құдай деген құр қалмайды, – деген ұғым, наным-сенім миымызға мықты орныққан. Біз бұл түсті жақсылыққа жорып, болашағымыздан үміттеніп қалдық. Кәп толғанып: «Нағашы апаңның әруағы қолдап-қоршап жүр екен. Күрең атты түсте көрген адам бақытты болады, – деуші еді. УВС аймағына бет алайық. Мүмкін аман-есен жетіп, бір ойлағанымыз орындалар. Сол УВС аймағында менің бала күннен бастап бірге оқып, еліміздің астанасы Уланбатыр қаласында да бірге оқып студенттік өміріміздегі қызық-шыжығымыз бір өткен Шүйлібайұлы Әшім атты досым бар еді. Соған жетсек ептеп-септеп серпілерміз. Я, тағы да аяндайық – деп жүруге ыңғайланғанда анадай жерде табақтай дөңгелек бір нәрсе

жалтылдайды. Жүгіріп барсақ ордалы жылан екен. Олар құйрығын ортасына алып дөңгелектің шыр айналасы түгел жыланның басы екен. Олар оянып бастарын қақшаңдатып, адам жоқ жерде тосын дыбыс шығарып келген біздің аяғымыздың тықырын сезіп бізге қарады. Бірақ көзқарасында «У» шашатын ызғарлы емес. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» – дегендей жып-жылы көзқарасымен бізге сәт-сапар тілегендей бір түрлі мейіріммен жәудіреп қарады. Біз тағы жүріп кеттік.

Әке жолдас жолықты

Жылжып отырып үлкен бесін шағында Баян-өлгей аймағына қанаттас Қобда аймағының шексіз-шетсіз кең аумақты егіндігі Бай-өлкенің батысынан бас алатын атақты Қобда өзенінің аяққы алқабында недәуір кеңістікте керіліп көлемділігімен де, өсетін қауын-қарбыздан бастап неше түрлі дәнді-дақыл мол өніммен де көзге түсетін «Тариалан» («егіндік») аталатын кең алқаптың шетіне іліндік. Анадайда көптеген дихандар жер шөптеп, егіннің арасында жүр. Біз егіндіктің басқы жағында жүрген егіншінің жанына келіп, амандасып отырдық. Бізді көзі шалған өзге диханшылар да бұл неғылған бейсауат адамдар ,– деп ойлағандай лезде егіннің арам шөбін отайтын кетпен, күрек, қол орақ саймандарын қаруға да қажет болар дегендей әдейі тастамай сүйрете-мүйрете сусын құйып алып жүрген жанторсық, ыстықтан, жауыннан сақтанатын күләпәрә, күнқағарларын қолдарына іле салып бәрі жиналып қалды. Кәп үлкеніне сәлем беріп, кішісінің сәлемін алып амандасып, иілістік. Бір заматта анадайда келе жатқан еңсегей бойлы, еңкіштеу аға адамды көргенде, Кәп: «Ұйбай-ау, мынау Әуке аға ғой!» – деп тұра ұмтылып барып: «Ассалаумағалейкум!»– деп сәлем беріп құшақтасып, амандасып, ауыл-аймақ, ата-аналарының денсаулығын сұрап қауқылдасып қалды. Ол ағай ертеректе өзіміздің ауылдан көшіп кеткен Әубәкір деген таныс адам екен. Амандық-саулықтан соң біздің қайдан, қалай жаяу-жалпы, жалаң-жұқа киіммен келе жатқанымызды білгілері келіп сұрай бастады. Біз амалсызбыз ғой. Кәп ептеп өтірік айтты: «Мынаның төркіні Қобда сұмында еді, соған атпен шығып едік, шөлдеген соң аттан түсіп су жұтып жатқанда атымыз ерімен, бөктерген қоржын, киім-кешегімізбен қашып кетті. Біз жаяу қалдық та осылай бұрылдық» – деді. Бірақ бұл қисынсыз өтірігімізге ешкім сенбегендей болды. Әйтеу көтеріп жүрген мылтық қару-жарақ, суық қару жоқ болған соң олар екі ойлы болып таңдана, тамсана қарады. Бір егіншінің торсығында аздаған арпа көже бар екен. Ол көжені арпаны келіге салып келі саппен түйіп, кеузеп тегенеге салып желпіп, тастап қайта келіге салып келсаппен түйіп түктеп қауызынан айыққан соң желпіп тазалап ақмаржандай аппақ болып тазарған баданадай арпаны қазанға суға салып қайнатып, арпа бөртіп, жарылып піскен соң көже суып шым-шым болғанда айран қосып ашытады. Осы сусындық ашыған көжеден белбеулеріне асып жүрген бүлдіргелі шағын саптыаяққа орта-орталау құйып бізге ұсынды. Біз екі тәулік бойы жылымшы жылы су ғана жұтып мейіріміз қанбай аптап ыстықта кендіріміз кесіліп келген біздің сұйық ашыған көжені жұтып

жібергенде, маңдайымыздан тер бұрқ ете түсті. Дихандар үйлеріне қайтуға ыңғайланғанда Әубәкір ағай: «Жүріңдер, менің қасыма қоныңдар» – деп бізді іш тартып ертіп алды. Барған соң, ешкінің бір қолы бар екен. Ыстық тамақ жасап берді. Түйенің шомынан төсек салып дем алдық. Егіншілер күн қызбай, таң қылаң бере сәресі уағында тұрып жер шөптеу жұмыстарына кетті. Біз де тұрып бірер шыны қара шаймен ораза ашып Әукеңе хош, рахмет айтып өз жайымызға кеттік. Далада біраз жүрдік те, шеттегі бір үйге кіріп барсақ, үлкен ақ сақалды ата бір баласымен шай ішіп отыр екен. Кәп: «Ассалаумағалейкум!» – деп сәлем берді. Мен де өзімше иіліп амандасып жатырмын. Ақсақал: «Уағалейкумәссәләм!» – деп сәлем алып есік жақта тұрып қалған бізге:

– Балалар, төрлетіңдер, отырыңдар, – деген соң шағын шай тақтайды айнала отырдық. Жасы мен құралыптас балаң жігіт шыны жуып, шай құйып берді. Амандасып отырған соң атамыз қазақ жөн сұрай бастайды ғой. Ақсақал:

– Балам қай ауылдансың, қай туғансың, қайдан жүрсің? – деп жітірмелете сұрай бастады.

Кәп бұл жолы бұлтармады:

– Баян-өлгей аймағының Баян-нуур сұмынынан жүрмін. Сүйегім қарақас Жақыпұлы Құмардың баласымын, – деді. Ақсақал шай ішіп отырған шынысын тақтайға қоя салып, ойланып:

– Қане тұра-тұр, атың Кәп пе?

Кәп:

– Я, Кәппін.

Ақсақал:

– Кәне бері келші «өліспеген көріседі» деген осы-ау, – деп Кәпті құшақтап, кеудесіне қысып-қысып, көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Ақсақалдың өмір бойы көкірегінде шер болып қатқан өкініші мен сағынышы, срра-сора болып сорғалаған көз жасымен сақалының әр талын жуып өтті.

Ақсақал:

– Япырым-ай, балам-ай, Алланың жолықтырғанын қарашы. Қарағым, Қабдыл, ана тоқтыны әкел сояйық. Екінші бір үйде байлаулы жем жеп тұрған ақтоқтыны бала жетелеп алып келді. Ақсақал қолын жайып бар ынта-тілегімен бата берді.

Әмин десең маған,
Берейін бата саған.
Бақытты бол, екі жас
Қызығын көрсін анаң.
Жортқанда жолдарың болсын!
Жолдасың қыдыр болсын!
Ақ жүрек, ақ ниетімменен
Берген батам қабыл болсын! Әумин! – деп бәріміз бет сипадық.

Балаң жігіт ақтоқтыны ауыз үйге апарып, басын құбылаға бұрып, аяғын буды. Атасының ілулі тұрған көне күміс белдігінің сол жақ жамбас тұсына келетін мөлшердегі белбеудің арнаулы тесігінен жіңішке қайысты өткізіп, оң қолымен пышақты суырып алуға қолайлы етіп салақтатып қойған. Кепкен қайың ағашынан қалауыштай жұқартып пышаққа сай келетіндей, ұзындығы бір қарыс екі елідей іші пышақ сиятын ыңғырумен ұңғылған қуыс екі ағашты беттестіріп жасаған қынның ауызғы кемеріне, ортасына, түбіне сары мыстан жұқа, жіңішке тілінген сыммен ораған әсем сары ала қындағы қайраулы қыл қауып тұрған өткір мүйіз сапты сары мойнақ пышақты алып, аяғы буулы жатқан міскін ақтоқтының езуіне сол жақ қолының бармағын өткізіп, басын көтеріп кішкентай толскей ақшылапшынды қан ағатын тамағының астына тосты. «Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ. Аллахуакпар!» деп қылтамақтан орып жіберді. Бауыздалған тоқтының денедегі қаны сарқылып ағып, жаны шыққанша күтті. Аз толастан соң қолындағы пышақпен тоқтының аяғынан қағып көтеріп көріп, сирақтың сіресіп қалғаның білген соң, әп-сәтте жәркемдеп жіберді. Мен ішек-қарын аршыдым. Атай өзі араласып ас үйдегі пешке қазанды асып, етті салып отты жағып қойды. Кәп далаға шырпы жағып бас үйтіп, жуып жағын айырып көмейінің безін алып тазартып қазанға салды. Құйрығынан жұқалап жапырақтап арнаулы темір істікке бір май, бір бауырдан тізіп өткізіп қақтады. Лезде піскен май бауырдан атай асап жіберіп:

– Кәп өзің ыспар екенсің,-деп қойды. Атай ас піскенше көкейтесті әңгімесін ақтарды:

– Менің сүйегім найман, атым Ауғали. Сонау 1937-1938 жылдары елге келген нәубет «халық жауы» – деп қаралап, қарапайым халықты түрмеге қамап қырғанда, мен де сол жазықсыз жандардың ішінде әкең Жақып ұлы Құмар, өзімнің жалғыз ағайым Ерғали үшеуміз бірге жатып едік. Сонда мен 18 жаста едім. Алғұлым дегенде бұл ешқандай құран білмейді екен, – деп мені босатқан. Сонда сенің әкең Құмар маған бір түрлі үмітпен қарап «Ауғали, сен бостандыққа шығып барасың ғой. Менің жалғыз інім Күнтуған, қарт анам Шапанбайқызы Орындық, әйелім Көңілқызы Қадби 25 жаста, қарындасым Ағиза 16 жаста, жалғыз ұлым Кәп 5 жаста, Қазиза қызым 3 жаста, Заґила қызым мені ұстап әкетіп бара жатқанда ,әйелім толғатып отыр еді. Бала шыр етіп жерге түсті. Мен еріксіз шамалы ғана тоқтап баланың не бала екенін сұрап, қыз бала болғасын атын Заґила қой дедім де, қиналып босанып қан кетіп әлсіреп кеткен әйеліме мені қаратпай, қарулы жендеттер үйден сүйреп алып шығып кете бардық. Ауғали, сен сол жалғыз іниме немесе сол жалғыз ұлыма бір жолығатын заман болса менен сәлем айтып, ағалық мінез көрсетерсің, – деп еді. Міне сол тілегі бүгін орындалып отыр. Өзіңнің жақсы жастық жолға аттанғаныңды көріп, біліп жолыңның қиын-қысталаң, күдірлі екенін де көріп, жан үшін жан дегенде жолыңа әдейі ақсарбас қойымды сойып, әдейі жақсылықтың ырымын жасап отырмын. Осында бірнеше күн аялдап демалыңдар деді. Бізде аялдайтын жағдай қайда. Семіз бағланның жас етіне тоя жеп, сорпадан екі-екі шыныдан ішіп, хош рахметімізді айтып қайтадан жүруге ыңғайландық. Бірақ бір

өтінішімізді көлденең тарттық. Жанындағы бір үлкен үйге бір айғыр, бір биені байлап алдына жем қойып арт жағына түтін тұтатып қойыпты. Өйткені бүгелек жылқыға жан бақтырмайды ғой.

Кәп өтінішін айтты:

- Атай! Ана көрініп тұрған Қобда өзенінен өтетін Бұрамға (паром) мына ат көлігіңізбен жетіп алсақ қалай болар екен?– деді.

Қария:

– Жарайды, қарақтарым, жаяу барсаңдар бұрамның адамы да күдіктенер. УВС аймағынан көпір салуға ағаш материал тасымалдап келіп, қайтып жүрген машиналарға отырып кетуге де, атпен жетудің маңыздылығы түсінікті. Екі жылқыны ерттеп, Кәп біріне мініп, Қабдылды артына мінгестірді. Мен біреуіне міндім. Атайға көп рахмет айтып жүргелі тұрғанда, атай Кәпке жуық келіп:

– Ал, қарағым Кәп, аттандың, ат көлікті қайтарсаң өзің біл, жетер жеріме жетіп алам десең өзің біл, – деп күдігін жасыра алмады.

Кәп:

– Атай! О, недегеніңіз, сау болыңыз! – деп астымызға ат тиген соң желе-жортып 5-6 шақырымдай Бұрамға ілезде жетіп келдік. Аттан түсіп Кәп балаға аздаған ақша ұстатты. Оған да рахмет айтып, екі жылқының біріне мінгізіп, бірін жетелетіп қайтардық.

Күтпеген кездесу!

Бізді бұрамшы келіп өткізіп алды. Бір машина ағаш түсіріп жатыр екен, барып ала кетуін өтіндік. Машина жүргізуші жұқа киімді, құр-алақан сиқымызға қарап ауыл-арасының кезбе қыдырушыларына санап:

– Өлгий сұмынға дейін ала кетейін, – деп машинаның кузовына отырғызып алды. Машина зырлап келеді. Жол жұмсақ, құмдақ. Тез зырлаған машинаның желі ме, Табиғаттың өз желі ме, білмедік. Үйірілген желден машинаның үстінде құйын ойнап, машинаның кузовындағы ұсақ тастың қиыршығы, құм, ақтың ұнтағы, ағаштың үгіндісі қосылып, бас-көзімізге үйіріліп көз аштырмай тұншықтыра бастады. «Бұл домбыра, бауырым, не көрмеген» дегендей біз де үйден шыққалы шаршау-шалдығу, аштық-шөлдеу, үрку-қорқу деген сияқты сан салалы оқиғаға ұрынып, бәрін бастан өткізіп келеміз ғой. Бұл топыраққа булыққан құйынға да төздік. Ауызымыз ақ тати ма, цемент тати ма, тісіміз топырақ тастан шақыр-шұқыр етеді. Түрімізді тозаң басқан. Бұл аралас-құралас майда тозаңның денемізде кірмеген, салтақтамаған жері қалмаған шығар. «Өлгий» ауылына жетіп қондық. Таңертең тұрып ол шофер өз жөніне кетті. Бір тәуірі жұтаңқы түрімізді көріп бізден жол ақы сұрамады. Біз тағы бір машинаға отырып, УВС аймағына баратын жолға таман барып, бізді бір ауылға таятып түсірді де, ол тағы да ағаш артатын тау аңғарына бұрылып кетті. Біз қол ұстасып бет алған

ауылымыз, биесі байлаулы, қойы өрісіне қаптаған, сарлық (қодас) сиыры суға қарай жөңкілген, асықпай жай өрген түйенің келесі мамыражай, маңғаз басып қараған бұталы сайға бет алған. Көңірсіген қой қорасынан алшақтау тігілген 4-5 үй жазғы жайлаудың нышанын аңғартты. Біз қол ұстасқан қалпы шеткі үлкендеу үйге кіргелі жатыр едік. Бір қыз, бір жігіт байланған биенің алғашқы сауымын сауып келе жатыр екен. Жанымдағы Кәп те жалт қарап, «Үй!» деп таңданып қарағандай болды. Ана келе жатқан қыз Кәпті көре сала, қолындағы бие сауған саумалды шелекті қасындағы жігітке ұстата салды да, ұлардай ұшып кеп бас салды. Екеуінің құшақтасып көріскенінен, көрмегелі көп болған бірін-бірі ұмыту қиянат, қию қиямет жандар-ау деп ойладым. Екеуінің егіле-төгіле кірпіктеріне күміс моншақ ілінгеніне қарап, айқасқан құшақтарын зорға жазып, жаны тебіреніп, буындары босап денелерін тік ұстай алмай тербеле жүріп үйге кірді. Әңгімелерін әріден жалғастырып біріне-бірі жалтақтай жанасалай жүріп қыз дөңгелек темір пешке бір етек сиырдың ақжапасын төгіп, ақтолекей қазанды асып бес литр су құйып, отты лезде маздатып жағып, дәл қазірдей сарышайды үлкен салмақтылау балғамен түйіп-түйіп асылған қазандағы суға салды. Қызған отқа демде қайнаған шайға үш шөміш сарлықтың қою сүтін қатып қайнатып-қайнатып, үлкен ақ шөмішпен соза-соза сапырып іші қалайлаулы бес литрлік жез шәугімдерге қотарып қазанды түсірді. Төрден қозғалмайтын шай тақтайға өздерінің бір формада сүзетін ақ ірімшігін, шүйірмегін, үстінен лақ ойнақтаса көтеретін қалыңдығы шынтақ елі қаймағын, дегенедей қолдан пісірген ақ бауырсақ түрлендіріп қойып жатыр, қойып жатыр. «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей?» – дегендей Ауғали атаның үйінен шыққалы жарытып ас ішпеген мен табақтағы қаймақтан ақ ірімшікке қосып қарбытып жеп отырмын. Кәппен ана қыз екеуінің қызу әңгімесі енді сыбырға көшкен, бітер емес, үздіге әңгімелесіп бірінің іші-бауырына бірі кіріп өзге дүниені сел алса да селт етер емес. Кәп те бірер шыны шәй ішкендей болды. Әйтеу сол заматта өзіміз келген жақтан шаңды аспанға көтеріп бір машина шыға келді. Отырғандар:

– Әне анау УВС аймаққа баратын машина. Сіздерге жақсы болды. Алдынан күтіп, сіздерді отырғызып жіберейін деп,– отырған жігіт жүгірді. Машина тоқтады. Біз де ұмтылдық. Машинаның кабинасына жеткенше қыз Кәпті құшақтап әрең ажырады. Кабинаға отырған соң шофермен амандастық. Кәп бұл қыздың аты Долгорма, екеуі үш жылдай бірге оқығанын, кезіккелі қимас қымбат құрбысы екенін, 4-курс жылы әлдеқандай себеппен университетке келе алмай қалғанын қысқа ғана айтып өтті.

УВС – ұлы дала

Мына шофер бір жылы жүзді адам екен. Кабинасына бізді отырғызған соң УВС аймағына қарай зырлай жөнелдік. УВС аймағы жота-жонды кең алқапты көзді тартып өзіне баурап барады. Көңілімді көтеріп, ерекше күйге бөледі.

УВС аймағы тарихы мол, аумағы кең,
Көзге көркем көкпеңбек көліменен,
«Хархэрээ» қамал берік қорғанындай
Шыңдары шырқау биік көк тіреген.
Жота жон, белегірлі, ойпат жазық,
Алқабында алтын дән жанға азық.
Қызыл тұз, қара тұзды алып таулар
Сан ғасыр тауыспаған кенін қазып.

Бәрі де төрт-түлік мал малданады,
Түйесі сандал-сандал таңдамалы.
Кей үйде жүздеп іңген боталайды,
Бота үні күйге бөлеп маң даланы.

Он мың қой біткен кейбір атақты бай,
Азамат асқан пысық ығай-сығай.
Ортасы шұп-шұқыр боп қой түнейді,
Асықпай түнемеден өреді жай.

Қарабас ақ қой мәліш қысқа берік,
Қар үстінде төлдері жүреді өріп.
Түйе, жылқы, қой, сиыр қаптағанда
Мыңғырылып маңайға берген көрік.

Бұл жерден әнші, биші өсті шешен,
Айтайын аты-жөнін ұғам десең.
Қырық жыл моңғол елін бастады ұлы
Юмжагийн Цэдэнбол дана көсем.

Ат қосу, садақ ату, балуан күрес,
Күресте жол бермейді теке-тірес.
Ерекше құт дарыған құйқалы өлке,
Ұраны ұлттың ойын игеріп өс.

Ел даңқын көтереді ер өрге сүйрей,
Балуан тудырған ел күші пілдей.
Ағалап он жыл елін таныды әлем,
Баянмөнх жауырыны жерге тимей.

Таңдантты талай күрес айқасқан шақ,

Танымас күш атасын құрыш құрсап.
Ұлы мен күйеу бала жолын қуды
Көрсетті күресте үлгі текті ұрпақ.

***

Дәл талма түсте қалаға кіріп келдік. Шоферіміз:

– Бір асхана болса үшеуміз тамақтанайық,– деп еді ашық жұмыс істеп тұрған асхана кезікпеді. Біз асхана іздеп жүргенде, бір арықтау ақсары жүзді жігіт Кәпке қол көтеріп, машинаны тоқтатқысы келіп жүгірді. Шофер тоқтап біздің жұқа жадаулау жайымызды аңғарды ма...біріміздің төлейтін жол ақымызды алды да, біріннің жол ақың қалсын – деді. Қоштастық. Біз машинадан түсе әлгі жігіт жүгіре келіп, Кәп екеуі құшақтаса амандасып, мені де таныстырып мәре-сәре болып жырғап қалды. Ол да оның жоғарғы оқу орынында бірге оқыған жолдасы екен. Екеуі кеңесіп Кәптің іздеп келе жатқан Шүйлібайұлы Әшім досының үйін біледі екен. Бізді өзі білетін асханаға апарып, УВС аймағының дәмін татыңдар деп тамақтандырды.

Тойдан-той

Келсек УВС аймағы қаласының батыс жағында әжептеуір кең тынысты алаңқайда алты-жеті киіз үй тігулі тұр. Құдды жеке бір ауыл. Әшімнің үйіне кіріп барсақ, олар да түскі асының дастарханы жиылмаған, бес-алты кісі шәй ішіп отыр екен. Әшім бізді көре сала орнынан ұшып тұрып келіп, Кәпті құшақтай алды. Әйелі Жадырақызы Дәмен де:

– Әлгі айта беретін Кәп досың осы ма? Қане, сен, келіншегісің бе? – деп мені құшақтасып амандастық.

Бәріміз аман-саулық сұрасқан соң беті-қолымызды жуып, қайта жаңартып жасаған дастарханға жайғастық. Көңілді отырыс. Арқа-жарқа әңгіме. Досым, досым, – деп аңсап келген Әшім досы, дос десе дос екен. Аузын ашса жүрегі көрінетін қазақтың қарапайым, ер көңіл азаматы екен. Ол заманда қалта телефоны атымен жоқ. Қолы жеткен тәп-тәуір ауқатты жұмыс орны үкіметті елеулі, лауазымы жоғары үйде ғана ауыл-үйлік телефон бар шақ. Сол отырған жеке бір ауылдың арасында УВС аймағының ауылшаруашылығы бөлімінің аға есепшісі Әшімнің үлкен ағасы Қасымның үйінде ғана бар екен. Әшім бүгін дайындық жасап, ертең той жасаймыз. Оғызымыздағы ағайындарға да сол ауылдың байланыс бөлімшесіне телефонға Байтіл замандасымды шақырып сөйлесейін, барлық ағайындарды тойға шақырсын. Мен қазір қонақтарыма қой сояйын ертерек. Олар неше күн жол жүріп, шаршап келді ғой, – деп жалма-жан қой өрмей, түскі жусаудағы қойдан мал ұстап қалуға ұмтылды. Қой

сойылды, ет асылды. Ауыл үйдің адамдары түгел жиылды. Шеруші сүйекті Әбілқайыр інісі Шәкер (атақты суретші Солтанның әкесі), Найман сүйекті Сағидолла ақсақал інілері Қадыр, Қабдырахман, Қабдыл Әшімнің ағасы Қасым, інілері Бөжен, Есен барлығы жиналып кең жайылған дастарханды айнала қоршап отырған соң, кімнің кімісі екенімізді, қайдан қашан шыққанымызды сұрастырып танысты. Мұнда жиналған адамдардың барлығы да баяғы өзіміздің ауыл «Баяннуур» сұмынынан тіршілік тауқыметінен көшіп мұнда келген, арғы тегі ағайын-ауылдас болып шықты. Кейбіреулері «Хотынқара» кейінтінде Ақарал ауылы 1-бақтан келгендер екен. Біздің әкелерімізді таниды. Бәрін өздері тәптіштеп айтып берді. Ет желінді. Ауыл үй адамдары тарады. Біз де демалдық. Ертеңінде асықпай ұйқы қанып тұрған соң, абыр-сабыр тойға дайындық басталып кетті. Әшімнің алты қанат ақ орда үйінің төсек, кебеже, сандық сияқты елеулі орын алып тұрған жүктерін шығарып далаға жауын жауа ма деп жауып қойдық. Ойыстырған қарала, сарыала сырмақтардың ұсталмаған ине-жіптен жаңа шыққан су жаңасын төр алдынан бастап үйлестіріп салдық. Үйдің екі босағасынан бәшікемен оралған кілемшемен шым оралған шилер ұсталған. Одан өрлей біз кестемен шым тігілген түскиіз, қара пұлға қызылдан ою басып айшықтап, ойылған оюды шырайландыра түрлі-түсті жіппен шырыштаған түскиіз бәрі-бәрі үйдің шырайын ашып, хан сарайындай жайнатып жіберді. Кешке тойға УВС аймағының ойда-қырда, онда-мұнда шашырап отырған қазақтары түгелдей шақырылыпты. «Ел құлағы елу» дегендей кімнің аузына қақпақ боларсың.

– Олар қашып келген жандар, – дейді ғой. Құр шыбын жандары ғана бар, аңсап келген досының үйіне бір шақпақ тәтті, екі елі суыртпалық та жоқ. Киген киімдері де жұтаң, – дейді деп еріндерін сылп еткізіпті.

– Әшім, өте аққөңіл, ақ ниет қолда барын аямайтын жомарт жан. Сол қашып келген қашқындарға той жасайды екен. Барды жоқ бірдемелерімізді тойға шашуды көрім ғып апарайық, бала-шағаның садақасы ғой. Жүріңіздер, тойға түгел барайық. «Қашқын» дегенді елден естуші едік, енді көзбен көретін болдық. Олар қандай жан, қайдан қашты екен, қашқындар Әшімге қалайша дос болады, бәрін-бәрін барып көзбен көріп білейік,– десіп Оғызымдағы бір қауым ауылдың адамдары тайлы-тұяғы қалмай бірақ қопарылды. Ондағы іргелі ауыл Жәнтекейден тараған Базарқұл әулеті: Ғұндын ұлы Кәтелхан, Бәйтіл, Уәкіл, Шапай, Есағасы, Құдайбердіұлы Оспан, Көксеген, Құдайбердінің інісі үлкен қария Дөненбай, Қарақас сүйекті Қалидолда бәрі-бәрі әйелдері, бала-шаға, келін-кепшіктерімен, қыз-қырқыны түгел шұбырыса, мұндағы ауылдастары қосылып, бір қауым ел жиналды. «Ерді кебенек ішінен танысын» дегендей барымызбен базар кеше түнде жуып қойған киімізді киіп, от жағып, ет асысып, бауырсақ пісірісіп тызақтап жүріп, кең жайылған мол дастархан дайын болды. Келген тойшылар бізге таңдана тамашалап, сырымызды білгісі келіп тамашалап, тесіле қарап, әр қимылымызды бағып жапырлай амандасып: – Я, қонақтар қадамдарың құтты болсын! «Қашқын» деген дүбірлерің жер жарады. Өз кейіптеріңе қарасақ кәдімгі өз балаларымыз сияқты бала көрінесіңдер, қай жерлерің «қашқын» деп

күдіктерін күлкімен жеткізгендері де болды. Жас-жасымен төрге қарт аталар, одан соң қазан жақтың жоғарғы төрге жақын орынға апалар, оң жақтың жоғарғы шеніне ағалар, жалғас жеңгелер, төмен таман қыз келіншектер, жастар орналасты. Көпшілікке шай құю үй иесі Дәмен, көксегеннің әйелі Нұрсипа, Бәйтілдің әйелі Зейнептерге жүктелді. Бізді жастардың ортасына отырғызды. Шай қымыз ішіліп, құрт-ірімшік, жұмсақ ақ ірімшік, ыстық бауырсаққа майды жағып жеп, гу-гу әңгімемен той қызығы қыза бастады. Әшім асаба той бастап, Кәп екеуінің бала күннен бірге өскенін, Ұланбатыр қаласында жоғарғы оқу орнында бірге оқығанын, екеуі бірігіп талай той думанды бірге өткізіп, бозбалалық қызық күндердің естен кетпес қызық-шыжығының куәсі болғанын, әсірелеп соқты. Сол күндердің айтулы оқиғасы: әрбір тойда Әшім күресіп, күрескенін жығып, балуан атанып, Кәп университет қабырғасында да өлең шығарып ақын атанып екеуінің де жақсы аттары шығып тастары өрге домалағанын жырдай ғып айтты. Әсіресе «жігітті ел мақтаған қыз жақтайды» дейді ғой дана халқымыз. Өзгеге дес бермейтін екі ақын қыз бар еді. Олар да біздің ат-атағымызға қарап кезігіп қалған бір тойда бізді қағытып айтысқа шақырды. Біз тартынамыз ба? Сен тілесең, біз сұраған деп айтыса кеттік. Көп ешкімді бетқаратпай еркінсіп алған қыздар да ет жүректі пенде емес пе қобалжыңқырап біріне-бірі қарап өлеңді бастады:

Мінгенім дәйім менің қарагері,
Шығады қиналғанда ащы тері.
Бізбенен айтысатын жігіт болса,
Кәнеки айтысуға шықсын бері, – дегені. Біз де тартынамыз ба, Кәп те өлеңді бастай жөнелді:

Өлеңді айт деген де ағытайын,
Әзіл айтып қыздарды қағытайын.
Әптігіңді басайын бойжеткендер,
Ақынмын деп алқындың думан сайын,
Әни алуан,
Сөзің жалған.
Айтысқаның ақын Кәп

Әшім балуан-ау, – дегенде еркінсіген қыздар қысылып дабырлап қалған деп өздерінің өмір жолдарын баяндады. Бұл ауылдар Моңғол ішіне келіп 15-20 жыл мекендеп қалған, айтысатын адам аздау екен. Маған да өлең айт деп қысады, мен де қарап қалмай:

Өлеңді айт дегенде ағылайын,
Ел жұртым алыс қалған сағынайын.
Ағайын ортаңызға жаңа келдім,
Өлеңді мұнда айтпаған не қылайын?

Ата-анам ағайыным қалды алыс,

Сөкпеңіздер аяқты бассам шалыс.
Өмір өлім белдескен белден астым,
Жер түбіне жеткізген жігер, намыс.

Арман алыс ұмтылдым құлаш сермей,
Талантың талықтырмас өрге өрлей.
Қиямет қиын-қыстау қинар жанды,
Қыздың жолы жіңішке қыл көпірдей.

Баяннұр жерім-ай!
Сағындым елім-ай!

Арықарай айтуға сыздап тұрған жараның аузы ашылып кетердей даусым да барлығып, кірпігіме күміс шық келіп кетті. Тойға жиналған халық «қашқын» қайтер екен дегендей бақылап отыр еді. Мына өлеңді естіген соң, олар да ет жүректі пенде ғой, кейбіреулері көңілі босап кірпіктеріне тамшы ілді. Өйткені біреуінің ата-анасы, біреуінің баласы алыста жүр ғой. Табақ-табақ ет тартылды. Бата айтылып, ет желінді. Бәйтіл, Шапайлар да бірер ауыз өлең айтып тойды тұжырымдады. Той тарады. Тойшылар бізді ауылына шақырып кетті. Саяси сауатты, ел тынысынан хабардар Қасым ағай тойдың соңында қалып Әшім, Кәп үшеуі біздің өмір жолымызды, келешегімізді кеңесіп біраз отырды.

Аялы алақан

УВС аймағының әкімі Қ. Сламхан деген азамат екен. Ол кісі осы шілденің 1-інен бастап Қобда аймағының әкімі болып тағайындалып, орнына УВС аймағының әкіміне Шагдар деген моңғол адамы тағайындалды деді. Оны естігенде Кәп қуанып кетті. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген осы-ау. Шагдар ағаның жан досы, жақсы-ақ болды. Әшім екеуміз ертең Шагдар ағаның үйіне барып, сөйлесіп шығайық деп «жерден жеті қоян тапқандай» қуанып, бір отырып, бір тұрды. Өйткені Шагдардың үйінде бала күнінен алып кел, шауып кел, дейтін бала атқаратын шаруаны өз ағасы мен Шагдар ағасының үйінде тең бала болып жүрген, Шагдардың үйіне етене өте жуық болған екен. Ертеңінде ерте тұрып Кәп, Әшім екеуі Шагдар ағайға жолығуға кетті. Олар барып сұрастырса Шагдар ағай қонақ үйде екен. Кәпті көріп інісін көргендей қуанып, құшақтап бауырына басып сені көргеніме қуаныштымын қайдан жүрсің деп, Әшімге де қол беріп амандасып мәре-сәре болыпты. Кәп ағасын көргендей көзі мөлтілдеп кетіпті. Шагдар да сұңғыла адам ғой, бір жағдаймен жүргенін біліп қасына отырғызып, мән-жайды толық айтуды талап етіпті. Кәп те мұнда келген

себебін толық әңгімелеп беріпті. Шагдар одан сайын қазбалап жә-жә басқа қылығыңды қиюластыруға болады. Тек жолда ат көлік ұрлап міндің бе, соны жасырма депті. Кәп: «жо-жоқ». Шагдар: «Кетерде мектептің бюджетінен ақша алып кеткен жоқсың ба?» Кәп: «Жо-жоқ. Тек қана өзімнің айлығымды алдым. Қай уақытта да ондай алып кеткен, ұрлап кеткен деген сияқты қылмыстық әрекеттер шықпайды маған сеніңіз, бұл нағыз шыным» депті. Шагдар жасынан қолында өскен, аузын ашса жүрегі көрінетін, өзі білетін елгезек бала қалпын көз алдынан өткізіп, Кәпті жан-жақты барлай қарап отырып-отырып «Кәп мен сені түсіндім. Мен осы аймақтың жұмысын өткізіп алайын. Келесі дүйсенбіде кел. Үйім әлі көшіп келген жоқ. Үйім көшіп келген соң, сені өзінен-өзі жер аудартқан келінді көріп босаға аттатамын» деп күліп жылы шыраймен қайтарыпты. Бір жұма өткенше Оғызымдағы шақырған ауылға барып қыдырып қайтуға Әшім, Дәмен, Кәп төртеуіміз төрт ат мініп жұтынып жүріп бердік. Алдымен осы аулдың үлкені менмін, менің үйіме түссін, «ақсарбас» қойым байлаулы, ол балалар келген соң айтып соямын. Осындағы аз ғана ауыл адамдары түгел келіңдер, деп барлығын хабарландырып қойыпты. Ауылға жақындағанда алдымыздан Шапай шығып, Дөненбай атайдың сәлемін айтып, сол үйге қарай бастады. Біз бара сала ақ батасы айтылып, қой сойылды. Ауылдағылар түгел жиналды. Шіркін қазағымның қасиетті, мейірімді қариялары-ай! Дөненбай атаның жып-жылы жымиып өзіне тарта сөйлеп, қарақтарым, балаларым деп бір нәрсені ұқтырғысы келіп, келешекте кемелді адам болса деп, қауқылдаған қылығы әкемді көзіме елестетті. Бала болып өмірге келгелі еш уақытта ажырап көрмеген, үнемі көз алдында жүрген қайран әкемді, аяулы анамды ойлап сағыныш жасы тоқтасыншы. Мұндағы әр ауылдың адамдары әп сәтте жиналып қалды. Барлығы да алғашқы жолыққандай таңданбай-тамсанбай жып-жылы қабылдап, үлкендері шақырып маңдайымнан иіскеп, жастары да амандасып жайраңдап жүр. Бізде де алдыңғы күдік жоқ. Бірімен әңгімелесіп, бірімен кеңесіп, көп көрім еркіндеп қалыппыз. Той тосырқаусыз әркім білген өлеңін айтып, өзгеше көңілді отырыс болды. Келесі күні Кәтелханның, одан Оспанның, Көксеген, Бәйтіл бәрі-бәрі бір-бір малын сойып, әр үй сайын той болды. Бұл жақ та моңғол іші ғой. Қазақы ою-ою, шапан-көйлек тігуден қалыс қалыңқы екен. Менің бір су ішерім ою оямын, сызу сызамын. Қазақша шапан-көйлек, тымақ тігуді білетінім әжептәуір пайдасын тигізді. Әр үйдің қажетіне қарай, кейіне шапан, көйлек тіктім. Кейбіреуіне сырмақ ойып, түс кигізді сызып бердім. Бір апта өткен соң, қалған үйлерге кейін қыдыруға уағдаласып Әшімнің үйіне қайттық. Дүйсенбіде Әшім, Кәп екеуі уәде бойынша Шагдарға сөйлесуге кетті. Таңертең кеткен екеуі түскі шай уағында кеңесіп, күлісіп келе жатты. Аймақ бастығы не дер екен деп еленде отырған біз де түрлеріне қарап үміттеніп қалдық. Шагдар Кәпке: «Жә, інім сенің ағаң Күнтуғанды жоқтатпаймын. Сен ұрлық-қарлықтан аман, адал болсаң, мен сені қолдаймын, қорғаймын!» депті. Кәп те қайталап: «Сеніңіз! Сеніңіз аға! Мендегі бір кемістік заңға қайшы нәрсе алдыңғы әйелімнен заң бойынша ажырасқанымыз жоқ. Ол үйде қалды. Мені екі әйел алғаны заңсыз деп жауапқа тарта ма, содан қорқамын,»- депті.

Шагдар: «Е,е, оны ойластырамыз, ол жағы жеңіл» деп қуантыпты. Шагдар дереу аймақтың оқу-ағарту ісін жауаптанған орынбасары Даваажавты шақырып алып: «Мына Кәп моңғол тілі мен әдебиеті мұғалімі. Жұмыс беру жағын қарастыр» депті. Даваажав Кәпті өзінің кеңсесіне ертіп барып аймақтың оқу-бөлім бастығын шақыртса «бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген рас-ау. Аймақтық оқу бөлімінің бастығы келсе өткен жылы өзін жұмысқа орналастырған Баян-өлгий аймағының оқу бөлімінің бастығы Ожылдай. Кәп екеуі бірін-бірі бас салып, құшақтасып амандасыпты. Шагдар, Ожылдай екеуі де біздің туған жеріміз, сұмынымыз Баяннуурға көршілес Алтанцөгц сұмынының тумасы. Қазақшаға, қазақ салтына бізден кем емес. қазақтілді урианхайлар. Біз дараға бет алардағы Кәптің қапелімде есіне түсіп әкеле қояйыншы деп кері аттанған дипломының осы бүгін пайдасы тиді. Ожылдай Кәптің осы аймаққа келу себебін сұрап танысып алған соң: «Кәп сенің еңбектегі елгезек, елпек, ізденгіш, жауапты екеніңді білемін. Сені осы УВС аймағындағы әйгілі алдыңғы қатардағы озат оқу тәрбиемен еңбекті ұштастырып өз шаруашылығын дамытып отырған маңдай алды Улаангом аталатын 10 жылдық орта мектептің Моңғол мен әдебиеті пәнінің мұғалімдігіне тағайындап отырмын. Қазірден бастап жұмысқа кірісе бересің бе, басқа мұғалімдердің ауданы демалыста. Ол мектептің директоры озат іскер Сайнбуйн сыртқа совет одағына 45 қонақтық іс-сапарға тәжірибе алмастыру жұмысымен қоса дем алуға барады. Сол мектептің жазғы шөбін жинап алу жұмысын жауаптанасың шілде айының 15 жұлдызынан бастап жұмыс істейсің. Сен сырттан келгендіктен киізі екі қабат жылы үй беріледі» депті.

Олар таңертеңнен түске дейін ол адамдардың қабылдауында болып, жұмыс жасайтын ұйғарымдарын алып келіпті. Айтылған ұйғарым бойынша шілденің 15-інде жұмыс басталды. Киіз үй, 1 ағаш нар төсек, киіз үйді еден тақтайымен түгел екі үзік, төрт тудырлық бәрі екі қабат қалың кигізімен тігіп берді. Ықшам шай тақтай, дөңгелек темір пеш, қажетті ыдыс-аяқ, бір қанар ұн, бір қанар күріш, 10 кг құм қант, 10 қапшық шам, 10 кг қатырған май, 2 шай дегендей бәрін-бәрін бір машина ғып артып келіпті. Екі мақталы көрпе, екі матрац, екі жастық. Сағидолда қарияның кең қашасының бір бұрышында үйдің тақтайын жайып, үйді тіктік. Үй жып-жылы пешті күзгі күн суытқанша далаға салып қойдық. Аллаға тәубә! Кеше жанымызды қоярға жер таппай қашып келген «қашқын» атанып елді дүрліктірген, кім қалай қабылдайды деп кезіккен адамға жалтақтай қарап жаутаңдап жүрген жандар едік. Бүгін басымызға үй тігіп, бауырымызға қазан асып, ана Оғызымнан қалаға қатынаған ағайындар шелектеп айран, сүт ала келіп, бала-шағасы туралы, тағы басқа туындаған шаруаларының жай-жапсарын ақылдасып тиісті орындарға жалғастырып шешілуге Кәптің аздап септігі тие бастады. Бір айта кететін жайт, УВС аймағының әкімі Шагдардың құлағына тиген екі әйел туралы мәселені Кәпті шақырып алып Шагдар: «аймақтық сотқа арыз бер. Бір жақты болдырсын» депті. Көп кешікпей Кәптің үйінде қалған әйелінен ажырасты деген шешім сол аймақтық баспасөз «Малчин» (малшы) газетіне жарияланды.

Моңғолдың заңы біреу-ақ соттан шыққан шешім газетті сақтап, ал бір нөмерін ел айқасса елге жібер, – деді. Ол бір ғанибет іс болды.

Елден хабар

Моңғол көлемінде жыл сайын шілде айының 11-інде Моңғол халық республикасының тәуелсіздігін алған күні ел бойынша дәстүрлі мереке. Осы мерекеде спорттың барлық түрінен бәсеке өтіп, одан сыналған үздік спортшылардың бәсекесі УВС аймағында олимпиада өтетін болыпты. Барлық аймақтың спортшылары түгел жиналды. Біз де бардық. Ешкімнің көзіне түспеуге тырысып, ескерусіз бала шағаның арасы, бұрыш сияқты бұлтарыстан қарап сақтанып-ақ тұрғанбыз. Қай жақтан қайтіп келе қалғанын білмеймін Дақаң ағай мен Базарқан сап ете түскені: «Өй қашқындар!» деп қолымыздан ұстай алғанда, сасқанымыздан бұлқына да алмай бір орнымызда қатып қалыппыз. Олар біздің сасып қалғанымызды біліп, жай күліп амандасты.

Еркетайұлы Дағыс Баян-өлгий аймағында Моңғолдың ұлттық балуан күресінен қатарынан 6 рет жеңіске жетіп аймақтық күш атасы қаhарман атанған, Баяннұр сұмынының азаматы. Қасындағы Базарқан аймақтық ішкі істер қызметкері. Бүгін о жақ-бұ жақтан келген спортшылар тізімге алынып, балуандар жасанып, киініп шығатын шатырларға бөлініп, тұрақтайтын қонақ үйлерін біліп демалады екен. Бұл да бір қарбалас шақ қой. Дағыстың Күлди атты қарындасы екеуміз бір оқығанбыз, Дағыс балуанды «»Дағыс аға дейтінбіз. Ол ағай маған өте бір жанашырлық сезіммен қарап тұрды да, бір бұрылысқа отырдық. Елдің хабарын айтты. Мынадай өлең жолдарымен өрілді:

Дүрбелең

УВС бүйір болса да жолға бұрыс,
Ел жақтан емін-еркін жетті сыбыс.
Айырылдық деп ата-анам абайсызда,
Күйзеліп, күңіренген алмай тыныс.

Көзден таса қылмайтын ата-анам,
Іңірден мені жоқ деп ұйықтамаған.
Жер ағарып таң бозы білінгенде,
Жан ұшырып жүгірген көлге таман.

Ауыл тұсын аңғарлап шалыпты із,
Көлдің беті айнадай жарқырап жүз.

Ұрыстым-ау байыбына бармай бекер,
Намыстылау жан еді болса да қыз.

Өкініп өзіне-өзі дөңгеленіп,
Анам киім түгендепті үйге келіп.
Бір де киім ілмепті жатыр бәрі,
Қайтейін қалған екен дала да өліп.

Шыдамай өлді-өлді деп салыпты ойбай,
Шынында жағдай емес шыдағандай.
Алды-артын тосатын ардақ әкем,
Бір отырып, бір тұрып депті пай-пай.

Жиналыпты ауыл-үй зарлы шуға,
Ұлар шу ұласыпты ұлан дуға.
Құрбы-құрдас қыздардан жөн сұрайық.

Сабыр-сабыр табылар шыда-шыда, – десіп жиналған халық ата-анамды сабырға шақырысып, шуылдасыпты. Алыстау ауыл-үй адамдары жеткенше бірінен-бірі: «Ұйбай-ау, әлгі сұмында тәп-тәуір жұмыста тұрған қызы кешке үйінен шығып кетіпті, түнімен олай-бұлай барады-ау, деген үйлерден сұрастырып ешбір хабар-ошар болмапты. Бірде-бір қыз-қырқын сыбыс білмепті». Тосын хабар олай да, бұлай да толассыз тарапты. Үлкен көлді жағалай отырған ауыл, жайлау тауға шықпай «Хахнұрғынның» қойыны «Сарыбастау», «Жалпаққарағай», «Сулықарағай», «Усты Арасан» сияқты жақын жайлауларды жайлап отырған бір қауым ауыл адамдары да сымсыз телефонмен елден бе, елең еткізген желден бе, әйтеу, ести сала ата-анама келіп: «Бұл қалай болды? Неде болса қыз бала ғой, сөйлесіп жүрген жігіт-желең бар ма еді? Қиналмай тосқауылдайық, егер ата-енең жоралғысы деп алып қашып кетсе аяққа жығылып келіп қалар» десе де, ештеңенің байыбына бармай дүрліге бастапты. Ертеңінде бие байлайтын уақта Марадан кісі келіпті: «Әлгі Мұқамәдидің сұмындағы хатшы қызы кеше жаяу таңертең Мараға барып, Кәпті тауып алып жоқ болып кетті» депті. Бұл қайда кетті деп таңырқап отырған халыққа төбеден жай түскендей, халық біткенді селт еткізген тосын хабар болыпты. Кеше кешке сам жабыла екі атты алып, екі қашқынды жаяу тастаған үш жігіт таң атқанша ентігіп, таң ата екі жаяу жасырынған дараға аттанған. Құрыштай құрсынған үш топ ауыл қуғыншылары тұмсықтары тасқа тиіп құр алақан келген. 2-бақтың бастығынан сұмын атқару әкімшілігіне қашқынды іздейтін ат-көлік, қарулы күш келтірсін деген жіті-жіті хабарландыру келіп жатты.

Қарулы қуғын

Сұмын атқару әкімшілігі жауаптыларын түгел жинап, жедел кеңес өткізіп, 7-8 бригада шығарып қашқынды шұғыл іздестіру жұмысын ұйымдастырыпты. Ол кезде қит еткенге міне шабатын машинаның дамымаған кезі-тін. Әрбір сұмында жеке мініске арналған жүзден төмен емес ат ұстайтын.

Бұл өңкей мініс атты бағатын. Ол кісі жылқы десе жанын салып жүз атты бір аттай баптап уағында суарып, ащылатып, соны өріске өрістетіп, қажетті жұмысқа мініп келген атты суытып бабымен семіртетін. Сол жылқының бірін де қалтырмай айдап келсін деді деп сұмынның алып кел, шауып келіне шабатын «шаш ал десе, бас алатын» екпіні елді қозғайтын, жүрісі жерді қозғайтын Соматайұлы Сарқыт атты көмекші тепеңдеп, тепсініп келіп әкеме айбар шегіп алқынып, асқынып айтып кетті. «Тесенің басын бассаң, сабы басыңа тиеді» дегендей бұл зілді бұйрық әкеме «жығылғанға жұдырықтай» әсер етіп елге қарай алмай тұрған бетін одан әрі көлегейлеп әкетіпті. Ат көлік дайын депті сұмын атқару әкімшілігінің бастығы Керейбайұлы Жанат, сабырлы салиқалы адам еді. Өзі жәнтекейден тараған Базарқұл сүйекті Кәу атаммен шамалас, маған туған ағамнан кем емес, маған үнемі қамқорлық жасап жүретін. Өзі де япырым-ай, не жағдай болды екен деп қатты қамығыпты. Сонымен 100 атты айдатып әкеліп аттың өң-өңімен бір-бір бригада болып шығыңдар. Ат-көліксіз жаяу адамдар олардың қасынан бірінен соң бірі өтсе де, әлгі бір ғана адам деп ойлар. Жастар жағы өзінің жолдас-сырластарынан бір-бір адам ертіңдер. Ол тау дараға жекелеу шығып көбірек айналсоқтасын. Өте сақ болыңдар табылар болса жәбір-жапа шектірмей алдамалап алып келіңдер, шарасын заңмен жүктейді ғой деп ертерек ерекше тапсырыпты. 100 жылқыны иіріп қойып торысын бір жеке, қарасын бір жеке, құласын, жирен-шабдарын, ақ-көгін жеке-жеке ұстапты. Ұстағанда торыдан 20 ат шығыпты. Оншақты қара, бес-алты құла, он онбес ақ-көк, жирен-шабдар ала дегендей. Азаматтар ықшам киім киіп, өзінің ұстаған аттарын ерттеп мініп, жауға аттанардай жұтынып шыға келген. Кейбір әпербақандары мылтығын асынып алыпты. Бұған қарапайым ата-аналар жағасын ұстап жанынан түңіліп астапыралла, қарақтарым-ау, кешегі қолдағы ұл мен қыз еді ғой, не болды? Мұнша қару асынып, қас жауыңды жеңердей бұл қайткендерің? Егер кезіксе атасыңдар ма, депті. Сайланған сайлауыттар Мараға 5-6 топ, «Нөрелік», «Жаматыға» екі топ аттанды. Әр топта 7-8 адамнан сен тұр мен ұрайын дейтін жұдырығы шоқпардай, шапшаңдығы көз ілеспес, өңкей ығай-сығай жырындылар. Қара қорым жер қайысқан қуғыншы, «қашқынды» іздеуші, осылай дүбірінен жер ойылардай, екпінінен тау жарылардай жауынгерлер жаныгып кетіп барады.

Жан бөлек. Ата-анамның, аға-бауырларымның шыбын жаны шырқырап «тірі тауып, екі қолын артына қайырып, байлап жаяу айдап келе ме? Әлде, жазатайым жаны шығып кетіп, өлігін артып әкеле ме?» дегенде зәре жоқ. Аттанған топтың артынан қарасы үзілгенше қарап тұрды. Кім біледі... «Қайсысы қай жерден тұмсығы тасқа тиіп, тауы шағылып, «жау кеткен соң қылышын жерге шауып» шамырқанып қайтар екен.

Маусым айының 29-ында мен Мараға жетіп жай жатқан елді әбігерге салған күн. Марада кешкі апақ-сапақта «Жолжұрттағы» Машақ құданың үйінде: Егеухан неге кешікті деп үйден бір шығып, бір кіріп тағатсызданып отырған Кәуатам (Қабынор) ағамыз да сұр биені және Кәптің торы құнанын ерімен ерлікпен екеуін де ерттеп алғанына елеуіреп үш жігіт алып келіпті. Кәуата міне қарындасыңызға мінгізген атыңыз, мынау уақытша күйеу балаңыздың аты әдейі сізге, сіздің қайын ағаңыз бақ бастығына тапсыруға әкелдік. Біз ол жаяу қашқындарды ұстауға Марадағы азаматтар бірігіп, таң біліне, аттанып ұстап әкелмекпіз. Бақ бастығы сіз не айтасыз? Құдашаңызды ұстауға барасыз ба? Егер барсаңыздар таң атпай, біздің ауылға барыңыздар. Өздеріңіз ат-көліктеріңізге, қапты құрт-қарынды майларыңызға ие болыңыздар деп бақ бастығынан шешім күтпей бақ бастығы ширығып, ыза кернеген кейпіне сүйінсе де, өзі білермендік көрсетіп тұрғанына намыстанды да «қашқынды» ұстауға ұмтылған қылығын құптап: «Жарайсыңдар, жігіттер! Екеуін ұстап, байлап алып, ауылдың ортасындағы 2 бақтың бастығының конторы ана тігулі үйге әкеліңіздер. Сол жерде бір көресісін көрсетіп алып, сұмынға екеуін тіркеп жаяу айдап апарамыз» депті.

Кәуатам

Кәуатам ешкімге тіс жармай, ызадан жарылардай түтігіп, түнде көз ілмей аунақшып жатып, таң таяды-ау дегенде тұрып ерттеулі сұр биеге мініп, Нөреліктегі өзінің үйіне бірақ тартыпты. Мара мен Нөреліктің жолы да жаттық жол емес. Жолда Уланасх, Харасх, Төмөрті өзендерінен өтіп, бір бөктерден қиялап, бір мойнақтан құлдилап, бір жотаны айналып, қабақтан атын қарғытып қорым тастың арасындағы қилы-қысталаң жолмен Нөрелікке қарай өрлеп жетеді. Түс кия үйіне зорға жетіп үйдегілер алдынан жүгіріп шыққанда: «Әлгі қыз қашып кетіпті», - депті де, сіресіп келген аттан әрең түсіп белі шойырылып, қайта тұра алмай жатып қалыпты.

Бұл шақта таң ата атақты дараға аттанған топтар Оролгыдан қашқынды таба алмай, алқымына ашуы тығылып, ызадан булығып қозы ағытатын уақытта-ақ салдары суға кетіп шұбырып Марадағы бақ бастығының кеңсесіне әлдеқашан келіп қойған-ды.

Шешем

Менің әкем Мұқамәди, Қабнұрдың әкесі Баймәди екеуі Жолаушыұлы Мүліктің ұлдары. Баймәди жасы кіші болса да шаңырақта отырған соң жеңгесі менің анам қайнысын құрметтеп «Кенже аға» дейтін. Біздің үйдегі өлгеннен қалған төртеуміз де «Кенже аға» дейтінбіз. Біздің салтымызда бір жас үлкен ағаға ат қоямыз, Кәуатам Кенже ағамның тұңғышы. «Шешем» кенж еағамыздың әйелі. Шешем мына жағдайды естіген соң қасына менен бірер жас кіші Мүтәлібін құнанына мінгізіп, өзі жолдан

шаршап келген сұр биеге мініп, Байнұр көлінің жағасындағы біздің үйге бет алыпты. Шешем қиялау, қысталаң жерлерде, еңісте атпен жүруге қорқады. Атын жетелетіп өзі жаяулап жүріп, таудан күн барда түсіп алыпты, әлдеқашан ел орынға отырғанда жаттық жол сайдың жолымен айналып біздің үйге жетіпті. Түннің қараңғысына қарамай, анам «қарағымнан айырылдым» деп дауыс шығарып көрісіп, мұң-зарын төгіп-төгіп алыпты. Еленде отырған ауыл адамдары көрісті естіп тұра жүгіріп шешем апама келіп мән-жайды біліп қайтқан апам: «Сұмынның бүкіл халқы тікесінен тік тұрып іздеп кетті. Егер табылса екі қолын байлап, сүйреп әкеледі ғой. Қаңырығы түтеп келгенде жалынып таңдайын бір жібітейік» деп екеуі ерте тұрып шай қайнатып, құйып алып, үміт дүниесі ғой, бір дорбаға құрт салып алып жолды тосыпты.

Менің әкем анда-санда бір нәрсені бір кездейсоқ болжап айтқанда айнымай келуші еді. Біздің қолға түспей ұзап кеткенімізді біліп отыр ма кім білсін. Апам, шешемдерге несіне әуре боласыңдар деген ғой. Алдымдағы екі жас үлкен ағам (Екей аға деуші едік) Елеусіз Егеухан жоқ дегенді естіп түнімен ұйықтай алмай, сол күйі тауға жалғыз шығып кеткен күйі жоқ. Тау дараға барғандар қопармаған қорым, аунатпаған тас, арасын ашпаған үйдей-үйдей қараған тал қалтырмай, ине іздегендей-ақ тінтіп алдыңғыларша арпалысыпты. Кейбір із кесушілер жақын-жуық немерелес ағайындардың түнде көгендегі қозының арасына, шөгерген түйенің жанында түнеп тыңтыңдапты. Күндіз қой жайған қойшы тамақ апара ма деп аңдып, қозы қайырған, жарға ойнаған балалардан жүк артындағы ағаңдар тұрды ма деп тәтті беріп алдап та, қорқытып та сұрап көрген. Екі тәулік іздеп таппаған соң лауазымы жоғарылау топ басқаларға сендер іздеп тауып келіңдер, біз қайтайық жұмыс тоқтап қалды деп қайтқан.

Жол тосқан апам-шешемдерге түрлері өрт сөндіргендей түктері беттеріне шыққан суыт жүрісті адамдары: «Әзір жоқ. Жердің тесігіне түсіп кетсе де, соңғылар тауып әкеледі» депті. Үш тәулік өткенде екінші топ қайтыпты. Баяғы жоқ-жоқ. Күн сайын бір-бір топтан қайтып келіп, ең соңғы топ бір аптада оралыпты. Олар келе жатыр дегенде, енді осылар әкеле жатыр ғой. Сабап қинады ма, тірі әкеле ме әлде өлтіріп аттың артына өлігін бөктере салып әкеле ме, деп апам-шешем сасқалақтап ентіге басып, екілене жүгіріп бара жатқанда апамның аяғын томпақ қағып кетіп ұшып түсіп шайы төгіліп отыра қалып дауыс қып жылапты. Болмаса таңдайын бір жібіте алмадым-ау деп, сөйтсе баяғы жоқ-жоқ. Марадағы үш белсенді қайтсек те табамыз деп ұмтыла-ұмтыла мұз таудың қойнауына түнеп өкпелерінен ызғар өтіп, жазғы зертең қандай қиын, ақыры дәрігерге жетіп емделіпті. Біз табылмаған соң 2-бақтың бастығы Машақ көршілес «Эрдэнэбурэн» сұмыны жаққа Байнұрдан «қашқын» қашты, атып ұста деп хабарлама жазыпты. Алайда оны Жанаттан жасырыпты. Сұмын атқару әкімшілігінің бастығы Керейбайұлы Жанат әкемді шақырып алып: «Ағай, сіз албаты қайғырмаңыз, жер таза, әйтеу аман кеткен секілді» – депті. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деуші еді ғой, Алла қуат беріп бір жерге жетіп паналаған шығар. Әлі-ақ естиміз, тілегіміз аманшылық болсын!– деген. Кәптің үш айғыр үйір

жылқысы иен қалды. Кәптің жалғыз ағасы Жақыпұлы Күнтуған. Тұлба сұмынынан ары Баян-өлгий аймағымен шекаралас Қобда аймағының шекарасы «Баянэнгэр» деген жерге жер иелену үшін - жаңа бірлестік ұйымдастырасың, ол бірлестіктің аты «Жаңа нұр», елімізді бірлестіктендіру ісі аяқталуы қажет деп, басқа жаққа жібергенү Аймақтық партия комитеті таңдаулы кадрлерді осындай тың іс ұйымдастыруға ұйғаратын. Мұндай жаңа бастаманы бастаудан бас тартатын лажы жоқ. Партия мүшесі, партия саясатының жанашыры, жаршысы. Осы ұйғарыммен жазғы тұрым наурыз айы туа көшіп кеткен.

Ал, Кәптің өз үйін Баян-өлгий аймағының Алтынцөгң сұмынын мекендеген. Құла мойнақтан асып Жалғыз тал аталатын кең жайлауды жайлап отырған кенже қарындасы Зағиланың күйеуі Малшы келіп маусым айының 27-нде Кәптің анасы Көңілқызы Қадыби, әйелі Ақмәдік қызы Кенжебай, Бақытқан атты 11 айлық қызы үшеуін көшіріп әкеткен. Ол кезде Кәп жылқысын, айдап көшпен бірге кететін адам ғой. Бұл үш айғыр үйір жылқыны ана үш жігіттің үлкен ар жаққа, суы ағаш басына шығып тасыған шағында Қобда өзен суынан өткізіп қуып жібергендіктен Кәп сол жылқыны іздеп кеткен. Жылқыны тауып Мараға айдап келе қалғанда, Егеухан Мұхамәдиқызы сайтандай сап ете түсіп, Кәп екеуі жоқ болып кетті. Енді Кәптің Тұлбадан жаңадан бөлінген Баян-энгэр сұмыны Жаңанұр бірлестігіндегі жалғыз ағасына, Алтын-цөгц сұмынына көшіп барып Кәптің қарындасы Зағила күйеу баласы Малшының үйнің қасында итарқа тігіп Кәпті жылқы айдап келеді арықарай Баян-энгэрге көшеміз деп екі көзі төрт болып елеңдеп отырған анасымен әйеліне, қарындасы мен күйеуіне бір барып мына өрескел жағдайды жеткізу керек қой. Оған кім барады? Отқа жақын іс күйеді ағамен қанаттас ағайын болып жүретін. Бұрын да Баян-нуурда бірге болған қарақас сүйекті Сары Қатыранұлы Тоқай: - Мен барып оларға өзім мән-жайды айтып келейін, артынан жылқысын жеткізіп беремін,– деп сыбанып аттанып кетіпті. Тоқай салт атпен сол жүргеннен мол жүріп түнделетіп барса, жайлауда Нәріш құдасының үйінің қасында Кәптің үйі тез көшеміз деп итарқа ғана тіккен, жүгі шешілмеген, тең-тең болып үюлі тұр екен. Малшы, Зағила отырған құданың үйіне түсіпті. Зағила тұрып шай қайнатқанша Тоқай Малшыға атты таң асырайық, қане жүр ерін алып дұрыстап байлайық деп ымдап далаға ертіп шығады. Жалғыз ұл қашан келеді ар жақтан жылқысын аман тауып, судан өтіп Мараға жетті ме деген қалың ойға батып аунақшып ұйықтамай жатқан ана. Түн ортасындағы аттың жүрген дүрсілін естіп ақырын тұрып қарап, Малшының үйіне біреудің келгенін көріп, бұл неғылған адам. Түнделетіп неге келді? – деп қауіптеніп жүктің түбіне отыра қалып тың тыңдайды. Кешікпей Малшыны ертіп сыртқа шыққан Тоқайды тани кетті. «Ұйбай-ай! Не дер екен дегенше Тоқай: – Әлгі жынды Кәпті Мұқамәдидің қызы туу Баяннұұрдан Мараға жаяу іздеп келіп әй-шәйға қаратпай ертіп алып қашып кетіпті. Өлі ме, тірі ме білмейміз. Марадан, сұмыннан неше қабат бригада шығып іздеп таппады дегенде. Ана ғаріп ары қарай тыңдауға шыдамай бар дауысымен «Ойбай, құдай! Ойбай, құдай! Қу жалғыздан айырылдық десеңші. Мен құдайға не жаздым?

Ойбай, ойбай!» деп екі бетін қып-қызыл ала ғып, талып құлап бара жатқанда ананы далада сөйлесіп тұрған екі еркек бастабында ойбайдан сасып қалса да жүгіріп барып бас салды. Үйдегі Зағила да бұл сұмдықты естіп о да жылай жүгіреді. Кәптің әйелі де не дейді, – ойбай әлгі «аққаншық» түбіме жетті-ау, әлгі «аққаншық» түбіме жетті-ау ойбай! Бұл недеген қорлық, ойбай! – деп жылай жүгіреді. Жеті қараңғы түнде азан-қазан дауыс шыққанда әсіресе «Аққаншық, аққаншық!» дегенді естігенде олармен үйлері тура тұстас, қатарлас отырған адамдар әлгі біздің «аққаншық» барып бір кесапат жасаған екен деп зәре құттары қалмапты. Өйткені өзі жүйріктің жүйрігі жүректі алғыр тазы аққаншығы бар екен. Ол қуса, түлкі, қарсақ, қоянды да құтқармайтын. Бірде қорадағы қойға шапқан қасқырмен айқасып жараланған да кезі болған. Сол ит байқаусызда шешіліп кетіп көшкелі отырған үйдің әйелін талаған-ау, оны мықты байлаған жоқ па едің десіп үй иелері асып-сасып қатарласа тұрып шала-пұла, апыл-ғұпыл киініп ойбай шыққан жаққа тұра ұмтылысты. Екеуі қатарласа тұрып жүгіріп жетіп келіп: – Қарағым-ай, аққаншық байлаулы, еді қай уақта босанып кетті, сені талады ма, не болды, – депті. Кәптің әйелі: Ойбай адамның аққаншығын айтамын. Әлгі менің төбетімді жетелеп қарғы тағып артынан ертіп алып кетіпті. Ойбай! Ойбай! – деп тепсініп зар еңірепті. Жеті қараңғы түнде айқай шу, ойбай шыққан соң ауыл адамдары ұйқылы ояу төсектерінен тұра-тұра жүгіріседі. Абдырап-дабдырап келген адамдар мән-жайды анық ұқпай ұйбай ана үй аққаншығын байламаған ба десе, біреулер көзімен ымдап өзіне шақырып алып: «Әй ана байғұс әйелді тастап, бұның күйеуін алып қашып кетіпті. Тоқта-тоқта, үндеме» десіпті. Талып түскен Кәптің анасын Малшының үйіне апарып жатқызыпты. Түн ішінде ұйқысынан тұрып келіп түкке түсінбей үрпиісіп тұрған көпшілікке Баяннұұр сұмынан түн қатып, түсі қашып келген Тоқай ағай өзінің келген жұмысының, мына ойбайдың мән-жайын түсіндіріп әңгімелеп береді. Жиналғандар елу шақырым жерден жаяу іздеп келіп қыз үйлі-баранды жігітті алып қашып кеткен неткен сұмдық мынау. Күлмеген күлге берсін деген осы ғой, үйлі-баранды адам қыз алып қашты ма? Әлде жылқы айдап кеткелі тұрған жігітті әй-шәйға қаратпай қыз алып қашты ма? Не қылса да ит ұсасын кәпірлерге десіп жағаларын ұстады. Таң атып ауылдың тайлы тұяғы қалмай жиналды. Көпті көрген Малшының анасы құдағи Зейнеп талып жатқан анаға дәрі иіскетіп Бектіұлы Мұса құда бар бәрі ана есін жиған соң: «Тұр құдағи тұр! «Кебін киген келмес, кебенек киген келеді» деген бар, балаң тірі кетті. Жаман ырым бастама, түбінде балаң тірі болсын, әлі-ақ келеді. Тұр,тұр десіп тұрғызыпты» Тоқай Тұлбадан арғы Баян-энгэрдегі ағасына хат жолдап кейінірек жылқыны жиып теріп жеткіземін, мән-жайды толық түсінісіп өздеріңіз де, Кәп туралы сұраулас боларсыз. Мені бүгін келмеді демеңіз болған жайды толық тәптіштеп жаздым ғой. Сау болыңыз деп хат жіберіп қайтып келді деп сөзін бітірді Дақаң ағай.

Жақсыдан шапағат

Біз елден хабар алып бір ойдан қуанып қалсақ, бір ойдан ата-ананың күйзелгенін естіп, онсыз да сағынышым сары өзендей толқып жүрген басым қатты қиналып қалдым. Спортшылардың көріп қойғанына да қатты қысылдық. Әр адам өз мамандығына жан-тәнімен беріледі ғой. Ішкі істер қызметкерлері күдіктіні көрсе істің ақ-қарасына қарамай, жерден жеті қоян тапқандай, қуана-қуана қуып ұстайтын әдетіне басып, Базарқан бізді көрген соң ұстап әкеткісі келіп жанындағы жолдастарына: Бұл қашқындар мұнда жүр екен ғой, Баяннұұр сұмын әкімшілігі іздеп жүр еді, оларды сандалтпай, ұстап апарып бергенім жөн шығар депті. Бұл сөзді жанында тұрған басқа жолдастары түгел естиді. Бәсеке бір аптаға созылады. Әлгі сөзді естіген соң жай киінген бір адам біздің үйге келіп шай ішті. Бізден әр-нәрсені суыртпақтап сұрап тіршілігімізбен танысып, ауылдан шыққан себебімізді жолда қалай жүріп, не көлік мініп мұнда қайтіп жеткенімізді тәптіштеп сұрап, анығына жету үшін қадағалап білуге ниеттеніп, әр жайды орағытып сұрап ойлы көзбен көп қарап, сырлы сөзбен сыралғыдай сыйпай қамшылап, сырымызды сындарлы сынағынан өткізіп отырғандай болды. Өзі де сол Байнұрдың Мара, Дэгнүүлт. Дара, сарқыраманың сай-саласын, тауын-тасын, түйіскен шың жартас-жаламаны жарып сарқырап, сайдың табанында ойын салып, ойпаңды осып-орып арқырап аққан өзеннің тақасып тұрған тау шатқалдарында жарқырап жанасып, тұрған шың жартасты құшып-сүйіп аймалап амалсыз ақмоншағынан шашу шашып, асып-сасып ағатын арынды өзенін, қысаң жерден қысылып судан ары-бері өтетінін өзі бала жастан біліп, жан тәнімен сүйіп өскенін де жайып салды. Ол азамат Баян-нұұр сұмынына қарасты 2-бақтың халқы Өмен ақсақалдың ұлы Қанай, қазір Ұланбатыр қаласында ішкі істер бөлімінде жұмыс істейтінін, мұнда ешкімге жарияламай, жасырын істермен жүргенін айтып салды. Әкесі Өмен кедей шаруа болғанын, өзінің де әртүрлі өмір белестерін басынан кешіргенін әңгімелеп ағынан жарылды. Бір жердің төлі болған соң негізі біздің атымыз қашқын деп дүбіріміз жер жарғаны болмаса адамға, қоғамға айтарлықтай қауіпті жағдайлар аңғарылмағандай сезіліпті Қанай Өменұлына. Ол Базарқанның бізді ұстап апарып берсем деген ойын құптамайды. Оларда біздің неміз бар, елге қоғамға қауіпті жағдай тудырмаса өздері тауып алсын. Әйтпесе жанын бағып жүрген жастар көрінеді, артық ауыс қылық аңғармадым депті. Біз ұсталмадық. Бұл спортшылардан хабар алған соң Баяннуур сұмын атқару әкімшілігінің бастығы Жанат Керейбайұлы әкемді шақыртып алып, олар: УВС-да аман-есен жүр екен алдыртайық па деп сұрапты. Әкем Егеуханның жасы 17 ден 4 ай асты. Өкімет заңына қайшы болмаса, әйтеу аман ғой, жүре берсін, депті.

Бір бұталық болармын

Тамыз айының тамылжыған тамаша ауасы. Аса бір жадыраған жаймашуақ күн нұрын төгіп тұрған. Кәп екеуміз түскі шайымызды ішіп шағын дастарқанымызды жиып, орнымыздан тұра бергеніміз сол еді. Сыртта дүрілдеген машинаның дауысы естілді. Есіктің жапсарынан сығаласам есіктің алдына бір үлкен автобус, екі жеңіл машина келіп тоқтап тұр. Бізде қыбыр етіп далаға шығатын жағдай жоқ. Үйдің ішкі босағасында состиып тұрып қалдық. Адамдар самбырлап сөйлеп автобустан, машинадан түсіп жатыр, түсіп жатыр. Көп ұзамай есікті біреу бар пәрменімен ашып қалып, онсыз да босаға да тұрған екеумізді бас салып екі қолымен қармап өзіне қарай тартып құшақтап: – Қайда қаңғып жүрсіңдер, – деп жылады-ай кеп, біз де мұндай ағалық ыстық құшаққа зәру болғалы қашан. Солқылдап жылап тұрмыз. Үйге адамдар шұбап кіріп жатыр, кіріп жатыр. Бізді құшақтап жылап тұрған Кәптің қарындасы Зағиланың күйеуі Малшының ағасы Нәрішұлы Сағидолда ағай екен. Ол кісі Сәрік ботағара мен Нұра ботағарамын. Ол жағынан да ағай болатын-ды. Мен кіріп жатқан адамдарға көз қиығыммен ғана сығалап, жылап тұрмын, қорқып тұрмын. Үйге кірген әйелдер, азаматтар, кигендері өңкей асыл, жүздері жарқын. Бейнелерінен ештеңеге мұқтаж емес. Жалғанды жалпағынан басатыны, көп ешкімді теңгере қоймайтындай көтеріңкі көңілдерін көре, үйдің ішіне паңдана қарайды. Төрдегі екі кісілік тақтайдың біріне Нәжікенұлы Оразбаймын деп үлкен ата отырды. Енді біріне отырған жігіт ағасы: «Мына Баян-өлгейдің балаларына мен де амандасайын, аман саусыңдар ма? деді. Біз де бәсең дауыспен: «сәлеметсіздер ме?» деп амандастық. Әлгі ағай «мен Қабдыл ағаларыңмын, Баян-өлгей аймағының әкімі боламын. Сендер елге Өлгейге қайтыңдар. Бізге де намыс керек. Баян-өлгей жалғыз қазақ аймағы. Өзінің үйленемін деген жастарын сыйғызбай, жаяу қашып барып Моңғол аймақта жұп құрып, жұмыс жасап, жақсы өмір өткізуде десіп жүр. Бұл қаңқу бізге жеңіл тимейді. Қайтыңдар, Бай-өлгейге мен өзім жұмыс беремін. Сендер көмейлерің таза болса, басқа ілік-қақпадан қорықпаңдар. Қазақта «бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады» дейді ғой. Елге қайтыңдар, мен бір бұталық болармын» деді. Бұл топ УВС аймағының атақты демалыс орыны «Хархэреге» демалуға бірігіп келе жатқан Баян-өлгей аймағының игі жақсылары, сорпа бетіне шығар ығай мен сығайлары екен. Тар үйге сыйыспай қатарласып сыңсып тұрғандардың арасынан әйелдердің кейбіреулері бізге мысқылдай қарап: «әй ана ағаш төсектерін қарашы өздерінше өмір сүру сиқы осы деп отыр-ау, жазғандар» деп сықылықтап күлісті. Біз қапелімде Өлгейге барамыз, не бармаймыз деген бір шешімге келе алмай аңтарылып тұрып қалдық та өлең шумағында шешімімізді жарияладық:

Сасқанда жан қысылып көріп қыспақ,
Құшақ ашып құрметтеп көрсетті ұшпақ.
Шагдар шамшыл түбінде Қабдыл қандас
Шаланың екібасы бірдей ыстық.

Шешімге келмей тұрып қала бердік,
Жылап тұрып көп адам жүзін көрдік.
Бастық әйел бастықтың әйелдері,
Десіпті өмірлері өкінерлік.

Қабдылдың әйелінің аты Бұлбұл,
Бұларды бұлықсытқан мансап құрғыр.
Ағаштан нар төсекте жатқаны-ай деп,
Көп әйел күлісіпті сыңғыр-сыңғыр.

Сағидолда бастықпен үзеңгілес,
Ілеспесе жасайтын теке-тірес.
Турашыл шынның жүзі шыныктырған,
Жосықсыз жолдан тайса көрсетер сес.

Әйелдерге тиісіп сапты бүлік,
Қызылшыл қылымсыған кері миық.
Олардың шаңына да ілеспейсің,
Қыр асатын сендерде бар масиық.

Қабдыл ағай ол рас кешір депті,
Өсекші әйел үніңді өшір депті.
Асыл тастан шығады ақыл жастан,
Қайратты олар, қажырлы тұқым текті.

Итпе ағашпен ілгері ұмтылтады

Бидай піскен егін орылып, жиналып, қарбалас басталған шақ. Күз болып, күн қысқарса да, бұрын үйден ұзап шықпаған маған таң атса, кеш батпай ата-анамды, ауылымды сағынып жүрмін. Жауын-шашын азайып, Қобда өзенге құятын тау бұлақтары тартылып Қобда өзеннен өтетін ұзын аяқ түйелермен өтіп УВС аймағынан жылда бидай таситын. Мен де осы шақта шартпен бидай алатындар келгенде апам келіп қалар ма екен деп үміттеніп, үнемі жолға қараумен жүргенмін.

Сағыныштан сарғайып жан-жапырақ,
Ұшып барад жан-жаққа таппай тұрақ.
Түйткілімнің түйіні шешілмеген,
Жүрек қабы жұқарып жүр қақырап.

Ананың бар бақыты балалары,
Құлағымда ежелден ана зары.
Қазір қандай күйде екен, тірі ме екен?
Деген ойлар ылықсып мазалайды.

Айтқанымдай алыстан зар естілді.
Жазираны жасындай жара тілді.
Боз іңгенмен қосылып боздап келед,
Қайғылы үні зарлы болатын-ды.

Анамыз бұрын тірі өліп көрген,
Төркінінен ешбір жан жоқты ерген.
Жалғыз бауыры әскерден келе қайтты,
Үйін бұзып көршіге бөліп берген.

Ол ол ма тұңғыш ұлы Әбділнұры,
Елден жерден тысқары сонау жылы.
Тыңшылық тылсым әлемге аттандырған,
Тұңғиықта тұншықты тұңғыш сыры.

Жасында шетінеген бес баласы,
Алланың да бергендей бар аласы.
Менен үлкен Елеусіз, мен Егеухан,
Ырымдап ат қойған ел ғұламасы.

Өткен күндердің қайғысын ұмыттырмасақ та, ата-ананың көңіліне медеу, үмітіне демеу, зарығып көрген Елусіз, Егеуханы едік. Біздің соңымыздан Шаhизанда ұл, Шәкерхан атты қызды болған. Ең кенжесі Шайнұрдан да қызылша шығып, ішке түсіп кететін қауіпті дерттен жас жарымда шетінеген. Өлгенде көрген төрт көбелектің бірі, бірі болғанда бірегейі, «қыз өссе елдің көркі «дегендей жаңадан бой жетіп, елдің көзіне түсіп, ел аузына іліне бастаған қызық қуанышы қызын көріп көңілі өсіп, көркейіп, ел қатарлы еңбек істеп, еңбек болғанда ол шақта екінің бірінің қолы жете бермейтін сұмында әкімшілікте өзінше жауапты қызмет атқарып ата-ананың көңілі марқайып, босаған белі бекіп, қаражаттан да қарымды көмегі тиіп ,әжептәуір әлденіп қалған. Осы қыздың салып кеткен лаңынан өлмесе де өлесі болып, сағы сынып сандалып отырған ата-анаға Дағыс Еркетайұлы спорт бәсекесінен келе салып жетіп келіп есіктен кірер кірместе: – Сүйінші, Егеухан мен Кәпті көрдім. УВС аймағында Кәп мұғалім бастарына киізі екі қабат моңғолдың киіз үйін беріпті. Жағдайлары жақсы екен, - дейді.

Әкем-апам

Ал, қарағым, ал! - деп айтып жылап жіберіпті де, ілулі тұрған қызыл түлкінің терісін ұстатып: «А, құдай! – ақсарбас, Ақсарбас! Алдыңғы өлгендерден не көріппін, «өлген арыстаннан тірі тышқан артық» деген ғой. Құдай-ау, жер бетінде болса барып көріп келейін. Егеухандар тірі бар екен десіп, ағайындар бірінен-бірі сүйінші сұрап мәре-сәре болысады. Әкем, Кенже ағам, Кіндік атам, Тентек ағам, Ұзын Шәкей, Шәкіми, Сәндібай, Әндібай бәрі сонау соғыс жылдарында сол УВС аймағына екі адам бір түйеге мінгесіп барып, адамдарға жалынып, күзгі шөп, егін жинасып, қысқа отын дайындау сықылды бір айлық жұмыстарды атқарып, ақысына 4-5 пұт астық алып УВС аймағындағы бір үлкен таудан қызыл тұз, бір үлкен таудан қара тұз ақтарылып жатыр, сол тұздан бір жарым қап қазып алып, бәрін түйеге теңдеп, жүктің үстіне кезек мініп, аяқ лаулап әкелген арпа бидайларын балаларына талғажау тамақ болғызып асыраған. Бәрі УВС аймағының қысы суық, УВС көлінің көлемді аумағынан үнемі бу көтеріліп өлкесін тұман басып, қыс айларында күн көзі көрінбей аяз шөгіп тұратынын жыр қып айтатын. Апам тірі бар дегесін бір көруге асығып: УВС-ыға барып әлгі қаршадай қызды көзіммен көріп келемін деп келмекші болады. Әкем мен Кенже ағам, Кәуатамдар УВСының қысы әйгілі ғой жылы киім көрпе жастық жеткізгенің жөн десіпті. Елтірі ішік жұқа суық болар, қойдың түлеме терісінен ішік апару керек, өңі қалың ғой аяз өтпес. Бастарына тіккен киіз үйдің еден тақтайы бар дейді. Аяқтарының астарына жылы ойыстырған киіз сырмақ, түйенің жүнінен талдырма тартып жасаған екі көрпе, түйенің қабырға жүнінен тоқылған екі жейде, екі пар байпақ, екі пар қолғапты күн ілгері дайындап қояды. Ала жаздай екі сиырды, елу шақты сауынды қой, ешкіні сауып алған құрт ірімшігінен дорба-дорба салып алады. Оған қоса қозықарын сары май, серкешқарын қатықты бәрін-бәрін ыңғайлап, әлі мінуге толық жаттықпаған құнаншаға ер ерттеп екі жағына жүгін теңдеп апам өзі мініп, Алла жол берсін аттанбақ болып дайындалады. УВС аймағының (тариалан) Егінді алқапта өскен баданадай ақ бидайдың дәмін-ай сүт татып тұрады. Жылда егіп піскен кезде шартпен бидай алуға кіре баратын. Баян-өлгий аймағының Баян-нуур сұмынынан биыл Әбілғажы, Байғажы бастаған оншақты адам 50 түйемен бидай алуға кіре жүреді екен. Апамның өзінің руы шеруші сүйекті бауыры Байғажы бас білмейтін құнаншаны жетелеп жолға шығады. Кірешілер араға екі қонып Егіндіге де жетті. Ол кірешілер бірінен-бірі бөлінуге болмайды. Әркім өзіне тиесілі астығын өз көзімен көріп, қолымен ұстап, өлшеп қаптап алған жөн болады. Апам өзі көп ешкімге жалынбайтын жастайынан жасайтын шаруасын шамасы келгенше әрекеттеніп тындыратын жан еді. Сол әдетіне басып үйде бұрыннан аңға шықпас аңшылар сайламай қару сайманын дегендей, бес түлік малға қатысты керек жарақты дайындап қоятын. Биыл осы құнаншаны бас білгізуге, мініп-түсіп емін еркін жүруге жүк артуға үйрету үшін күні бұрын жіңішке қайыңнан ұзындығы құлаш жарым, жуандығы ортан қолдай басы аша екі ағашты әкем ерте кесіп

алып аршып кептіріп қойған. Сол дайын екі ағашты сырмаққа орап түйеге теңдеп қойған. Кірешілер бидай алатын жерінде қаламыз деген соң әлгі итпе ағаштың бірін алып ұзақ жолға жүріске жаттығып, ыңғайға көніп қалған құнаншаның бидасын итпе ағаштың ашасына іліп түйенің басын алға қарай ұмтылтып, УВС аймағының орталығына қарай аңырап жатқан даңғыл жолмен маңып берген. Баратын жері әлі де 30 шақырымдай дескен. Түйенің көш аяңымен жүрсе көп жолды ұтады. 20 шақырым жүрген соң Оғызымдағы ауылдан жөн сұрап, сырттан сусын ғана алдырып жұтып, аялдамай суыт жүріспен жүре берген. Қанша қарымды жан кешті болса да, жанды пенде ғой түйенің үстінде 3 күн бойы күн қақтап, жел қағып, еріні кезеріп, өңі күреңітіп өзгеріп, түйенің ырғағына белі кілтілдеп, саны үзіліп қары талып, дене қызуы көтеріліп, шықпа жаным, шықпамен сіресіп әрең-ақ келеді. Сұрай сұрай Меккеге де барған дегендей жолдағы жол нұсқаушылардың жобалауымен ауылға таяған сайынд енесі босап 5-6 қазақ үйлердің шетіндегі кішкене моңғол киіз үй дегені дәл келіп жақындаса, түйеден домалай салғалы келеді.

Әлдеқалай біреу келіп қалардай аздан бері жолға алаңдап үйден қайта-қайта шығып қарап пайыз таппай сыртта жүргенмін. Жол жақтан кимешек-шылауышты ананы көріп тани кетіп, ауыл-үйге айта салып Кәп екеуміз алдынан тұра жүгірдік. Итпе ағаштан алға ұмтылтып түйеде елпілдеп желе аяңмен келіп қалды.

Изектеп бел кілтілдеп, қары талып,
Үміті бар ма, тірі көрем бе анық?
Жолсоқты ыстықтан ба, көліктен бе?
Ананың денесі ысып күйіп жанып.

Сұрай-сұрай таяды жорамалы.
Жас толып қарашыққа оралады.
Аңырап сай-сүйекті сырқыратып,
Түйе шөгер шөкпесте домалады.

Жұпар иісті жұп-жұмсақ мамасын-ай!
Аңсар көңлім аймалап қанатындай.
Белін шешіп бесікте емізгендей,
Мейір төкті иіскеп, құшып анашым-ай!

Апам Оғызымнан өтерде жол сұраған соң, Апам қырғы жолмен жетіпті. Түйені шөгерген соң, Кәп екеуміз түйеден түсіріп алғанша Оғызымдағы 5-6 ауылдың адамдары ішкі жолмен атты-жаяу бірақ шұбырыпты. Бәрі апамды қаумалап амандасып үйге кіргізді. Олардан Әшім қой өңгеріп алған. Кәтелхан, Бәйтіл уәкіл, Дөкең қария, Оспан Көксеген, Бөжен, Есен бәрі үй іштерімен айран, сүт, жаңа сүзілген ақ ірімшіктерін салып ала ұмтылыпты. Ауылдастар Қасым Сағидолда Қабдырахман

Әбілқайыр Шәкерлер апамды апай деп жуық тартса, басқалары да ауыл аймақты түгел сұрасып қалды. Әшім әкелген ақсарбас қой сойылды. Көңілді отырыс болды. Апам мені Мараға жаяу барды дегенге сенбейтін көрінді. Апам оңаша бола қалғанда, менің ұрысқаныма Кәптің келуі қайтіп сәйкесті, – деп сұрады. Мен өзім түнделетін жалғыз жаяу барғанымды жеті өзен құятын құйғаннан өлдім талдым дегенде жаяу өткенімді, әзір ажалсыз суға ағып өлмегенімді бәрін айттым. Бірақ Кәпті жаяу іздеп баруға мәжбүрлеген уытты ащы, өзегімді тілген қанжардай өткір, өн бойымды өртеген қызыл жалындай лепті, жалғыз ауыз сөзді кейін айтамын дедім. Өзімізбен бірге отырған Сағидолда, Қасым, Қабдырахман, Әбілқайыр, Шәкерлер бір-бір қойын сойып апамды қонақ болғызды. Апам: Бидай артқан кіремен еріп қайтамын. Ағайын ауылдастар мұнда дәм айдап келген екі балаға қамқор болып отыр екенсіздер, Аз ғана қазағым, нағыз қазақтың қонақжайлығын таныттыңыздар бәріңе көп-көп рахмет! – деп ризашылығын білдірді. Кәп өзі қаршадайынан жүйрік атқа шапқан, атжанды, атсыз отырмайтын жан ғой. Осында келіп жұмыс істеп айлық алған соң жол жорғалап басатын жуан жуас ат сатып алған болатын. Сол атты түйеге ерттеп мініп келген ерімен ерттеп мінгізіп, інгеншеге екі қап ақ бидай бір қап қызыл тұз артып, қолына жетелетіп апамды риза ғып қайтардық.

Үш жауырын

УВС аймағына қар ерте жауып, қыс ерте түсетіндіктен, соғымды қазан айының соңында сояды екен. Соғымды үкімет тарапынан беретіндіктен, бізге «Улаангом» 10 жылдық орта мектептің шаруашылығы соғымға 10 қой, бір жылқы берді. Бағасын Кәптің айлығынан ұстайды. Бүгін ауылдастар түгел біздің үйге жиналып, соғымды сойып, аудандап қалған-ды. Бір бала жүгіріп келіп: «Бір үлкен кісі осы үйді сұрады. Келе жатыр» деді. Біз ол кім болды екен деп қарағанша кіріп жетіп келді. Аға екен, Кәптің жалғыз ағасы. Сағынып қалған біз әне-мінеге қарамай, екеуміз қосарлана бас салып жылап жатырмыз. Аға да бізді құшақтап жылап тұр. «Е, е! Өздерің бізді тастап кеткен. Өздерің осынша алыс жерге қаңғып келген» деді өксіп. Басқа отырған адамдар да орнынан ұшып тұрып, келіп, сәлем берісіп, қол алысып, амандасып жатыр. Жайрап жатқан жаңа сойылып, бұзып жіліктеп ыңғайлап тұздап сан жіліктердің арасын жазып екі ұшы үшкір істікпен керіп арсаға сала бастаған терінің, тақтайдың үстіндегі еттің бәрін бір жағына қарай ысырып қойып төрден орын шығарып, апам әкелген ойыстырған жалғыз сырмақты екі қабаттап салып ағаны төрге отырғыздық. Дөңгелек темір пешке отын жағып ақ қазанды асып шайды лып еткізіп қайнатып құйдық. Дастархан жасалып шай ішіліп жатыр. Біреу бас үйтті. Үлкен қара қазанды асып бәрі бүгін біздің үйден соғымбас жеуге тиісті. Және аға да келді. Ет астым. Түннің бір шама уағында ет пісті. Табақ, табақ ет тартылды. Аға келгенге қуаныштымын. Ет желінуде. Бір уақытта аға: – «Балам жілігі бар мал соймаған өздеріннен көр» деп бір

уыс етті алып берді. Менің ойымда ештеңе жоқ. Ұшып тұрып барып ұсынған етті қос қолдап алып, әкеп жеп алдым. Аға көпті көрген, көреген жан ғой. Менің әр қимылымды көзінің қиығымен бағып отыр Ет желініп, сорпа сапырдым. Апам сорпаны жақсы сапырып адамдардың аузы күймейтіндей шым-шым болғанда бер дейтін. Сорпа ішіліп, дастархан жиналды. Сағидолда атай бәйбішесіне күңк ете түскен. Сөйтсем: – сен неге ана атасының сыбағалы жілігін асып бермейсің? Егеухан бала ғой не біледі. Төргі жаққа үш жауырын тартылыпты., мен ол сүйекті атасының қолына ұстатпай тек қана басты кескен соң басқа жауырындарды тез етінен ажыратып табақтың далда жағына қоя бердім. Сен байқасаңшы! – депті. Ол апа: атаң кеткенше, етті мен асып берейін ,– деді.

Ағаға төр алдына төсек салып тоңдырмауға бір қабат көрпенің сыртынан апам Кәпке әкелген қауқар ішікті жаптым. Бірақ ауыл үйдің адамдары тараған соң аға басын көтерді. Аздап әңгіме қозғап, бір сыпыра отырдық. «Жалпы жағдайларың қалай? Шагдар ойдағыдай көмектесті ме? Мен бармын алаңдама деген еді».

Ол келін күйеуге де кетіп қалды

Қарақтарым-ай, сендер із-тозсыз жоқ болып кеткенде менде не зәре қалды? Жалғыз ағамның жалғызы. Өзімнің жал құйрығым, бұдан тағы айрылып сорлаймын ба? дегенде сары уайымға салынып ауырып жатып қалдым ғой. Малшы күйеу үлкен үйді көшіріп, Тоқай үш айғыр үйір жылқыны тайлы-тұяғын қалдырмай түгел жеткізіп берді. Біздің қазақ намысшыл халық қой. Біз Баян-энгерге жинала қалғанда Кенжебайдың жалғыз ағасы Ақмәдік ұлы Сәдей шілде айының 13-інде бір түйе жетелеп қарындасын жиенімен алып қайтуға келіпті. Мен іштей қуанып қалдым. Сәдей құдаға жорта: -Біз оларды іздестіріп жатырмыз. Кәпті тауып әкеліп, Кенжебайға қайта қосамыз дедім. Ол: -Құда, Кәп қайдан табылады? Ініңіз қатын алып кеткенде менің қарындасым иен төсекті күзетіп отыра алмайды. Ертең кетеміз. Қарындасым мен әкесі тастап кеткен жиеніне рұқсат баталарыңызды беріңіздер, – деді. Қадыби жеңгемді білесің ғой, келін мен немере, қызым Бақытқаннан тірі айрылмаймын. Табыңдар, ана жындыны! – деп жылап еңіреді. Бұл оқиға ойда жоқ тосын оқиға ғой. Ауылдастар ауылдың атқа мінер азаматтары жиналып қалды. Жеңгем жылап еңіреп жиналғандарға, немере қызым мен келінімнен айрылмаймын, – деп әлек салды. Келін далаға шыққан үзілісте Елағасы Жуанғанұлы Серікбай (аса алғыр ақылды, алымды, Моңғолияда еңбек ері аса қадірлі беделді адам) менің жеңгеме (өзімен тұстас): Қадыби, сен ақылдан адасқансың ба? Мына қатын үйде отырғанда, ұлың маңайды баспайды. Саған ұлың керек пе, жоқ әлде ұлың тастап кеткен мына қатын керек пе? Ойлан! Немерем деп еңіреме. Ол алған қатын да бір қыз табар. Егер ұлымды көрем десең, бөгеме бұларды. Қайта өзі кеп әкетем дегеніне жағаңа түкір. Тез аттандыр,– деп үзілді кесілді бұйырды. Біз дімізді ішімізге тартып үнсіз-түнсіз отырдық. Келін

тыңдап естіп тұрыпты: – Иә, кетеміз! Бізді кетіруге кеңесіп, мақұлдастыңдар ғой,– деп төсек орнын буа бастады. Жеңгем әлі жасқа толмаған 11 айлық Бақытқанды, немеремді беріп кет. Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытпаймын! – деп жылады. Кенжебай мен сізге қызымды берер едім, Кәптің алған қатыны жұмсайды, мен оған шыдамаймын, бермеймін! – деді. Бізде түйе жоқ қой. Төсек орнын артатын түйе әкелгені жақсы болды. Барды-жоғын түйеге артып, бір жуас атты ерттеп келінге мінгізіп кіттей немеремізді алдына беріп, құдаға бір жақсы ат жетелетіп аттандырып салдық. Кенжебай үйіне қайтты. Барған соң өзіміздің апайымыз Жаңылғанды алған, күйеу әрі жиен Ақымбекұлы Оспан Алтайдан да бірге асқан пысық жан еді. Сол кісі өзіне жуық (Еділботағара) әйел ала алмай жүрген күкім атты ағайыны бар екен соны ертіп барып Кенжебаймен сөйлесіп, ақылдасып, кеңесіп келісіп баласымен Тұлбаның Қызылқия атты жеріне Күкімнің ауылына келін болғызып түсірді. Сөйтіп сәті түсіп бір шаруа бітті деді, қуанышын жасыра алмай. Менің бір қуанарым: – Сендер ұрлап кетті, алып кетті деген қаңқу естігем жоқ. Оған да тәубә! Баяннуур сұмындық сауда ұйымының бастығы Кенжебайдың ағасы Жіңтай: Кәп үкіметке төлейтін малдың еті, жүн-жұрқасы, салығын түк төлемеді деп хабарлапты. Заң орыны оның шағымының ізімен менен сұрапты. Мен көрсетілген цифрдың барлығын Тұлба сұмындық сауда ұйымына тапсырды деген қағазды алып, заң орнына тапсырдым. Тағы-тағы майда-шүйде әңгімемен таң таяғанда көз ілдік.

Ағаны Шағдар шақырды

Тұрып шай ішіп отырсақ, Шағдар ағайдың жеңіл авто көлігі келіп, есік алдына тоқтай қалды. Шофері түсіп, ағаны Шағдар кешке үйіне қонаққа шақырғанын айтты. Кешке таман әлгі жеңіл машина жетіп келіп, Аға және бізбен үшеуімізді машинаға отырғызып алып, Шағдар ағайдың үйіне келдік. Аға мен Шағдар өзі де, әйелі де құшақтасып амандасып, жырғап қалды. Кең сарай үй, сәнді жиһаз, жайылған мол дастарқан бәрі де ағаның көңілін көтеріп, бір марқайтып тастады. Ертең демалыс шай ішіп алдағы әртүрлі тағамнан алып жеп отырыңыз. Үйме табақ ет келді. Олардың ең құрметті қонаққа асатын сый жілігі «жауырын» ғой. Аға қолына пышақ алып бастап кескен соң, жауырынды ала беріп мысқылдап күлді. – Шағдар! – менің келініме өзіңнің салт-дәстүріңді әбден үйреткен екенсің сен. Бір жауырын ассаң, менін келінім кеше маған үш жауырын асты,– деп күлді. Аға мен Шағдар ағай өз өмір жолдарын кең көлемде сыр шертіп, туған ауыл, өскен орта, еңбек майданындағы ірілі-уақты тартыстар, тағылымдары бәрі сөз болды. Қазіргі ел көлемінде келешекте жаппай бірлестіктендіру қозғалысы етек алғалы дайындықтар жүріліп жатқаны, бәрін-бәрін тілге тиек етті. Сөз соңында Шағдар ағайға аға: -Менің жалғыз інім, сенің де інің, қаңғып қашып келгенде қамқорлық көрсеттің көп-көп рахмет. Мен жалғызбын ғой, Кәпті жазда мен тұрған Баян-Энгерге ауыстырып жіберуіңізді өтінемін,– деді. Шағдар ағай: -Я, сен айтсаң

болды, бізде орындамайтын бас бар ма?– деп күлді. Аға 4-5 қонып, Қобда аймағына қатынайтын ұшаққа отырып, разы-қош болып аттанды.

Заң адамдары келіп тексерді

Ағаны ұшаққа отырғызып, үйге келсек есіктің алдында екі сары ала форма киген милиция, Өлгейдің милициясының машинасы тұр. Біздің мұнда келгенімізге біршама уақыт өтті. Баян-Өлгий халқы әлдеқашан құлақтанған-ды. Түсінен шошығандай бұл қалай, тағы да шағым түсті ме кім білсін... Оларға Кәп сәлем берді. Олар сәлемді сәл паңдана қабылдағандай болды. Мен де амандастым. Есіктің құлыбын ашып үйге кірдік. Олар төрге жайғасты. Шай қайнаттым, іштік. Киіз үйдің ішінің оң жағы неше қатар жасалған арса. Соғымның еті, қазы-қарта арсалаулы. Олар мыналардың жағдайы тым нашар емес,– деп ойлағандай болды. Бір тәуірі аға келгенде Сақаң үйінен екі көрпе әкелгем сол көрім болды. Олар шай ішкен соң-ақ әртүрлі әңгіменің шетін шығарды. Олардың біреуі әрі тергеуші, әрі шофер Қалидолда екен. Бірі тергеуші Көкен:

– Жә, әңгімелеріңді айта отыр.

– Бұл жерге қайтіп жеттіңіздер?

– Не көлік міндіңдер? Жолда түйе ұрлап міндіңдер ме, ат ұрладыңдар ма?– бәрін ашық айтыңдар, біз іздеріңе түсіп, жүрген жер қонған ауыл-үйлердің барлығының суретін түсіріп алып, бұлтартпас айғақпен келдік,– деді. «Құмырсқаның тас басқаны тәңірге аян», біздің өз жүрісіміз өзімізге аян ғой. Айтып отырған жайларыңыз түсінікті бұл бопсаға саса қойғамыз жоқ. «Таудай қараны, тарыдай ақ жеңеріне сенімдіміз. Оларда бопсалауды қойып, жайбарақат әңгімеге көшті». Шынында да, Баяннуур сұмынында болып, әркіммен сөйлескенде байқағанымыз сендердің неше түрлі қосымша аттарың бар екен, осының қыр-сырын баяңдаршы,– деді.

Айтысшылар
(Жолдасым Кәп Құмарұлының айтқандары)

– Біз өткен жылы бір шілдеханада болдық. Сонда үлкендер тарапынан: айтысатын жастар болса айтыссын десті.

«Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер
Есіктегі басыңды төрге сүйрер»,

Біз өлең бастамақшы болып ыңғайлана беріп едік, төр жақтан:

– Мұнда келсін, ортаға отырып айтсын,– деді. Біз аяқ астынан төрдегі елағалары, ақсақалды қариялардың, елдің игі жақсыларының алдына, топ ортасына төрге шығып айтыстық.

Айтыс – дода халықтың өнері бұл

Нелер әзіл айтылды, шертілді сыр.
Ақынның сөзі ортақ, үні үндес,
Ұққанға ұлы айтыстың тарихы жыр.
Айтыс та қызу өтті арпалысып,
Аяспай жан берісіп, жан алысып.
Аялдаса ағаттық болар ма деп,
Тыңдаушылар тықыршып қаны ысып.
Айтыста ақын асқақ, сергек сері,
Жастықта жалын атып, жаңа пері
Біреуі жас қырандай шүйліккенде
Қарсылас қасқа тісті қайтпас бөрі.
Айтыс-айқас, алыспан- салыспанда,
Ұқсайды екі арыстан алысқанға.
Айбыны алапатты дүлей дауыл,
Батырдай найза тілден салысқанға.
Өткір тіл өңменінен өтті түйреп,
Рух көтеріліп, бірде күйреп.
Есеңгіреп есінен адасқандай
Сөзден нөсер төгілді, түйдек- түйдек.
Тыңдағанның тыныстап қанды айызы,
Өзегінде өріліп қалды ізі.
Кәп те жастан тақуа таныс бізге,
Кем түспеді бұл Мұқамәдиқызы.
Айтыс - ата өнері асқаралы,
Өнерді өрге сүйрер жастар әні.
Ел ертеңі елеулі еңсе биік,
Зор болашақ бүгіннен баталады.
Алда үміттің жарқырап аспан- айы,
Аңсағанның ашылып жан сарайы
Ата- ана «бақ берсін» деп бата берсе
Біреулердің жүрегін паршалады.
Айтыста қыз-ұл болсын теңеседі,
Өнер жолын өрнегін кеңеседі.
Иненің жасуындай сәулелі жан,
Неге айтысты, не деді демес еді.
Өнерлі өнерліні түсінеді,
Қызынар ұқпағанның іші мейлі.
Жарысқа жабы қосса жолда қалар,
Тұлпарға тұлпар ғана кісінейді.
Кей-келіншек келемаж кекей кетті,

Ұялмай жабысты,– деп шымшып бетті

Мұндай айтыс құрысын, құйтырқылы,

Шапшаң, жүр!– деп байларына айбар шекті.

Міне осы айтыстан соң ел құлағы елең,– деп біздің отырып тұруымызға бір ыңғайы келіп, бас қоса қалсақ бәрі аңдулы, бәрі сөз, бәрі сықақ, бола бастады. Әсіресе үш жігіт үнемі ізімізді аңдыды. Әлгі «айтысшылар» деген ат қойып айдар тақты.

Ақшылбыр

Айтыстан соң көп ұзамай, сұмын орталығынан 30 шақырым мектебіне, 2-бақтың жұртшылығына Баян-нуур сұмынынан «Қызылбұрыш» концерт ойнауға бір топ жастар келді. Ол кезде ауылдық жерде мұндай мәдени іс-шараның барлығы ат көлікпен жүретін шағы. Сол концерт ойнаушылардың белді мүшесі осы Егеухан жол жорғалап басатын ұсынса қол жетпейтін, есікпен төрдей тұлғалы, әдемі өзінің меншік ақ-көк атын ойнатып мініп келіпті. Концерт мүшелерін түгелдей мектептен арнаулы орын дайындап соған қабылдады. Мініп келген аттарын апарып шөпке байлау мұғалімдерге тапсырылды. Мен әдемі ширақ, сыптығыр есілген ұзын ақ шылбырынан жетелеп апарып ақ көк атты үлкен мая шөпке бос қойдым. Ауылдағы шағын клубта концерт ойналды. 2-бақтын халқы түгел жиналған. Концерт тартымды өтті,– деген лайықты бағасын алды. Аядай ауыл ғой. Кім қандай киім киді, қандай ат мінгені, қандай ән айтты, бәрі-бәрі жаттаулы. Таңертең ақ-көк атты ақ шылбырын шумақтап ерттеп алып жатыр едім үйдегі әйелім: – Өзге десе өкпеңді алып қағасың, мынау әлгі сен айтысқан ақын қыздың аты екен ғой. Маяға бос қоя бердің де шөпті таптап өңкей көк қияғын таңдап жеді. Шөпті былғап тастады. Бәсе кеше олар келе әй-шәйсіз бірден ақшылбырды шұбалтып осы атты жетелеп алғаның сол екен ғой. Енді шұбалған ақшылбырдың шылауында кетпей қалсаң екен, – деп кекетті. Содан ақшылбыр атауы пайда болды.

Ақ Егеу

Біз не естімеді ғой дейсің. Мен мектепте аптаның аяғында сабақтың соңғы күні сенбіде орталыққа аттанып бара жатсам, «Кәп, қайда барасың?» деп біреу-міреу сұрай қалса, әйелім менен бұрынырақ: – Ол сұмында өткір жүзді «Ақегеу» бар, соған барып пышағын жанытады, – деп кекетеді. Кейде маған бір шаруа тапсырылса, егер орындалмаса сұмындағы өткір ақ егеумен құлағыңды егетемін, – дейді. Бұл сөзді бақталас жігіттер жерден жеті қоян тапқандай қуанып, елге жариялайды. Міне Ақегеу атауы осылай пайда болды.

Жай әншейін

Екеуміздің де бұрқыратып керемет өлең жазатын жағдайымыз аз. Бірер шумақ ұйқастырсақ, соған мәз болып бірімізге-біріміз көрсеткенше асығамыз. Оны басқалардан жасырып оңашалау отыра қалып, оқып өзімізше пікір алысамыз. Анадайда аңдып тұрғандар, не кеңестіңдер – деп тақауырлайды. Біз жәй-әншейін десек, олар бір-біріне: «олардікі «Жәй әншейін» атайтын-ды».

Өлең сылтау

Өлең сылтау дейтіні, ауылымызда Алтайдан Байқадам Үкірдай ауылы асып келген тұста солармен бірге келген Қалқа қарияның да ауылы болған. Сонда Шәмел Қалқаұлы аға ақын келген-ді. Ол Шәмел Қалқаұлы ақын, Совет Одағы, Қазақстан республикасында Қазан төңкерісі жеңгеннен кейін, бай-кулактарды жер аудару, мал-мүлкін тәркілеу қаулысы бойынша, ауыл-аймағымен қуғындауға ұшырап, атамекені Марқакөлден үдере көшіп, Қытайға, Алтайға қашып барып, онда да опа таппай, Моңғолияға тағы да шұбырған қазақтың бірі, бірі болғанда ірісі. Қытайдан асып келе жатқанда Моңғолияның кең көлемді жерін көргенде ақын Шәмел Қалқаұлы ойына келген бірер шумағын айтып жіберген:

Алтай асып келеміз,
Аяңдамай желеміз.
Моңғолия кең екен,
Жарық сәуле көрерміз, - деген.

Ақын Шәмелдің әкесі Қалқа атақты болыс болған адам екен. Ақын Шәмел шен-шекпенсіз болған. Сондықтан соңынан үнемі қызыл жағалылар қыр соңынан қалмаған. Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы, Баяннуур сұмынына тұрақтап, «Қызыл үй» атанып кеткен халық өнерпаздарына арналған орталықта ойын-сауық үйірмесін ашып, жұмыс істеп жүрген шағында, осында барлау жасап жүрген қызыл офицерлердің бірі оны танып қойып, «Шәмел Қалқаевич» деп мылтық кезенген деседі. Сөйтіп, ұсталып, түрмеге жабылып, Уланбатырда сот ісін қарағанда:

– Сенің халық үшін қызмет атқарғаныңды білетін және сотта ісің қаралып үкім қалай шыққанын білетін, хабарласып тұратын бір адам қажет соны тауып әкел дегенде қалада оқуда жүрген мені шақырып куәгер болдырған. Ақын Шәмел 17 жылға сотталып, өзінің тілге шешен білімді, іске шеберлігінен Моңғолияның атақты ғалымы Ринчин Бямбаевқа хабарласып, түрмеде көп отырмай бостандыққа шығады.

Ринчин Бямбаевқа өзінің өткен өмір жолдары жайлы, сыр шерткенде:

Нақақтан күйдік сезем мен,
Қылмыссыз қару кезенген,
Шырқыратып шыбынды
Асырды екі кезеңнен, – деп өзегі өкінеді.

Сол ақын Шәмел Баяннуурға қайтып келген кезі болатын. Ақын Шәмелді ауыл-үйлер той-томалақта қалдырмайтын. Өз ауылының бір үйінде өткен қонақта маған кел, деп хабарлаған келсем кешігіңкіреп қалыппын. Ет желінген, дастархан жаюлы. Адамдар Шәмелдің әңгімесіне елтіп, ара-тұра өлең тыңдап отыр екен. Орта бойлы қос бұрымы балтырын соққан талдырмаш қыз, Абайдың бір өлеңін оқыды. Ақын маған өз өлеңімді оқытты. Жиын тарауға бет алғанда, ақын Шәмел:

– Қарағым, Егеухан! – Әкең менімен құрдас, өзі құда. Кеше үйіңде шайда болғанда, сенің өлеңге-өнерге талантың барын таныдым. Мына толғауды саған арнап жаздым. Оқып танысып, өміріне басшылық ет деп ұсынды. Оқушы дәптерінің қос бетіне жазған өлеңді Егеухан алып шығып кетті. Шәкең мені өзіне жуық шақырып алып:

– Әй, Кәп, мені әлгі құда Мұқамадидің үй ішінен қонаққа шақырғанда алыста болса да, сені келсін, әлгі қызды көрсін дедім. Себебі сенің теңің осы қыз. Әлгі үйіндегі қызыл бет келіншекті мен сенің теңің демеймін деді. Сонымен әртүрлі себептермен жуық жүруді қаладым. Саған ақын Шәмелдің жазған өлеңін оқытайын дедім. Тағы бір ыңғайын тауып. Ол толғаудан үзіп-үзіп үзінді келтірейін:

Ата-ананың үйінен бала көрдім,
Баланың талабына көңіл бөлдім.
Жасы кіші болғанмен, сәулесі бар,
Болатындай ұрпағы саналы елдің.

Ер жетсе елдің көркі болар-ау деп,
Сен балаға солайша баға бердім,
Шығады ақыл жастан, асыл тастан,
Көкірек көзің ояу саған сендім.

Қарағым, талаптысың жолың болсын,
Өзіңнің талабыңда алар еншің.
Бәйгеге баптап жүріп тайыңды қос,
Көрініп ел көзіне ол да келсін.

Гаухарды басқалардан артық көріп,
Жүрме деп айтқаным ғой бағаланбай.
Алтының жүректегі аман болса,

Қалмассың бір жарқырап тазаланбай.

Мен емес танып қалар барлық халқын,
Жезбен бірге тұрған мен белгілі алтын.
Қырандай қияға ұшсаң әркім көріп,
Дегендей қандайымен байқасарсың.
Түлкі деп жүні қызыл қызықпай –ақ,
Қайтпайтын алғыр арлан қасқыр алсын.
Жолбарыс жон көрсетіп өте шықса,
Одан да жүрексінбе пара-парсың.

Біз толғаудың толық нұсқасын оқып, әр сөз сөйлеміне талдау жасап отыратынбыз. Олар бізге сендердің бірігіп отыруларыңа «Өлең сылтау» дейтін.

Сарыбелбеу

Оқушылар тараған соң, Тұлбаға көшкен ағаның үйіне қарай көшетін болып, Цэцэгт мектебімнен үйімді, анам, әйелімді, баламды көшіріп Бай-нұр көлінің жағасы жазда сұмын орталығы жайлайтын жайлауға көшіріп әкеліп тастап, Баян-Өлгий аймағына жиналысқа барып, қайтып келдім. Аздаған жүгім болған соң, кейін атпен алайын деп, Егеухан жұмыс жасайтын атқару әкімшілігінің кеңсесінің босаға жағындағы тақтайға қоя салып, кетіп қалдым. Үйге барған соң жүгін қайда десті. Мен атпен алармын деп сұмынның кеңсесіне қойып кеттім, дедім. Кенжебай:

– Енді сенің қолыңдағының барлығын «Ақегеу» егейтін болды ма? Бұл неткен қорлық, - деп тұра жүгірді. Көп кешікпей Салдатқан інім Егеуханның сары жібек белбеуімен буып, көтеріп алып келді. Егеуханның белбеуін неге әкелдің? десем,- Кенжебай: - Сенің бел қосар белдігің шығар,– деп тағы шу көтерді. Сонымен аңдығандарға -Бел қосар: Сарыбелбеу, Сарыбелбеу десіп «Сары белбеу» атауы пайда болды.

Ілмиген қыз:

– Егеухан сұмында машинист, жазу жазады. Жалпы халықтың малының төлейтін жүн жұрқа, салығының орындалғанын тіркеп, орындалмаса талап хат жолдап отыратын. Біз көшіп келген соң қалған жүн-жұрқаны сауда ұйымына өткізіп, ертең сұмынға тізімге түсіртіп, қол қойғызып өнімнің ақшасын алу керек, - дедім. Әйелім: – әлгі сенің, «Ақегеуің» бір егемей болмайды ғой, – деді кекетіп. Осы Баяннуурдан үйді көшіруге келген Малшы күйеу, өзі менімен құрдас еді. Сөз төркінін түсінді де:

– Мен барып, егетіп, Ақегеуіңді көріп келейінші, – деді.

– Я, бар, бар, – дедім.

Ол келіп қағаздағы сан цифрды тиісті журналға түсіртіп, Егеуханның қолын қойғызып қайтыпты.

Үйге келген соң:

– Ақегеуді көрдің бе, қандай қыз екен ұнады ма? – десті жапырлай бәрі сұрап.

– Ақегеуің біздің мына құшақтаса құшақ толатын, қарасаң бетінін қызылына көз тоятын Кенжебай жеңгемнің шүйіншісіне де алмайтын, «бір ілмеген аққыз екен дегені. «Ілмиген аққыз» атауы осылай келді өмірге.

Сүйектен өткен сүркей сөз

Тергеуші Көкен:

– Сіздердің әңгімелеріңізге қарағанда біріңізді-біріңіз жек көрмейтін де сияқтысыздар. Айтарлықтай араластарыңыз да, қосылайық.– деген келісім шарттарыңызда білінбейді. Сонда «қашқын» атанып, халықты қан қақсатып, туыстарынды зар илетіп қашып кетуге қандай жағдай душар етті? - деді. Кәп маған қарады, мен ештеңе айта алмай қипақтадым.

Қалидолда, Көкендер қосарлана:

– Бәрібір біз заң орынының адамдарымыз, қандай жағдай болса да білуіміз қажет. Сіздер қандай құпия болса да айтуға тиіссіздер, тартынбаңыз, – десті.

Негізгі сыр түйіні осында. Сұрақ-жауаптың шырқау шегіне келіп, шетін шерге шектеу қоймай естіп түсінісейік,– деді.

Мен: – Я, біз бұл жолда аз сұралып, аз тексерілгеміз жоқ.

Сұмындық жастар ұйымы: – Осындай Жастар комитетінің екі мүшесі жастардың моральдық тәрбиесіне жат қылықтармен айналысып жүр. Олардың ісің тексеріп нақты шара қолдануға рұқсат етіңіздер, - деп Аймақтық жастар комитетіне тілек хат жазыпты. Бұл хатпен танысқан соң Аймақтық жастар комитеті бұл бұны жан-жақты толық тексеріп, мұндай жөнсіздікке мұкият шара қолдануды тапсырыпты.

Біз әжептәуір тексерілдік ешбір дәлелді жат қылық жоқ, алып қашпа сөз, дәйексіз өсек, өзімшіл қызғаныш екеніне көз жеткізіп, істі жапқан. Былайша айтқанда біз сүттен ақ, судан таза болып шыға келгенбіз. Бұған күйінгердер де, күмәнданғандар да болды.

Әсіресе өзі көшкелі отырғанда арыз беруші Кәптің әйелі Кенжебайдың «Түртсайтан» қайраушылары:

– Ақегеу алмастай жарқылдап жарып, шыға келді. Сен баяғы жалақор, өсекші, өтірікші, оған да, бұған да сыпсыңдаған сыпсықай әйел атандың да қалдың,– депті.

Қанша әрекеттенсе де егескен қаршадай қыздан ешбір кек қайтара алмай кететініне жаны күйіп, үш жігіт Қобда өзенінің ар жағына қуып өткізіп жіберген жылқыны іздеп кеткен «ынжық» байын да тілдеп бітті.

Қасындағы енесіне келінінің қабағы ашылмай, жоқтан өзгеге ашу шақырып емшектегі он айлық қызды да, жөнді-жөнсіз жыласа тілдеп, жұлқылайтынының мәнін түсініп отырған енесі:

– Ол сайқал қыз шынымен ақ болып шығып па, жұмыстан да қуылмап па? Пah! Ешкімді бет қаратпаған қызды мен ел бетіне карай алмайтындай жерге тығайын, - деп маусымның 26-ында шұлауышын қолына ала салып, біздің үйге қарай ұмтылады.Түрі тірі жан бет әлбетіне қарай алатын емес, түтігіп кеткен. Біздің ауылға таяғанда қанша ашуланып тепсінсе де ет жүректі пенде ғой. Менің анамның да адуын адам екенін біледі, беттей алмай тайқып, жанымыздағы үйге кіріп кеткен ғой. Ол үйдің әйелі сіңілісі болып келетін сүйектес адам екен. Қапелімде түрінен шошып қалып:

– Апай, амансыз ба ? Не болды-не болды,– депті сасқалақтап, әйел апай-сапайды қой, Мұқамәдидің арсыз қызын шақырып берші, тура ит терісін басына қаптайын, қорлығы өтті,– деп отыра қалып, тістеніпті.

– Ой апай шақырып алып ұрсасыз ба? Не істеді сонша, шақыр деген соң шақыр,– деп шаңқылдапты. Ол мені амалсыз шақырыпты. Сені біреу шақырып отыр, - деді. Ойымда ештеңе жоқ баяғыдай алып-ұшып кіріп бардым.

Алдымда алапат ашулы, ашынған шұлауышы қолында, кимешекшең домалақ басы кегжең-кегжең еткен кәртең әйел алдымнан ұшып тұрып, небір ауызға ала алмайтын лағнет сөздерді айтып жатыр, айтып жатыр, асты-үстімді жездей қақтап.

– Қызсың ба? Қиясын ба? Арсыз ербиген албасты менің жалғыз ұлымнан аулақ жүр. Салттан бай тауып ал (күйлеген қаншық).

Япырым-ай, мұнша ауыр сөздерді қайтіп жаттайды, - екен деп, адамға қарсы сөз айтып жаттықпаған басым үндемей денем дірілдеп тыңдап тұр едім. Бір заматта әлгі қаhарына мінген қатын үндемегеніме қаны қайнады ма, қасыма тепсініп келіп:

– Әй ак каншық! – Кәпке тие алмайсың, әкең Мұқамәдиге қатын бол!–деді.

«Кісі өлмейді ұяттан, сағы сынар» дегендей әйтеу өлгем жоқ, жүрегім тас төбеме шыққандай болды. Жүз жерден ұяңдық сақтасам да енді үндемеуге арым шыдамады:

– Өлсем өлдім, егер өлмей жер бетінде тірі жүрсем, Кәпке тиемін, - дедім де жыламастан, есіктен шыға жөнелдім. Көлге қарай зытып барамын-зытып барамын, біреу қуып келе жаткандай. Көлдің аласұрып толқып жаткан толқынына аз уақыт қарап отырдым да, ұшып тұрып үйге келдім. Ештеңе өзгерген жоқ, апам ештеңеден хабарсыз екен. Кеш болды. Басым ауырып ертерек жатып калдым. Ертеңінде егес-қысастың ұясы болған Кәптің үйі көшіп кетті.

Менің жүрегімдегі оның қарашадай қызын аяушылық өшіп кетті. Кешегі ашулы апамен көшіп кеткен қыздың шешесінің қызына менің не айтқанымды түгел айтып бар, айтпасаң мойныңа қарыз,– деген екен ауылдасқа.

Ауылдас әйел амалсыздан маусымның 28-інде қорқа-қорқа қорғалай отырып, апама ащы сөзден басқасын түгел айтыпты. Сонша ауыр сөздерді қайтіп көтерді? – деп маған жаны ашығанын да жасырмапты. Жалғыз жайсыз сөзді ғана жасырыпты. Апам, әсіресе, ол әйелдің өзімен айқасып сөз есесін қайтара алмағанына ыза болса, екінші

жағынан менің сонша ауыр ащы сөз естігеніме әке атына тіл тигізгендігіме, жаман сөз естірткеніме шыдай алмай күн батып, қараңғылық үйіріліп, біреудің дауысын біреу естімейтін ел орынға отырғанда: – Өмірі қыз деп атамаған, Егеухан, не істедің, не істедің, ата-анаға не естірттің?».– Сені өлтіремін деп маған тап берді. Мен сып етіп қолтығының астынан далаға сытылып шықтым. Ауыл үйдің адамдары естімесін дегендей әлгіндей емес бәсендеу дауыспен есіктен қарап жұдырығын түйіп:

– Әй қайда барасың? Көкке шықсаң аяғыңнан тартып, жерге кірсең шашыңнан тартып алып өлтіремін, мен ел құсап тілдей алмаймын – деді, мен сол кеткеннен мол кеттім.

Кәпті ұстап әкетті

Заңнын адамдары таңертең тұра сап, жүреміз, жиналыңдар, Кәп жұмысыңды, мына үйіңді тапсыр! Енді кешігуге болмайды, заң қиын. Ертерек аттанамыз –деді. Кәп:

–Біздің не қылмысымыз бар, ашып айтшы – деді. Көкен:

– Сен директор болған мектебіңнің жатаққа тұратын малшылардың баласынан азықтық мал алатын ақшаны алып кеткенсің. Және жұмысты тастап қашуың да қылмыс. Қайткенмен жүресің. Қолымызда ұстап әкелуге заңның жоғары орнының қағазы бар, міне: Қылмыстыны ұстайтын мөрі бар, арнаулы бір парақ қағазды көрсетті. Кәп барып Шағдарға: заң орнынан кісі келіп әкеткелі жатқанын айтып, жұмыс орнына хабарласып жүруге дайын болды. Кәп маған: «сен барма ауылдас, ағайындар бар, мен келгенше ептеп отыра бер. Екеуіміз бірдей барсақ анау әйтті, мынау сүйтті мен екеуімізді де қамауы мүмкін. Әзір саған жабылған жала жоқ қой. Мен бармаймын де. Мен Баян-өлгей аймағына барған соң Шағдар Ожылдайлардан хабар алып тұрасың, – деді.

– Қылмысты адам барсын, мен бармаймын –деп қиқарлана қалдым.

Олар сені жалғыз тастамаймыз, алып кетеміз деп қарысты. Бірақ мені ұста деген жеке қағаз жоқ екен, күшпен әкете алмады. Кәп мені жалғыз қалдыруға қимай машинаны бірнеше айналып жүрді, жылы ішігін кигіздім, машинаға әрең отырып машина жүріп кетті.

Енем келді

Кәптер аттанып кеткен соң, ауылдас әйелдер түгел жиналып келіп «Тоқым қағар» шай іштік. Үйдің іші бір түрлі алаң ашық болып, ызғар соғып тұрғандай, денем тоңазып отыра алмай, далаға шықтым. Өзімнен өзім қоңылтақсып, біртүрлі алағызып жан-жаққа қарадым. Анадай жерде біреу қолында кішкене ғана дорбасы бар жіти басып ұшып келеді. Киімінен тани кеттім. Қайта айналып жүгіріп келіп ауылдастарға:

–Үйбай-ай, енем келе жатыр –дедім сасқанымды жасыра алмай. Сағидолда атайдың бәбішесі менің ерекше қамқоршым, ақылшым Жамал апай: «ой, Алла-ай, «қырсыққанда қымыран іриді» демекші тап баласын заң орнынан кісі келіп алып кеткен күні келгенін қарашы. Көрмегелі көп уақыт болып өлі мен тірінің арасында

айырылып, тірі деген соң сағынып, сарғайып көрем, деп келгенде қиын болғаны-ай» десті. Әне-міне дегенше ана ұмтыла басып келіп қойды. Мен әй-шай жоқ бас салдым. Ол да бауырына басып жылап жатыр, жылап жатыр. Ауылдастар жиналды. Барлығы енемізге еміріне амандасты. Әлден соң төр алдына отырған енеміз: – Кәп қайда?-деді.

– Кәпті Баян-Өлгей аймағынан заң орнынан кісі келіп алып кетті, - дедім.

– Жырғатқан екенсің, бәсе бастабында-ақ біліп едім. Жаяу қаңғырып қашқанда бір нәрсеге ұрынбай қайдан қойсын ... Сені тастап оны әкетердей не қылмысы бар еді? Қашқанда ол жалғыз кіре тонап па? Жолда ат көлік ұрлап мініп пе? Сен неғып одан аман болдың?

– Ондайдан аман еді, мектептің жатақханасында балаларына дайындайтын қысқы етке мал сатып алатын ақшаны жеп кетті деп шағым түсіріпті. Не де болса барған соң анықталар.

– Е,е, қатынның несі кетеді?, бір басы көріп жатыр ғой, - деді. Шай ішілді. Ет астым. Ауылдастармен әңгімелесіп емін еркін сөйлесе де іздеп қаңырығы түтеп келгенде, жан дегенде жалғыз ұлын көре алмай көңілі күпті, ойы алаң, өксігін баса алмай отырды да, аз әңгіме бастады.

– Е,е баламның ауылдастары мен не көрмеді дейсің. Сонау 1938 жылы жолдасымды «халық жауы» деп үкімет ұстап кетті. Мен 2 қыз 1 ұлмен қалдым.

Осы Кәп 5 жаста, мен 25 жаста қалдым. Мен не көрмедім. Бұл қаладан оқып мұғалім болып, үйленіп, бір немере қызды бола қалғанда, бізді қаңғыртып тастап, осы қыз екеуі қашып кетті. Жер бетінде тірі деген соң, көргелі келіп едім, міне мен келгенде, тағы заң ұстап әкетті. Ендігі күніміз не болады, – деп еңіреп өксігін зорға басты. Қайткенмен ана үйдің іші тіреліп тұрған соғымның етін, үйдің жылысын тәуір көрді. Ертеңінде Кәп жұмыс істеп жүрген Улаангом 10 жылдық орта мектебінен жағдайды біліп қайтуға кісі келіпті. Апамыздың келгенін көрген соң қайта барып, бір арба ұсақтап жарған ақ жаңқа отын, 1 қанар ұн, 1 қанар күріш, шай, қант, 10 кг сарымай, жеткізіп берді. Кәп кеткелі бір апта өткен соң қазақша білетін оқу бөлімінің бастығы Ожылдайға бардым. Баян-Өлгий аймағының заң орны мен хабарласып сұрап, Баяннуур мектебінен шағым түсірген адам келмей жатыр,– депті. Тағы екі апта өткен соң заң орнынан машинамен алып келуге кісі кетіпті.

Сүйінші

Айдың соңғы жұмасында бар ауылдастар Сақаң атайдың үйінде жиналып, шай ішіп отыр едік, – біреу Егеухан бар ма депті. Үйден жүгіріп шықсам, оқу бөлімінің бастығы Ожылдай екен: -Егеухан келін, сүйінші, жер әлемге тоқтатпай алып қашып жүрген жолдасыңыз босапты. Менің Сағидолда досым тез барып сүйінші сұра. Кәпті қылмыссыз деп босатты. Өлгейден УВС–ға баратын бір машинаға отырғызып

жібердім деді, келіп қалар. Бұл сөзді ести сала әлгі үйге жүгіріп қайта кіріп, бәрінен мен де сүйінші сұрадым. Бәрі де «ал, келін, ал» деп қуанысып қалды.

Ойнақтап жүріп от басыппын

Әлгі қуанышты хабарды естіген соң, үйдің шайын апыл-ғұпыл ішіп, үйге келіп, отты қыздырып жағып, қара қазанды асып, толтырып ет астым. Үйдің іші бір түрлі жылы бола бастады. Ауылдың балалары да көңілді, бәрі асыр салып ойнап жүр. Ол кезде машина санаулы ғана жүреді. Бір заматта Өлгей жақтан машинаның жарығы жарқырап көрінді. Үй тола толып отырған адамдар да елең ете түсті. Машина әп-сәтте жақындап қалғандай сезілді. Ойнап жүрген балалар машинаға қарай тұра жүгірді. Олармен бірге жарысып мен де кеттім. Машина тоқтай қалып, Кәп машинадан қарғып түсіп, балаларды құшақтап, маңдайларынан сүйіп, амандасып, мені кабинаға отырғызып алды. Барлығымыз жетіп келдік. Анасы өлгенде көрген ұлын құшақтап жылап жатыр, жылап жатыр. Басқалар да : -Кәне бізде амандасайық та, біздің де баламыз еді, ғой десіп түгелдей құшақтасып, амандасып жырғап қалды. Дастархан жайып, шайды құйып, етті түсіріп, мәре-сәре болып, өзімнен өзім жырғап жүрмін. Байқасам ауылдас әйелдер, өз енем бәрі маған қарап, мысқылдап мырс-мырс күліп отыр. Сөйтсем, мен тағы ойнақтап жүріп от басыппын. Әйел адам байының алдынан жүгірмейді екен. Жастықпен жамандық бірдей де... Тамақ желініп, отырғандар Кәптен бәрі: – Неге шақырыпты, абақтыда ай жатқанда жүдемепсің,– деп сұрады. Кәп өтірік шағым жазған адам менің бақталас үш жолдасым бар еді солар жаздырыпты. Шағыммен алып келгенде терістігін мойындады деді де, мына бірер шумақ өлеңді айтты.

Дейсіздер ғой ай болды жүдемепсің
Жас болсам да көп жағдай бастан кештім.
Тағдырымды талқыға салып келдім,
Арасынан шыққандай балға төстің.

Тезден өткен түседі теңесуге
Айыпсыз адам депті іс шешімде
Моральдық шығын қосып арызың жаз
Айлығың жол ақыңды төлетуге.

Әуре болып қайтем жазып арыз,
Рухани ұяттан маған қарыз
Ай жаттым абақтыда Аллаға аян,
Ұлағатты өмір жолым ұрпаққа аңыз.

Мен енеме еріп ауылға аттанатын болдым. Енемнің өзек толы өксігін өлең жолына түсірдім.

Сендерді бір көруге келіп едім
"Кешікпей кел" – деп еді, кенжем менің.
Аға орынында жеңгем сен тиянақ дейд
Қайнымды Кәп өзіңмен тең көремін.

Әкең кеткенде ұлы анаң аңырады,
Кенжем жалғыз қалман – деп жаныгады.
Орнымнан тұрар менің дәрменім жоқ,
Қимай қарап қиналды жарым әлгі.

Көз алдымда бет-бейне сағым әлі,
Көңілім бүгінгідей сағынады.
Шыр етіп Заґила қыз жерге түскен,
Қалжырап қалым құрып талыґады.

Көз алдым көлеңкелеп буалдырлап,
Үй құлардай қисаңдап қақты ырғақ.
Қия алмай қайта-қайта жалтақтаған
Әкеңнің қос жанары үміт шырақ

Өзектен өшпеген сол үміт шырақ,
Кәп қалып ең бес жаста сен шырқырап.
Үй ырғақтап теңселді құлатпадым,
Шайқалтпай Кәп ие бол, тұр шаңырақ.

Жасымнан бастан кештім жалғыздықты,
Жалғызсырап жаныма қайғы бұқты.
Жиырма бес от жалын лапылдаған,
Лауламай өртеп, өшті ұғынықты.

Өмір өзен толассыз толқын ағын,
Ырыққа көндіре алмай бұралаңын.
Арпалысып ақ өркеш алапатпен,
Қайрат қашып, қажыдым тұраладым.
Менің де ойым ойран опыр-топыр,
"Мұрын болмаса екі көз бірін шұқыр"
Жалғыз ұлы қаңғыртып тастаған– дейді.

Қайтуға жалғыз дәтім жетпей отыр.

Ананың бұл өксікті ойын түсінген соң, жалғыз қайтармай, мен енеме еріп кетейін дедім. Ол мен жалғыз қаламын, сен де босағасын аттамаған жат ауылға жалғыз барасың. Ол да қиын "шаланың екі басы бірдей ыстық". Бірақ апамыздың айтып отырған сөзі түбірлі. Бұл анам да аз жылаған жоқ. Енді біз аман болсақ жыламасыншы. Тәуекелің бар жансың, жалғыз жеке жіберуге қимаса да, қинала келісті. Кәп бізді Қобда аймағына баратын машинаға отырғызып жіберді. Мен бұрын қаңғып-қашып жүргенде де, ептеп сау жүргем, Кәп алып берген жасыл мейізден ғана жеп ауылға жеттік. Ағаның әйелі Сақаң, Малшылардың апайы. Бұлар қарсы құдалар ғой, мен ол апай кіші енемді «Ағатай» атағанмын. Ағатай, жаңа келін, өзі "қашқын" келін келеді деп естіп, күні бұрын дайындалып дастарқанын жайып қойыпты. Машинаның есігін ашып түскенше, «Ағатайым» табақ толы шашуын алып шығып, үстімізге тасырлатып шашып-шашып жіберді. Ауылдастар да құлақтанып отыр екен әп-сәтте шашу талауға бала-шаға, қатын-қалаштар жиналып қалды. Кексе әйелдер өздері де шашу әкеп, шашып жатыр. Үйге кіріп, шай іштік. Аға ақсарбас малын байлап, соятын кісісін сайлап қойыпты. Әлгі жігіт ақсарбас еркек қойды есіктен зорға сүйреп кіргізіп, қойды екі қолымен қымқыра, ар жағынан денесі мен сүйеп екі қолын жайып, бата жасатуға ертерек шақырып төрге отырғызып қойған сәрік ботағара атақты Мамырқан ақсақалдан бата сұрады: Атай қолын жайып:

Бата десең маған, берейін бата саған:

– Өз құрбыңның алды бол!

Қора толы малды бол!

Жауыңа дес бермейтін,

Арыстандай жолды бол!

Өсе берсін өркенің,

Шарлай бергін жер шегін.

Жаспен бірге бақ берсін.

Тәңір иіп нақ берсін.

Қайырыңды ел көріп,

Жомарт деген ат берсін"

Ел таңқалған келінің,

Үйге ырыс ап келсін!

Әмин десіп бәрі бет сипады. Мал сойылды. Мен де келіндік сыпайлық танытып мал сойылған үйге барып, ішек-қарын аршыса жүріп, сойылған қойдың тоқ ішегінен, жұқа бауырдан оттың қызыл шоғына қақтап жедім. Малдың тез сойылып бітіп, еттің ерте асылуын қадағалап келіп-кетіп жүрген аға менің әр түрінен отқа қақтап жеп отырғанымды байқапты. - Құдай берді, құдай берді, Егеухан қойдың ішек-бауырын қоймай отқа пісіріп жеп, қойды,– деп қуанышын жеткізіпті. Аға: бағана біз келе, ат жететін маңайдағы ауылдың адамдарын келін келді, тілеуге келсін,– деп шақыру жіберіпті. Той дегенде демейме домалайды қу бастар ",– дейтін. Бұл тойдың жөні

бөлек! өйткені, біреудің балалы қатынын үйге тастатып алып қашып кеткен атақты "қашқын" келін ғой бұл келген жұрт: - келін келді, той,– дегенді ести сала "қашқын" келінді көруге ауыл адамдарының барлығы тайлы-таяғы қалмай түгел жиналыпты. Ауылдың үлкендеу бәйбішелері бәрі шашу шашып, жақынырақ көрейін,– дегендей түгел маңдайымнан иіскеп, сүйіп- «Бақытты бол қызым. Бұл біздің өзіміздің Ботакеңнің қызы ғой»,– десті. Бұл тойға "қашқын" келінді көруге келуші де артық, келгендердің тесіле-тесіле қарауы да артық болды.

Ащысөз арманға жеткізді

Тойға келген қауым той қызығын қыздырып кезек- кезек ән салып, әркім сөйлер сөз алып арқа-жарқа отырыс болды,– дегенмен бір әжей өзіне сөз кезегі келгенде әңгіменің ауанын көкейіндегі сырлы-жырлы сұраққа тура бұрды. Әжей: - Қарағым,, Егеухан, өзіміздің Түйебаласының қызы екенсің, шыққан ауылымызды білеміз. Төркінің торыайғырдың үйіріндей топты ауыл. Елге берген сауынын жимайтын атаның, "Көпес атаң" атанған бір атаң мәңгі текті атаның ұрпағысың" деп толғанды. Осы сендер салып бүлік, жер әлемді дүрліктіріп неге ғана қашып-пысып, халықты сарсаңға салып сандалттыңдар. Ата-ана аға бауырды қапы ғып қаңғырттыңдар, осының мәнісін айтшы,– деп сұрақты тіке қойды. Тойшылар да не дер екен дегендей маған қарай қалды.

– Я бұған мен қыз болып жаратылғаным үшін кінәлі шығармын. Орыстың бір азаматы айтқандай бұл оқиға Кәп екеуміздің арамызда лаулап өртеніп, жанып, сөніп қалуға таянғанда осы анамыз өзі ащы сөзімен шоқты көсеп-көсеп, талай шиеленісіп шегіне шығуға таяса да, ар-намысымызды таза сақтап қалуға бекінген шақта шатақты осы анамыз өзі бастады, арманға жеткізген "ащы" сөзін өзі айтсын,– дедім. Жиналған жұрт енді, енемізге қарай қалды. Ол кісі де бұлтара алмады. Сөзін бастады: – Біз осылай көшкелі отыр едік, қолымыздағы келін: – ертең көшеміз ғой, сіз барып, ана қызды ел бетіне қарай алмайтындай, ащы-ащы сөздер айтып кегімді алып беріңізші,– деді. Мен бардым да қызды оңаша үйге шақыртып алдым. Айтарымды айтып-айтып тепсіндім. Бұл ештеңе демей тұрған соң қаным қайнап кетті, елемей тұрма деп ашуланып:

– Осыдан сен Кәпке тие алмассың. Әкең Мұқамәдиге қатын бол,– дедім. Бұл өңі бұзылып кетті. Жанын қоярға жер таппағандай ентігіп: «Жер бетінде тірі жүрсем Кәпке тиемін, көрерсің әлі»,– деді де шыға жөнелді. Маған керегі мұны күйгізіп, айызым қануы еді. Бірақ кек қайтарамын деп отырып, кекті қоздырып алыппын. Ашумен аямай айтқан ащы сөзім армандарына жеткізді. Ашумен айтқан ащы сөзімді "кешір" деп отырмын, – деді Анамыз.

– Алла кешсін,– дедім.

Атамекенін аңсаумен өткен ақын
Естелік

Қадірлі қонақ

1957 – жыл. Ақпан айының соңы болатын. Біз Моңғолияда Баян-Өлгий аймағының Баян-нуур елді мекенінде, Қобда өзені бойындағы кенже ағамыз Баймәдидің атындағы кең алқапты, бозталды Ешкі аралда үш бөлмелі шағын үйді мекендейтінбіз. Біздің алдымыздағы алқап ел аузында көп жылдан бері осы жерді қоныстанып келген Қалқа қарияның атымен аталатын. Біздің ауылымыз аралас, қойымыз қоралас, кіріп-шығып отырушы едік. Шағын ауылда жылт еткен бір жаңалық жатпайтын. Бір күні ауылға Шәмел Қалқаұлы келді десті. Алыстан келген қонақ шағын ауыл үшін бір ірі оқиға болушы еді. Шәмел ағайдың келуі бізді де дүрліктіріп жіберді. Алыстан келген қадірменді ағаны әр үй қонақ болдыратын салт бар еді. Сол салттан озбай, біздің үйде шақырды. Шәмел ағай әңгімешіл, әңгіме арасында тақпақтап, мақалдап, сөз мәнерін келтіріп, қызықты хикаялармен тыңдаушыларын елітіп отыратын адам екен.

Сөз арасында әкемнің:

– Мен қашаған қуып қырдан асқанымды, жүйрік баптап, бәйгеге қосқанымды, дүрлігіп бәйгенің алдынан тосқанымды айтамын. Сен өлеңіңмен тыңдаушының көңілін тапқаныңды, айтыста қарсыластың әптігін басқаныңды айтасың,– дегенінен қонақтың ақын екенін білдім. Шәмел ақын өзі ғана сөйлей бермей отырған адамдарды да әңгімеге еркін араластырып, соны-соны сөз сарасын естігісі келетінін аңғардым. Менің әкем де арғы-бергі тарихтан сөз қозғап, әңгіменің майын тамызатын, дәуір шежіресінен едәуір хабары бар жан еді. Қонақпен еркін әзілдесіп, әңгіменің тереңіне бойлай берді. Мен әңгіме сарынынан ежелден таныс, сарысүйек құда, әрі құрдас екендіктерін ұқтым. Менің анам да жасында көп айтысқан. Өзінің айтысынан, Күрішқанның әкесі өлгенде бірігіп жоқтаған жоқтауынан үзінділер айтып, әңгіме біразға созылды. Бір сәт қырағы қонақтың байқағыш назары әрбір жаңа өлең, соңы әңгімеге еленде барынша беріле тыңдап отырған маған ауды.

– Я, қарағым, сен не айтасың, ана кітаптарды кім оқиды? – деп шағын кітап сөредегі оншақты кітапты нұсқады.Олар: Иса Байзақовтың поэмалары, Сәбит Мұқановтың «Сұлушашы», Абайдың өлеңдер жинағы, Шәкім – шәкірт, Қалқаман Мамырдың қолжазбалары еді. (көшіріп алған)

– Оларды мен оқимын,– дедім. Шәмел ағай маған бірнеше өлең оқытты.

– Қарағым, сөз мәнерін, ырғақтарын, нақышына келтіріп, оқиды екенсің, өлең жазбайсың ба? – деді. Мен:

– Жазбаймын,– дедім, болымсыз шимайымды көрсетуге ұялдым. Ертеңінде үлкен атай Қалқа қарияның үйіне бәріміз қонаққа шақырылдық. Шәй ішіле бастағанда ұзын бойлы, арықтау, ат жақты, қыр мұрынды, жұқа өңді, сары жігіт кіріп келіп, қарияларға

сәлем беріп, Шәмел ағаймен құшақтасып амандасты. Отырыс тағы да аз тола уақытқа созылды. Әлгі келген жігіт ақын ағайдың сырласындай жуық, сыр шертісіп, өз жазғаным деп өлеңдер оқыды. Ол қазіргі менің жолдасым Кәп Құмарұлы екен. Ол кезде мен ауыл үй арасында өткен шағын шілдехана, шағын тойларда ептеп айтысқаным болмаса, елге оқитын өлең жаза қоймаған шағым еді. Өлеңді мәнерлеп, сүйіп оқушы, жанымды салып жаттаушы ғана болатынмын. Ақын ағай:

– Егеухан, қарағым мына толғауды саған арнап жаздым. Өзің оқып түсініп, өміріңе басшылық болғыз,– деп қос бет қағазға жазылған өлеңді ұсынды.

– Мен не жазды екен?– деп кібіртіктеп барып өлең жазылған дәптердің қос бет қағазын алдым да, өз-өзімнен қысылып, қымтырылып «рахмет» деуге де шамам келмей, шығып кеттім. Ақын ағай Моңғолияның астанасы Уланбатыр қаласынан келгенімен, осы жердің байырғы тұрғынындай еді. Біреудің ағасы, біреудің інісі, біреудің ауылдасы, біздің әулеттің құрдасы болып шықты. Әр ауыл бұл ағайдың елге аман-есен оралғанын естіп бәрі-бәрі кезек-кезек шақырып қонақ болғызып, мәз-мәйрам болысты. Ақын ағамыз әрбір шақырылған ауылға Уланбатырда да қанаттас, хабарлас жүрген екен. Кәпті және мені жанынан қалдырмай ертіп жүрді. Ақын жүрген жер ән-жыр думансыз болған ба? Ақын ағамыз өзі өлең оқып, бізге де өлең оқытып, ән айтқызып, әр қонақтық жыр думанмен өтетін. Кейде ақын ағамыз өзінің туған жері «Марқа көлді» сағынғанын жасыра алмай

Туған жерім Марқа көл
Сағындым қайран алқалы ел
Сендер еске түскенде

Сенделемін босап бел,– деп ішкі шерін қозғап, көңілі боздап толғанғанда, отырғандардың да өзектегі өксігі өршіп, терең тебіреніспен көкірек кере күрсініп, ауыр демалып, кірпіктеріне тамшы ілінетін.

Мені толғантқан толғау

Ата-ананың үйінен бала көрдім,
Баланың талабына көңіл бөлдім.
Жасы кіші болғанмен сәулесі бар,
Ұрпағы болатындай саналы елдің.

Ер жетсе елдің көркі болар-ау деп,
Сен балаға солайша баға бердім.
Ата-анаңа сәлем айт қалдырмасын,
Астында той боп жатыр анау белдің.
Баласын тойға апарып алсын бәйге,
Соңынан жүре бермей көшкен елдің.

Өзіңді өзің ап шық, арашалап,
Халық сонда қарайды тамашалап.
Ақындық саған жолдас болғалы жүр,
Жарасып сөзін беріп жанасалап.
Жастарға талабы бар нұр жауып тұр,
Талаптан минут сайын тұрма қарап.

Ағынсу бір айналмай өтпей-тұғын,
Кеңі бар қыр жағында иірім жарсың.
Қайнардай сарқыраған төстен аққан,
Мейірі көргендердің ішпей қансын.
Жайқалған жапырағы мәуе болып,
Егілген бақшадағы қайың-талсың.

Көлеңкең көпке жетіп сая болып,
Ыстықтап шөлдегендер демін алсын.
Ағаштың алмасына пісіп тұрған,
Әркімдер көзің сүзіп құмарлансын.
Бағасын толық білсе бағалауға,
Алманы қолын созып таныса алсын.

Жас шағың жалындаған кетер өтіп,
Өткіздік еш нәрсеге болмай жетік.
Арман алыс, абай бол, аңқау жассың,
Шай ішпе шыныменен шеті кетік.

Ойласақ кездесетін өмір шыны,
«Кетік» деген халықтың қойған сыны.
Кем нәрсені «кетік» деп айта-тұғын,
Үйлесімге жараған ол бір міні.

Аққола бұлданады күміспін деп,
Білгенге, білмегенге дұрыспын деп.
«Кетік» шыны шынымен бірге тұрған
Мен-дағы қолға ұстаса ыдыспын,– деп

Байқашы дегенім ғой іше салмай,
Айтуға тереңдетіп аузым бармай.
Ақсұңқар қанат қаққан жас балапан,

Ұшса деп кезеңінде қанат талмай.

Гаухарды басқалардан артық көріп,
Жүрме деп айтқаным ғой бағаланбай,
Алтының жүректегі аман болса,
Қалмассың бір жарқырап тазаланбай.

Мен емес танып қалар барлық халқың,
Жезбен бірге тұрғанмен белгілі алтын.
Қырандай қырда жүрсең әркім танып,
Дегендей қандайымен байқасарсың.

Алысты жуықпенен болжаған соң,
Бәрімен бағаланып шайқасарсың.
-Түлкі,– деп жүні қызыл қызықпай-ақ,
Қайтпайтын алғыр талап қасқыр алсын.
Жолбарыс жон көрсетпей өте шықса,
Одан да жүрексінбе парапарсың.

1957 жыл, Шәмел Қалқаұлы депті

Толғауды тоқсан толғанып, он сан қайта оқыдым десе, ешбір өтірігі жоқ. Мына толғаудың толымды толғанысы аса бір шабытты, шалқар ойдың оралымды орынды айтылған теңдессіз теңеуі, ақыл-кеңес, бағдар-бағам, жастарға деген үкілі үмітке толы дүние зердеме жетті. Әр сөзін, әр жолын, әр шумағын өзімше талғап, талдап бар шамамша түсіндім. Жас күшікше жаңа ғана көзін ашқан оң-солын танымаған, қарашығы жетілмеген, көзі ешнәрсеге жетпеген, бұлыңғыр ғана қарайтындай. Немесе беймағлұм айдынға қалай жүзерін білмейтін аққудың көгілдірігіндей жалтақ, әр жағдайдан бойын тартып, еліктің үркек лағындай еленде тұрған жалпы жастарға бұдан асырып кім ақыл-кеңес берсін. «Баласын тойға апарып алсын бәйге, Соңынан жүре бермей көшкен елдің» әрбір ата-анаға талантты жастың талабын ұштауды қатал, сыни көзқараспен зердесіне жеткізе ескертіп отыр.

«Жастарға талабы бар нұр жауып тұр, Талаптан минут сайын тұрма қарап» – деуінде өзінің өмірі өксіп өткен, жас шағын, басынан кешкен қиын да қыспақты, қуғын сүргін мен өзегі өксіп қиналған сәттерді ойлап, қазіргі жастар еркіндікті сезініп, өзінде бар табиғи талабымен бойындағы жылт еткен өнерін өрге жүздірсе екен деген бұйрық райлы тілегі.

«Шай ішпе шыныменен шеті кетік» қандай қасиетті ақыл-кеңес. Жанашырлық, аяушылық, қамқорлық деші.

Түлкі,– деп жүні қызыл қызықпай-ақ

Қайтпайтын алғыр талап қасқыр алсын
Жолбарыс жон көрсетпей өте шықса
Оданда жүрексінбе парапарсың».

«Кісіге қарап сөзалма, сөзіне қарап кісіні ал» – деп Абай атамыз айтқан ұлағатпен ұштасқандай ұтымды ойлар. Өзіннің бос белбеу, бор кемік болмауыңды ескертіп, ширатып, болат төс, балғадан өткен алмастай шынап отыр. Мен бұл толғаудың әр сөзін санама сіңіріп, көкірегіме жазып алып өмір бойы, өмір жолыма жетекшілік етумен бірге, өнерімнің өрістеуіне бағыт бағдардай-ақ қастерледім.

Шәмел мен Қапизаның айтыстары

Ақын ағамыз өз өмірінен сыр шертті. Мен 1900 жылы Қазақстанда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында дүниеге келдім. Жастық шағым сонда өтті. Ел қатарлы сауат аштым. Айтыскерлік анам Байырханның ақ сүтінен дарыды ма, он алты жасымнан айтысқа қатыстым. 1920 жыл еді. Менің балалықпен қоштасып, жастықтың буына пісіп бұлғақтап жүрген жігіт шағым. «Төртуыл» деген ел ет сүрленген кезде «қыз ойнақ» атты ойын ұйымдастырады екен. Бұл жылдары совет әйелдері бас бостандығын қолына ала бастаған кезі болатын. Бір қажының баласына құда болып, қалың малын толық алып, енді ұзатуға дайын отырған Қапиза деген қыз арыз беріп бас бостандығын сұрап алады. Біз бір топ адам бір ауылда қонып жатқанда екінші бір бай ауылда «қыз ойнақ» ойыны болып жатады. Осы ойынға Қапиза да келіп қатысады. Ол көрші ауылдағы қонақтардың арасында менің бар екенімді естіп:

– Шәмелді шақырып келіңдер, айтысамын,– деп бірнеше рет кісі жібереді. Менің киімім жұпыны, айтысқа дайындығым шамалы еді. Бастабында баруға тартындым. Тағы да шақыру келіп, ақыры отырған көпшіліктің кеу-кеулеуімен бардым. Барсам қыз ән салып отыр екен. Мені есіктен кіре іліп әкетті.

Қапиза:
– Бұл келгенің шыныңба, ойының ба?
Менсінбей жаттың ба, әлде тойымды да
Шақырғанда шалқайып зорға келдің
Желке безің бар ма еді мойыныңда

Шәмел:
– Жетіп алдың теңдікке арманың жоқ
Бергенің жоқ құдаға, алғаның көп
Мен айтсам осы жөнін айтар едім
Жіберген шақыруыңды алғаным жоқ.

Қапиза:
– Сыр ашылсын сынменен осы тойда
Құр өтірік жігітке несі пайда
Шақырып барған жігіт анығын айт
Сақаман, Сыдық және Мақсұт қайда?

Мақсұт ұшып түре келіп:
– Шәмел сөзінен тайды. Топта өтірік айтты, – деп маған мойындатып, комиссия жеңілдіге санады. Қапизамен екінші рет келесі жылы ауқатты белді жігіт аудандық милиция бөлімінің бастығының үйлену тойында кездесіп, айтыстық. Менде өз шамамша жақсы ат мініп, тәуір киім киіп, әдейі Қапизамен айтысуға іздеп бардым. Бұл жолы мен Үйрекке үйленгенмін. Қапиза қатал дүниеқор туысы Әшімнің ырқымен дүйім жұртқа бәйге бермеген қоңыр жүйрігін бас етіп, қалың мал алып, қатыны өлген екі баласы жетім қалған қырықтар шамасындағы Намазбай деген топас байға үйленуге келісім берген жәйі бар болатын. Өткен жылы менің қапыда қалғанымды біледі. Көпшілік Қапиза екеумізді айтыстырды.

Қапиза:
Жастар жақсы көреді мерекені
Қарт құлақ кия естиді келекені
Судан «Үйрек» алды деп естіп едім
Құтты болсын, құсыңыз берекелі

Шәмел:
Қапы қалмай, Қапиза, көрісіңіз
Ұзармапты дегенмен өрісіңіз
Жаңа жұртқа сізді де қонды деді
Құтты болсын, қайырлы қонысыңыз

Қапиза:
Жетпей қалды созған қол сермегенмен
Тастан балық озбады өрлегенмен
Әйел еркі өзінде десе-дағы
Торға түстім қайтадан көрменен тең

Шәмел:
Шығып еді-ау атағың бұрын сыртқа
Аузың күйген сорпаны үріп ұртта
Қонған жері сұңқардың сары жұрт екен
Әттеген-ай қонып сың көшкен жұртқа.

Қапиза:
Жардан асқан су талдан аса алмады
Көкорайын көксеген баса алмады
Бұйрық солай замандас бетке баспа
Шешілмеді түйін жіп шаталғаны

Шәмел:
Қаз қоныпты байлардың сорпасына
Обалыңды соларға артасың да
Ұшсам деген көл іздеп аққу едің

Қоңыр аттың кетіпсің қолқасына– дегенде өз жандарына бата тиген комиссия «іс насырға шауып барады. Егес, жанжал болуы мүмкін, бұл айтысты қойыңдар» деп тоқтатып тастады. Өлеңнің бағытын әзіл, махаббат жайына бұрдық. Баяғы Қапиза бастады.

Қапиза:
Жастық сертім мінекей беремін қол
Ақ алмастай ажарың ақылың мол
Өткізіп кет ар жаққа мұратқа жет
Ертістен қамалып ем таба алмай жол

Шәмел:
Қапиза беткөрістің жауаптасып
Жас өмірге болады қандай нәсіп
Ертістен енді неге қамаласың
Алды деп естімеп пе ем жолын ашып

Қапиза:
Естігенің ол рас аштым жолды
Шырмалып орап тұрған үздім торды
Теңін тапқан заман ғой тегін кеткен
Ұстаймын деп жүр едім қандай қолды

Шәмел:
Ашып алдың жүретін жолың мынау
Жаңа заң, жаңа шыққан форм мынау
Кебенектің ішінде кез боп қалдық
Өмірлік серт ұстасаң қолым мынау

Қапиза:
Қалайық ойнаймыз деп бермеді ерік
Шүберек қызғалдақтай бермек көрік
Көп ішінде бұл арман таусылмайды
Бір орал болам десең ақыл-серік– деп барып Қапиза қонақтарға қымыз құйғызды да, біз қымыз ішіп отырғанда айтысты Қапиза қайта бастады.

Қапиза:
Ел естиді еңселі ердің атын
Шүберек көркейтпейді адам затын
Шәмел ақын шегінбе шешімді айт
Замандас айтысайық отыр жақын

Шәмел:
Жүйрікке де бір баға жорғаға да
Отауға да бір баға, ордаға да
Сөзге жел, ақынсың ғой, айтысайық
Өлең айт жақсы-жақсы қорғалама

Қапиза:
Сөзге күмән кеп жатыр сыбыс жүріп
Жігіттер отырсайшы дұрыс жүріп
Ал, Шәке, қорғалама айтысайық
Жақын отыр мойныңды маған бұрып

Шәмел:
Замандас, қасыма кел, жоғары өрлеп
Айтыс деген салтымда асыл ермек
Өлеңмен көңіл шерін тарқатайық
Қайда өмір қайта айналып екі келмек, -дегенде біріншіден жақын отырған жаңа күйеуден жасқанып, екіншіден жастардың жан сыры, махаббат мұңы, көңіл шері көбірек айтыла бастаған соң, сақсынып бұл айтысты да тоқтатты.

Әйел теңдігі

Сонымен ел ішіне меніңде ақын атым шығып танылып қалған шағым еді. Бір өлеңім өзім туып өскен мекенім Марқакөлде жазылды. Бұл өлеңнің жазылуына мынандай айтулы оқиға себепкер болды. Мен сол жылдың наурыз айының 14-інде үйленген едім. Әйелім Балапан қызы Үйрек орта шаруаның қызы. Бұл кезде әлі де болса әйел

теңдігі қазақ даласында толық қолға келмеген кезі. Сондықтан бірін-бірі сүйген, қыз бен жігіт «особый отдел» айырықша бөлім әскери ұжымның көмегімен үйленетін. Бізде бұл ұйымның көмегімен үйленген осы өлкедегі 5-семья болдық. Дәл осы кезде әйелдер бөлімінің бастығы Әбдрашитова Қалима:

-Шәмел, міне сендер әйел теңдігін қолға алудың куәсі болдыңдар. Ақынсың ғой осы жөнінде өлең жаз деді. Осы өлеңді жаздым.

Әйел теңдігі

Әйел теңдік
Кетті кемдік.
Малға сатқан саудадан
Ашты көзін,
Білді өзін
Тұрмыс қалай аумаған.

Қызды шалға,
Қалың малға
Саудаласу қойылды.
Құйрық бауыр,
Асап тәуір
Құда болу жойылды.

Әйел мен қыз,
Қыс пен жаз, күз
Мекемеге ағылған.
Жеп жемісті
Қосылысты
Сүйген жарға сағынған.
Құрулы кез,
Қисыққа тез
Оқтай түзу басқанға.
Әйел жолдас,
Даңғыл жол бос
Қорғаушың тұр жасқанба!

Марқакөл 1921 жыл

Түрмеде

«Жақсылық ағаш басында
Жамандық аяқ астында» – деген рас-ау 1930 жылы аяқ астынан ұсталып Зайсан түрмесіне қамалдым. Жапқан жаласы:

-Бұрын болыстың орынбасары болған, арғы атасы бай болған деген сияқты жалған жалалар. Ойласам байшыкештер мен қушыкештердің оспадар істерін тіл мен түйреп бетіне тура айтатыным айып болған іспетті. Халықты қойша қосақтап, қозыша көгендеп түрмеге тоғытқан сол заман жайлы Әділхан есімді ақын азамат жырында:

«Түрмеде екі жүздей кісі жатыр,
Жұмықтан Сапа менен Қамаш батыр.
Бәрінің сұрасаңдар ісі нақақ
Бейне бір болғандай-ақ заманақыр.

Мысқылдан жатыр бірге Шәмел ақын,
Білетін жігіт екен сөздің нарқын.
Айтысып, қалжыңдасып отырамыз,
Бір уақ көтермекке көңіл шатын» деп өлеңдете жететін.

Тергеушілер жан-жақты тергеп, ешбір айып айқындай алмады. Тергеуінің арасында:

– Қолыңнан не келеді? – деп сұрады.

Мен ойланбастан аштық азабынан жеңілдеп асқа жақындасам аш өзегімді жалғаймын ба?-деп ойлап:

– Мен аспазбын, тамақтың түр түрін жасаймын,– дедім.

Адам баласы бір шыбын жан үшін қулық та ойлайды екенсің. Ептеп жүріп түрме бастықтарының сеніміне кіріп сенімді, шалымды, ыспар аспаз атандым. Жуықта Шәмел Қалқаевич бастаған түремшіктер ит жеккенге айдалады, – деген сыбыс жетті құлағыма. Мұны естіген соң жанымды қоярға жер таппадым. Бұл жағдайға ата-ана, аға-бауыр, туыстарды хабарландырып іштей әзірлік жасай бердік.

Ұзамай түрмеден қашып шығып «Тасқайнат» жайлауын паналадым. Аздап азық қамдап алғанмын. Ақыры аумалы төкпелі шақты пайдаланып, жалғыз түнде қашып Қытайға қарай көшіп кеттік.

Шекарадан шекара астық

Онда Алтай аймағының Бұлғын өлкесінде Байқадам Үкірдайдың еліне барып қоныстандық. Кеңес елінде басталған «Халық жауларын тазалау» деп аталатын сталиндік нәубетті Гоминдаң басшысы Шыңшисай да іліп әкетті. «Сатқындарды тазалау» атты нәубәт басталды.1937-1939 жылдар аралығында Шыңжанда әр ұлттың 60 мыңдай білімді, парасатты азаматы түрмеге жабылып, 12 мыңы атылып кетті. Өз елімізден осы нәубеттен қашып келген біз сияқтыларға нағыз «қайда барсаң,

Қорқыттың көрінің» өзі болды. Алтайда да азаматты арандату, алапат лаңы өрши түсті. Ел ішінде Моңғолия жері кең, елі киіз туырлықты, салты ұқсас, ондағы қазақтар еркін өмір сүріп жатыр, деп әр ауылдан «мал отарлатамыз» деген желеумен ел көшіп кетіп жатыр екен. «Көшу дұрыс», – деген сыбыс тарады.

Онсыз да совет елі мен қуғындап ізіме түскен қызыл жағалылардың әрекетінен 1941 жылы Моңғолия өлкесіне қоныс аудардық. Енді Байқадам ауылымен бірге көшіп 50 түтін шекара астық. Моңғолияның кең өлкесін көріп, киіз туырлықты үйлерін кең шапанды, кең қолтық жылы қабақты адамдарына жолығып ақын көңілім алаулап бір шумақ өлең арнадым:

Алтай асып келеміз
Аяңдамай желеміз
Моңғолия кең екен
Жарық сәуле көрерміз,– деп өзімнің жүрек жарды тілегімді тілге тиек еттім деді.

Ел өміріне араластым

Шәмел ақын әңгімесін ары қарай сабақтады. Біз Байқадам Үкірбайдың ауылымен 50 шақты түтін көшіп келгенбіз. Баяннұр сұмын орталығы Қобда өзені бойы Сарыаралдың саласынан бір аралды мекендеп «Қалқаның аралы» атандырдық. Байқадам ауылы осы сұмынның жері «Ақарал» аталатын елді мекенге қоныстанды. Ол кезде «Баян – өлгий» аймағы аталатын қазақ ұлттық аймағы жаңадан орнаған. Сұмындары да жаңадан жүйеленген, халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, әрбір отбасы өз бетімен тірлік жасайтын. 1940 жылы тамыз айында Баян-Өлгий аймағы орнапты. Аймақ орнаған күнінен бастап, саяси мекемелер жұмыс жасап, аймақтық экономикалық әлеуметтік мәдени өркениеттің ірге тасын қалау ісіне дереу кірісіп кетті. Сол жылдардан аймақтық сот, прокурор, адам және мал дәрігерлер орнымен қатар қол өнер артелі, сауда нүктелері, қатынас орны, көшпелі кино жер жерде бастауыш мектептер ашылыпты. Бұл жылдары аймақтың рухани өмірінде бірден-бір сүбелі оқиға бұрынғы араб жазуын қазақша жаңа кириллица жазуымен алмастырыпты. Газет шыға бастаған. Партияның үгіт-насихат жұмысы арқылы саясатта да, сауат ашуда да халық оянып іске кірісті. Амал нешік, осы бір бастамалар екінші дүниежүзілік соғыс, яғни Кеңес одағының Ұлы отан соғысына тап болды. Дүние жүзін арандатқан бұл соғыс Моңғолияға да өз әсерін тигізбей қоймады. Баян-Өлгий аймақ еңбекшілері майданға арнап 1941 – жылы 35328 сом, 1942 – жылдың бастапқы он айында 33599 сом ақша және 1700 сәйгүлік сыйға тартыпты. Қарапайым малшы Сұранбай Рази майданға 2300 сом ақша, 118 ат тарту еткен.

Моңғол халқымен бірдей мұндағы қазақтар да үлесін қосқан, керек десе солдаттарға деп жылы қолғап, байпақтар жинап берумен қатар сойған соғымның, жылтырар майын қуырып, тоң май қатырып, әр үйден жинап жүргізіп тұрды. Бұл жағдай қашып-пысып

жаңа көшіп келген бізге де ауыр тиді. Әйткенмен «көппен көрген ұлы той». Біз де ел жағдайына икемделіп әркім әрқалай еңбектеніп өмір кешті. Мұнда көшіп келген соң запы жүрек аз-кем тың-тыңдап демалдым. Күнделікті өмір бір қалыпты болған соң қимылдай бастадым. Біздің қазақ халқының қанына сіңген, қазақ қайда жүрсе еріп жүретін төл өнері айтыс өнеріндей өміршең өршіл, өжет өнер көрмедім. Айтыстың атасы қара өлең ғой. Мына бір қара өлеңнің екі жолын оқып көрейікші. Тұнып тұрған тұжырым.

«Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,

Есіктегі басыңды төрге сүйрер»,– дегені шын. Менің басымды, мен секілді әр өнерлінің басын төрге сүйреген өнер. Аймақ орталығына барып, атақты айтыс ақыны (сол кезде) Ақтан Бабиұлымен таныстым. Баян – Өлгий аймағы орнауының үш жылдық тойын ерекше тойламаса да, аймақ орнауының құрметіне Б.Ақтан екеуміз айтыстық. Ерте басталған айтыс таңға таяп аяқталды. Тыңдаушылар әжептәуір қызу айтыс болды десті. Соңынан «Толбо» сұмынына шақырылып барып, Әлпия атты әйелмен айтыстым. Әзілі аралас қызықты, айтыс өтті. Елге танылa бастадым.1946-жылдың көктемінде Б.Ақтан ақын және мен бар Баян-Өлгий аймағында өнерпаздардың тұңғыш слеті өтті. Біз тағы айтыстық. Шәмел ақын атым шығып, елге көп-көрім танылдым. Енді босқа қарап жүрмей, жергілікті (қызыл үй) клубқа қатынасып, өлең оқып, жастарды өнерге баули бастадым. Жазған өлеңдерім аймақтық баспа «Жаңа талап» журналы, «Өркендеу» газеттерінде жарық көре бастады. 1950-жылы Баян-Өлгий мен іргелес УВС аймағының қазба байлығын барлауға келген орыс геологтарына тілмаш қажет болғанда үкімет мені нұсқапты. Осы аймаққа түйемен көшіп бардық. Екі жыл жаз бойы геологтарға тілмаш болдым. Олар қайтып кеткен соң сол маңдағы аз ғана қазақ азаматтарының басын қосып, егіншілікпен шұғылдануға кіріскен едік. Менің шаңырағымның шырқы тағы бұзылды.

23 жылдан соң

Екі елдің шекарасын асып қашсам да, өкшелеп қуған сталиндік нәубәт мені 23 жылдан соң тағы тапты.

– Шәмел Қалқаевич мұнда жүр ғой,– деп соңынан қоймаған советтік сақшылардың көрсетуімен ұсталып кете бардым. Моңғолияның астанасы Уланбатыр қаласындағы саяси қылмыскерлер қамалатын түрмеден бірақ шықтым. Бір жыл тергеліп еш қылмыс таппаса да, совет одағының ықпалымен 17 жыл бас бостандығымнан айырған үкім шықты. Сол шақта жақын жуығың болса шақыр дегенде Кәп қарағым өзіңді шақырдым ғой. Түрмеде 17 жыл отыратынымa өзің куә болдың. Түрмеде «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», сүреңсіз, сүркей күндер өтіп жатты. Осы тұста үлкен қызым Нарша, үлкен ұлым Қыдырбай (мына Егеуханның немере ағасы Әбілқастың тұңғыш қызы Мапизаға үйленген) екеуі отбасымды 1700 шақырым қашықтықтағы Уланбатырға көшіріп әкелді. «Ұмтылған жетер мұратқа» дегендей өзімнің қажымайтын

қайсарлығыммен түрмеде отырып Бурияд сүйекті, оқымысты, көп ұлттың тілін меңгерген моңғол халқының халық жазушысы Ринчин Бямбаевпен таныстым. Түрмеде үш жыл отырып Ринчин Бямбаевтың жәрдемімен бостандыққа шықтым. Ринчин Бямбаевпен әңгімелесіп отырып:

Жабылған жала сезем мен
Қылмыссыз мылтық кезенген
Қиямет қыл көпірдей

Астым-ау екі кезеңнен – деп ішкі толғанысымды жасыра алмадым. Түрмеден шыққан соң Уланбатырдың іргесіндегі қазақтар көптеп жұмыс жасайтын Налайх көмір қалашығында тұрдық. Уланбатырдағы бір үлкен комбинатты басқаратын Шөшікей есімді азамат бар екен. Оның Мөшкей деген інісі болыпты. Ол менің Қапура қызымды көріп құда түспекші болып маған хат жіберіпті. Өзі келуге теңгермеген болар. Мен де қиястанып тез жауап жаздым:

Шөшікей, білем сенің бар атағың
Дер едім қолымды артар нар атаным
Аты Үйрек құдағиың біздің кемпір

Шұбыртып күнде барар балапанын – дедім. Ол қайтып хабарсыз кетті. Тумасам да туғандай болған ел-жерді сағынып келіп дәм татып, әкемді, ауылды көріп жүргенім ғой. Кешікпей көшіп келемін,– деді. Ақын ағаны шығарып салдық.

Ақын ағамен қайта жүздестім

Ақын аға аз уақыт ертіп жүріп сөз арасында әзілі ме, шыны ма?:

– Екеуің бақытты болыңдар, бірге жасаңдар!-деген ұсыныс тілек айтып қалатын.

«Қырықтың бірі қыдыр, мыңның бірі уәлі» деген ғой, ақыры Шәмел ағайдың осы тілегі қабыл болды ма?! Біз айдың, күннің аманында еркін өмір заманында аяқ астынан бас қосып алыс бір ауылға кетіп қалған едік.

1965 жылы Толбо сұмынына Баян-Өлгий аймағынан үгіт бригадасы келіпті. Құрамында қарт ақын Шәмел де бар екен дегенді естіп 70 шақырым қашықтықтағы Баян-энгер сұмынынан жеткенше асықтым. Келсем ақын «Меңдікөл» қонақ үйінде сапарластарымен бірге отыр екен. 1957 жылдан соң көргенім осы еді. Бұрынғысынан шау тартып қалғандай сезілді. Мен кіріп бардым-дағы бір парақ қағазға жазып алған өлеңімді оқи жөнелдім.

Қарт ақынды көргенде

Армысыз, ақын аға, сіз деп келдім,
Алыстан даңқыңды іздеп келдім.
Төркінім мені ұзатқан қалың жұртым
Білейін амандығын барлық елдің.

Сәлем деп хат жазды ма ағаларым,
Сұрай ма ата-ана балаларын,
Болғанда Баяннұр отау, Толбо үлкен үй
Аман сау енші берген бабаларың.

Әрқашан жүйрік шабыт ой ұштады,
Әйгілі қыран шыңға ойысқаны .
Қайрын берсін ағай жеңгеміздің,
Бақытқа шақырады өмір таңы
Шаттыққа қандай толы жастық жаны
Ұшырған өзің баулып түлегіңмін

Мұқамәди, Зағипа, Егеуханы, – дегенімде қарт ақын көзіне жас алып толқып кеткендей сезілді де, іркілместен төмендегі шумақтарды шұбырта жөнелді:

Көзіме жас келтірдің, қарағым-ай,
Әуелгі талғамыма жарадың-ай.
Сендер менің ұшырған балапаным,
Жасыңда танылып-ед талабың-ай.

Өлеңіңді баспадан оқып жүрмін
Әжептәуір ұшталды қаламың-ай
Бай-Өлгейдің тұңғыш қыз ақынысың
Өзіңді мен Сараға баладым-ай, дегені.

Міне, мен қарт ақын Шәмел Қалқаұлын өте жұлып алма, асқан дарынды, жасқа жанашыр, талаптыға тағылымды, мейірімді ақын екенін жоғары бағалаймын.

Шәмел ақын менің өмір және өнер жолындағы ең қастерлі ұстазым деп пір тұтамын.

Шәмел ақын

Шәмел ақын Моңғолия қазақтарының ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің өсіп, өркендеуіне, қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан ақын.

Келдім мен

Ел дамысын көргелі
Жырлағалы келдім мен

Құрылыс үйін өлеңмен
Сырлағалы келдім мен
Еңбектің сом балғасын
Шыңдағалы келдім мен
Өлең-жырын ақынның
Тыңдағалы келдім мен
Баяннұрдың табысын
Жырлағалы келдім мен.

1966 жыл

Баян-Өлгий аймағында 1957 жылы жас әдебиетшілер үйірмесі құрылып, кешікпей Моңғолия Жазушылар одағының бөлімшесі болып ұлғайтылды. Оның органы «Жаңа талап» журналы шыға бастады. Ол 1970 жылы «Шұғыла» журналы болып өзгерді. Үнемі жаңалыққа жаршы болып үн қосып отыратын ақын Шәмел «Менің тілегім» өлеңін ұсынды.

Жетпіс жаста қарт келді алдарыңа
Басталсын тілегім де, арманым да
Әдебиеттік жаңа отау көтерілді
Атақты Баян-Өлгий аймағында.
Тыңдаңдар бауырларым, балаларым
Замандас, қарт, жасы үлкен ағаларым
Өлеңмен бұл отауға желбау тағып
Қаламмен көтерісем шаңырағын
Шақырдың екі қартты тыңдаймыз деп
Біз жүрміз енді отыз жыл тұрмаймыз деп
Жас ақындар серттесті бұл отаудың
Уығын өлең-жырмен сырлаймыз деп
Біз келген жетпіс деген бірталай жер
Байқасақ секілденді алдымыз өр
Шәмел, Ақтан өлеңі, жыры осы деп
Көпке тарат «Шұғыла» жеткізіп бер

Ақынның өлең, толғау, дастандарын сүбелі туындысы айтыстарын көпшілік оқырманға жеткізген осы «Жаңа талап», «Шұғыла» журналдары.

Ақынның жеке жыр жинақтары: «Естелік» (1964), «Шындос» (1991) жарық көрген. Ақын Шәмел Моңғолия елінің әдебиетінің көрнекті қаламгерлері Б.Ринчин, Ц.Дамдинсүрэндермен таныс, біліс болып шығармаларын кезінде Моңғол тіліне де аударыпты. Ақын 1959 жылы Қыркүйекте өткізілген Моңғолияның тіл, білім

ғалымдарының алғашқы съезі мен 1962-жылы 5-айда болған МЖО-ның (Моңғолия Жазушылар одағының) 3 съезіне делегат болып қатысқан.

Атамекенін аңсаумен өткен ақын

Шәмел ақын 70 жасқа толатын жылы қатар жайлап отырдық.

– Мен биыл 70 жасқа толамын. Мерейтойымды қыркүйек айының орта шенінде тойлаймын. Оған дейін Атамекен Алматыға барып келуге рұқсат сұрап Совет одағына хат жібердім, ұйғарса барып, туған жерді бір көріп, Марқакөлге бір шомылып, мауқымды басып, қайтып келіп той жасаймын. Мерейтойды Кәп екеуің басы-қасында болып өткізесіңдер,-деді. Біз дайынбыз аймақ көлемінің ақындарын жұмылдырып өткіземіз,-дедік. Ел жайлаудан көшпей-ақ хаттың жауабы келіпті.

«Цагаантны оргодолыг хулээж авахгүй» («Ақтың қашқынын қабылдамаймыз») деген жалғыз ауыз сөз. Бұл жалғыз ауыз сөз қарт ақынға өте ауыр тиді. Ескі жарасын тырнап, қайта жаралап кетті. Атағымды шығарып той жасасам, тағы зияны тие ме деп қатты күйзелді. Ақынның Алматыны бір көріп қайту арманы еді. 1976 жылы бір адамдармен ілесіп жасырын барып Марқакөлді жалғыз қарындасы Аршаны бір көріп қайтыпты. 1979 жылы дүниеден озды. Қабірі Қобда өзен аңғары, Күреңтаулардың баурайында жатыр.

Атамекен Алматыны бір көруді арман етіп, Сәбит Мұқанов құрдасына да жалынышты хат жазған екен. Хаттың мәтінін Атамекен Алматыдағы ағайыны, халқы түгел оқып түсінсін деп қаз-қалпында ұсынуды жөн санадым. Өйткені көзіқарақты азаматтардың бірі ең болмаса қалған мұрасын, шығармаларының толық жинағын, айтыстарын шығаруға қол ұшын созар деген үміттемін.

Сәбитке сәлем

Құрметтеп хат жазайын Сәке саған
Тілеймін жүруіңді есен-аман.
«Сен» – деп жазған сөзімді ғайып етпе
Құрдасыңмын, не бауырың, емес ағаң.

Ойлап ем қара нардай қол артсам деп,
Не себеп хат жазбадың елеп маған.
Төрт ауыз сөз құраймын қисын қуып,
Менде жоқ мәдениет жүйрік қалам.

Саған мен танысқанмын «Сұлушаштан»,
Арман сол кезікпедім бала жастан.
Оқыдым «Өмір мектебі» екі томын
Ұққамын қайратыңды асу асқан.

Жаста бейнет, есейе дәулет берген,
Кезінде қай қазақ бар сенен асқан.
Мен құрбың «ұры тісті жетім тайдай»,
Тағдырмен талай елге бауыр басқан.
Бұйырған ырыздық деп теріп жүрміз,
Кім екен осынша алыс мұны шашқан.

Жетпіске биыл шықтым жылым сиыр,
Дәм солай болды ма екен кеттім қиыр.
Кәртейгенде деп едім көмектесер,
Болсын деп ем болмаса сөзім үйір.
Октябрь сәуле шашқан жерде жүрмін,
Киім бүтін, тамақ тоқ шықты бүйір.

Үш жылдай хат келер деп күтіп жүрдім,
Дәтімді тағы айтамын саған биыл.
Жиырмасыншы ғасырға құрдаспын мен
Талай қиын өмірмен сырластым мен.
Алпыс арқан сүйретіп өтіп кетті
Жер таянбай жетпісте тұрмаспын мен
«Құрдастың құдайы бір» деген қазақ
Сондықтан дәтімді айтып сырластым мен
Ойы – таяз, ақылы – аз, замандасың
Көрмесең шарам барма сөзімді тең

Жасымда қателестім, амал қанша
Кәрілік шөктіреді қара нарша
Ендігі бір тілегім осы боп жүр
Артымда кітап болып сөзім қалса
Мен сізге алғашында хат жазғанмын
Деп едім көмек етіп есіне алса
Артымда басқан ізім қалар ма екен
Бүркеніп босқа өлмей жаман шалша

Жетпіске босқа келдім сынып сағым

Жасымда өрлемеді абырой-бағым
Көмектес қосарға ал бір жетеле
Атыңды әр ел білген, арғымағым
Есірке есіңе алып тілегім сол
«Сұлушашты» жырлаған менмін табың
Ризамын бастаушы партияға
Басылды Өлгейімде бір кітабым
Жамбылша жүзге таяп бара алмаспын
Алдымда көрінгендей өмір шағын
Жасымда менде өзімше өлең қуғам
Айтысқан ақындарды сөзбен буғам
Отырмын осы күнде отбасында
Сең соғып салындыдай шыққан судан
Қырық үш жыл ошақ отын бір тұтатқам
Айырылдым жолдасымнан кірім жуған
Тілеген тілегіне жетіп кетті
«Сен қалып болсам дейтін мен-ақ құрбан»
Қос тонамас бір белгі тағы да алдым
Қызық көріп отырмын қыз бен ұлдан
Хат күтем, жауап келсе, тағы жазам
Қасиетті қаламыңнан біткен нұрдан
Атам қазақ сүйеніп дәстүріне
Төлдігімді бұлдаймын бір жыл туған
Бәрін айттым жасырмай осы – хәлім
Онда жүрген тілегім болсын мәлім
«Аққан жұлдыз» ат қойып бастапсың ғой
Уалиханов Шоқанның романын
Рахат бақшасында отырсың ғой
Дүниенің түгел болжап екі жағын
«Кірсе лебіз, шықса жел» деген Жамбыл
Бұл дүние бәрімізден өтер сағым
«Сыпайы жасырмайды деген сырын»
Бет көрісіп таныстық бұдан бұрын
Еді ғой мың тоғыз жүз алпыс жеті
Бай-Өлгейге қонаққа келген жылың
Өзіңнен хат күтемін, асығамын
Маған қайдан айтады өмір сырын
Шырылдаған мен торғай жарбасынан
Үміткермін сөзіңнің жалғасынан
«Мекке» мен «Мединені» көксемеймін

Көмек көрсет дәм татыр Алматыдан
Алматыны көруге болдым асық
Ағайынмен бет көрсем дидарласып
Қол жетпес,
Ойдан кетпес, арманым сол
Бұдан ары не дейін асып тасып
Мұндай ой маған-дағы кеш келіпті
Хат келсе дерміз Сәбең ескеріпті
Балалардың қолында жүрсін деп-ем
Кітабымды алдың ба «Естелікті»?

Мұндай сөзді жазғаным жасым жетті
Тура келсе бұрады кімге бетті
Естіген ақын атын арман етем
Мұхтар, Тайыр, Иса мен Қасым да өтті
«Сүмбілшаш» ел аузына әні тарап
Жете алмай мұратына Сәкен кетті

Туған жанды қара жер қоймайды алмай
Бұрынғыда өткен көп сөзі қалмай
Жамбыл ата көп жасап кетті десек
Өткені болыпты арман жүзге толмай
Сіз келгенде арманда қала бердім
Оңаша жиырма минут сөйлесе алмай
Тауыспан бастан кешкен өмірімді айтып
Бұл жасқа келгенім жоқ қанат талмай.

Өлгейлік театрда амандастық,
Отыз минут сөз сөйлеп мұңымды аштық.
Одан басқа оңаша жолғаспадық
Көп алдында құрбыңмен құшақтастың
Сахнада сөйледім көрді халық
Отырдың белгілеуге жазып алып
Енді Сәбең оңаша шақыртар деп
Сан толқып жата бердім үйге барып
Ноғай мен Жеңісханмен көп сөйлестің
Өкінген сырласа алмай менмін ғаріп
«Хат жазып тұрамын» деп кете бардың
«Қош» деп мен қала бердім қолыңды алып

Мінеки содан бері үш жыл өтті,
Жасымыз дәл жетпіске биыл жетті.
Жетпіске шыққан тойың құтты болсын
Қадірлеп совет елі құрмет етті.

Мен де отырмын жетпісті тойлағалы
Болмайды Арғымақтай тай бағалы
Сентябрь он бесінде той жасаймын
Құрдасыңның бір серке байлағаны

«Қош» Сәбе, аса берсін абырой-бағың
Мұқанов Сәбит деген бар атағың
Мен де отырмын бір тілеу тарқатқалы
«Әркім теке қояды өз лағын»

1970 жылы
Шәмел Қалқаұлы сәлеммен депті.

Елеусіздің еңбегін елеген емеуріндер

Жазушы Елеусіз Мұқамәдиұлының туғанына 80 жыл

Айналсам да үлкен көлді жағалап,
Қалмаушы едің менен Екей ағалап.
Көл бетінде көкжал толқын буырқанса,

Қолтығыма тығылушы ең паналап, - деп өзі айтқандай, ұядан жаңа өрген қаздың балапанындай қаздаңдап қайда барса да қасынан қалмаушы едім. Біздің ауылымыз атақты «Ақ тәңірі», «Цамбагариг» тауымен иықтасып көсіле көлбеп, биік жоталары ұзыннан ұзақ созылып, мекен жердің ұлы қорғанындай сезілетін «Көхнұрғын» тауының етегін жайлайтын. Осы таудың теріскей жақ алқабында орналасқан түпсіз

терең тұңғиық, алып, суы ащы «Байнұр» көлі бар-тын. Сол көлдің теріскей жақ жағасына көбінде көктемде, күзде ақ шаңқан киіз үйлерді қатарластырып тігіп отыра қалатынбыз. Аумақты үлкен көлдің шығыс жағында орналасқан екі кішкене көл бар еді. Бұл көлдердің орналасу тұрпаты: үлкен көл, үлкен үй, екі кішкене көл үлкен үйге ірге тиістіріп қонған отаулары іспетті әсер ететін. Біз ауыл балалары көлге жүзген шүрегейдей шүпірлеп, көлдің таяз жерінде таңертеңнен кешке дейін шомылып, көлден шықпайтынбыз. Арасында көлдің жағалауындағы жалпақ жасаңға қатарласа біткен томпақтарға үймелей қалып, томпақтан томпаққа секіріп, сілеміз қатқанша ойнаушы едік. Біз ойнап жүргенде басқа балалардың анасынан гөрі біздің анамыз үйден қайта қайта шығып, бізді қарап, кешіксек іздеп шыр-пыр болып жүретін. Мұның да терең сыры бар екен. Кейін түсіндік.

Әкеміз жайдары мінезді, әңгімешіл, ойлы көзді, балаларына мейірімді жан болатын. Өмір бойы жылқы баққан, шаруашыл, қарапайым қағылез еді. Анамыз он екі құрсақ көтеріпті. Өкінішке орай тұңғышы Әбділнұрдан кейінгілері бірінен соң бірі шетіней беріпті. Ата-анамыз шері шегінен шығып, шерменде болып жүргенде, Елеусіз ағамыз дүниеге келіпті. Ел болып тілеген шарананы ауыл ақсақалдары, ақжаулықты аналары шілдеханаға жиналып, араларынан аузы дуалы абыз ақсақал тұрып: «Алла бергенін алса да, берерін алмасын», – деген қарақтарым, –«Ақ түйенің қарыны жарылып», ел тілеген, ақжарма тілекпен дүниеге тағы да ұл бала келді. Бауы берік, жолы ұзақ болсын! Бұл баланы Алла да, адам да елемесін, атын «Елеусіз» қояйық, – деген екен. «Көп тілеуі көл» деген рас-ау. Елеусіз ағамның соңынан мен, Егеухан – қыз, Шаһизанда –ұл, Шәкерхан – қыз, үшеуіміз ердік. Арамыз екі жасардан. Елеусіз екеуміз тете өстік. Бір жас үлкен ағаға ат қоятын аулымыздың салты бойынша, «Екей аға» деп атадық. Ол жасынан еті тірі, пысық, біреу жұмсаса, шамасы келетін шаруаға елп ете түсетін, елпек бала болып өсті.

Жылқы малын ерекше ардақтайтын әкем Екей ағам төрт жасқа толғанда, кенже тайды үйретіп, тепкішек салынған ашамайды ерттеп мінгізді. Мені де ілдерге іліне тайға мінгізіп, баулыды. Ол кезде дүние тапшы. Біреуден көрген, ойлаған нәрсе қолға түсе бермейтін шақ. Бір салиқалы адам баласына шахмат әкеліп беріпті. Екей ағамыз өзі құралпас баламен достасып алады.

Әкесі баласына шахмат үйреткенде, қасында жүріп, әр бейнені бағамдап ұғып алғаннан кейін, екеуі бірігіп ағаштан шахматтың фигураларын жонады. Сол шахматты ойнауды да маған үйреткен сол Екей ағамыз еді. Өзі сабаққа барып, әріп танып сауатын ашқаннан-ақ оқуға зерек ұғымтал болды. Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін маған мектепке бармай-ақ жаттатыпты. Менің қағаз қаламға жуық болуым да осы Екей ағамның арқасы- деп топшылаймын. Екей ағамның жазушы, драматург, аудармашы, МЖЖО-ның, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі болуы бәрі-бәрі зерделі зерек, әкемнің, айтыскер ақын анамның арқасы әрі Алланың берген сыйы деп ойлаймын.

Есімі Елеусіз – Екей ағамыздың өмір жолын, жазған шығармашылығының, қыр-сырын қалт жібермей қадағалап, әр шығармасына баға беріп, еңбегін елеген, өзін демеген әріптестерінің емеуріндері арқылы айқындауды жөн санадым.

С.Шанас
Аймақтық идеология
бөлімініц меңгсрушісі.

Өрікті көл
(повесті)

Оқырман қауымға мұнан бұрын «Махаббат тағдыры» атты әңгімелер жинағын ұсынған жазушы Елеусіз Мұқамәдиұлының бұл кітабына «Өрікті көл» повесімен бір топ әңгімелері сыйысты.

«Өрікті көл» Моңғолия тарихында кездескен «Жалама айдаған» деп аталатын қанқұйлы оқиғаға құрылған тарихи повесть.

Автор бұл шығармасында бұдан жарты ғасырдан астам бұрын бейуаз елге салған тонаушы (Дамбий Жанцан Далай лама-Жалама) лаңын тартымды суреттейді. Повестің тілі көркем, оқиғасы шытырман, шынайы қиын да, қасіретті оқиғаларға толы. Мұның барлығын ретін тауып, бірімен-бірі қабыстырып, үйлестіріп,нанымды, шебер бейнелеген. Оқырман ойынан шығары даусыз.

1974 жыл

Сұраған Рахметұлы
Ақын, жазушы, аудармашы,
филология ғылымдарының кандидаты.

Өрікті көл оқиғасы туралы көптеген деректер жазылды. Мұнда Елеусіз Мұқамәдиұлының «Өрікті көл» повесі идеологиялық шеңберде жазылғанымен, оқиғаға байланысты бөлімдері аса құнды деп есептеледі.

Арғынбай Жұмажанұлы
Ақын, драматург, МЖО-ның мүшесі.
«Еңбек», «Қызыл ту», «Алтын жұлдыз»
орденінің иегері.

Сұлулық сыры

Елеусіз Мұқамәдиұның «Сұлулық сыры» повесінде адамгершілік қасиетін аға дәрігер Мамыр образы арқылы сәтті бейнелеген. Мамырдың бойындағы мұқалмайтын асқақ сезім, жан сұлулығы, кездескен кедергілерді жеңіп шығады. Жазушы адам жанының арашашысы, дәрігер образыносылайша көркемдікпен көрсету арқылы бүгінгі жұмысшы әулетінің жасампаздық тұлғасын танимыз.

1981 жыл

Қабидаш Қалиасқарұлы
Филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Проза жүгі

Аймағымыздың әдебиеті қанаты қатайып бүгіндері оқырмандарымыздың талғам-талап жүгін көтере аларлық дәрежеге жетті. Олай дейтініміз, өзге жанрлардан оза дамып келе жатқан поэзиямыз толыса түсіп, кенжелеп келе жатқан прозамыз соңғы оншақты жыл ішінде көктей өсіп, тұлғалы жанр-роман повестермен толығуда. Әсіресе роман жанры үшін бұл жылдар жемісті болды. Тарихи роман Моңғолиядағы қазақтардың басынан кешкен кейбір нәубәт, қанқұйлы кезеңдер мен олардың Моңғолияға жету тарихын суреттеуге арналады. Бұл романдардың алдыңғы қатарына баянөлгейлік қаламгерлерден тұңғыш жазылған Елеусіз Мұқамәдиұлының «Қобда қойнында» романын айтамыз. Әуелде біраз пікірталас тудырған «Қобда қойнында» романы осы жанрдың көшбасшысы болды. Халық революциясының алды-артындағы дәуірдің көркем бейнесін МХР-ның құрылып, жариялануы, социалистік даму жолы, қазақ-урианхай халқының сол оқиғаларға етене араласу процесін қамтыды. Осы ұзақ процестер романда өзіндік көрініс тауып басты тақырып, үзілмес мазмұны болған. Тарихи және көркемдік тұрғыдан авторымыздан көп білім, шынайы шеберлікті талап ететін бүл дәуірдің келбетін бейнелеген М.Елеусіз бұл шығармасында сәтті қадам жасаған. Романның құндылығы – сол дәуір шындығы. Заманға қажетті, қасиетті дерек бар. Алғашқылығына орай ауыр жүк көтеріп тұр.

1986 жыл

Имашхан Байбатырұлы
Ақын, Монголия, Қазақстан
Жазушылар одағыныц мүшесі.
«Алтыи жұлдыз» орденімен марапатталган.

Елеусіз Мұқамәдиұлына
(Әзіл)

Бостан босқа осы жұрт сабылады,
«Қыз жоғалды» оны іздеп неғылады.
Аман болса Елекең «Жоғалған қыз»,
Келіншек боп ертең-ақ табылады.
Өткіземіз оңаша тойын қалай?!
Оқырман-ау, айтсаңшы ойың қалай?!

Яки Ілиясулы
Ақын, аудармашы, сыншы, МЖЖО-ның мүшесі.

Елгезек жазушы

Елеусіз елуде. Ия, уақыт тұлпар, ұшқыр шабыспен межелі жерге ілезде жетеді екен-ау. Елу жас адам өміріндегі бір белес тәрізді. Елеусіз де осы белеске шығып, алды артына байсалдылықпен көз салатын кезге жетіпті, оның орта мектепті бітіріп, газет редакциясында тілшілік қызмет атқарғаныда, мемлекеттік университетке түсіп журналист мамандығын алып келгені кеше ғана секілді еді. Сол кешегі серілік құрған сары жігіттің самайын қырау шалыпты. Албырттықтың ауылынан алыс қонып, аты аймағымызға танымал жазушы, журналист атаныпты. Моңғолия Журналистер, Жазушылар одақтарының мүшесі. Е.Мұқамәдиұлы әдебиет босағасын өлеңмен аттады. Орта мектепте оқып жүргенде алғашқы өлеңі 1957 жылы аймақтық газетте жарық көрді. 1960 жылы бір топ өлеңі «Жастар тартуы» деген жинаққа енді. Осы жинақтағы «Мен едім ғой сүйгенің» атты өлеңіне композитор С.Файзолла жазған әнді сол кездегі жастардың көбі жаттап әндетуші еді. Мен де осы әнді әлі ұмыта қоймаппын.

Бұлақ аққан сылдырап самал төсте,
Нұрға батқан алқызыл жазғы кеште.
Жанды ерітіп назданған күлкің тұнық,
Сүйген жарым, құрбыжан, сен емес пе?!

Ұмытпаймын сүйгенім,
Әттең алыс жүргенім.
Ақ жүрегің ардақтап,
Мен едім ғой сүйгенің.

Бұл аймағымызда дүниеге келген алғашқы лирикалық ән өлеңі еді. Жас жігіттің сүйген жарға деген сағынышын шынайы да, тартымды бейнелеген. Бұл ән баршаның сүйіп айтатын әніне айналып кетті. Бұдан кейін «Жыр қарлығаштары» атты біріккен жинаққа да бірқатар өлеңі басылды. Елеусіз өлеңдерінің басты тақырыбы жалынды жастық шақтың өр қайраты, жастардың мораль тәрбиесі, социалистік өмір салты. Бұл тұрғыда да «Әлектің әлегі» , «Шылым шеккен құрбыма», «Айтпай-ақ қой жарай ма?»,

«Достық», «Сен соған айт» өлеңдерін тілге тиек етеміз. Е.Мұқамәдиұлы алпысыншы жылдардан бастап бірыңғай прозамен шұғылданды. Бұл жанрдағы алғашқы қадамын шағын әңгіме, новеллалармен бастаған жазушы ұлттық әдебиетіміздегі тұңғыш романды туғызды. «Махаббат тағдыры», «Өрікті көл», «Қобда қойнында», «Сұлулық сыры», «Жоғалған қыз» прозалық кітаптары арқылы оқырмандар құрметіне бөленді. М.Елеусіз алғашқы әңгіме новеллаларында бүгінгі жастарымыздың жарқын махаббатын, жастық жігерін, достық пен адамгершілікті арқау етті. Жастардың махаббаты жалаң баяндалмай, көбінесе еңбек қимыл әрекет үстінде суреттеледі. «Сығылған сең», «Өзекті пенде болған соң», «Достық пен махаббат» әңгімелеріндегі Гэрэл, Күлзира, Баян бейнелері көз алдымыздан кетпейді. Бұл көркем образ жасаудағы ізденістің жемісі. Елеусіздің жазушылық стиліндегі бір ерекшелігі әңгімені неғұрлым қысқа жазатындығы. Сюжеті ширақ, сөйлем құрылысы ықшам, шұбалаңқылық көп кездесе бермейтіндіктен оқушысын зеріктірмейді. Өткен жылы ауыл шаруашылығы тақырыбына жарияланған байқауда орын иеленген. «Көзгіл тоқты» әңгімесіндегі Дәулет қарттың образынан қоғам малына деген жанашырлық сезімді, еңбек десе, бел шешпейтін жанның жарқын тұлғасын көреміз. М.Елеусіздің күрделі тақырыпқа да қарымы жететіндігі «Өріктікөл», «Сұлулық сыры», «Жердегі жұлдыздар» повестері мен «Қобда қойнында», «Жоғалған қыз» романдарынан айқын аңғарылады. «Өрікті көл» повесіне өзек болған тақырып «Жалама айдаған» деп аталатын тарихи қанқұйлы оқиға. Жазушы бейуаз елдің берекесін кетірген жауыз «Дамбий Жанцанның» халыққа жасаған лаңын тарихи шындыққа сай нақты бейнелеген. Қазақтар қатігез жауға намысын жібермей, кегін қайтарады. Повесть оқиғасы шиеленісті, идеясы айқын. М.Елеусіз аймағымызда алғаш рет тарихи роман жанрына қалам тартты. Бір жағынан батылдық еді. Тарихи шындықты шеңберінен шығып кетпей көркемдікпен көрсету оңайға түспейтіндігі әркімге аян. Өйткені ел аузындағы әңгімелерді бір арнаға түсіріп сұрыптап, көркем образдар жасау жазушыдан шеберлікті талап етеді. Алайда автордың роман жазудағы тәжірибесінің жетіспеуінен кеткен кемшіліктерді кезінде батыл сынаған едік. Ол сынды қабыл алды да, келесі кесек туындысы «Жоғалған қыз» романында ол кемшіліктерді қайталамады. «Жоғалған қыз» жазушы шеберлігінің шыңдала түскендігін дәлелдейтін туынды. Елеусіз «Жоғалған қыздың» екінші кітабын да тәмамдады. Қазір оны өңдеп толықтыру үстінде. Әңгіме, новеллалар жинағы «Мөңгөн товч», («Күміс түйме») кітабы (моңғол тілінде) Ұланбатыр қаласынан басылып шықты. Елеусіз драмалық шығармамен де шұғылданып, бірер пьеса, бірнеше көрініс жазып, бұл жанрға да икемділігін танытты. Жазушы еңбегінің ендігі бір сүбелі саласы - аудармалары. Ол Дамбадаржаның «Тұлба көл» повесін, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С.Удвалдың «Ұлы тағдыр» романын,Ц.Гайтавтың «Жиырмасыншы ғасыр» поэмасын, басқа да бірқатар жазушылардың туындыларын қазақшаға аударды. Елеусіз Мұқамәдиұлының журналистік еңбегі де арнаулы сөз етуге тұрарлықтай. Ол көптеген очерк жазды. Ең шоқтықтысы МХР еңбек ері Ж.Серікбай туралы жазған «Биікте» очеркі. Бұл туынды публицистакалық сипаттама

мен ситуацияны дұрыс үйлестіріп, поэтикалық детальдарды таңдап алуымен ерекшеленеді. Серікбайдың еңбек жолын, табыстарын сыдыртып баяндап өтпей, белгілі сюжетке құрып көркемдікпен бейнелеген. Очерк жазумен шұғылданушыларға Елеусіздің бұл очеркі үлгі бола алар еді.

Елеусіздің шығармалары оқырман тарапынан да, қаламдастары білдірген пікірлер арқылы да әділ бағасын алып келеді. Оның бірнеше туындысы байқауларда орын иеленіп сыйлық та алды. Өткен жылдардағы еңбегі бағаланып, биылғы жылы жазушыларымыз ортасынан тұңғыш рет «Аймақтық озат қаламгер» атағына ие болуы оның шығармашылығына берілген лайықты баға. Әдебиетімізге өзіндік өрнегін салып, өрнегін тоқыған Елеусізді жазушылық ізденісі тұрғысынан «Елгезек жазушы» деп атауға болатындай. Ол елгезек болғанымен, асығып аптықпайтын байсалды, сабырлы, ұстамды, бірқалыпты шабыспен келелі. «Елу ердің жасы» дейді ғой. Өйтсе елудің белесіне ентікпей жеткен одан оқырмандары әлі де тамаша туындылар күтетіні күмәнсіз. Елеусіздің мүшел тойында мықты денсаулық, зор табыс тілейміз».

Замандасы Яки Ілиясұлының бұл ілтипаты мен тілегі қабыл болып,Екей ағам азды көпті еңбектеніп «Қашқын» «Жасыл жағалау», «Сары бел»романдарын жазды. Өкінішке орай денсаулығына байланысты көзінің тірісінде жарыққа шығара алмады. Тірі болса биыл сексенге сері келер еді-ау. Аяулы Екей ағамыз, Елеусіз Мұқамәдиұлы тарихи отанымыз - Қазақстан Тәуелсіздік алған соң, Моңғолиядан 1993 жылы Атамекенге біржола қоныс аударды. Сол жылы Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке ілескен. 2003жылы Қарағанды облысы Ақтау кентінде мәңгілік сапарға аттанды. Аяулы ағамыздың қазасына қайғырып, ұзақ жоқтау жазған едім, үзінді келтірейін.

Жан бөлек Екей, жан бөлек
(үзінді)

Таң мезгілі таянды,
Егеухан деді тілге кеп.
Не айтасыз Екей ағалап,
Жуықтай түстім ентелеп.

Аз кем мөлшер күш жиып,
Қош бол, деді жалғыз сөз.

Қол аяғы қарысып,
Бұзылып бара жатты көз.

Көз алдымда дүние-ай,
Қолымнан сусын татырып.
Тосып жатқан екен ғой
Көз жұмды таңды атырып.

Өртеніп кетті өзегім,
Құлады аспан дөңгелеп.
Қидым деп айттым қайтейін,
Айырылып қалдым, жан бөлек.

Алпыс бес жаста бақиға,
Аттандың атақ-даңқыңмен.
«Елеусіз» еді есімің,
Елеулі өттің өмірден.

Ойсырап орман теңселіп,
Жапырақ жайып иілді.
Тұмандап аспан түнеріп,
Күн күреңдеп күйінді.

Қиналушы едім ауырсаң,
Өлімге де, қидым ау.
Ақтық демің біткенде,
Жан бөлек, көріп тұрдым ау.

Бүтін жүрек бөлініп,
Жаралы қалды жартысы.
Жан бөлек, Екей, жан бөлек
Қуаттың өзің бар күші.

Жан бөлек, Екей, жан бөлек,
Жер қойнына тапсырдым.
«Сары бел» соңғы кітабың,
Түйіні екен көп сырдың.

Ұмытылмайсың мәңгілік,
Өміршең жазған шығармаң.

Ұрпағың ұлтың еске алып,
Жаңғырар ісің ұлы арман.

Егеухан Мұқамәдиқызы
Моңғолия, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі. ҚР мәдениет қайраткері,
Алтын алқалы ана.

Жар қызығы, жан қызығы
Акын Кәп Құмарұлының туғанына
80 жыл

Көктемде

Жазғытұрым. Жан-жәндіктің жанданып, ағаштың бүр жара бастаған шағы. Көктем мерекесі жақындаған сайын көңілім алабұртып өзімнен - өзім терезеге қарағыштаймын.

– Қарасам, қарағай тұр маңайымда,– деп өзінің көкейіндегі көксегенін көре алмаған акын секілді. Айнала зәулім-зәулім көкпен таласқан, көркемдігі жарасқан, сәнді ғимараттар. Ен даладағы барлық кеңістікті, өрелі өрісті өз қойнына каусырып тұрғандай. Бұрын бұл шақта жолдасым екеуміз жаратқан жорға-жүйрік аттарды жеке-жеке жетелеп апарып өзеннің тастакты, жағасы жадағай тұсынан жалтылдап сырғып жатқан мөлдір таза суынан жүздіріп суаратынбыз. Ат салкын судан әбден канған соң, аралдың алаңкайдағы құмдакқа аунағанда аяғына оралса қылтасын қимайтындай қойдың жүніне жылқының жұмсак жалын қосып ескен ұзын шылбырды, сиырдың терісінің иін кандырып, жүні жидіп түскен соң илеп жүген, нокта, шідер, тұсамыс, өре түйетін кайысшыға жасатқан ноқтаның сағағындағы ат айналса оралмайтындай айналсоқ тағып, шұбатып қойып құмдаққа аунататынбыз. Ат еркімен аунап-қунап , тұрып, сілкініп, керіліп бойын жазған соң, жаңа бой көтеріп көгеріштей бастаған көк шөпке аузын тигізбей өзді-өзімізге тиесілі аттарымызды үйге қарай жетелей жөнелетінбіз. Өйткені бәйгеге қосатын жаратқан аттарға жаңа шыққан көк шөпті жегізсең етін салып жібереді, бойын босатып алады,- дейтін-ді атбегілер.

Ол да айтыс ақыны болған

Ол да көп алдында айтыс ақындарының айтыс додасына арындай актарылатын, суырып салма ақын еді. Алғаш жолыққанымызда қаншама айтыс додаларға қатыскан,

айтысқан ақынын бірде жеңіп, бірде жеңіліп, әр сөзі жіптіктей өріліп, әжептәуір тәжірибе жинақтаған шағы-тын. Ол орталыкта окып жүрген кезінде де көптеп айтысыпты. Бір тойда қасында ел алдында, күресте белдескенді шақ келтірмейтін балуан атанған жолдасы екеуі әжептәуір айтысатын екі ақын қызбен айтысқанда:

Әни, Алуан

Сөзің жалған

Айтысқаның ақын – Кәп,

Әшім балуан - ау,- деп айтыскерлердің бетін кайтарыпты.

Мен жаңа ғана айтыса бастаған балаң, сөз саптауым да сапаланбаған көпшіліктің алдына айтысқа қорғалай, қорынып шығатын шағым еді. Қасиетті қазағымның тойы толастаған ба?! Ол кезде біз таныспағанбыз. Ол азамат маған «ол» еді. Мына той жиында да ол өлеңді өзі бастап топ жарып, айтысатын ақын шақырып, айтысқа шыққан біреулерді шебер тілмен шеңгелдеп, шегеріп тастағандай болды. Тағы да айтысатын акын болса айтысқа өлеңмен шақырып, той қызығын қыздыра түсті. «Жігітті ел мақтаған кыз жақтаған» - дегендей мен де оның қасына барып ептеп айтыскым келіп еді. Бірақ қорғалақтай бердім. Жанымдағылар:

– Мына қыз, айтысады, шықсын айтысқа, әнегүні екі шілдеханада айтысқан. Шығарыңдар, айтыссын,- деп өзеленді. Ол мені қорғаламай шықсын деді ме халқымның қара өлеңінен бір шумақ айттым.

Айтайын, айт дегенде әнім маған,

Бермейді тұрып орын танымаған.

Сыйласқандай кісінің баласымыз,

Тәп-тәуір өлең айтшы, жаным, маған,– деді

Көпшіліктің маған қарап, кәне өлең айт, айт деген тілегін орындамасқа болмады. Мен де айтыс ақыны анам Кеңбайқызы Заңипаның үйреткен қара өлеңінен бір шумақ айттым:

Өлеңді айт дегенде ағылайын,

Ақындардың қасынан табылайын.

Ата-ана бәрі айт деп калап отыр,

Өлеңді мұнда айтпаған не ғылайын.

Отырған тойшыл қауым жарайсың-жарайсың деп дүрілдеп, кол соғып, кошаметтеді. Айтыс жалғасып қыза келе біразға созылды. Бұл айтыс біздің шырғалаңды-шытырманды жұптасуымызға ұластырды...оны кейін жазармын.

Еш нәрсеге алаңдамайтын

Менің жарым ақын Кәп Құмарұлы тамағына ота жасатқан соң айтысты қойып, бірыңғай жазба әдебиетіне ауысқан. Ол өзі бір әулеттің ортасындағы сөз білетін ақын болды. Ата «халық жау» атанып ұсталып кеткен. Бір шаңырақтың үміт арткан азаматы атануымен де ардақты еді. Алла дес бергенде мен 17 жасымда бас косып, 18

жасымның соңында түңғыш қызды (Тамара) болып, келген әулетімді қуанышқа бөлегенмін. Жарым мектепте мүғалім. Оқушыларға бар ынтасымен сөз тіркесі, сөйлем құрылысы, әріп емлесін, нүкте, қайырма, сызықшасына дейін қалтырмай ұқтыруға тырысатын. Әредік ойына оралған бірер шумакты қағазға түсіре жүретін.

Бай далам, байтақ далам жайсаң далам,

Бал емген бауырыңнан мен бір балаң.

Сен үшін төгілсе игі мандай терім,

Отаным,

Алтын ордам,

Туған анам,– деп өзі тәрбиелеп жүрген жас ұрпаққа сен де осылай Отаның, елің, туған жерің үшін бар күш куатыңмен еңбектен дегенге үндейді. Мектептің тілге, әдебиетке байланысты көркем сөз, жылдам оқу, шығарма жазғызу қатарлы сан-салалы, сын-сынак, тәрбие жұмысы, даталы мерейтой мерекелерге арналған кештіктер, түгелдей менің жарымның жанын сала жүргізуімен өтетін. Арасында ақын адамның арсы-гүрсі алапат шабыты келіп калса, елпілдеп-желпілдел қағаз қаламын колына алып, жалма-жан отыра калып жаза бастайды. Мен мектепте оқушылардың кітапханасында жұмыс істейтінмін-ді

Кейде жұмыстан екеуміз түскі үзіліске бірге келеміз. Ол шаршап келіп төрге қарай домалауға немесе көрген білген өмір ағысынан алған әсерінен бірер шумак жаза қойғысы келіп қағаз-қаламға ұмтылады. Мен де ақынмын ғой. Қанша әсерленсем де, жарымның тамағын істеп, жағдайын жасамай, баламды емізбей, енемнің қас-қабағына қарамай, қағаз-қаламға қарамайтынмын. Ол шақта әйтеуір бөлек мотормен берілетін электр жарығы бар-тын. Басқа ас пісіру шай кайнату, үй жылыту сияқты тұрмыстық ақуалдың барлығы қолмен от жағып тындырылатын. Балалардың арасы екі жасардан. Оларға сатып алып кигізе коятын дайын киім табыла бермейді. Әрқайсысына сәйкестендіріп қолдан тігіп кигізетінмін-ді, сол әулетке түскен келін болғандықтан, үй ұстау, қазактың ою-өрнек, салт-дәстүрі, үзіктің дөдегесін, туырлык қасын, түндіктің күлдіреуішін, бас құрын оюлау, киізден ойыстырып қара ала сырмақ жасау, түскиіз, алашаны біз кестемен немесе қолмен шырыштап сәнді, мүйізді нақышына келтіріп көркемдеп жасау, бәрі-бәрі менің мойынымда. Әйтеуір уақытты аз болса ұтып қалу үшін, баланы емізіп отырып ептеп оқиын деген такырыбымды оқып аламын. «Қағаз, қалам баламның жөргегінде» дегендей бір қарындаш, бүктеген дәптер баламның бесігінде, жастығының астында тұрады. Оңаты келгенде бірер шумақ түрте жүремін. Әйткенмен жарымның жарқырап киінуі, көзге жылы көрінуі, ақын деген атына заты сай, еркіндігі, ер көңілділігі болу шарт. Еркіндік пен ер көңілділіктен туындаған мына бір-жыр шумақтарын келтірейін:

Мен - казақпын, ақиық шыңдарда өскен,

Нар жетелеп таудан һәм кырдан көшкен.

Алты малта ас болып, ат үстінде,

Дүниеде дүр рухым думан кешкен.

Мен – қазақпын, ас беріп, ат шаптырған,
Бие байлап, төскейде қой бақтырған.
Көк тәңірісі қыранды қолға үйретіп,
Жер тағысы түлкімен ойнаттырған.

Мен - қазақпын, ақ жүрек аңқылдаған,
Көңілі жомарт, ниеті ақ сарқылмаған.
Жер бетіне тарыдай шашылсам да,
Даламдай сақтап келем даңқымды аман – деп бұрқырата жазып жалғастыра беретін. «Тіл өнері дертпен тең» – дегендей ол толғатып өлең жазғысы келсе, телегей теңіз төңкерілсе де селт етпейді. Өзінің ойындағысын қағазға түсірмей тынбайтын – ды. Ол кезде тамағынды іш, асың суып қалды демей, сол сәт балаларды шуылдатпай аяғымызды ұшымен басып момақан бола қалатынбыз.

Арпа симас

Ол-ол ма? «Тіл өнері дертпен тең» деп дауасын іздеп жүргенде жарымның ат жандылығы, жорға жүйрік ұстайтын бәйгеге жанын салып ат жаратып, баптайтын ат құмар, ат бегілік дауасыз(дерті) мезгіл-мезгіл құзғындап қозатынды. Жылда желтоқсан айы туысымен Көкала жорғаны, Ала аяк жүйрікті қыстай шөпке байлап сұлылайды. Менің міндетім артып, жауапкершілігім өрлей түседі. Ат сұлыны сілкіп жеуіне ыңғайлы берік бұлдан «сұлы дорба» тігемін. Өңі күнге тотыққан ат көрпе (көпшікті) жаңартамын. Атка ер батпау үшін ердің үш кабат токымының төңірегін бірін жасыл, екеуін қызыл бұлмен көмкеріп, көркемдеймін. Енем бар, балаларды бауырына тартады. Барынша маған көмектеседі. Атты арқандайтын, байлайтын 7-8 құлаштан әрі берік, әрі ықшам, ширақ, сыптығыр етіп енем екеуміз қойдың жүніне жылқының жал-құйрығының қылынан түтіп қосып, біріміз есіп, біріміз шүйкелеп, екі атқа арнап «жанарқан» есеміз. Есілген үш тал жіңішке тілі, екі жақтауы үшеуін киіз үйдің оң жақ босағасының керегесінің үш көзінен өткізіп, үш ағашқа орап, үш адам тартып тұрып ширатып қатты пісіп ширыққан соң, үйдің ішкі жағындағы арқанның тұйығынан жіңішке қайыс өткізіп, қармаулы адам өзіне қарай тартып бұрайды. Мұны арқан тарту дейміз. Бұралған ұшын бір бала есіктен шығарып бұралған жағына қарай бұрайды. Бұл «құйыршық жеу», үш тал жіптің соңғы ұшын қолмен ширатып тебенге шуда жіп сабақтап тігеді. «Жанарқан» осылай дайындалады.

Атка беретін сұлыны ақ толыскей тегешке салып желпіп, қан жылым сумен екі рет шайып тастап, тас-құм, шөп-шалаңнан арылып суы тұнған соң төгіп, сұлыға суық су

құйып жібітеді. Аттың өкпесіне демікпе пайда болмау үшін сұлыға бір шөмішпен күріш қосып береді. Оны да шайып жібітеміз. Сұлыны атқа беретін уағында ол өзі бар болса сұлы салынған дорбаны аттың тұмсығына кигізеді. Ол жоқ болса мен кигіземін. Ал жемді жеп болған соң дорбаны алып, ашаға іліп қоямын.

Бір қасиеті той ауылдық жерде аудандай жазда, күзде көктемде болады. Біз тойға барғанда бала емшекте болса, Көк ала жорғаны мініп, баланы бөлеп, бесікті алдыма өңгеріп барамын. Көрпесі жалбыраса да, қымсынып үрікпейді. Жорға салыстыру жарысына өзі мініп шығады. Біреу-міреу кызығып мінгісі келсе, жатырқап жолатпайтын-ды жануар. Баланы барған соң емізіп, бір апаның қасына қойып, айтысып, той-тойлап, бәйге ат бәйгесіне, жорға ат жорғасына қосылып екеуі де алдымен келген керемет қуанышты сәттері не ұмытылсын. Ол мініс атына мініп жүйрігін жетелейді. Мен Көкала жорғаға мініп бесікті өңгеріп жолдас-жоралармен бірге топ-топ тойшылардың жосып келе жататын, бір-біріне айтқан әзілі судай сіңіп, тастай бататын қызық күндер ай!

Ол жорға жүйрік болса құны қанша десе де, тартынбай сатып алатын. Бірде жұмыстан келсем, бір сиырды бас болғызып, екі құнажынды, үш тайыншаны қосып Шайқыұлы Қайсарға ұлымыз Тәттімбеттен айдатып тұр екен.

Жер алыс қой, неге айдаттың, – дегенімде,

– Қырда семіруге жібердім,–деді. Бірақ үш қонып Тәттімбет бір биіктеу шұбар құнан жетелеп келді. Алты сиыр тұяғы бір құнан болғанын сездім. Тағы бірде Қамитқан атты жолдасынан жылқының құнын беріп жорға «биенің ішіндегі құлынға бәс жасап, егер құлын еркек болса аламын, ұрғашы құлын туса алмаймын, ақшаны сұрамаймын» деген. Оның атқа деген ақ адал ниетінен болды ма, жорға бие еркек құлын туды. Ол жорға болды. Атын «Тайқызыл» атады.

Мен шынымды айтсам оның қымбат бағаға жорға, жүйрік сатып алғанына ешқандай іш жимаған жанмын. Өйткені, әкем Мүлікұлы Мұқамәди де ат дегенде ішкен асын жерге қоятын, өзі де «Таскөк» атты жүйрік ұстаған. Өмірі жылқы баққан қашаған ұстайтын атақты «құрықшы» еді. Ағайым жазушы Елеусіз екеумізді жастайымыздан тай үйретіп мінгізген, сол бесіктен басталған тәрбиеден болар. Өзім де жылқы малын жақсы көремін. Ыңғайыма қарай жолдасым да атажұртқа оралғанша жорға мінгізіп бұлықсытты.

Жолдасым ат жаратқанда ай бойы түн баласында үйге қонбайды. Ат күзетіп, алысқа, ат жайылтып, аулақта, тыныш таза жерге атты ұйықтатып, уағымен суарып, әйтеуір атпен бірге болатын. Атты бағып, атты бәйгеде жүгіртіп, барлық сыр-сынын, сипатын, қадір қасиетін жете танып «Кәрібоз», Күй құдіреті», «Арпагер» атты ірі-ірі дастандар жазды. Арпагер кітабынан атпен сырласатынын бейнелеген, бірер шумақ:

Елгезек жетелесең жандай сырлас,
Белдеуге байлап қойсаң тұрар қиғаш.
Бас сүйекте қызыл жоқ, қырып алар,
Қаз мойынды, қыран төс, қасқалдақ бас.

Сулықты езулігі ойық біткен,
Арасы азу тістің «арпа симас».

Жар – қызығы, жан – қызығы

Жарым менің ақ көңіл, кейде бала мінезді, кейде болмашы нәрсеге ренжіп қайнаған самаурындай бұрқылдап ашуланған кезде қарсыласпай қыбын тапсаң лезде түк болмағандай жап-жайдары бола қалушы еді. Кек сақтамайтын. Кейбір кездері болымсызға сене қалатыны күлкі де тудырып жүретін. Бірде ол атпен 30 шақырым жондағы жылқыдан Көк ала жорға мен Ала аяқ жүйрікті алып келуге кетіп үш қонды. Келіп қалар деп ет асып қойғанмын. Пешке ысытып отырған қайнақ суды, «Кәп келді ме?» – деп хабарласып келген бір замандасқа шай салып беріп онымен әңгімелесіп біраз отырып қалыппын. Ол кеткен соң жүгіріп шығып қарасам, Кәп келіп қойыпты. Қашаның қасында аттан түскелі тұр екен. Мен сасқалақтап есіктен қайта қарап үлкен ұл Әмірханның әйелі, келінім Жібекке: – Сен тездетіп шай қайнатып жібер, мен оңатына қарай атаңды, бөгей тұрайын, – дедім. Жарымның жанына жүгіріп барып Көк жорғаның шылбырын ұстап алып, ары-бері жетелеп,

– Аттардың күйі жақсы екен. Әйтеу шаршаған жоқ шығарсың, сен сияқты жорға, жүйрікті қатар жетелеген жігіт шаршай ма? – деп әзілдеп демеп қойдым. Көкала аттың жалынан сипап тағы,– «сұлы дорба» тігіп қойдым. Екеуміз екі атты күтімге аламыз ғой. Бір тәуірі аттың күйін-бабын өзің жақсы білесің,– деп аттарды байлай бастадық. Есік ашылған соң, жалт қарасам, келін шай дайын, жүріңіздер,- деп шақырды. Кейін шай-тамақ дайын болмай қалса:

– Тәте, атаны алдандыра тұрасыз ба, – деп әзілдеп жүретін.

Кешірім бағлан

Біз шаңырақтағы ұл Тәттімбет екеуміз Моңғолияға Бай-Өлкеге өзімнің әкемнің шаңырағындағы Шаһизандаға бармақпын. 5 ұл, 5 қыз тапқан келінім Қазираны, немере бауырларым Талап, Долда, бәрін сағындым. Бай-Өлкенің әкімі қайным Мизамхан, тағы басқа туыс-туған, құда-жекжат, дос-жаран, әсіресе, туған жер Ата-Анам күмбезі бәрін бір көруге, жолаушы жүруге қамданып әзірлік жасауда едік. Жолдасым ондайда бізден айналсоқтап, алыстамай жаны біздің үстімізде тұрғандай жалтақтай беретін.

– Алла жол берсе, ертең шығамыз ғой, бізге не тапсырасың,– дедім назданып.

– Я, кетесіңдер ғой, келмей қалсаң да, өзің біл,–деді. Мен жорта шамданған болып:

– Я жол алыс қой, шекараның ар жағы, өлсем ата-анамның қасына жата кетем,– дедім. Ол өзі жаратылысынан кейде жоққа сенетін.

– Ол маған «замандастар бар, жібермесе қал,– деп әзілдемек болған. Мен оның көмейін түсініп әдейі былай бұрдым. Ол мені шын ренжіп қалды ма? деп қолдағы келін Әпияға жүгіріп барып:

– Балам, әлгі соятын бағланды тез сойып, кешірім сұрамасак болмай кетті,- депті

– Жоқ, ата, бағланды шығарып салуға сойғалы отыр едік қой, – атасының шын абыржып жүргенін көріп,

– Ата, не істеп койдыңыз?! Бағланды сойып шығарып салсак бізге көп-көрім сарқыт әкелетін еді ғой, кешірімге бағлан сойсақ, бізді кешіреді де түк әкелмейді ғой,-депті әдейі.

– Жоқ, жоқ балам кешірімге бағлан соймасақ болмайтын болды ғой,– деп болмай қойыпты. Ақыры үлкен бесінде биылғы төлдің алғашқысы үлкен қойдай аппақ марқаны әдейі кешірім сұрап сойып жатырмын. Аман-есен барып келіңдер! Жорытқанда жолдарың болсын!, жолдасың қыдыр болсын!,- деп батасын өзі жасап, ауылымыз түгел жиналып бағланның балдай тәтті етін жеп, кешірдік деп күлісіп аттандық. Алла жол берсін!

* * *

Міне, бұл да бір естен кетпес қызықты сәт еді. Әдетте жарымның жазған шығармасының алғашкы окырманы, сыншысы, пікір айтушысы менмін.

Менің шығармамның алғашқы оқырманы, кеңесшісі, өз жарым еді. Кешке, түнде уақыт тауып отыра қалатынбыз. Жарымның жарға деген жақсы ниеті, жанашырлығынан өлеңді айта, айтыса, жаза жүріп, шахмат ойнаудан әжептәуір жетістікке жеттім. Алланың сыйы он шақты баланы оқытып, тоқытып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ол тірі болса биыл 80 жасын тойлар еді. «Адам өзі мың жасамайды, ұрпағы мың жасайды»,– деген лайым солай болғай-да. Алланың аманатын 77 жасқа қараған шағында 2009 жылы желтоқсан айының 9-ында тапсырды. Жаның жаннатта болғай,– деп мәйітті шығарарда оқыған өлеңіммен аяқтайын.

Жарым менің

(Кәп Құмарұлының мәйітін шығарғанда оқылған өлең)

Жарым менің, жанашырым, жарқыным,
Аңқылдақ ең, ақтаратын жан сырын.
Бұл өмірге құштарлықпен құлшынып,
Елгезек ең, алмайтұғын еш тыным.

Отау құрып,
Орда бол!–деп бата алып.
Бөлектенбей,
Жіксіз,
Жіпсіз, маталып.
Үй болғанда,
Жыл болғанда,
Тәубә! – деп,
Шаңырақта шілдехана жасалып.

Үй болған соң күй болу да жалғасты,
ЬІрыздықты бөледі Алла дәмді, асты.
Ел қатарлы жарастырып тіршілік,
Адал еңбек, айлық алдық алғашқы.

Міне, осылай жылжыды жыл, тез өтті,
Әр өнерге ұмтылғамыз кезекті.
Күнделікті қалыс калмай ортадан,
Өрнек салып өшпейтіндей өзекті.

Елу үш жыл көктем өтті көрікті,
Түрлі түсті талай гүлдер өніпті.
Жыл құстары жылда келіп қиқулап,
Төл мен тете балапаны өріпті.

Елу үш жаз бірге өтті жайраңдап,
Шалқарына шақыратын сайран бақ.
Кеме жүзіп кемел ойдың теңізін,
Аққайрандай жарқылдайтын жарқын шақ.

Елу үш күз бірге өтті той-тойлап,
Мінген жорға, жүйрік жүйткіп, сап ойнақ.
Бір құрбының үзеңгісі қағысса,
Буырқанушы-ең төбемізге қамшы ойнап.

Елу үш қыс өтті бірге аққарлы,
Аппақ көрпе жұмсақ мамық астарлы.
Ұзақ таңда ұйқысырап жыр оқып,
Екеуара талқылаушы-ек дастанды.

Елу үш жыл бір отбасы ұйысып,
Ағайын мен құда, жекжат қиысып.
Немере мен нағашы жиен, бөлелер,
Торқалы той тоғысқаны ырыс-құт.

Егеменді ел көк байрағы желбіреп,
Ел дегенде ет жүрегің елжіреп.
Алтай асып Атамекен Арқаға,
Астастырды арман-мүдде ақ тілек.

Елу үш жыл елу үш күн сияқты,
Жүзіп өткен көк шалғынды қияқты.
«Ажал-парыз» ажыратты араны,
Өз қасыңнан бір орын қой тұрақты.

Көкөзек ауылы,
12.12.2009 жылы дүниеден озды.

Бұлғынның бұла перзенті
(Кәкей Жаңжұңұлының рухына)

Сағыныш
Оралу

Сәлем-сәлем! Ескі көздер аман ба?!
Жыл жүрсем де құшағыңа қанам ба?!
Баптап қойған күреңіңді арытып,
Сақтап қойған сүр етіңді тәмамдап,
Жыл жүрсем де құшағыңа қанам ба?!

Нәзік қолдар, кәрі жүздер қаусардай,
Мейірің неткен тәтті еді Гаусардай.
Ақ періште әжелер-ай сыйың мың,
Кетемін-ау мыңда бірін тауса алмай.

... Жатыр сұлап бір қыраттан, бірі қырат,
Шүу, кербесті бауырыңды жаз сырқырап.
Анау белде ақ көйлекті бір қыз тұр,
Бұрымынан жусан иісі бұрқырап.

Шүу, кербесті бауырыңды жаз бұрқырат! деп, Ару, әсем Алматы қаласында (Қазақстанда) оқып жүрген кезекті оқу жылы аяқталғанша туған жеріне, ауылына асыққан албырт көңіл, асқақ ойлы, жалынды жас ақынның көл-көсір сағынышы ғой бұл. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей оның жасынан үлкенді сыйлап өскен көргенділігі мен тәрбиелілігінің белгісі. Алдымен ауылының ескі көз қарияларына сәлем жолдаса, жасынан тай мініп өскен ауыл баласының ат жалында ойнайтын дағдысын ойнақы сыр мінезін сипаттайды.

Әр әженің, ананың алыстағы балаларына арнап қысқы соғым жылқының қазы-қарта, жал-жаясын, ойынды етіп бір май, бір ет сүйкімді, қойдың кілең асықты жіліктерін төстігін, төсінің етегін жекелеп арнайы кептіріп неше жыл қара кебеженің түбінде жатса да шірімейтін, қасиетті, дәмді дәмін бұзбайтындай сүрлейтін. Жаздайғы қой-ешкіні қосақтап, сиырды желілеп сауып саба-саба іркіт пісіп алған құрт, қайнатқан ірімшігін де кептіріп сақтайтын. «Алты күн аш жатса да» оларды аузына салмайтын аналарымыз әжелердің асыл мейіріміне, ыстық ықыласына тәнті екенін жеткізген жасынан бірге өскен жан құрбысына, сүйген қызына, бала махаббатын да, туған жердің жусанының жұпарын да сиғызған. Ауылына қайтқанда:

Ана сағынышы
(өлеңнен үзінді)

Ақ жаулығың қолда,
Алаң болып жолға.
Қарай-қарай аңсадың ба, анам?!
Келеді деп ұлым,
Таппай ешбір тыным.
Күте-күте шаршадың, ба анам?!
О, менің анам,
О, асыл данам.
Құстай ұшып келем,
Таусылмайды белең.
Жетем қашан ауылыма, анам?!

Басшы мені бауырыңа, анам?! – деп анасына жеткенше ауылына асығып жүріп, ол университетті де тәмамдады. Бұл айтулы ақын Кәкей Жаңжұңұлы еді.

Өсу өрісі

Ақын Кәкей Жаңжұңұлы 1947 жылы Баян-Өлгий аймағы, Бұлғын сұмыны аумағындағы «Нәрін» деген жерде дүниеге келген. Бұлғыннан оқып, тәлім-тәрбие алған. 1971-жылы Совет одағы Қазақстан Республикасы, Алматы Мемлекеттік университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы мамандарын даярлайтын факультетті бітірген. Ол алғашқы еңбек жолын туған ауылында мектепте мұғалім болып бастайды. Кейінірек оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, аймақтық оқу бөлімінің нұсқаушысы болады. 1973 жылдан МХРП-ның, 1983 жылдан Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі, 1982 жылдан Моңғолия Жазушылар одағының Баян-Өлгий аймақтық бөлімшесін басқарады. Баян-Өлгий аймағында шығатын «Шұғыла» журналының редакторы қызметін атқарды. Кәкей Жаңжұңұлы 1963 жылдан бастап әдеби шығармалармен айналысып, өлең жаза бастаған. Ол жаңа талап, жас ақын Бұла Бұлғынның бұлақ сыңғырымен жарыса жер әлемге жар салады «Ақын болғым келеді» өлеңінде:

Сан жүйріктер сырына,
Жақын болғым келеді.
Қанат беріп жырыма,
Ақын болғым келеді, - деген асқақ үнмен жұртты өзіне жалт қаратқан. Алғашқы шығармалары «Шұғыла» журналы, Қазақстанда әдеби газет, журналдарда

жарық көрді. Ол лирикалық өлең жазумен қатар, сын-сықақ, әзіл-оспақ, сатиралық өлеңдер жазуды қолға алды. Мұнда сатираның тақырыптары бұрмаланған дәстүр, кертартпа әдеттер, тоңмойын бюрократтар, ойсыз-ессіз есерлер, маскүнем жебір-жемқорлар, дін бұзатын дүмшелер сияқты сан алуан болып келеді. Тұрмыс-тіршілікте кездесетін ұсақ-түйектен бастап қоғамдық сипаттағы кемшіліктерді сын-сықағы арқылы шенейтін. «Уәдешіл» атты шығармасында:

«Жоспар деген қиын ба?
Орындай салу бұйым ба!»
Уәде берді «бітті енді»,
Дүрілдеген жиында.
Болжамсыз-ақ соғады,
Тау тұрғызбақ болады.
Сөзі менен ісі алшақ,
Көпірмелер көп әлі, - дегендей.

Кездесуден керегін табатын

Аймақтық партия комитетінен: Егеухан Мұқамәдиқызы сіз наурыз айының 13-інен қалмай аймаққа (жас тілшілер кеңесіне қатысасыз) келіңіз деген жедел хат келген. Мен алып ұшып Баян-нуур сұмынынан 120 шақырым қашықтықтағы аймақ орталығына қатынайтын почта машинасымен жеттім. Бұрынғы әдетім бойынша алдымен аймақтық Жазушылар бөлімшесіне бардым. Орташа бойлы, аққұба өңді, қызғылт балаң жігіт ұшып тұрып, маған қарай жылы шыраймен – әлгі «арпа ішінде бір бидай» аталатын ақын апамыз сіз емес пе? Қош келдіңіз, – деп қол алысып амандастық. Төрлетіңіз, отырыңыз деген ілтипатпен төрге отырып аз кем әңгімелестік. Баланың жағдайымен аймаққа қатынамағалы аз тола уақыт өткенді. Бұл менің Кәкеймен алғашқы кездесуім. Кәкей:

– Мен сізді іздеп отыр едім, келгеніңіз жақсы болды. Мен де өз бауырыңызбын. Осында орналасып жұмыс жүргізетін болып отырмын. Жазушы Елеусіз Мұқамәдиұлы ағаймен де қаламдас, таныс, біліс, бір бағыттың адамдарымыз ғой, сіздермен де бірігіп жұмыс жүргізерміз, – деді.

Келесі күндері тілшілерге арналған әр түрлі іс-шаралар бар, кеңес өтеді. Содан кейінгі күндері аймақ орталықтарындағы ұйымдықтарда, бірнеше сұмындарда жазушылар бөлімшесі атынан кездесу өткізіп айтыс өнерін қайта жандандырып насихат жүргізсек, – деген ұсынысын айтты.

1984-жылы наурыз айының 14-інде аймақтық «Жаңа өмір» газеті кеңесінің кең залында ойдан-қырдан жиналған тілшілермен «ашық әңгіме, сырласу» өтті. Ол жиынды аймақтық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Шөндей ашты. «Жаңа өмір» газетінің бас редакторы І.Яки, идеология ісін жауаптанған нұсқаушы Қ.Баман, «Жаңа

өмір» газетінің әдеби саласын жауаптанған М.Елеусіз, аймақтық Жазушылар бөлімшесінің бастығы Ж.Кәкей, газет тілшісі Р.Шынай, радио хабарының тілшісі Ы.Қуантай, «Үнэн» газетінің тілшісі Х.Силам, радио хабарының бас редакторы М.Хизаттар қатысып әрқилы кеңестер берді. Кәкей:

– Қандай бір тақырыпты жазарда зерттеп, зерделеп жазу ләзім. Фельетон сықақ жазғанда мазмұн, мағынасын ескерген жөн, Сықақ жазған осы деп анайылыққа бармауды ескеру, сын – шын болуы қажет дегенді ерекше атады. Әр түрлі іс-шаралар өтті. Ертеңінде жас тілшілер кеңесін аймақтық партия комитетінің идеология ісін жауаптанған хатшы О.Хапсатор сөз сөйлеп ашты. Уланбаатор қаласынан келген өкіл Дондов, аймақтық әкімшілігінің орынбасары Ш.Зухай, Ж.Кәкейлер жарыс сөзге шықты. Наурыз айының 16-ында Жазушылар бөлімшесінде Кәкей Жаңжұңұлы басқарған үйірмеге ақын-жазушылар қатысып, ақын Б.Имашқан қазақшаға аударған Явуухулиннің шығармасының аудармасын талқылап бекіттік. Ж.Кәкей аударманың өз қалпынан өзгеріске ұшырамауын ескертті. Ақын Ж.Кәкей бастап айтыс ақындары Қ.Сақаба, Е.Молдақан, Ж.Тоқтамұрат бәріміз аймақта сауда орталығында айтыс кездесу өткіздік. Ақын Ж.Кәкей және мен өлең оқыдық. Наурыз айының 17-інде Бұғыты, 18-інде желілес Алтынцөгці, 19-ында Ақарал сұмынындарында халық көпшілікпен кездесу өткізіп, әрқайсысы бір айтысқа 30 минуттан уақыттар беріп, айтыстар өтті.

Ж.Кәкей әр кездесу сайын сөз сөйлеп, ел аралап жүрген мақсатын таныстырды. Ол:

– Бұлақ көрсе,ң көзін аш. Жастарда өлең жазатындар болса бізге хабарласыңдар, жазған өлеңдерің болса қазір оқыңдар, – деп өлеңге үміткерлердің кейбіріне өлең оқытып, кейбіреулерін айтыстырып жас талапкерді желпіндіріп халық ішінде көнекөз жыршы, термеші, күйшілер болса айтыңыздар, өнерлеріңізді жарыққа шығарыңыздар, аймақтық Жазушылар бөлімшесінің барын біліңіздер. Өлең-жырларыңыз болса, «Шұғыла» әдеби журналына басамыз,– деді.

– Халқымыздың салт-дәстүрін ұмытпаңызлар. Әсіресе қасиетті ана тілімізді қастерлеңіздер. Моңғол тілімен қатарластырып, қойыртпақтамай таза сөйлеу жөнінде көп үгіт-насихат жүргізді.

– Ана тілі жоғалған ел, өлі халық кешікпей құриды, - деп бар ынтасымен ұқтыра тырысып, қинала қынжыла сөйлейтін. Өзінің ана тілі туралы жазған өлеңін нақышына келтіріп оқитын.

Тілім – пірім

Пір тұтатын әулием, ана тілі-ау,
Ана тілі-ау ұшатын қанатым-ау.
Жүйріктейін қан түскен аяғына,
Жүдеу тартып күн сайын барасың-ау.

Жаутаң-жаутаң етесің есіл тілім,
Есіл тілім барады не боп күнің?
Жарқ-жұрқ еткен жалынды мынау шақта,
Неге бәсең шығады сенің үнің?

Сенің күйің болса да еліңе сын,
Мінбелерден тым сирек көрінесің.
Есіктегі кірмелі құл емессің,
Шықпай жүрсің неге сен төріңе шын?

Заманның сай болса да құты басым,
Бүйте берсең тозғындап жұтыласың.
Кеңсе, іс-қағаз тілінде сөйлей алмай,
Жиындарда ресми тұтығасың.

Қалмасаң да намыстың еш көшінен,
Зәбір жасап кімімен шектесіп-ең?
Өз үйіңде кім сені өгейсітіп,
Кім шеттетті сабақтың кестесінен.

Бір бел емес білсең сен айда жүрсің,
Бағанды біл, бағыңды байлап жүрсің.
«Негізгі заң ұсынған еркің қайда?
Сыбағаңнан құр қалып қайда жүрсің»?

Ұрпақтардан ұрпаққа жалғасулы,
Артқа тастап келіп-ең сан ғасырды.
Кім шеттеді еркіңді мұжықсынып,
Көрсет кәне көзіме алдашыңды.

Ана тілім сен үшін өлімдімін,
Сенің күнің емес пе менің күнім?
Халқым өшіп кетпесе бұл тарихтан,
Сен де өлмессің дегенге сенімдімін.

Міне бұдан артық не десін? ... Ана тілінің өркендеуіне ара түсіп көлденеңдеп көлегелейтін алдашыңды көрсет, - дейді. Көптің көзінше көрге тығып жіберердей қаһарланып. Бұл бастама кездесулер аймақ көлемінде жалғасып барлық сұмындарда ақын-жазушылар, айтыс ақындары, спортшылар қатысқан кең көлемді олимпиадалар

өткізуге ұласты, жас ақындар қатары молықты. Кәкей көпшіл жан еді, тек өзін ғана емес өзге ақын-жазушылардың шығармаларын моңғол тіліне аударту, моңғол ақын-жазушыларының шығармасын қазақ тіліне аудартып аймақ орталығына, ауылдарға үнемі іс-сапармен барып шығармаларын таныстыру, насихаттау ісі жалғасын тауып отырды. 1985 жылы сәуір айының 16-ында Моңғолия Жазушылар одағының орынбасары Д.Гармааның шығармасын алыс ауылдарға насихаттау мақсатында Д.Гармаа, Ж.Кәкей, Ш.Зухай, Ш.Шынасыл және мен қатарлы ақындар Уланхуус сұмынында жұртшылықпен кездесу өтті. Жиынды Мәмбар ашты. Д.Гармаа сөз сөйлеп өзінің өлеңін, басқамыз да кезек-кезек өлең оқыдық. Келесі күні сапарымыз «Цагааннуур» жалғастыру базасында жалғасып, ақын Іңірбайұлы Елікбайдың 50 жылдық мерейтойына тоғысты. Жиынды клубта жергілікті партия ұясының хатшысы Байболат ашты. Гармаа ауылдық жердегі ақын тойын құттықтады. Әркім арнау өлең оқыды. Арнайы келіп халық көп жиналғанын пайдаланып, Моғолия Жазушылар одағының аймақтық бөлімше бастығы Кәкей Жаңжұңұлы мұндай шараларды ауылдық жерде көптеп өткізуге, келешекте айтыс өнерін дамытуға оны жауаптанатын бір маманды, икемді адамды жұмысқа алуға, «Шұғыла» журналының көлемін ұлғайту, баспатабағын қосуға Моңғолия Жазушылар одағының аймақтық сұмын әкімшіліктерінен қолдау көрсетсе деген ұсыныс жасады. Өнер сүйер қауым да көкейіндегі көкейтесті мәселені қолдап пікір, тілектерін жеткізді.

Әрбір өлеңге, өнерге жас талапкерлер ақындар жазатын тақырыптарында бір мысқылдай өмір шындығы жырланса деді. Д.Гармаа да тілек айтып ауылдағы өткен мерейтойдың жоғары дәрежеде өткеніне ризашылық білдірді. Қәкей Жаңжұңұлы ақын-жазушыларда тек қана, қала, сұмын, аймақ орталықтарында болып ресми кездесу өткізіп қана емес далалық тауларда отырған, күнделікті күйбің тірлік малмен айналысып ауылынан ұзап шықпайтын малшылардың да көңілін демеп жаңалықты жанына жеткізе жүру әдетімен қырда екі табын қой-сиыр бақташылардың ауылына барып әр қайсымыз ән салып, Кәкей «Ақындар ауылында» атты өлеңін оқыды.

Сағал-сағал сайырдың қойнауында
төбелі сауыншылар ауылына
жол жетелеп келеді.
Қожашөптер, ақбөрі есіктерден сығалап
қарлы мұздақ қасқарып шаңырақтан төнеді.
«Көріскенше айналып қош есен тұр, жұртым»
өртенген күн жиекке сіңіп кетті біртіндеп.
Берекенің желінде он саусағы ойнаса
көпіршиді шелекте сауылған сүт күрпілдеп.

Міне шопандар ауылының қам-қарекеті. Міне шопандар ауылының қам-қарекеті көз алдыңа келеді. Қойшы ауылының берекелі дастарқаны да кең пейіл адамдардың «достық лебізіндей әзілдері» бәрі жанымызға жақын, нағыз қазақы тірлік көлеңдейді. Аймақ орталығында он жылдық мектеп оқушыларымен кездесіп Кәкей ұлт туралы жазылған өлеңін оқыды:

Таныстырып ұлт-ру бабамызды,
Табыстырып бала мен баламызды.
Тозғындаған ұрпақтың басын қосып,
Жалғап жатыр бұл дәуір арамызды.

Болса ұрпақ ұлтын білмес, тексіз егер,
Тәңірім түзу жолға бет түзей гөр.
Ұзағынан бұл күнді баянды ғып,
Жақсылыққа әманда жеткізе гөр.

Жасөспірімдерді ұлтжандылыққа үгіттейтін өлеңге бәрі риза болып қол соғып оқушылар да ойды-ойға жалғап көңілденіп қалды. Ынтымақ бірлікті арттыруда, өнеге өлеңге ұмтылуға қозғау салып қолдайтынын айтты. Кәкей өз кезегінде аймақ әдебиетін жаңа белге көтеру, жас буын ақын жазушыларды тәрбиелеп, аға ақындарды демеп, іш-сырттың шығармашылық топтарымен тәжірибе алмастыруды да қалыс қалдырмаған. Сыртқа сондай жазушылық сапармен Таулы Алтай Республикасына аға ақын Даниял Дікейұлы, ана ақын мен, жас ақын Қуанған Жұмақанұлы үшеумізді жол қағаз, жол жұмыстарын «ұлық болсаң, кішік бол» - дегендей кішіпейіл Кәкей өзі жүгіріп бәрін бітіріп, бізді 1985 жылдың маусым айының 2-жұлдызында көршілес Таулы Алтай Республикасына өзіндік ақыл-кеңесін айта жүріп «Аман барып келіңіздер!» - деп сәт сапар тілеп ыстық ықыласпен шығарып салғанды.

Тәкір саусақ

Аймағымызда әдеби өмірімізде нақты дәлелімен ұсынылған ұсыныс пікірлер іске асып күндіз-түні тынымсыз еңбектер нәтижесін берді. Аймақ көлеміндегі ақын-жазушылардың мерейтойларын қалт жібермей ауыл-аймақ, әкімшіліктерін қатыстырып, кез-кезіне өз ауылы, тұрғылықты жеріне ұйымдастырып, халқын жұмылдырып дүркіретіп тойлаттыратын. Айтысты жауаптанған фольклорлық «Мұрагер» ансамблі құрылып, жетекшісіне Т.Тайф тағайындалды. «Мұрагер» ансамблінің жұмыс жүйесін Кәкей өзі ұйымдастырып Моңғолия көлмінде күн көріс қамымен тарыдай шашылған қандастарымызды да аралап, қазақтың ән-жыры, күйі, тарихи киноларды тамашалатып, айтыс өткізіп, өзгелердің ортасында тілі жұтаңдап, салты азғындап азшылықтан жабыққан жандардың рухын көтеріп, ұлттығын жандандырып бір серпілтіп тастайтын. Үнемі қазақтың салт дәстүріне тіл-дінін ұмыттырмауға Қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігін тигізуші еді. Сол ниетпен тағы бір жолы сапарға Ж.Кәкей өзі, Қ.Сақаба, Ж.Тоқтамұрат, Т.Тайф және мен барлығымыз көршілес Қобда аймағының қазақтар не дәуір шоғырланған Қобда, Бұлғын сұмындарында айтыс өткізуге бет алдық. Кәкей келіп:

– Бұрын бір әйел «Бәрібір менің жұмысым» деп сойып жатқан қойдың бір пұшпағын илей бастапты деген бір аңыз бар. Сол сияқты осы сапарымызға орайы келіп тұрған жол үстіндегі Баян-Өлгий аймағының Толбо, Дәлүүн, бергі Бұлғын сұмындарының әкімшіліктеріне біз қайтқанда айтыс өткіземіз. Халқыңызды хабарландырып, айтысатын адамдарыңызды айтысқа дайындап қойыңыздар, – деп ескертіп, ары қарай жылжыдық. Жолда Делүүннің белінде отырған озат шопан Хончигтің үйінен бір шай ішіп, аз-кем демалдық та «жол мұраты жету» деп тағы қозғалдық.

Қызыл күрең шайың,
Қаймақ пенен майың,
Жиылмаған дастарқаның, анам!

Сағыныштан жүдеп,
Саулығымды тілеп,
Отырмысың асқар тауым, анам!

Аймақтан 300 шақырым қашықтықтағы Бұлғын сұмын жеріндегі Кәкейдің үлкен үйіне іліндік. Кәкейдің жоғарыдағы «Ана сағынышы» өлеңінің үзіндісі алыстан анасын көруге асығып келген баланың ана мен бала арасындағы бір-біріне ыстық ықылас, сарқылмас сағыныш, нәзік те, шексіз, мейірімді ақын ұл жан сырды өлеңмен өрсе ана көлдей көңілді пейілімен жайған дастарқаны мен жан ұшыра орнынан ұшып тұрып ұлын бас салып сүйген жанарын шылаған қуаныш жасымен құшырлана жабысып екі беттен кезек-кезек сүйген сүйіспеншілігімен айғақтады. Ақ жаулықты мол пішілген кең құрсақ, кесек денелі аппақ жүзінен мейірім төгілген ана бәрімізді де құшағына қысып амандасып жырғап қалдық. Алыс жолдан келген ананы алдымен аялай құрақ ұшып құрметтейтін қазағымның қасиетті салты бойынша Кәкейдің анасы менің қал-жағдайымды ерекше сұрап тәптіштеді. Мен:

– Кәкей бауырымның үлкенді, ананы құрметтейтін азаматтық адамгершілік асы қасиетті дағдысы алыстау іс-сапарға шыққанда:

– Егеш апай, сіз шаршайсыз, қысыласыз машинаның алдынғы орынына отырыңыз. Мен жігіттермен қыстырылысып, тіресіп, сіресіп отыра беремін деп алдыңғы кең орынға отырғызып келді. Неге шаршайын, шаршағам жоқ. Кәкейге өте ризамын, рақмет дедім. Дастарқан жаюлы, ет асулы, шай ішіп, ет жеп жақсы демалдық. Кәкей әңгіме арасында өзінен кейінгі інісінің қайда жүргенін сұрады. Анасы ол кешке бір шаруаға кеткенін кетерде анасына:

– Апа, үйге бір замандасым келеді. Оған менің машинамның «тахирголы» істемей қалды, тауып берсін деңізші деген екен. Оған, қарағым, саған ұлым «тахир саусақ» тапсырып кетті, – депті.

– Ұйбай-ау, апа, «тахир саусақ» деген не? – десе. Ол апа осы әулеттің арғы атасы Қолдын деген адам екен. Апасы «тахиргол» дегеннің қол дегенін тергеп «тахир саусақ»

депті. Міне Кәкейдің үлкенді, ананы құрметтейтін ұлағатты үлгісі осы анасының ақ сүтімен бойына сіңген қасиет екен.

Ақпанда аққардағы айтыс

Ертеңінде бергі Бұлғыннан шығып, арғы Бұлғынға жеттік. Ол жерге үлкен бесінде іліндік. Сол елді мекендегі ең үлкен қария Мұқыштай атаға алдымен барып сәлем бердік. Ол үйде бір баланың сүндет тойы болып, халық көп жиналыпты. Той аяқтап тарқауға тақап қалыпты. Кәкей:

– Баян Судалда 154 үй, 907 адам бар екен. Біз осында айтыс өткізуге келдік. Кешкі 6 сағатта түгел айтысқа клубқа келіңіздер деп жария берді. Сол барған елді мекеніміз Қобда аймағының Бұлғын сұмыны «Баян Судал» бригадасы деп аталатын қазақтар көп шоғырланған елдімекен. Онда әжептәуір кеңістікте клуб бар екен. Айтыс сонда өтті. Халық көп жиналыпты, әлгі клуб аузы-мұрнынан шықты. От жағып жылытатын көп-көрім пеші болатын. Жастар оны от жаққан-қойғанына қарамай, айтыс қызығына түсіп, пештің үстіне таласа-тармаса шығып алыпты. Бір-бірімен тіресе-итерісе, сығылысып тұрып пештің күл талқанын шығарыпты. 500 шақырым жол жүріп келген «Мұрагер» ансамбліне жолда бензин құятын ақша қажет қой. Ансамбль жетекшісі Т.Тайф уыс-уыс билетін сатып, көп-көрім кіріс көріпті. Мен біресе Сақаба шалмен, біркезек Ж.Тоқтамұрат замандаспен айтыстым. Сақаба мен Тоқтамұраттар өзара айтысқанда «соқыр көргенінен жазбайды» - деген осы-ау бізге Егеуханнан басқа айтысатын бір қыз-келіншек табылмады, - деп зар илейді. Сөзді қисыннан қиыстырып, қуақылана айтқан әзілдеріне ел қыран-топан күлкіге батты. Кәкей сөз сөйлеп, қазақтың салт-дәстүрі жайында сөз қозғап, қарияларда жаттаған ескілікті жыр-қиссалар болса, білетін адамдар жинап, қағазға түсіріп берсе сол кісінің атынан баспаға шығарамыз дегенді қоса, өлең жазатын, айтысатын жастар болса қолдайтынын айтты. Өзінің «Ұрпақ» атты өлеңін оқыды.

Көрдім сені – көре алмай зар боп жүргенде,
Көрдім сені сақалға ақ кіргенде.
Сұлуланып кетті сонда мына анаң,
Мен жігіт боп шыға келдім бір демде.

Көрдім сені перзент зары піскенде,
Көрдім сені шашқа қырау түскенде.
Сен болмасаң бақыт деген періште,

Кетеді-ау біздің үйден түстенбей, - дегенде ұрпақ зары өткен тойшылар көзіне жас алып, көкірегін қарс айырып күрсіністі. Кәкей бәріміз халықтың мұнша көп жиналып, айтысты, оқылған өлеңді толғана, тебірене тыңдағандарына риза болдық.

Айтыс аяқталып ел тарауға таяғанда, билет көп сатылып, ақша түскеннен гөрі, халықтың жағдайын ойлайтын Кәкей (клубтың сиымдылығын ойлап) халыққа:

Ертең де осы айтысты айтамыз. Үйде қалған адамдарды жіберіңіздер жарай ма, - десе Тайф:

– Ой, мынау не дейді? Ақшаны құса ма? – деп күлдірді. Бұл ауылға жеткенше Кәкей мен Сақаба ағалы-інілі адамдар еді. Мұнда келгенде Секелдер Базарқұлмен қыз алысып, қыз берісіп отыр екен, екеуі бір-біріне құда болып шыға келді. Шіркін, азшылық-ай. Ертеңіне сағат онда халық тайлы-таяғымен қалмай кешегіден үш есе көп жиналыпты. Табиғаттағы әрбір құбылысты қалт жібермей жырласа, адам өміріндегі қимыл-қозғалысты, көңіл-күйіндегі өзгерісті өзгертпей өлең ететін Кәкейдің «Той көріністері» атты өлеңінің мына шумағы еске оралады:

Қызыққа қыран дала үздігуде,
Кім үйде отыра алар ізгі күнде.
Сексендер селк-селк етіп ат ерттеп,
Сегіздер жүйріктердің тізгінінде.

Жиналған жұрт щағын клубка сыймақ түгілі, төрт қабырғасын төрт жаққа керіп құлататындай екпінді. Ақыры тарыққанда, қысылғанда қиыннан жол табатын Кәкейдің ұйымдастырушылығының арқасында трактордың тіркемесін әкеліп үстіңгі төрт жақтауын төрт жаққа түсіріп, үстіне сырмақ кілем төсеп кісі отырып айтысатын орындық тақтай қойды. Айтысарда халыққа үлгі болатын төгілтіп киетін кимешек, шұлауыш, ақ көйлек, қара бешпет айтыс киімінің сыртынан мен қалың шубамды киіп қымтанып шықтым. Басқалар қалың тон, қауқар тымақтарын киіп 1987 жылы ақпан айының 9-ында қалың қар, қақаған аязда, ақпан, ақ қарда айтыс өткізіп, халықтың алғыс-ризашылығы мен ыстық ықыласына жылынып қайттық.

Жемісті жетістік

Кәкейдің тұңғыш туындылары «Бұлғын әуендері», «Жыр қарлығаштары», «Қарлы Алтай әуендері», «Бәйге», «Қобда өзені толқыны», «Тотияиын», «Ғарыш үні», «Бозінген», «Алпыс жыл аясында», «Достық сәлем» қатарлы біріккен жыр жинақтарына енген. Ж.Кәкей аудармашылық саласында да өнімді еңбек етіп, ақын Д.Нацагдорж, Б.Явуухулин, Д.Нямаа, Ш.Ценд-Аюуш, Ж.Барамсайлардың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Жеке жыр жинақтары: «Жауқазын», Өлгий, 1972 жыл; «Маусым», Өлгий, 1981 жыл; «Яргуй дэлгэрэх цагаар», УБ, 1985 он; «YI класс әдебиеті оқулық», Өлгий, 1988 жыл; «Жебе», Өлгий, 1986 жыл; «Қош, көктем», Өлгий, 1992 жыл кітаптары жарық көрген. Шығармаларының бірқатары орыс, алтай, моңғол, тува тілдеріне аударылған. Кәкей Жаңжұңұлы қысқа ғұмырында бірнеше әдеби сыйлықтардың жеңімпазы болды. 1990 жылы «Поэзия – 90» жыр мүшәйрасының жеңімпазы болса, 1992 жылы «Қош, көктем» жыр кітабы, А.Бабиұлы

атындағы сыйлыққа ие болды. «Еңбек құрметі» ордені және басқа да мерекелік медальдармен марапатталды. Жыр кубогы, таңдаулы әндер бәйгесін жеңіп алды. Моңғолия Жазушылар одағы Баян-Өлгийдегі бөлімшесін жиырмаға жуық жыл басқарған. Кәкей халықтың айтыс өнерінің жанданып, өркен жая бастағанына қатты қуанды. Ата-бабамыздың арқалы да азулы айтыс додасын өмірге әкелген халқымыз бақытты. Айтыс ақындарын бабаларымыздың аруағы қолдайды, - деп отырушы еді. Фольклорлық «Мұрагер» ансамблінің дәуірлеген шағы. Моңғолия қазақтарынан айтыс ақындарының Қазақстан Республикасы Алматыда өткен алғашқы халықаралық ақындар айтысына қатысқан жазба әрі айтыс ақыны мен және айтыс ақыны С.Қабдыжәлелдердің ілгері орын алып, аз қазақты көп қазаққа, асса дүние жүзі қазақтарына танытуды да Кәкейдің таным талғамымен жіберген адамдары. Іс-тәжірибесінің жетістігі болып саналатын. Кәкей өмірінің соңғы жылдарында мұсылманшылыққа бой ұрып, ислам дінін үгіттей бастайды. Ол өзінің:

Өзімді өзім азғырам иландырып,
Әдіре қал, күйкі өмір, жиған мүлік.
Сен жанырсың жасыған жігерімді,
Тәубе етерім, тәңірім – имандылық. - деп 1990 жылдардың басынан бастап Моңғолиядағы қазақтарға дін сабағын жүргізе бастайды. Дін жолында өзінің жастығына қарамастан көптеген жұмыстар жасады.

1991 жылдан кәсіби жазушылықпен айналысады. Өзі құрған «Мұрагер» ансамблі арқылы қазақтың бүкіл ән-күйін, шығармасын Моңғолия көлемінде насихаттады.

ҚХР мен Моңғолия қазақтарына аты мәшһүр Ақыт қажы мұраларын жинап, 1991жылы «Қажы баян» деген атпен кітап бастырды.

1992 жылдан медресе мүдірі, діни газет «Шарапаттың» бас сарапшысы қызметін атқарды. Ж.Кәкей нағыз «сегіз қырлы бір сырлы» ақын, сыншы, сықақшы, зерттеуші, аудармашы, діндар, әрі жалынды журналист. Жаңалыққа жаны құмар жастарға қамқор ақылшы, үлкенге көмекші тәлімгер азамат еді.

Тастүлек тауда түлеген еді...
(Таулар-таулар өлеңінен)

Тауларыма шығайыншы бөктерлеп,
Бұл асқарға жеткенде көп жетпеген.
Бұл жолменен өткенде көп өтпеген,
Тауда тудым, тауда өстім, тауда өлемін.

Ал, - деген Алланың құлағына шалынғандай асқақ ақынның асыл арманы тауда үзілгені-ай. Жан біткенді өкіндіріп, өксітіп.

Ақын Кәкей Жаңжұңұлын сұм ажал 1993 жылы Сәуірдің 23-інде 46 жасында ұшақ апатынан тауда өзі сүйген, өзін сүйген жарқын өмірден озды. Артында аяулы жары,

өмірінің жалғасы ұл-қыздары қалды. Бұрын жарық көрген, әлі де жарық көріп үлгермеген әдеби бай мұрасы, мәңгі өлмейтін туындылары қалды.

Моңғолия Жазушылар одағы аймақтық бөлімшесінің бастығы Б.Мұрат, Моңғолия Журналистер одағы аймақтық бөлімшесінің И.Қуатайлардың ұсыныс ұйымдастыруымен аймақ, сұмын әкімшілігі бірігіп, ақын Ж.Кәкейдің туғанына 50 жыл мерекесін 1997 жылы қыркүйекте аймақ орталығында, өзі туып өскен Бұлғын сұмынында барлық халқымен тойлап өткізді. Ақын Рысбек Зұрғанбайұлы «Ақын ағартушы Кәкей Жаңжұңұлы» атты кітап жазып шығарды. Бұлғын он екі жылдық орта мектебіне Кәкей Жаңжұңұлы аты берілді. Өлгий қаласындағы Моңғолия мұсылмандары қоғамы жанындағы орталық діни медрессе Ж.Кәкей атындағы медресе болдырылды. Ақын Ж.Кәкейдің қазасына қайғырған іш-сырттың ақындары арнаған бірер өлеңді келтіруді жөн көрдік.

Ел деп жүріп
(Ұшақ апатынан опат болған ақын досым
Кәкей Жаңжұңұлының аруағына)

Ел деп жүріп, шөлдеп жүріп ағып түсті бір ақын,
Атамекен сағынышы тербетумен мұратын.
Жырларынан Баян-Өлгий тауларының лебі есіп,
Былғанбаған Бұлғын суы сылдыр қағып тұратын.

Ақсуатты елес беріп, ақ боз үйдің тұлғасы,
Найза ұшындай жылтырайтын арулардың сырғасы.
Көрінетін қиян-кескі замандардың қойнынан,
Ай нұрымен қуараңдап, тұлпарлардың қу басы.

Шежіресінен шалқытатын қазақ пенен қалмақтың,
Сырына да қанық еді бер жақ пенен ар жақтың.
Жасырмайтын бар арманын тонағанын ата жау,
Жүрегіне қадалғанын жылан тілі қалмақтың.

Түсіне еніп жатса тұрса қиырдағы қыр гүлі,
Астананың ол біраз болып көрді тұрғыны.
Мұқағали ағасындай тез оралған Мәскеуден,
Алматымен қоштасқаны әлі есімде бір жылы.

Аттанарда кірпігінен маржандатып тамшы жас,
Қолын бұлғап кетіп еді достарына армандас.
Қара жерді тоңған қойны жылынбайтын сияқты,

Шашылса да шартарапқа ақындардың сүйегі.

Еміреніп, елегізіп, таң сарғая, күн бата,
Ұйқыдағы мұңлы жанды әлдилейді сұр жота.
Сорлап кетті сөресіне жете алмаған бір жүйрік,
Боздап кетті енесіне жете алмаған бір бота.

Несіпбек Айтұлы,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Бұлғын сылдыр қаққанда еске алады
(Кәкей Жаңжұңұлына)

«Ұлтшылсың» – деп ұлдарға ой салғанда,
Жалын жүрек ешкімнен тайсалған ба?
Өзімшіл кей жандардан қаймықпастан,
Сен едің «қазақ тегін» айта алғанда.

Сен едің өз ойында нық тұратын,
Жауыңды жалғыз сөзбен бұқтыратын.
Маусымда мамыражай масайрасаң,
Жек көргенді «Жебемен» ықтыратын.

Маужырап жұлдыз күліп айлы аспаның,
Оқушыңа әрқилы ой тастадың.
Жалынды жырға арқау ғып дін-салтыңды,
«Қош көктем»– деп ертерек қоштасқаның.

«Өзгенің болмай ешбір ісіменен,
-Ата-жұртқа аманат, түсіне енем.
Құлыныңмын құландай қырда өскен.
Естисің бе даусымды кісінеген?»

– Деп армандап Ата-жұрт қандасыңды,
Халқыңменен қауышып жалғасуды.
Өзек талып, өкініш өрши түсті,
Өрлемей өгіз өліп, арба сынды.

Ұмытылмай тоқтап қалды талаптарың,
Тауыса алман арманыңның санап бәрін.

Жалын едің, жалт етіп сөніп кеттің,
Басқаға бас игізген асқақ дарын.

Ісің үлкен, ілтипат кішілігің,
Өзгеден бөлек еді кісілігің.
Егеш апай,– дейтұғын қайран Кәкей!
Ойсырап тұр Өлгейдің іші бүгін.

«Қазағым, қажымаған көшпелі елім,
Ол дұрыс. Атажұртқа көш», - деп едің.
Көрмесіңді сездің бе қимастықпен,
Есімде жайраң қағып «қош» дегенің.

Ашылып тарихтың бір парағы,
Өмір –дастан әйгілі жол торабы.
Жырың жылы жүректе көптеп өсер.
Бұлғын сылдыр қаққанда еске алады.

Егеухан Мұқамәдиқызы,
Моңғолия, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,
Алтын алқалы ана.

МАЗМҰНЫ

I – бөлім
Әжемнің әңгімесі

Жәмиләнің әжесі..... 4
Киіз үй – киелі орда..... 5
Киіз үй 6
Мор салу..... 6
Шаңырақ..... 7
Уық..... 7
Кереге 8
Есіктер 9
Киіз үйдің жабдықтары..... 10
Үзік..... 10
Туырлық 10

Түндік 11
Дөдеге 11
Туырлыққас 12
Басқұр, бау-шу 12
Термебау 13
Құр ызу 13
Уықтың аяқ бауы 14
Уықтың бауы 14
Уық шалатын жіп 15
Уыққап, аяққап 15
Арқанның түрлері 16
Белдеу арқан 16
Қоспақтаулы арқан 16
Салма арқан 17
Керме, ілме қосақ арқандары 18
Жанарқан 18
Ноқта 18
Желі арқан 19
Көген 19
Шідер, тұсамыс, өре 19
Шылбыр 20
Түйенің бұйдасы 20
Қайыстан айыл-тұрман 21
Киіз үйдің ішкі бұйымдары 22
Кебеже сандық 22
Қайқыбас төсек 22
Тұс киіз 22
Шымылдық 23
Көрпе-жастық 24
Адалбақан 24
Ши қоршап қоятын 25
Сәулетті көш 26
Ерулік 27
Жайлау сәні 28
Отамалы 29
Ақірімшік сүзу 30
Іркіт жию 30
Саба пісу 31
Құрт жасап жаю 31
Қызыл жарма 32

Құрт қатық..... 32
Айран қатық..... 33
Ежігей қызыл ірімшік 33
Мәйек – қызыл ірімшік..... 33
Теріден жасалған ыдыстар 35
Сабалақ теріні илеу 35
Саба тігу 35
Қара саба 35
Сүйретпе торсық..... 36
Өркеш торсық 37
Жанторсық 37
Көнек..... 38
Көнқап 38
Талыс 38
Тұлып..... 39
Тарамыс ширату 39
Етік тігу 40
Ағаш ыдыстар..... 41
Тұрмыста қажетті заттар..... 42
Өнер аспаптары 43
Ши тарту..... 44
Ақши 44
Кілемше 45
Бәшке 45
Өреше..... 46
Шыпта..... 46
Ши тоқитын бау..... 46
Ши тоқу 46
Ірге ши 47
Тулақ..... 47
Сабау..... 48
Мұрындықбау 48
Күземді алу..... 49
Жүн сабау 49
Жүн тарту 50
Киіз басу..... 51
Киіз пысыру 51
Текемет басу 52
Ұршық 52
Шуда жіп иіру..... 53

Жиек иіру 53
Қараала сырмақ ою..... 54
Қараала сырмақты жасау 54
Қараала сырмақтың мөлшері 54
Теріні илеу тәсілі 56
Терінің түрлері..... 56
Жанай ирек..... 57
Ақтон – шалбар – Ақәулие атандырған 58
Ішіктің түрлері 58
Шапанның түрлері..... 58
Күпі 59
Бешпеттер..... 59
Көйлектер 59
Тымақ..... 60
Бас киімдер..... 60
Ақжаулық 60
Әке көрген оқ жонар 62
Отбасы – бақ ұясы 62
Қыс қамы 64
Арамза 64
Көкине 65
Қаю..... 66
Әжемнің батасы..... 67
Кергіш..... 68
Кесте бізі 68
Мүйіз сызу..... 68
Бізді кесте 69
Жезоймақ..... 69

II – бөлім

Кінәлі қыз

Менің екінші еңбектеуім 74
Суға кеткен тал қармайды 82
Көште көк құнан міндім 84
Сұрбие аттан зейіл дүлдүл еді..... 86
Шұғыл шешім 90
Атымызды ерттеп әкетті..... 92
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі 95
Атпаса алдырмас! 99
Жолдағы азаматтарға ескерту хат..... 103

Келін келді 105
УВС-ға бар! 109
Әке жолдас жолықты 110
Күтпеген кездесу! 114
УВС – ұлы дала..... 116
Тойдан-той 118
Аялы алақан 122
Елден хабар 125
Дүрбелең..... 126
Қарулы қуғын 127
Кәуатам..... 129
Шешем..... 130
Жақсыдан шапағат 134
Бір бұталық болармын 135
Итпе ағашпен ілгері ұмтылтады 137
Әкем-апам 139
Үш жауырын..... 142
Ол келін күйеуге де кетіп қалды..... 143
Ағаны Шағдар шақырды 145
Заң адамдары келіп тексерді 146
Айтысшылар 146
Ақшылбыр..... 148
Ақ Егеу 149
Жай әншейін 149
Өлең сылтау 149
Сарыбелбеу 152
Сүйектен өткен сүркей сөз 153
Сүйінші..... 158
Ойнақтап жүріп от басыппын 158
Ащысөз арманға жеткізді 162
Атамекенін аңсаумен өткен ақын 164
Қадірлі қонақ..... 164
Мені толғантқан толғау 166
1957 жыл, Шәмел Қалқаұлы депті..... 168
Шәмел мен Қапизаның айтыстары 169
Әйел теңдігі..... 173
Әйел теңдігі..... 173
Түрмеде 174
Шекарадан шекара астық..... 175
Ел өміріне араластым..... 176

23 жылдан соң..... 178
Ақын ағамен қайта жүздестім 179
Қарт ақынды көргенде 179
Шәмел ақын 180
Келдім мен 180
Атамекенін аңсаумен өткен ақын 182
Сәбитке сәлем 183
Елеусіздің еңбегін елеген емеуріндер 188
Жазушы Елеусіз Мұқамәдиұлының туғанына 80 жыл 188
Өрікті көл 190
Сұлулық сыры..... 190
Проза жүгі 191
Елеусіз Мұқамәдиұлына 192
Елгезек жазушы 192
Жан бөлек Екей, жан бөлек 196
Жар қызығы, жан қызығы..... 198
Акын Кәп Құмарұлының туғанына 198
80 жыл..... 198
Көктемде..... 198
Ол да айтыс ақыны болған 198
Еш нәрсеге алаңдамайтын 200
Арпа симас 202
Жар – қызығы, жан – қызығы..... 204
Кешірім бағлан 205
Жарым менің..... 206
Бұлғынның бұла перзенті 209
Сағыныш. 209
Оралу. 209
Ана сағынышы..... 210
Өсу өрісі 210
Кездесуден керегін табатын 211
Тілім – пірім..... 213
Тәкір саусақ..... 217
Ақпанда аққардағы айтыс..... 218
Жемісті жетістік 220
Тастүлек тауда түлеген еді... 222
Ел деп жүріп..... 223
Несіпбек Айтұлы, 224

Егеухан Мұқамәдиқызы

КІНӘЛІ ҚЫЗ

Редактор:
Корректор:
Көркемдеуші
редакторы: **Қойшыбек МҮБАРАК**